

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ

ӘОЖ 821 (091)

Қолжазба құқығында

МУСИНОВА ГҮЛМИРА СҰЛТАНҒАЗЫҚЫЗЫ

**Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық
интерпретация**

6D020500 – Филология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
филология ғылымдарының докторы,
профессор
Еспенбетов А.С.

Ғылыми кеңесші
филология ғылымдарының кандидаты
Тулбаева К.Т.

Шетелдік ғылыми кеңесші
доктор PhD,
профессор
Н. Бирай
(Түркия мемлекеті,
Памуккале университеті)

Қазақстан Республикасы
Семей, 2023

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	6
КІРІСПЕ.....	7
1 СЕМЕЙ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИ ПРОЦЕСС.....	15
1.1 Семей сынақ полигоны туралы тарихи шындық пен деректер.....	15
1.2 Қазақ баспасөзіндегі Семей сынақ полигонының көрінісі.....	24
1.3 Әдеби процестегі экологиялық дағдарыс пен ядролық сынақ зардабы.....	33
2 СЕМЕЙ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИ-ЖАНРЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ.....	49
2.1 Қазақ поэзиясындағы Семей қасіреті.....	49
2.2 Прозадағы адам және табиғат концепциясы.....	81
2.3 Семей қасіреті драмалық шығармалардың арқауы.....	121
ҚОРЫТЫНДЫ.....	132
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	135

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар көрсетілген:

Дилогия – бір-бірімен дилогия жалғастырылып, бір идеялық ой-тұжырымдар негізінде жазылған басты кейіпкерлері ортақ екі шығармадан тұтасып келетін кесек көркем туынды.

Жарыспалы композиция – мазмұнына, мәселелеріне, жанрына және мақсатына байланысты мәтіннің құрамдас бөліктерінің құрылымы, орналасуы және арақатынасы.

Интерпретация – көркем шығарманың тұтастай мағынасын, мазмұнын, идеясын, концепциясын тану, түсіну, зерделеу.

Интермәтін – бір мәтіннің өзге мәтінге кіруі, мәтін мағынасын автор белгілегендей етіп өзгертетін мәтіндердің диалогтық қарым-қатынасы.

Интерпретант – нақты тілде ұсынылған кейбір синтаксистік аяқталған мәтіннің мағынасына түсініктеме беру; мәліметтерді, әдетте, программада немесе оның қандай да бір үзіндісінде агрегациялаудың, алгоритмдік мәнін автоматты түрде табу мен талдауды орындау.

Композиция – әдеби шығарманың құрылысы, оның үлкен-кішілі бөлім-бөлшектерінің бір-бірімен қисынды түрде қиюластырылып, әр түрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық бірлігі. Шығарманың құрылысы шымыр болуы, бас-аяғы, жеке тараулары жинақы келуі жекеленген бөлім-бөлшектердің орынды жалғасуына байланысты.

Көркемдік әдіс – белгілі бір дәуірде көптеген жазушылардың шығармаларында қолданылатын, өмір шындығын суреттеу ерекшелігі, соны айқындайтын негізгі принциптер.

Контекст – бір нәрсенің өмір сүретін және оның тұтас немесе толық түсінігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін айналасы немесе қоршаған ортасы; көбінесе тарихи ортасы маңызды әдеби шығармалар үшін қолданылады.

Коннотация – тіл бірлігінің эмоциялық, бағамды немесе стилистикалық рең білдіруі.

Концепция – қайсы бір нәрселерді, құбылыстарды, процестерді көрудің, түсінудің, түсіндірудің белгілі тәсілін білдіретін көзқарастар жүйесі.

Концептуалды – білімдер жүйесінің бір үзіндісі ретінде түсініледі де, индивидтің қоршаған ортадағы, ақиқат болмыстағы бар заттар мен құбылыстар, алуан түрлі объектілер туралы ойларының қиялындағы көріністердің бәрін қамтиды.

Мекеншақтық (хронотоп) – роман дискурсында роман әлемінің кеңістік пен уақыт өлшемдері қандай жолмен берілгенін білдіретін термині.

Мениппея – эпосқа, лирикаға немесе драмаға да жатпайтын ерекше әдеби жанр түрі. Ішкі құрылымы бірнеше фабуладан, композицияның жаңа деңгейінен тұрады. Өлең мен прозаның сатиралық еркін қосындысы.

Модернистік бағыт – шығарманы шынайы суреттеуден гөрі адам өмірінің тағдырға байланысты екендігін көрсетеді.

Натуралистік бағыт – шындықтың жағымсыз сипаттамаларының объективті бейнеленуі, яғни, адам табиғатын жағдайдың «тұтқыны» ретінде сипаттау.

Оқырман зердесі – әдебиеттегі оқырманның мәтінді қалай қабылдайтынына ден қоятын және оқырманға немесе болжанған оқырмандарға ұсынылатын мәтіндердің аспектілері туралы теория.

Психологиялық бағыт – кейіпкердің жан-дүниесін жан-жақты ашу үшін көркемдік тәсілдер қолдану.

Постмодернистік – заманауи философиялық ағым, жаңа әлеуметтік-саяси өмірдің шындығын жеткізетін көркемдік әдіс.

Репрезентация – бұл жанама немесе «екінші реттік» материалдық немесе идеалды объектілердің, олардың қасиеттерінің, қатынастары мен процестерінің бейнелерінің (прототиптерінің) адам санасында бейнеленуі.

Реалистік сарын – әдебиетте өмір құбылыстарын шынайы қалпында, нақтылық белгілерін сақтай отырып, жинақтап бейнелейді.

Семиология, семиотика – таңбалар және олардың қалай жұмыс істейтінін зерттейтін ғылым саласы.

Қойылым – тұтынушы образында көретін, қоғамның шынайы тұншықтырушы сипатын таңғалыс сезімін туғызу арқылы көлегейлейтін заманауи капиталистік қоғам бейнесі үшін қолданылған термин.

Синекдоха – бұл ойдың риторикалық фигурасы. Ол әдебиетте баяндау, поэзия, драма, очерк, ауызекі тілде өздігінен қолданылады.

Фабула/сюжет – Нарративті зерттеуде шынайы өмір оқиғалары мен әңгімеге өзек ету үшін таңдап алынған оқиғалар өзара салыстырылып сараланады. Шын мәнінде, өмірлік оқиғалар он жылға созылуы мүмкін, алайда фабула немесе баяндау оны өз есебіне лайықтап, бірнеше минутқа сыйғыза алады.

Экожүйе – зат айналымы бар тірі организмдер мен бейорганикалық компоненттер жиынтығы.

Экологиялық дағдарыс – қоғам мен табиғат арасындағы қарама-қайшылықтардың шиеленісуі, оның ішінде, ғылыми технологияның зардаптары, қазба отынды жағы, қарулы қақтығыстар. Қарудың барлық түрін азайтпай, бұл дағдарыстан шығу мүмкін емес.

Экология – тірі организмдердің бір-бірімен және қоршаған ортамен қарым-қатынасын зерттейтін ғылым саласы (oikos – үй, мекен; logos – ілім; латын сөзі).

Экологиялық проблема – ғаламдық, аймақтық, ұлттық деңгейдегі экологиялық түйіндер. ҚР ең үлкен проблеманың бірегейі - Семей ядролық полигоны зардаптары.

Экологиялық білім беру – табиғатты пайдаланудың іргелі негіздері ретінде жалпы экологияның теориясы мен практикасын игеруге бағытталған оқыту бағдарламасы.

Экологиялық тәрбие – білім алушы санасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Экологиялық сана – адамның табиғатқа қарым-қатынасындағы сенімі мен дағдысы.

Экологиялық мәдениет – табиғатты танып-білу және игерумен байланысты. Заң және адамгершілік қағидаттарын сақтау.

Экологиялық идеология – адам мен қоршаған ортаның (табиғаттың) бірлігін насихаттайтын көзқарастар жиынтығы.

Эпикалық жанр – шығармада өзі әңгімелеп отырған өмір құбылыстарын кең көлемде, кейіпкер образын, көркем әдебиеттің алуан түрлі әдістерін мейлінше мол қамту арқылы суреттеу.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

КСРО	– Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ССРО	– Советтік Социалистік Республикалар Одағы
АҚШ	– Америка Құрама Штаттары
МҚК	– Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті
СИЯП	– Семипалаинский испытательный ядерный полигон
IPPNW	– Peace Test және International Physicians for the Prevention of Nuclear War
ЦДНИ	– Центр документации новейшей истории
ВКО	– Восточно-Казахстанская область

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақ халқының өмірінде, ұлт тарихында қасіретке айналған оқиғалар көп. Халық басына түскен ауыр трагедия уақыт өтседе санамызда сақталған. Еліміздің тарихындағы түрлі оқиғалар желісі өлең-жыр, дастан немесе әңгіме, роман, драма жанры арқылы көркем әдебиетте көрініс тапқан. Тәуелсіздігіміздің, еркіндігіміздің арқасында ақын-жазушыларымыз азат оймен қазақ халқының қаралы күндерінің барлығын түрлі жанрдағы шығармаларына өзек етіп көркем әдебиетіміздің қазынасын байытқаны анық. Дегенмен, еліміздің тарихындағы құпиясы мол, әлі де көлеңкелі тұстары басымы – Семей сынақ полигоны.

Ядролық қару жасап жарысуда ұлы державалар арасындағы бәсекелестіктің тарихы әріде жатқандығы белгілі. Ядролық реакция кезінде атом ядросында бөлінетін сәулелердің жарылыс тудырып қана қоймай, айналасындағы барлық тіршілік иелерін жойып жіберетін алапат күші жұмыр жерді мекендеген бұқара халыққа беймәлім болатын. Ядролық физика төңірегіндегі зерттеуші ғалымдардың бейбіт мақсатқа пайдалануға бағытталған еңбектері екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде көптеген әскери күштердің қызығушылығын тудыра бастады. Шексіз билікке ұмтылған нацистік Германияда басталған зертханалық тәжірибелер Америка Құрама Штаттарында 1941 жылдың қазан айынан бастап ағылшын ғалымдары тарапынан жалғасын тауып жатты. 1942 жылдың маусымында әйгілі «Манхэттен жобасы» іске қосылып, құпия қару жасау жоспары басталып та кетті. Алғаш Нью-Мексико штатындағы Лос-Аламос жазығы сынақ аймағы ретінде таңдалды.

Фашистік Германия жеңіліс тауып, Ұлы Отан соғысы аяқталғанымен соғыс қаупі сейілген жоқ еді. 1945 жылы Америка Құрама Штаттарының Хиросима және Нагасаки сияқты Жапон қалаларын атом қаруымен бомбалауы бүкіл дүниені дүр сілкіндірді. Жойқын қару бейбіт қалаларды тұрғындарымен бірге көзді-ашып жұмғанша жойып жіберді, бірнеше ұрпағы радиациядан зардап шекті. Дүние жүзінде осы сәттен бастап қаралы атом дәуірі басталды.

Қазақ даласына нағыз экологиялық апат Кеңес Одағының әскери-өнеркәсіптік кешені атом қаруын жасауды аяқтаған кезде төнді. 1947 жылы 21 тамызда КСРО Үкіметінің арнайы қаулысымен «Семей - 21» деген шартты атаумен жаңа жасырын қала пайда болды. Қала әскери - өнеркәсіптік кешеннің мүлде жаңа құрылымына, яғни ядролық сынақ полигонына толық қызмет етуге тиіс болды. Сынақ полигонына жақын орналасқан жайылымдар, шабындықтар, таулы қыраттар есебінен 18 мың шаршы шақырымдай жер бөлініп берілді. Осылайша қазақ даласындағы тіршілік атаулыға алапат зиянын тигізген полигон пайда болды. Қасиетті қазақ жерінде Курчатова қаласы мен түрлі сынақ алаңдары бой көтерді.

Бұл полигонда 1949 жылы 29 тамызда таңғы сағат 7-де РДС-1 ресми атауын алған 20 мың тонна тротилге тең жарылыс қуаты бар алғашқы жердегі ядролық қару, 1955 жылы 22 қарашада 1500 метр биіктіктегі алғашқы сутегі бомбасына сынақ жасалды. Полигон жұмыс істеген жылдары Семей жерінде

343 жерасты және 200-ден астам жер үсті және әуе жарылыстары жүргізілген болатын. 1961-1962 жылдары атом қаруын сынау қарқынды түрде жүргізіліп, жылына 50 немесе одан да көп әуе және жердегі ядролық жарылыстар жасалып отырды. Ең сорақысы, 1949 жылдан 1963 жылға дейін жасалып отырған ашық жер үсті сынақтарының ядролық зарядтарының жалпы қуаты Америка Құрама Штаттарының Хиросимаға тасталған ядролық бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды. Жерасты ядролық сынақтарына келетін болсақ, олардың 30%-дан астамы Семей өңірінің радиациялық фонын жүздеген есе арттырған радиоактивті газдармен ластануымен қатар жүрді.

1949 жылғы алғашқы жер бетіндегі жарылыстан бастап Семей және Павлодар облыстарының радиациялық сәулелену ықпалына ұшыраған сырқаттар саны бірнеше есе өсті. Бұлар – өкпе мен сүт бездерінің рагы, лимфогемобластоз және басқа да қатерлі ісікті патологиялар. Семей полигонына жақын аудандарда дімкес, ауру, ақыл-есі кем, екі басты, аяқ-қолдары жоқ сәбилердің дүниеге келуі жиіледі.

Медицина ғалымдары сәулеленуге ұшыраған аймақтың халқы табиғи жас өзгерістерінен озып, тезірек қартайтынын анықтады.

Президент Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев өз сөзінде: «Қасиетті қазақ жері атом сынағынан орасан зор зардап шекті. Мұндай қасірет ешқашан қайталанбауы керек. Қазақстан ядролық қауіпсіздік қағидаттарын әрдайым берік ұстанады» [1], - деп жазған болатын.

Семей ядролық полигоны жабылғанына 33 жыл толып отыр. Жапондық қалалар қалпына келтірілді, радиациядан тазартылды, бұл қайғылы оқиғаны бүкіл әлем біледі. Ал Семей полигонынның тұтас ұлтқа тигізген қасіретін білмейтіндер де кездеседі.

Чернобыл трагедиясы жайлы жүзден аса көркем шығармалар жазылып, оның елуге жуығы шетел тілдерінде басылды. Көркем шығармалар тізімі библиографиялық нұсқаулыққа топтастырылып, туындылар арнайы зерттеу нысанына алынды. Семей қасіретімен тағдырлас геноцидтің құрбанына айналған Хиросима мен Нагасаки трагедиясын жапон халқы жыл сайын жастар бойына сіңіруде. Жапонияның Хоя қаласының тұрғыны Х. Нагоканың бір өзі Хиросима трагедиясы жайлы бес жүзден астам кітаптар мен брошюралар, атом бомбасының салдары туралы сансыз журналдар мен мақалаларды жинақтаған болатын. Хиросима трагедиясы туралы кітапхана құрылып, оны қала тұрғындарына ортақ пайдалануға беру жүзеге асырылған. Дәл осындай іс-шаралардың біздің елде де қажеттігі даусыз.

Атом торнадосымен өртенген қазақ жерінде Абыралы өңірінде көрінген Атом саңырауқұлағын өздері ұмытып қана қоймай, сонымен бірге ащы шындықты, өткенді халық жадынан өшіріп, қазақ елін қасіретке ұшырату себептерін кейінгі ұрпақтың білмей өсуін, тұтас ұлттың мәңгірттігін, құлдық санасын қалайтын күштерді жоққа шығара алмаймыз. Өз жерінде мылтықсыз майданның құрбанына айналған халықтың денсаулығына іс жүзінде ешбір жәрдем көрсетілмеді. Оны айтпағанда, дәрігерлерге радиация әсерінен болған аурулардың дұрыс диагнозын қоюға тыйым салынды.

Семей өлкесі – табиғаты сұлу, тарихы бай, тұнып тұрған мәдени мұралар шоғырланған мәйекті аймақ, қазақ әдебиетінің алтын бесігі. Қазақтың бас ақыны Абай, ғұлама Шәкәрім Құдайбердіұлы, заңғар жазушы Мұхтар Әуезов, Қазақстанды ең алғаш шетелге танытқан әнші Әміре дүниеге келген. 1917 жылы осында Алаш мемлекетін құрған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Ә. Ермаков, Х. Ғаббасовтардың есімдерімен тығыз байланысты бұл қасиетті топырақ не көрмеді?!

Кеңестік кезеңдегі зобалаң жайындағы еңбектер саусақпен санарлық. Индустриализация, тың және тыңайған жерлерді игеру, бес жылдық ғаламат жоспарлармен қатар, мемлекеттің негізгі әрі жалғыз капиталы адам қорына өлшеусіз залалын тигізген Семей сынақ полигонының деректік негізі мен оның құжаттағы тарихы толыққанды зерттелді деп айта алмаймыз. Семей сынақ полигонына қатысты деректер өте құпия болған. Құжаттар былай тұрсын, Семей сынақ полигонында болып жатқан оқиғалар жайында шекаралас қоныстанған ауылдардың өздері жарытып біле алмаған.

Полигон салған қасіретті халық жадынан сызып тастауға қанша ұмтылса да, елдің санасынан өшпеді. «Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы құрылып, бүкіл әлем бойынша көптеген пацифистерді біріктіргеннен кейін құпиясы мол сырлар ашыла бастады.

Семей ядролық полигонына арналған мақалалар, деректі және көркем фильмдер біздің елімізде көптеп шығарылмаса да, біршама зерттеушілер мен ақын-жазушылар, журналистердің назарын аудара бастады. Халықтың көз жасына суарылған әндер мен қылқалам шеберлерінің нысанына да айналды. Көкейкестілігін жоғалтпаған бұл тақырыптың ауқымы өте кең, әлі де талай зерттеудің өзегі болары сөзсіз.

Десек те, тіршілік атаулыға зиянын тигізіп, халықтың мұңлы зарына айналған Семей полигонының қанды қасіретін жан-тәнімен түсінетін, күнделікті өмірде сынақ зардабынан жапа шеккен дала мен халықтың ауыр тағдырына куә болған, көзімен көріп, барлық түйсік-танымымен қабылдаған Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармалары ерекше. Полигон қасіретін тартып өскен елдің, шығармашылық иелерінің қалам тербеуі заңдылық. Диссертациялық еңбекте, әсіресе Ертіс өңірі ақын-жазушыларының Семей қасіреті жайлы көркем туындыларын қарастыруды өзекті деп санадық.

Сынақ алаңын құруға және оны жабдықтауға байланысты мәліметтер, сонымен қатар эксперименттер мен бомбалардың жарылуы жайындағы, флора мен фаунаға тигізген зияны жөніндегі құпия деректер, тіпті жергілікті халықтың денсаулығына байланысты маңызды құжаттар Ресей мұрағатында ғана сақталғандығын ескерсек, Семей сынақ полигоны жайында құжаттар сөйлеп, шындық толық жария болар күн әлі алда.

Талай адамның тағдыры мен шұрайлы, қасиетті табиғатымыздың тынысын тарылтқан полигон кесапаты көркем әдебиетте көрініс табуын зерттеп, қазақ әдебиетіндегі экология тақырыбына қатысты тарихи шындық пен көркемдік шешімін зерделеу – әдебиет ғылымындағы ірі мәселелердің бірі. Егемендігімізді алғаннан кейін ақын-жазушылармыз, қаламгерлеріміз көркем

әдебиетте Семей қасіретін бейнелейтін Б. Тілегенов «Қара жел», Р. Нұрғали «Дегелең дерті», Р. Тоқтаров «Полигон», М. Ибраев «Жоғалған өзен», М. Сәрсекке «Семей қасіреті», С. Досжан «Қасірет пен тағдыр» романдарын, Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», Н. Ораздың «Жылқының кө жасы», Д. Рамазанның «Соңғы дем», А. Алтайдың «Кентавр» әңгімелері, Б. Мұқай «Заманақыр» пьесасын, Т. Әбдікәкімов, Ұ. Есдәулет «Заман-ай», Б. Жақып «Жан дауысы» поэмасы, А. Елгезек, М. Оспанов «Синдром», А. Айтмұхамбетованың «Құрсақсыз ана» поэмаларын әкелді. Осы көркем шығармалар бұрын-соңды зерттеу объектісіне айналмағандықтан, Семей қасіретінің қазақ әдебиетіндегі тақырыптық-жанрлық ерекшеліктерін жіктеп, көркемдік сипатын саралап талдау бүгінгі әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің қатарында.

Тақырыптың зерттелу деңгейі.

Экологиялық мәселелер бойынша іргелі зерттеулер өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастау алады. Бұл өз кезегінде түрлі экологиялық қозғалыстардың дамуына байланысты болды. Жалпы ғылымдағы экологиялық қозғалыстардың маңызы мен құндылығы Н. Смелзер [2], А. Турэн [3], Р. Парк [4] еңбектеріне арқау болды. Сондай-ақ, Президентіміз Қ.К. Тоқаевтың «Тәуелсіздік туы астында. Қазақстанның сыртқы саясаты туралы» [1, с. 3] еңбегінде ұлттық қауіпсіздіктің саяси мәселелерін ядролық аспектіде зерттеп, қарастырған.

Бір кездері аса құпияда ұсталған Семей сынақ полигонындағы және қазақ даласындағы ядролық жарылыстар, оның елімізге, жерімізге тигізген ауыр зардаптары жайлы әр салада ғылыми зерттеулер жазылды, жазылып та жатыр.

Ядролық сынақтың тіршілік атаулыға келтірген залалы мен зардабы туралы медицина, биология, геофизика салалары бойынша отандық және шетелдік ғалымдар Н.А. Семиошкинаның, В.М. Соломатиннің, А.В. Липихиннің, С.К. Кайрамбаевтың, А.О. Айдархановтың, Е.Т. Масалимовтың, А.В. Беяшовтың ғылыми еңбектері бар. Медицина саласында әр жылдары Б. Атчабаров, С.Б. Балмұханов, Б.И. Гусев, Л.П. Дегтярева, М.Ж. Еспенбетова, Г.З. Ысқақбаевалар тарапынан Семей полигоны сынақтары зардабын шеккен жергілікті тұрғындардың арасында қатерлі ісік ауруының қауырт өсуі, атап айтқанда, қалқанша безі қатерлі ісігінің көбеюі, зардап шеккен аймақтарда өз-өзіне қол жұмсау, ақыл-ой кемістігі және мінез-құлық аурулары жиілігінің артуы жайлы жүйелі зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Ғылымның әр саласында ыждағаттылықпен зерттеліп жатқан Семей полигоны, Семей қасіреті тақырыбы өнер адамдары шығармашылығында да өзегін тапты. Ақын Ұ. Есдәулетовтің сөзіне сазгер Т. Мұхамеджанов жазған туған халық зарына айналған «Заман-ай» әні мен Семей қаласының тұрғыны - суретші, мүсінші, шебер қолөнерші Қ. Аймұханбетовтың «Адам құбыжығы», «Ананың көз жасы», «Адам-жануар», «Полигонның әсері», «15 жасар бала», «Өлімді алып жүретін Саңырауқұлақ», «Өлімнен де күшті махаббат» сияқты

адамзаттың жүрегіне жол тапқан туындылар Семей полигоны тақырыбына арналды.

Әлем құлақ тігіп, көз салып отырған Семей полигоны тақырыбы баспасөз иелерінің де назарынан тыс қалмағаны хақ. Ә. Әлімжановтың Семейдің сынақ полигонын жабудағы мақаласы жайлы «Атом күліне көміліп қалмайық!», Б. Жақыптың 29 тамыздағы халықаралық сынақ полигонына қарсы халықаралық іс-шараға орай «Тамыздың жиырма тоғызы», Семей ядролық сынақ полигонының жабылуы туралы Ә.Жақыповтың «Жер жарасы жазылғандай» деген шығармалары. Ж. Шәмшінің «Адамзат пен атом», Қ. Шәниевтың «Ядролық жарылыстар жайында», «Қасіретті күндер ұмытылмайды», С. Тәбәрікұлының «Абыралы ақиқаты айтылса екен», Е.Айғалиұлының «Семейдегі аждаһа қазекенді әлі де жұтып жатыр немесе Абай жеріне барғандағы ащу ой», М. Аймақовтың «Полигон шежіресі: Семей полигонының ашылуы мен жабылуы аралығындағы тарихтан», Г. Айтжанбайдың «Полигон аймағы ауыл шаруашылығы қажетіне жарай ма?», Г. Әбдіхалықованың «Семей полигонының зардаптары», П. Әбілқасымқызының «Семей полигонының қасіретін көрген», Ә. Есдәулетованың «Семей полигонының қасіреті сынды», А. Исиннің «Испытательный полигон на Северо-Востоке Казахстана» [5], – деген ірілі-ұсақты үш жүзге тарта мақалалары жергілікті және республикалық басылым беттерінде жарық көрді.

Алайда, көркем әдебиеттегі Семей сынақ полигоны, «Семей қасіреті» тақырыбы диссертациялық деңгейде зерттелген жоқ. Қазақ әдебиетіндегі экология мен адам арасындағы байланысты көтерген шығармалардың зерттелуіне келсек, бұл – әлі толық ашылмаған мәңгілік тақырып.

Қазақ әдебиеттану ғылымында жалпы табиғат жанама ғылыми объект ретінде сабақтастыра қарастырған зерттеулер бар. Ф.ғ.к., С.Ш. Айтуғанованың «Адам және табиғат концепциясы шағын прозада» [6], – деген диссертациялық еңбегі М. Әуезов повестеріндегі табиғат суреттерінің қолданылу ерекшеліктері, қазіргі қазақ әдебиетіндегі адам мен табиғат мәселесінің берілуін қарастырған. Сонымен қатар адам мен табиғат мәселесін ф.ғ.д., профессор А. Рамазанова «Қазіргі қазақ повестеріндегі адам мен табиғат мәселесі» [7], – деп аталатын диссертациясында 70-80 жылдардағы экологиялық тақырыпта жазылған О. Бөкеев, М. Мағауин, Д. Досжанов, Ә. Асқаровтардың повестері негізінде адам мен табиғат қарым-қатынасы мәселесінің көркемдік шешімін ғылыми тұрғыдан зерттеген. Ф.ғ.д., профессор Ж. Жарылғаповтың «Қазақ прозасындағы адам концепциясы» [8] (1970-80 жылдар негізінде) еңбегінде 1970-1980 жылдары қазақ прозасындағы Ә. Кекілбаев, О. Бөкей, Д. Исабеков, Ә. Тарази адам концепциясын адам мәселесімен байланыста қарастырылған.

XX ғасыр соңы мен қазақ прозасындағы дәстүр жалғастығы, адамның әлеуметтік және рухани-психологиялық қырларына қатысты эстетикалық жаңаша көзқарастар зерттелген. Бұл ғылыми еңбектердің бәрінде де адамның табиғатқа мейірімсіздігі, әділетсіздігі әр қырынан көрсетілген. Әрине, мұндай күрделі мәселені сөз еткен жоғарыдағы еңбектердің аздық етері сөзсіз. Бұл

ғылыми еңбектерде қарастырылып отырған негізгі тақырып – экология, табиғат, адам мәселесі. Аталмыш ғылыми еңбектерде Семей сынақ полигоны қасіретін бейнелейтін көркем шығармалар арнайы зерттеу объектісіне алынып, талданбаған.

Зерттеудің мақсаты. Семей ядролық сынақ полигоны тақырыбындағы көркем шығармалардағы ұлттық мүдде және адам-қоғам-табиғат ұштағандық концепциясының берілу жолдарын анықтау. Берілген мақсатқа жету жолында мынандай міндеттерді алдымызға қойдық:

1. Семей полигоны туралы мұрағат деректерін саралау және тарихи шындықтың әдеби шығармаларда берілуін зерделеу.

2. Қазақ баспасөзіндегі Семей сынақ полигоны тақырыбының көрінісін зерделеу.

3. Семей сынақ полигоны туралы көркем шығармаларды тақырыптық-идеялық, жанрлық тұрғыда жүйелеп, ғылыми айналымға енгізу.

4. Әдеби шығармаларға интерпретациялық талдау жасау арқылы сол кезеңнің тарихи шындығы мен көркемдік шешімін анықтау.

5. Ядролық сынақ зардабының адам – қоғам – табиғат ұштағандық концепциясы негізінде көркемдікпен бейнеленуін зерделеу.

6. Поэзиялық туындылардағы Семей қасіреті көрінісіне, көркемдік әдістері мен құрылымдық семиотикасына ғылыми теориялық талдау жасау.

7. Семей қасіреті тақырыбындағы прозалық, драмалық шығармалардағы ұлттық мүдде және адамзат санасындағы өзгерістерді, қоғамдағы рухани-адамгершілік мәселелер жайындағы концептуалды ойларды жаңаша пайымдау.

Зерттеу нысаны. Қазақ әдебиетінде Семей сынақ полигонын бейнелейтін Б. Тілегеновтің «Қара жел», Р. Нұрғалидың «Дегелең дерті», Р. Тоқтаровтың «Полигон», М. Ибраевтың «Жоғалған өзен», М. Сәрсекенің «Семей қасіреті», С. Досжанның «Қасірет пен тағдыр» романдары, Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», Д. Рамазанның «Соңғы дем», Б. Мұқай «Заманақыр», Н. Ораздың «Жылқының көз жасы», А. Алтайдың «Кентавр» әңгімелері, Т. Әбдікәкімовтің, Ұ. Есдәулеттің, Б. Жақыптың, А. Елгезек, М. Оспанов, А. Айтмұхамбетова т.б. ақындарымыздың өлеңдері мен поэмалары.

Зерттеу пәні. Семей қасіреті туралы жазылған көркем шығармалардағы адам мен табиғат концепциясын зерделеп, анықтау, сараптау.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық жұмысты жазу барысында жинақтау, сипаттау, интерпретациялық әдіс, салыстырмалы талдау, құрылымдық, семиотикалық, құрылымдық талдау, жүйелеу әдістері ғылыми басшылыққа алынды.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері.

Диссертация жазу барысында қазақ әдебиеттану ғылымында маңызды зерттеулер жүргізген отандық жетекші ғалымдардың зерттеу еңбектерінде теориялық тұжырымдар басшылыққа алынды. Әдебиеттану ғылымындағы А. Байтұрысынов [9], Е. Ысмайлов [10], Қ. Жұмалиев [11], З. Ахметов [12], З. Қабдолов [13], Б. Майтанов [14] сынды зерттеуші ғалымдардың теориялық тұжырымдары зерттеу жұмысымыздың бағыт-бағдарын айқындауда негіз

болды. Сонымен қатар, зерттеу нысанына қатысты С. Қирабаев [15], Р. Нұрғали [16], Ж. Дәдебаев [17], А. Еспенбетов [18], Т. Тебегенов [19], С. Айтуғанова, А. Рамазанова, Ж. Жарылғаповтардың, ғылыми еңбектері мен тұжырымдарына сүйендік.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Бұл зерттеуде Семей ядролық сынақ полигоны туралы жазылған көркем шығармалар алғаш рет жүйеленіп, ғылыми айналымға енгізілді және әдебиеттану ғылымында Семей қасіреті тақырыбы жаңаша пайымдалды. Диссертациялық жұмыста қазақ әдебиетіндегі Семей қасіреті көрінісін ғылыми-теориялық талдаудың нәтижесінде:

1. Семей полигонына қатысты мұрағат деректері қарастырылып, әдеби шығармалардағы мәліметтермен салыстырылды.

2. Қазақ баспасөзіндегі Семей сынақ полигоны тақырыбының көрінісі зерделенді.

3. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі Семей ядролық полигоны туралы жарық көрген туындылар Семей қасіреті тақырыбымен топтастырылып, жанрлық тұрғыдан сараланды.

4. Семей қасіреті тақырыбындағы әдеби шығармаларға интерпретациялық талдау жасалып, сол кезеңнің тарихи шындығы мен көркемдік шешімі айқындалды.

5. Ядролық сынақ зардабының адам – қоғам – табиғат үштағандық концепциясы негізінде көркемдікпен бейнеленуі анықталды.

6. Поэзиялық туындылардағы Семей қасіреті көрінісіне, көркемдік әдістері мен құрылымдық семиотикасына кешенді ғылыми-теориялық талдау жасалды.

7. Семей қасіреті тақырыбындағы прозалық шығармалардағы ұлттық мүдде және адамзат санасындағы өзгерістер, қоғамдағы рухани-адамгершілік мәселелер жайындағы концептуалды ойлар жаңаша пайымдалды.

Зерттеудің практикалық құндылығы. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының әдебиет пәні бойынша қазіргі қазақ әдебиеті курстарында, өлең теориясы мен практикасы, қазіргі қазақ прозасы пәндері курстарында берілетін дәрістерге қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Қазақ әдебиетіндегі «Семей қасіреті» тақырыбындағы көркем шығармалар – дәуір шындығын, тұтас ұлтқа жасалған зұлымдықты көркем бейнелейтін туындылар.

2. Семей сынақ полигоны туралы прозалық шығармалардың интерпретациясы сол кезең шындығын ашып көрсететін тарихи материалдар, айғақ-деректерімен, философиялық тұжырымдарымен ерекшеленеді.

3. Семей қасіреті тақырыбындағы әдеби туындыларда ядролық сынақ зардабы адам – қоғам – табиғат үштағандық концепциясы негізінде композициялық құрылым, образ жасау тәсілі, өлең формасы тұрғысынан шеберлікпен бейнеленген.

4. Семей сынақ полигоны туралы көркем шығармаларда ұлттық мүдде және адамзат санасындағы өзгерістер, қоғамдағы рухани-адамгершілік мәселелер жайындағы концептуалды ойлар тұжырымдалған.

Зерттеу жұмысының жариялануы. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, түрлі халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда ғылыми мақалалар жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференцияларда 1 мақала, ҚР ЖБ және Ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды:

1. Issues in teaching the human and ecology concept // Cypriot Journal of Educational Science. – 2022. – Vol. 17, Issue 10. – P. 3625-3637.

2. Р. Нұрғалидың «Дегелең дерті» прозалық шығармаларындағы өмір шындығы // Қазақстанның Ғылымы мен өмірі. – 2020. – №3/2.

3. Қазақ поэзиясындағы Семей полигонының көрінісі (Ұ. Есдәулет, Т. Әбдікәкімов, Б. Жақып өлеңдері негізінде) // Л. Гумилеев атындағы Еуразиялық университеті хабаршысы. – 2021. – №4.

4. Драмалық шығармалардағы Семей қасіретінің көрінісі // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2022. – №3.

5. Рамазан Тоқтаровтың «Полигон» романындағы өмір шындығы // «Мұхтар Әуезов шығармашылығы ХХІ ғасыр ғылымы кеңістігінде» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. Бөрілі. – 2022.

6. Семей сынақ полигоны тарихи шындық пен деректер // "ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY" Жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар және студенттердің ғылыми еңбектерінің халықаралық жинағы. – 2022. – №16.

7. Семей-Невада: актуальные проблемы и пути их решения // Монография. МЦНП «Новая наука». Петрозаводск. – 2020.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 СЕМЕЙ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИ ПРОЦЕСС

1.1 Семей сынақ полигоны туралы тарихи шындық пен деректер

Жалпы алғанда Семей сынақ полигонынның қалыптасу тарихына байланысты деректер Қазақстандық мұрағаттардан мардымсыз. Бұған негізгі себеп – соғыстан жылдары әр ел қару жасау технологиясын өте құпия жағдайда ұстауы. Соғысты басынан кешірген Европа мен КСРО ұлттық қауіпсіздіктің негізгі жолы – ядролық қару деп таныды. Яғни, жаппай қырып жою қаруларының болуы және оны жетілдіру, басқа мемлекеттерден қарағанда қай мемлекетте жойқын қарудың болуы сол мемлекеттің қуатын білдірген болатын. Осыған орай ядролық қару жасау мен сынау барлық мемлекеттердің негізгі, ең басты құпиясы болып саналды. Тіпті мемлекеттегі басшылықта отырған адамдардың өздері де ядролық қаруға байланысты мәліметтерді білмеген, тек Сталиннің маңайындағы шағын топ пен сол кездегі ядролық физика мамандары ғана негізгі ақпараттарды білген еді. Ядролық қаруды сынақтан өткізушілердің өзі оның жасалу технологиясынан бейхабар болатын, ал сынақ алаңын жабдықтаушылар білетін мәліметтерді құрылысшылар білмеді, тіпті Абыралы, Дегелең және Абай ауданы төсін алғаш тілгілеп, құрылыс салуға келген әскерилер өздерінің не салып жатқандығынан бейхабар болған.

Семей сынақ полигонынның жер көлемі бұрынғы Семей, қазіргі Павлодар мен Қарағанды облыстарының кейбір аудандарын алып жатқан өте ірі территорияны қамтыды. Әлемде теңдесі жоқ жоқ ядролық сынақ алаңы ретінде не үшін таңдап алынғаны туралы: «Строго секретно (Особая папка) №37. Протокол №36 заседания Специального комитета при Совете Министров СССР. г. Москва, Кремль. 31 мая 1947 г. Приложение 1 к разделу 1 протокола.

Заместителю Председателя Совета Министров СССР товарищу Берия Л.П. В соответствии с Постановлением Совета Министров СССР №1092-313 от 21.IV.47 г. Первым главным управлением при Совете Министров СССР совместно с Министерством вооруженных сил было произведено обследование следующих площадок, которые могли бы быть использованы для организации Горной станции:

1. Площадка в районе р. Иртыш.
2. Площадка в районе западного берега оз. Балхаш.
3. Площадка в районе ст. Атбасар Казахский ССР.
4. Площадка южнее г. Кустанай в районе Наурзумского заповедника.
5. Площадка южнее оз. Гусиное в Забайкалье.
6. Площадка в районе пяти озер севернее г. Чита.

Из всех перечисленных площадок наиболее удовлетворяет требованиям для организации Горной станции площадка №1 в р-не р. Иртыш в 170 км. Западнее г. Семипалатинск. Эта площадка совершенно пустынна, центр площадки диаметром 20 км. окружен грядой холмов до 40 м и выше. Площадка имеет хорошие естественные грунтовые дороги и вполне обеспечена водой. На самой площадке имеется аэродром, пригодный для эксплуатации транспортной

авиации и средних бомбардировщиков. Для эксплуатации тяжелых бомбардировщиков возможно использование существующего аэродрома гражданского воздушного флота, удаленного от г. Семипалатинск на 6 км. Магистральная ж.-д. линия Новосибирск – Семипалатинск – Алма-Ата проходит в 170 км от центра основной площадки.

К недостаткам этой площадки относятся удаленность ее на 170 км. от железной дороги и наличие в г. Семипалатинск китайского консульства, которое, по нашему мнению, должно быть оттуда удалено.

Весь материал по обследованию указанных районе прилагается.

Просим утвердить для строительства Горной станции площадку №1 в районе Иртыша» [20], – деген деректер бар.

Бұл туралы Болатбек Нәсенов: «Дегелең – жер кіндігі дерлік, Сарыарқаның ең бір құйқалы жері. 1947 жылы Совет үкіметінің құпия шешімі шығып, ал 1949 жылы атом сынақ полигонының орнауында, әркім біле бермейтін үлкен себеп бар. Дегелең – алып Еуразия супер-континентінің дәл кіндігі ортасында жатыр. Атом сынақтарынан соң пайда болған залалды заттар ұшы-қиыры жоқ алып континенттің түкпір-түкпіріне біртіндеп және біркелкі қонады. Екіншіден, оның жер қыртысы атомдық сынаққа төтеп беретін қатты граниттен құралған. Үшіншіден, полигон сияқты тажалға көп су керек. Ол жанындағы Ертісте мол ағып жатыр. Полигонның қатерлі және ауыр қару-жабдықтарын алғашында сырт көзден таса етіп, Омбыдан бері кемелермен тасып отырған» [21], – деп «Абыралы – Сарарқаның кіндігі» кітабында айтады.

Сонымен қатар, сол кезде осы территорияда өздерінің қандай мақсатпен табан тірегенін кейіннен білген әскерилердің, ғалымдар мен құрылысшылардың өмірбаяндық естеліктерінен құнды деректер кездестіре аламыз.

1990 жылдардың басынан бастап Ресей мұрағаттары Семей сынақ полигонына қатысты деректерді жариялап, бірқатарын тарихшылардың қолдарына тапсыра бастады. Бастапқыда сараптама жасалып, мемлекеттік құпияға тікелей әсер етпейтін тұстары ғана жарияланған болатын. Жалпы КСРО ның атомдық өндіріс жайындағы тікелей деректері тек 2000 жылдарда ғана жарық көрді.

Ұсынылған дереккөздерден кеңестік ядролық сынақ жобасын жүзеге асыруға қатысқан заң шығарушы және атқарушы органдардың өзара хаттарын, бұйрықтарын, КСРО Ғылым Академиясының есептерін, ғалымдардың орталық атқарушы билікке жазған хаттарын, барлау органдарының сараптамалық жұмыстарын, КСРО ұйымдары мен ғалымдарының қызметін көрсететін нормативтік құқықтық актілерін көруге болады.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейінгі қару жарысының қалыптасуы мен КСРО билігінің ядролық қаруланудағы алғашқы қадамдары жайындағы құжаттар негізінен 10 томдық «КСРО атом жобасы: құжаттар мен материалдар» [22], – деген және «Ядролық жарылыстардың жаңғырығы» [23], – атты еңбектерде жинақталған. Көп томдық басылымдар ядролық қаруды жасаудың бастапқы кезеңін және оның тарихын көрсететін бұрын

жарияланбаған құжаттарды қамтиды. Жинақтарда ұсынылған материалдар мәселенің бірқатар даулы, аз зерттелген аспектілерін талдауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған көп томдықтардың деректік көздері – мұрағаттық құжаттар. Жинақ материалдары арқылы КСРО дағы ядролық қару жасау индустриясының қалыптасуының біртұтас объективті көрінісінен толыққанды мағлұмат алуға болады. Бұл мәліметтер заң шығарушы және атқарушы билік тарапынан ведомстволық түрлі комиссилар мен жиындардың құжаттары және қарарлары, қаулылары, ғылыми және ұйымдастырушылық басшылықтың қалыптасқандығы туралы берілген. Қаруды жасау және сынау үшін ұйымдар мен ведомстволардың бірлестіктері құрылып нақты мамандар мен ғалымдар ұжымы даярланған.

Бұл материалдардан Сталиннің арнайы жасырын бұйрықтары, ядролық қару жасатуды қолға алған басшылар мен ғалымдардың есептерін көреміз. Харитоновтың, Сахаровтың, Курчатовтың қару жасау мен оны сынақтан өткізуге байланысты материалдары жарияланған. Осы материалдар жинағында Семей сынақ алаңын құру үшін қаншалықты қаражат кеткендігі, Сахаров пен Харитоновтың Семей сынақ полигонына сапарлары жайында мағлұматтар кездеседі. Мысалы, Ресейде қару-жарак жасаумен айналысқан ғалымдарды ұшақпен емес Семей топырағына арнайы құпия жасақтың күзетімен әкелгендігі туралы өте қызықты деректер ұшырасады. Сонымен қатар, бомбалардың теміржол арқылы сонау Ресейден Абай өңіріне жеткізілуі жайында егжей-тегжейлі жазылған. Ал арнайы әскерилердің Семей сынақ полигонын салғандығы, құрылысқа жұмылдырылған әсерилердің саны мен оларға тапсырылған жұмыстар, Қазақстанға қарасты үш облыстың жерлерін сынақ алаңына айналдыру туралы жарлықтарды да осы материалдардан таба аласыз.

Келесі кезекте, ерекше құпия қаулылар мен өкімдер қызығушылық тудырады. Мемлекеттік қорғаныс комитеті, Халық Комиссарлар Кеңесі КСРО, ведомстволық нормативтік актілер, хаттар мен баяндамалық жазбалар, көрнекті ғалымдар мен мемлекет қайраткерлерінің жалпы атом саласын қалыптастыру және дамыту туралы негізгі идеялары бізді таңқалдырды. Әсіресе, ғылыми мәселелерді шешу жолдары туралы қарарлар, өндірістік-техникалық сипаттағы есептер Семей сынақ алаңында қандай жойқын жарылыстар орын алғандығын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ядролық қарудың қалыптасуы жайындағы теориялық мәселелер бойынша білімімізді арттырады. Бұл кітаптар жоғары партиялардың Семей сынақ полигонына қатынасын анықтайтын тарихи деректер жинағы деп айтуға толық негіз бар.

Тек қана ғалымдар мен бұйрықтар жайындағы деректерден бөлек, КСРО-да Атом жобасын жүзеге асырудағы экономикалық органдардың қатынасына байланысты мәліметтер де жетерлік. Тіпті әскерилерге берлетін қаражаттан бөлек, бомбаны жеткізуге, оларды әуеден фотоға немесе бейнематериалдар түсіруге сұралған қаражаттар туралы да ақпараттарды осы материалдар жинағынан табуға әбден болады.

Жоғарыда аталған материалдарда Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағаты, Ресей Федерациясының президенті мұрағаты, Ресей мемлекеттік

әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты, Ресей Ғылым академиясының мұрағаты, Ресей Федералдық бүкіл ресейлік ғылыми-зерттеу институты эксперименттік физика ядролық орталығы құжаттары топтастырылып берілген.

Осы аталған құжаттарда кеңестік атом қаруын жасаушылар алдында тұрған проблемалар, яғни бомба құрылысына байланысты физикалық зерттеулер, уран изотоптарын бөлудің әртүрлі әдістері, оларды өндіру технологиясын әзірлеу туралы мәліметтер берілген. Бір қарағанда Семей сынақ полигонына қатысы жоқ болып көрінгенімен, әріден ойланар болсақ, қасиетті қазақ даласын немен зақымдағандығын, оның адам денсаулығына қаншалықты зиянды екендігін аңғару үшін бұл құжаттар маңызды болып табылады.

Мұрағатта сақталған 1946-1950 жылдардағы ғылыми-техникалық жаңалықтар мен алғашқы ядролық орталықтың қалыптасу процесін, алғашқы бомбаны әзірлеу және сынау жөніндегі күрделі және еңбекті көп қажет ететін ғылыми-техникалық міндеттер жіпке тізгендей кезең-кезеңімен қалай орындалғанын тани аласыз.

Алғашқы Кеңестік атом бомбасының жасалуы жайлы Л. Берияның И.В. Сталинге 1949 жылғы 30 тамызда жазған хаты «Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы», Семей қаласындағы мұрағат қорында сақталған. Ол хатта былай баяндалған, Жолдас И.В. Сталин мырза, Сіздің тапсырмаңызбен және Кеңес Одағының ғалымдар мен конструкторларының, инженерлердің арқасында 4 жылдық жұмыстың нәтижесінде алғашқы атом жасалынды. Бұл жұмыстың нәтижесі туралы 1-2 айда Сізге есеп береміз» [24].

Семей сынақ полигонының қалыптасуының алғышарттары мен полигон аймағындағы алғашқы жарылыстар жөнінде шынайы шығарма ретінде ядролық физик, ғалым Андрей Сахаровтың «Естеліктер» [25] кітабын айтуымызға болады. Ол өз қолымен атомдық бомба жасап, оны Семей өңіріне әкеліп жарған адамдардың бірі болатын.

Деректану саласындағы ең басты принциптердің бірі – дерек ұсынып отырған авторға мән беру, оның табиғаты мен жазып отырған тақырыпқа қатыстылығы. Егер бұл принципті ескерсек, Сахаров Семей даласына арнап бомбаны өзі жасап, оның қаншалықты зардап әкелетінін де кеңестік жүйеге түсіндіруге тырысқан жалғыз адам болып саналады. Ол тірі кезінде ешқандай өлімнен қорықпай, шындықты ғана айтқан жан екендігін әлем мойындаған. Сондықтан да Сахаровтың еңбектеріндегі Семей сынақ полигоны жайында жазылған деректері шынайы екендігі сөзсіз.

Мәскеу-400, Семей-21, соңғы нүкте мұның бәрі екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Қазақстанның солтүстік-шығысындағы Ертіс өзенінің жағасында салынған аса құпия қала Курчатов қаласының құпия атаулары. Оның тұрғындары негізінен кеңестік ғалымдар, әскери адамдар болды, олардың міндеттері ядролық сынақтарды жүргізу еді.

Полигонда жұмыс істейтін ғалымдар мен әскери күштерді орналастыру үшін 1940 жылдардың аяғында Кеңес үкіметі қаланы салды. Жаңа ауыл t сынақ алаңынан алпыс шақырым жерде. Ертіс жағалауында жасырылған және ешқандай карталарда белгіленбеген, ол бастапқыда Мәскеу-400 деген құпия

белгілеу ретінде белгілі болды. Кейін ол Семей-21 аталып, Семей қаласына ең жақын орналасқан қала болды. 1974 жылы кент ресми түрде қала болып жарияланды және кеңестік атом қаруының атасы – Курчатовтың құрметіне Курчатов қаласы аталды. Қаланың тұрғындары негізінен ресейден шыққан, тек аз ғана қазақ офицерлері тұрды, онда қара жұмысты орындау үшін бүкіл Кеңес Одағынан 5000-ға жуық сарбаз жинақталды.

Сынақ бағдарламасының алғашқы жылдары, яғни 1946-1950 жылдары бәріне қиын болды. Әскери ауылдың тұрғындары ортақ бөлмелерде газ бен ыстық су жоқ, электр плиталары аз, тар пәтерлерде өмір сүрді.

1952 жылға қарай қалада жақсы азық-түлік дүкендері пайда болды. Уақыт өте келе, осы құпия елді мекендегі азық-түлік және басқа да тауарлардың қорлары орта кеңестік қаладағы қорларынан асып түсті. Дүкендерде жақсы шарап пен шоколад, тіпті краб еті мен консервіленген жемістер, қарапайым кеңес азаматтары үшін сәнді тауарлар болып саналатын тауарлар еркін сатылатын еді. 1956-57 жылдары әр офицерлік отбасының жеке пәтері болды, тұрмыс жағдайлары да жоғары деңгейде болды.

Халыққа жағдай жасалғанымен денсаулықтарына зиянды жарылыстар толастаған емес. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде атом қаруы жарысынан басталған ядролық қару жарысы 1961 жылы 30 қазанда «Патша (Царь)» бомбасын жарумен жалғасты. Бұл бомба ең үлкен және ең қуатты ядролық қару болып есептелді.

Кеңес өкіметі алғашқы атом қаруын 1949 жылы 29 тамызда сәтті сынап көрді, содан кейін екі держава да әлдеқайда күшті термоядролық қаруды немесе сутегі бомбаларын жасауға күш салды. Америка Құрама Штаттары бірінші болып 1952 жылы 1 қарашада Айви Майк сынағын сынап көрді; бірақ кеңестер бұл жолы артта қалғандай көрінді. Көп уақыт өтпей Семей өлкесінде термоядролық қаруды зерттеуді басқарған кеңес ғалымы Андрей Сахаров 1953 жылғы 12 тамызда қазіргі Қазақстан аумағындағы Семей сынақ полигонында сутегі бомбасын жарып, әлем алдында КСРО ның беделін арттырды.

Осы алғашқы жылдары Семей полигонында офицерлердің отбасыларына, ғалымдарға демалысқа баруға рұқсат етілмеді. Берия мен оның қол астындағылар барлығын мұқият қадағалап, көңіл-күйлерін, тіпті ғалымдардың пікірталастарының өзін қадағалап отырды. МҚК жеке хаттарды да цензураалаған және кез-келген теріс ақпарат туралы алдын-ала ескертілген. Семей сынақ полигонының координаттары немесе қала сыртындағы аймақтағы жарылыстар туралы хаттар, тіпті дүмпулер мен жарылыс сөзін қолдануға тыйым салынды. Ақпараттардың сыртқа шығарылуына жол берілмеді. Сынақтар алдындағы және одан кейінгі кезеңдерде полигон қызметкерлеріне өз отбасыларына немесе достарына хат жазуға немесе жеделхаттар жіберуге рұқсат етілмеді.

Бірінші термоядролық жарылыстардан кейін кеңестік әскерилер басқа да өте жойқын жарылыстарды жасауға, оларды сынауға көше бастады. Бірінші термоядролық сынақтан айырмашылығы, жаңа термоядролық бомбаны тұрған жерінен емес, ұшақтан лақтыру арқылы сынауды жөн деп санады. Бұл арқылы

ұшақпен бомбаны лақтырған жағдайда, жарылыстың көлемі мен қуаты қаншалықты күшті болатынын анықтауды мақсат етіп қойды. Сынақ 1955 жылдың 20 қараша айына белгіленген болатын. Ұшаққа атом бомбасын тиеп әуеге әскерилер көтеріп әкеткен. Бірақ ауа райы күрт бұзылып, бомбаны жаруға мүмкіндік бермеген. Яғни бомбаның күшін дұрыс есептеп үлгере алмай қалу қаупінен гөрі, радиокативті қалдықтардың тым тез таралып кетуінен қорыққан. Сонымен қатар, ұшқыш оптикалық жүйелердің қабілетіне күмән келтірді, олар бомбаны дйттеген нысанға бағыттап, жарылыстын күшін қадағалап, қолайлы ауа-райында жұмыс істеуі керек болған. Ауа райының қолайсыздығынан сынақ тоқтатылады. Жарылмаған бомбасы бар ұшақ Семей қаласына қонуға мәжбүр болды, ал атомдық сынақтарға жауапты адамдар алаңдаушылық білдірді, өйткені Семей қаласына қону, жолдағы мұздың қатуы қауіпті арттырған. Армия бөлімі аэродромды тазартты, ұшақ өте мұқияттылықпен қауіпсіз қонған. Сынақ үш күннен соң кейінге қалдырылды.

Кеңестік билік Семей сынақ полигонында тек 1962 жылы жетпіс тоғыз атмосфералық сынақ өткізді оның жартысынан көбі Семей даласында өткен болатын. 1961-1962 жылдардағы ядролық сынақтар нәтижесінде энергиясының жалпы шығарылымы 220 мегатонды құрады, бұл дегеніміз-кеңестік ядролық сынақтардың жиырма жылдық тарихындағы жалпы мегатоннасының жалпы көлемінің 70 пайыздан астамы еді. Яғни небәрі бір жылдың өзінде ең қуатты, ең көп ең ауыр жарылыстарды жасап үлгерген. Бұған негізгі себеп, АҚШ тың ядролық сынақтарды өткізудегі жетістіктері әсерін тигізді. Бұдан бөлек батыс мемлекеттері де Ұлыбритания мен Франция сияқты ядролық державалардың ядролық бағдарламаларын жетілдіруі, КСРО ның жиі сынақ жасап, аталған мемлекеттерден басып озуға деген құштарлығы жарылыстардың тым жиі болуына әкеліп соқтырды.

1963 жылы Будапешт келісіміне қол қойылады. Бұл келісім бойынша ядролық сынақтар толығымен жер астына өтуі тиісті болады. Себебі осы кезеңнен бастап, ғалымдар тарапынан ядролық жарылыстардың жер бетіндегі тіршілік иелеріне кері әсерін тигізетіні жиі айтыла бастайды. Ғалымдар, экологтар бұл тақырыптарды жиі көтере бастады. Батыс қоғамында ядролық жарылыстардың зияндылығы жөнінде жиі пікір алмасулардың соңы ядролық державаларды бір үстел басында жиналып бір мәмілеге келуге мәжбүрлейді. Осы келісімнен кейін жерүсті сынақтары түгел дерлік жерасты сынақтарына көшіріліп, халықтың көзіне зұлматтың көрінуі азая түседі.

Келесі бір ауыр сынақ, яғни, жергілікті халыққа қауіп төндірген сынақ 1989 жылғы жерасты сынағы болды. Бұл ядролық сынақ Семей полигоны аймағындағы тауларды дүр сілкіндірді. Одан шыққан газ желдің ұйтқи соғуына орай, Семей қаласы мен оның маңындағы ауылдарға тарай бастады. Құпиялылық бағдарламасы аясында сынақ бағдарламасы және сарбаздарды полигонға қызметке шақыруды 1991 жылдарға дейін жалғастырды.

Жалпы Семей ядролық сынақ алаңында жүргізілген әр жарылыс, әр жаңа бомба, оның қуаты мен өткізілуі толықтай құпия болып саналды. Бұл бойынша деректер жоғарыда аталған екі құжаттар жинағында көптеп берілген. Ол

жинақта жергілікті жерге қаншалықты зиян келіп жатқандығы, сонымен қатар әскерилердің жағдайы туралы мол мәлімет бар. Арнайы жергілікті халықтың денсаулығын тексеру мақсатында №4 диспансер ашылған. Динспансерге келген Мәскеулік дәрігерлердің қаулылары мен нәтижелері де сол құжаттар арасынан кездестіруге болады. Бірақ, жергілікті дәрігерлер де Қазақ өлкелік патология институтының С. Балмуханов [26], А. Атчабаров [27] сынды білікті мамандарының жетекшілігімен медициналық зерттеулер жүргізген.

Тек антиядролық қозғалыс белсенділерінің жұмысы арқасында, Қазақстан Үкіметі мен полигонға іргелес аймақтардың тұрғындары өз денсаулықтарының жағдайы туралы шындықты біле бастаған. Негізінен антиядролық қозғалыстар қалыптасып, жергілікті тұрғындар өздерінің талаптарын өкіметке жеткізе бастаған. Олардың басты мақсаттары Семей жеріндегі сынақ полигонын жабу болған. Бұл туралы халықтың үкіметке жазған хаттары өте көп, олар «Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы», Семей қаласындағы мұрағат қорында сақталған. Мысалы: «№27. Обращение жителей октябрьского сельского совета Жарминского района Семипалатинской области к народному депутату ССР, первому секретарю Семипалатинского Обком компартии Казахстана К.Б. Бозтаеву о закрытии СИЯП. Мы требуем:

1. Решить вопрос о закрытии ядерного полигона.
2. Включить и наш район в список районов, попадающих под развитие материально-технической базы, здравоохранения и применения коэффициента к заработной плате.

Данное обращение обсуждено и принято сходом граждан Октябрьского сельского Совета.

Собраны подписи жителей и направлены в Семипалатинский обком партии и областной Совет народных депутатов» [28], – деген құжатты көрсетуге болады. Антиядролық қозғалыстың сарапшылары билікке генетикалық аурулардың және көптеген басқа аурулардың ақаулары сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларынан туындағанын айтып, Семей сынақ полигоны тұрғындарына көмектің берілуі қажет екендігін алға тартты.

1989 жылғы 26 ақпанда Семейдегі ядролық сынақтар мәселесі бойынша сөз сөйлеу үшін ақын және халық депутаттары кеңесінің депутаттығына кандидат Олжас Сүлейменов Ұлттық теледидардан сөз сөйлеп, Семей сынақ полигоны мәселесіне халық назарын аударды. О. Сүлейменов азаматтардың басын қосып, наразылық көрсетуге шақырды. Екі күннен кейін қоғамның түрлі топтарынан 5000 адам Жазушылар одағының штаб-пәтеріне жиналып, Владимир Якимец пен Майдан Әбішевтің басшылығымен «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының алғашқы жиналысын ұйымдастырды. Америка Құрама Штаттарындағы «Невада» сынақ полигонына қарсы демонстрацияға қатысушылармен ынтымақтастық белгісі ретінде «Невада-Семей» атауы ортақ тағдырға назар аударуға бағытталды.

Кездесу соңында олар «Уақыт жетті» атты декларация қабылдады. Декларация Семей ядролық сынақ полигонын жабуға және аумақты тазалауға; ядролық қару өндірісін тоқтатуға; ядролық қалдықтарды азаматтық бақылауға;

Кеңес Одағындағы радиациялық залалдың ауқымын көрсететін карта жасауға; Кеңес Одағындағы радиологиялық құрбандардың ауыр жағдайын түсіндіру және насихаттауға бағытталды. Олар өздерінің түпкі мақсаты – бүкіл әлемде ядролық қаруды жою екенін айтты. Өтініш түрінде таратылған қағазға бірнеше күнде миллионнан астам қол жиналды. 1989 жылы 1 тамызда Жоғарғы Кеңес қарар қабылдады, оның авторы Олжас Сүлейменов болды, ол Америка Құрама Штаттары мен Кеңес Одағы тарапынан барлық ядролық сынақтарға мораторий жариялауға шақырды [29].

«Невада-Семей» антиядролық қозғалысы сынақ полигондарының жанында тұрақты митингілер өткізе бастады, бірақ ең ірі құжатпен расталған демонстрация 1989 жылғы 6 тамызда Хиросимаға жасалған ядролық шабуылдың 44 жылдығына орайластырылып өткізілді. Жиынға елу мыңға жуық адам жиналып, қазақтың зұлымдыққа тас лақтыру дәстүрінде қарсылық білдірді.

Демонстрациялар жалғасып, 1989 жылы 17 қарашада Кеңес Одағы Министрлер Кеңесінің төрағасы Николай Рыжков жыл соңына дейін (1989) ешқандай ядролық сынақтар өткізілмейтінін мәлімдеді. Бір аптадан кейін вице-премьер Игорь Белоусов 1990 жылдың қаңтарына дейін ешқандай сынақтар өткізілмейтінін жария етті.

1989 жылы қарашада Жоғарғы Кеңес төрт бөліктен тұратын экологиялық мәселелер бойынша Қарар қабылдады және оның бөлімдерінің бірінде Үкіметке Семей полигонын жабу және Арктикадағы кеңестік сынақ полигонында неғұрлым ауқымды зерттеулер жүргізу туралы мәселені қарау ұсынылды. Қарар қабылдау үшін дауыс жеткіліксіз болды, бірақ белсенділер ядролық сынақтар тоқтағанша күресуге уәде берді.

1989 жылдың желтоқсанында О. Сүлейменов Америка Құрама Штаттарына барып, онда American Peace Test және International Physicians for the Prevention of Nuclear War сияқты антиядролық қозғалыс басшыларымен кездесті. Бұл уақыттарда Семейдегі наразылықтар мен демонстрациялар жалғасып, онда сынақтардың болмауына байланысты халық наразылығы үдей бастады. 1990 жылдың басында белсенділерді сабырға шақырды, кеңес үкіметі сол екі аралықта жылдамдатып тағы 27 сынақ өткізіп үлгерді. Тек 1993 жылы нысанды жабуға уәде берді.

Қазақ және американдық антиядролық топтар арасындағы нығайтылған одақ 1990 жылғы мамырда Невада-Семей және IPPNW антиядролық қозғалысымен бірлесіп конференция ұйымдастырды. Әлемнің түкпір-түкпірінен үш жүзге жуық делегат антиядролық стратегияны талқылауға және Қазақстанда ядролық сынақтар нәтижесінде болған ауру мен киыншылықтардың куәсі болуға жиналды.

1990 жылдың жазында Қазақстанның кеншілері келісімшарт бойынша келіссөздер кезінде талаптар тізіміне байланысты ереуіл жариялаймыз деп қорқытты. Олардың басты талабы Семейдегі ядролық сынақтарды тоқтату болды.

Халықаралық қоғамдастықтың наразылығына қарамастан, Кеңес үкіметі 1990 жылы 24 қазанда жаңа жерде жасырын түрде сынақ жүргізулерін тоқтатпады. Бұл Кеңес Одағында өткізілген соңғы ядролық сынақ болды. 1990 жылдың желтоқсанында Қазақстан Парламенті республикада ядролық қаруды сынауға тыйым салу туралы заң жобасын қабылдады. 1991 жылғы тамызда Қазақстан Тұңғыш Президенті Семейдегі ядролық сынақ полигонын ресми түрде жапты.

Семей сынақ полигонының қалыптасуы мен жабылуы және Қазақстан Республикасының антиядролық саясаты жөнінде деректерге толы еңбек – Тоғжан Қасенованың «Атом улаған дала» [30] атты кітабы. Кітапта Қазақстанның адамзат тарихындағы ең қуатты қаруға «жоқ» деп қалай айтқаны туралы айтылмаған шынайы тарих баяндалады. Кітапта автор Кеңес шенеуніктері үшін Қазақстан даласының әсем табиғаты немесе сүйікті Отаны емес, ядролық сынақтарға арналған жердің бос учаскесі болды деп тұжырымдайды. Инженерлер, дипломаттар, ауыл тұрғындары, белсенділер және ғалымдар, қарусыздану бағытында жұмыс істеген пацифисттермен таныстырады. Мыңдаған ядролық қарудың бүкіл әлемде әлі де бар екенін ескере отырып, қазақтардың өздерінің ядролық қарудан қалай бас тартқаны туралы қамтиды. Осы кітапты бүгінгі таңда деректік базасы мол Семей сынақ полигонының жабылуы туралы нақты ақпарат беретін ерекше еңбек деп айтуымызға әбден болады.

Қазақстандағы ядролық сынақтарды жойып, Невада-Семей антиядролық қозғалысы бүкіл әлемдегі, әсіресе Америка Құрама Штаттарындағы ядролық сынақтарға қарсы күресетін басқа топтармен ынтымақтастық белгісі ретінде әрекет ету әлі де жалғасуда.

Жоғарыда көрсетілгендердің барлығы тарихи шындық еді. Бұл бұқаралық-ақпарат құралдарында кеңінен айтылып, жазылып жатты. Семей қасіреті туралы тарихи шындыққа қанық болған өңірлік ақын-жазушыларымыздың көркем шығармаларына арқау болды. Ақын-жазушылар әдебиеттің әр жанрында көркем шығарма жаза бастады. Олар алғашында газет-журналдарда басылса, кейіннен кітап болып шықты.

Көркем әдебиет – жер бетіндегі барша адамзат қауымының рухани қазынасы. Халықтың тіршілік қозғалысындағы тұрмыстық-әлеуметтік іс-әрекеттері мен алапат соғыс шайқастары, қақтығыстары сабақтаса орын алатын туындыларда қаламгерлер өмір шындығын шынайы оқырмандардың көз алдарына елестету үшін оқиға желісі өтетін кеңістік пен адамдардың кескін-келбеттерін бейнелеуге айрықша мән береді. Шығарманың басты және жанама кейіпкерлерінің барлығын да әралуан психикалық-пішіндік тұрпаттарымен, киген киімдеріндегі, сөйлеу мәнеріндегі мінез-құлық психологиясындағы құбылыстарымен, т.б. – сан алуан ерекшеліктері жинақталған болмысымен сипаттап көрсетеді.

Ғалым М.Базарбаев: «Өмір шындығы және көркем шындық – көркем өнерде, оның ішінде әдебиетте шығарма, әрине, өмір шындығына сүйеніп жазылады. Нақтылы өмір құбылыстарын, оның сырын, қайшылықтарын

тереңдеп түсінбей, тебіреніп-толғанбай, сезінбей көркем шығарма тумайды. Тарихи және қоғамдық шындық әдеби туындының бастау кездері болып табылады. Әлеуметтік өмір, саясат, халық тұрмысы – бәрі де өмір шындығын танытатын жағдайлар. Ешбір жазушы өмір шындығынан, оның нақты болмысынан алшақ кетпейді» [31], – деген анықтама береді.

Сол үшін ақын жазушылар көркем шығарманы жазбас бұрын, тарихи шындықпен таныс болады. Семей сынақ полигонының әдебиетте көрініс беру формасы әр түрлі. Қоршаған ортаның мифологиялық күшін таныту, оны поэтикалық тұрғыда кейіптеу, ол туралы әр алуан көңіл-күй бояуларымен берілген пайымдаулар, хайуанаттар мен өсімдіктер жайлы суреттеулер, олардың портреттері мен пейзаждық бейнелері, экология кеңістігін кең тұрғыда сипаттау.

1.2 Қазақ баспасөзіндегі Семей сынақ полигонының көрінісі

Бұл – еліміз еркіндік алғаннан кейін ғана қазақ баспасөзіне кеңінен енген тақырып. Семей сынақ полигоны егемендік алғаннан бергі жылдары баспасөзде елеулі орын алып келе жатқан өзекті мәселеге айналғаны қоғамдық заңдылық.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталысымен, әлем тіршілігіне үрей мен қауіп-қатер әкелген «айдаһар» дүниеге келіп, өз лебімен табиғат, адам, қоғамға зиянын тигізді. Ядролық сынақ полигоны Мыржық-Дегелең тауларында басталып, Невада, Муруроа, Жаңа Зеландия, Лоб-Нор аймағынан табылды. Капустин Яр, Жаңа Жердегі ядролық, термоядролық жарылыстарды сол саладағы ғалымдар ғана біліп, қарапайым халық бейхабар болды.

«Семей» атауы «полигон» ұғымымен сабақтас-синоним ретінде қалыптасты. 1947 жылдың 21 тамызы күнінен басталған КСРО үкіметі атом зерттеу полигонын жасау жөнінде қаулы қабылдады. Құрылыстың қиыны мен күрделілігіне қарамастан, тым аз уақыт арасында жүзеге асып, алғашқы сынақтарға 1949 жылдың 6 шілдесінде дайын болды. Бас-аяғы екі жылға жетпейтін мерзімде өнеркәсіп орындары мен тұрғын үйлерді, жер асты лабораториялар мен аэродомдар, өз метросы бар жеке қала құрылысын тұрғызды.

Алғашқы наразылық білдіргендер экология мен табиғат қорғау жөніндегі Семей облыстық комитетінің мүшесі С. Дүйсенбаев пен облыстық аурухана хирургі Б.Э. Рейш болды. Олар КСРО Халық депутаттары парламентіне «Бірде-бір ядролық жарылыс болмасын!» деген ашық хаттар жазды. Хаттарда: «Біз 40 жыл бойы өткізілген жарылыстар нәтижесінде, әсіресе, олар ауада жүзеге асырылған он төрт жыл аралығында Семей облысының тұрғындарына, негізінен полигон орналасқан жерлерде, адам денсаулығына айтарлықтай зиян келтірілгеніне, оның зардабы кейін туған ұрпақтар өмірінде де жалғасып келе жатқанына көз жеткіздік. Мәселен, 1989 жылдың 12 ақпанында жарылыс кезінде жердің қысымынан пайда болған радиоактивті газдың жарықтан өртке айналғаны атап өтілді. Комиссия бұл аймақ осы уақытқа дейін өздеріне келтірілген зиян үшін ешқандай компенсация алмағанын анықтады. Жаңасемей ауданының Знаменка селосында болдық. Бұл село полигоннан 40 шақырым

жерде орналасқан. Саны жағынан онша көп болмаса да, ондағы балалардың дене бітімі мен ойлау қабілеті жағынан өте артта қалғаны бірден көзге шалынады. Аурухана өте нашар» [32], – деп баяндалған.

Баспасөз беттерінде сынақ зардаптары туралы мақала жариялаған журналистер – ядролық сынақ полигоны турасындағы ащы шындықты тұңғыш айтушылар еді. Ашық хат мәнерінде жазылған «Бірде-бір ядролық жарылыс болмасын!» тақырыбындағы мәлімет өзіне артылған журналистік міндетті қал-қадерінше орындады.

Семей облысының «Семей таңы» газетінде еңбек, соғыс, партия ардагерлері Р. Ғабдуллин, Ж. Жүнісжанов, Н. Құмаровалар «Қауесет қайтсе азаяды?» деген материал жариялаған [33] Онда кейінгі 10 жылда полигоннан 40 шақырым қашықтықта тұратын Саржал селосында – 22 адам, ал, жалпы Абай ауданы бойынша 147 адам асылып өлгендігі, Қайнарда 32 адамның ақыл-есінің ауысып кеткендігі туралы мәлімет берілген.

Семей сынақтар полигоны туралы жан-жақты ақпарат беруде «Семей таңы» газеті редакциясы зор еңбек сіңірді. Жергілікті журналистердің «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Қазақ Кеңес Республикасы Президентінің 1991 жылдың 29-шы тамызындағы Жарлығы шыққаннан кейін шығармашылық тынысы кеңи бастады, публицистикалық әлеуетіне қуат қосылды. Олар облыстық газеттің жарық көрген әрбір санында Семей сынақ полигонының зардаптары туралы тынымсыз жазумен болды.

Облыстық «Семей таңы» газеті Семей полигон белсенділері полковник Петрушенко, профессор Цыб, полигон бастығы Ильенко тәрізділердің орталық мерзімді баспасөзде жарияланған кереғар пікірлеріне жауап ретінде ақиқат айғақтарды ашып көрсететін өткір мақалалар, шолулар, сұхбаттар, топтама материалдар ұйымдастырған. Және бір ерекшелігі – бұл бағытта біржақтылыққа ұрынбай, полигонды жақтаушылар мен оларға қарсыластардың пікірлері қатар өріліп беріліп отырды. Журналистер баспасөздегі мақалаларында жалпақ шешейлікке салынбай, өз пікірлері айтылып, өз көзқарастары айқын көрініс тапқан. Редакцияның журналистері халыққа полигон қасіретін жете және жан-жақты ұғындыруда әр тақырыпқа сай келеді деген жанрларын ұтымды пайдалана білді.

«Жұрт көкейінде жүрген ой» айдарымен берілген «Атом полигоны: өтем ақы қалай төленеді?», «Семей полигоны жабылды, бірақ...», «Полигон проблемалары әлі көп» тақырыпты мақалалар жергілікті халықты енжар қалдырмағаны, көкейлерінен шыққаны байқалады. Осы сияқты Семей сынақ полигоны туралы ой-пікірлерді облыстық газеттің әр санынан табуға болады.

Семей қасіреті жөнінде осы уақытқа дейін аз жазылып, аз айтылып жүрген жоқ. Халық басына түскен ауыр қасірет арада қаншама уақыт өтсе де, әлі күнге дейін ұмытылмақ емес.

Семей ядролық полигоны хақында қазақ газеттері беттерінде жарияланған мәліметтерді екі бағытта талдау тәжірибелі және теориялық тұрғыдан тиімді. Біріншісі – Семей полигонындағы атмосферадағы, жер бетіндегі, жер астындағы жарылыстардың физикалық, химиялық, биологиялық

бейнесін ғылыми-танымдық тұрғыдан анықтап, нақтылау; табиғатқа, адамзатқа, жалпы қоғамға тигізер залалдарын жұртшылық назарына жеткізу жолында жазылған мақалаларды сараптау. Екіншісі – ядролық қаруларды сынаудың кесірінен өлшеусіз зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік жағынан қорғаудың бүгінгі жай-күйі туралы баспасөзде үнемі беріліп отырған материалдарды талдап, дәйектеу.

«Әскери ведомстволардың пайдалануында болып келген жерлерді инвентаризациялау туралы» Қазақстан үкіметінің қаулысы. Осы қаулыға орайластырып «Егемен Қазақстан» жергілікті автор, журналист Жұмабай Есенбақовтың «Қара жердің қайысты қабырғасы» деген корреспонденциясын «Қазақстандағы құпия нүктелер» айдарымен берген [34].

Т. Бекниязовтың: «Корреспонденция – публицистика жанры. Өмірдің бір бөлшегін корсету арқылы фактілерге талдау жасап, баға беру. Саяси, экономикалық және мәдени өмір объект етіп алынуы мүмкін», – деген дәйектемесіне сүйенсек [35], публицистикалық жанрда жазылған осы корреспонденция әскерилерден келер мына нарықтық заманда экономикалық залалынан басқа, Қазақстанға еш пайдасы жоғын жазады. Автор соғысқа дайындық процесі мен бүгінгі экономика арасында қызықты параллель жүргізеді. Егер осы шағын шаруашылық не бөлімше тек мал өсірумен айналысатын болса, онда мемлекетке бір жылда жоқ дегенде, екі жүз қырық - екі жүз елу тоннаға дейін ет тапсыра алатын көрінеді.

Баспасөз беттеріндегі мақалалар Семей ядролық сынақ полигоны артына қалдырған зардаптары төңірегінде өрбиді. Республикамызға белгілі журналист Дәулет Сейсенұлы: «Елдің қазіргі қасіретінің жөні тіпті бөлек. «Білеміз» дейтін ғалымдардың сөзіне сенсек, сөнген полигонның зардабы 300 жылға дейін созылмақ. Ендеше «полигон жабылды, атом апатын ауыздадық» деп айқайлауға әлі ертерек. Полигонның жабылуымен іс тынды десек, аңғалдықтың көкесі сол болар еді [36], – деген. Автор өзінің «Семей полигонының нақ іргесіндегі Саржал ауылының кешегісі мен бүгінгісі туралы элегия» деген тақырыпшасы бар «Қасірет» атты публицистикалық мақаласында өз өңірінің төңірегінде сыр шертеді.

«Егемен Қазақстан» бетінде «Невада-Семей» қозғалысы» айдарымен «Аждаһаның үні өшкенмен, зардабы қаларын ескерсек, жайбарақаттыққа салынбау керек» деген ұжымдық ашық хат жарық көрген [37]. Бұл хат алдыңғы мақаланың «рухани жалғасы» секілді көрінеді. Өйткені, ашық хаттың бір жерінде: «...Геноцид деп Семей полигонындағы ядролық сынақ тәжірибесін айтуға болатын шығар-ау... Соңғы жылдары радиацияға байланысты патологияның кешенді белгілері жиі кездесетін қоныстарды «Қайнар-Саржал синдромы» деп атадық. Бұл жердің тұрғындары ең көп доза алған... «Қайнар-Саржал синдромы» Саржал ауылы тұрғындары арасында 84,7 процент кездесіп отыр» деген пікірі үндесіп жатыр.

«Полигон жабылған, бірақ қауіп-қатер арылмаған» тақырыпты публицистикамен танысады [38]. Газеттің арнаулы тілшісі ретінде Д. Стамбекұлы «Қазақстан республикасындағы ядролық энергетиканы дамыту

тұжырымдамасы, оның дәйектілігі және қауіпсіздігі» деген тақырыпта өткен ғылыми-техникалық конференцияға қатысып, күн тәртібінде тұрған біршама күрделі мәселелерді қозғаған.

Газет тілшісі «Қазақстан Республикасындағы ядролық энергетиканы дамыту тұжырымдамасы, оның дәйектілігі және қауіпсіздігі» мақаласында: «Ақиқатын айтқанда, полигон жабылды. Бірақ қауіп-қатерден құтыла қоймаппыз. Сөйтіп отырып, ХХІ ғасырдағы атом стансасын салуды ойлаймыз. Бұл да дұрыс шығар. Бірақ атом электр стансасының басын құрамай тұрып, полигонның былыққан артын жинап алсақ қайтеді? «Бір істі толық әрі қауіпсіз етіп аяқтамай жатып, екінші жаңа жұмысты бастау қалай болар екен?» деген ой бізді мазалай береді» [38], – деп жазды. «Полигон жабылған, бірақ...» деген өзекті тақырыпта жазылған мақала шынында да ажалды полигонның артына тастап кеткен қыруар шараларын қозғаған.

Мақалада Қазақстанда, сонымен қатар әлемнің барлық аймақтарында ядролық жарылыстар мен сынақтардың сол айналадағы орта мен халыққа тигізетін зиянына толық экологиялық баға беру қажеттігі айтылған. Семей сынақ полигоныны әуресінің әлі алда екенін ұмытпауымыз керек.

«Атом өндірісі және қазіргі Қазақстан» деген мақаласында: «...Ұзақжылдарға созылатын, нағыз азабы мол, басты күрес сол сынақ тоқталғаннан кейін басталады. Ол – күллі дүние жүзіне, барша адамзат өркениетіне ортақ міндет – ауру экологияны емдеу проблемасы! Осы тұрғыдан қарағанда, Қазақстанның халі тіпті мүшкіл болып көрінеді дейді, «Қазақстан биогеоценоздар радиоэкологиясы» тәуелсіз сарапшылар кеңесінің төрағасы, «Елім-ай» жобасының ғылыми жетекшісі міндетін атқарушы аталмыш автор – Р. Ыбыраев көрегенділікпен. Қазақстанның орасан зор кеңестігінде тұрақты қоныс тепкен ауыр өнеркәсіптің өндіруші және өңдеуші кәсіпорындары, әскери-өндіріс кешендерінің әлемді тітіреткен аса қуатты да қаһарлы объектілері республика халқына апатты зардабын тигізіп келеді және тигізе де бермек...» [39], – деп «Түркістан» газетінде жарияланған.

Біздің үкіметіміз ең алдымен экологиялық жағынан қыл үстінде тұрған аймақтардың халқын ажалдан аман сақтап қалуға, физиологиялық-психологиялық жағынан сауықтыруға, бүлінген жерді өндеп, қалпына келтіру, тұтас алғанда, қоршаған ортаны экологиялық жаңғыртуға баса назар аударылуы тиіс.

Ауқымды мақаланың ақыр соңында автор тағы бір мәселені қозғайды. «АҚШ-тың Невада полигонында атом сынағын өткізген сайын со жердің тұрғындарына көмек көрсетіліп, бір миллион доллар компенсация төленеді... Ал бізде ше? Семей полигоны зардабын шеккендерге республикасы 5 миллиард сом ақша бөлген-ді. Одан кейін Американың 100 миллион доллар көмек бергені мәлім болған. Ал нәтиже жоқтың қасы...» [40], – дегендей налу, жабығу райымен аяқталады.

Полигон мәселесі Семей ядролық сынақтың ресми түрде жойылуы турасында Президент Жарлығы шыққаннан кейін, полигон хақында белгілі қазақ публицисі, ғылым насихаткері Камал Смайыловтың пікір білдірмеуі

мүмкін емес еді. Журналист «Егемен Қазақстан» газетінде «Дегелең...Байқоңыр...» [41] тақырыпты ғылыми-публицистикалық мақаласын жариялады. Газеттегі «Қазақстандағы құпия нүктелер» айдарымен берілген аталмыш шығармадан оқырман көптеген ғылыми-танымдық мәліметтермен, саяси-әлеуметтік ұсыныстармен танысқан.

«Семей полигоны трагизэпопеясының» басталғанын: «Сонау 1949 жылдың 29 тамызы, таңғы сағат 7:00. Кең даланың ортасына орнатылған 33 метрлік темір мұнараның басында көлемі шағын, салмағы бес тоннадай, темір қауашақ ішіне салынған құпия «дүние» жатыр. Міне, белгілі мезет келді. Басқару тетігін басып қалып, жарылысқа команда берілді...» [41], – деп сипаттайды.

Осыған дейінгі баспасөз беттеріндегі тілге тиек еткен тілші-авторлар көбіне полигонның артында қалған залалды зардаптары төңірегінде әңгіме қозғап, оларды айықтырудың сан алуан амалдарын ұсынды. Былайша айтқанда, полигон қалдықтарынан қалай құтылу тәсілдерін қарастырды. Сөз жоқ, ол мәселелер де бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзегі еді.

К. Смайыловтың «Дегелең...Байқоңыр...» жолсапар очеркі Семей полигонының, жалпы атом ядролық қаруының ғылыми-техникалық келбетін суреттесе, «Полигон» жол-сапар очеркі сезімге құрылған, бірақ полигонның трагедиялық салдары баса айтылған тұстар жиі кездеседі. Автор: «Сарыарқаның еңбір құнарлы, құйқалы өңірінен Еуропаның шағын мемлекеті сыиып кетерліктей кең аймақты бауырына басқан Семей полигоны жарты ғасыр бойы тылсым сырын ішіне бүгіп, тұнжырап жатты. Империя тепкісімен атамекенінен еріксіз ығыстырылып, әрірек-беріректен тұрақ тапқан байырғы жұрт оқта-текте, жер-ана ойылып-жарылып кеткендей...» [42], – деп бастағанда, әсем табиғаттың қазіргі жайы болашақ ұрпаққа зиянын тигізетінін ашып айтқан.

Журналист Қабден Есенғарин: «Жарылмай жатқан бомбалар қанша?...» мақаласында жарылмай қалған бомбалардың қаупі барын айтып, дабыл қағады. Бүгінге дейін арыла алмай жатқанымыз туралы едәуір дәлелдер келтіреді [43].

Әлемдік антиядролық ынтымақ Конгресі 1993 жылы тамыздың соңғы күнінде өткен мәжілісте Тұңғыш Президент: «Аса ауыр экономикалық, әлеуметтік, рухани сілкіністер – ұзақ жылдарға созылған адамгершілікке жатпайтын ядролық сынақтардың қорытындысы - осындай. Олар халықтың иығына ауыр жүк болып түсті. Оның салдарын біз түпкілікті әлі сезініп білмесек те, халық наразылығы әлдеқашан-ақ пісіп жетілді. Семей полигонын жабу туралы Жарлық ішкі проблемаларын дербес шешу туралы айқын мәлімдеген жас мемлекеттің алғашқы актілерінің бірі болуы тегін емес. Оның үстіне, дүниежүзілік тәжірибеде мұндай қадам алғаш рет қабылданды, – дей келе, алдағы тұрған зор проблемаларының біршамасының бетін айқындап береді. – Біз қалдықтарымызды өз жерімізге көмуге мәжбүр екендігімізді түсінуге тиіспіз, тек ғалымдар мен жобалаушылар, жұртшылық өкілдерімен бірлесіп, жобаның экологиялық қауіпсіздік көзқарас тұрғысынан ұтымды нұсқаларын табуға тиіс. Әзірге біз мынаны мойындауымыз керек: күні бүгінге дейін Қазақстанда радиоактивті қалдықтарды сенімді бақылауды қамтамасыз

ете алатын бірде-бір аймақтық объекті жоқ. Адамдар ядролық жарылыстар туралы толық хабардар болуға құқылы. Мұнсыз негізінен әскери мұқтаждықты өтеу үшін құрылған атом индустриясын психологиялық тұрғыдан ақтау мүмкін емес» [44], – деп атап өтеді.

Осы Конгресс мәжілісінде ядролық жарылыстардың әлеуметтік-экологиялық зардаптары туралы айта келіп, ғалымдар мен ресми адамдар әзірше ядролық жарылыстардың тек саны, жасалған жері және түрлері туралы ғана толғанып жүргендігін атап өтті. Мәселені кеңінен қою керек. Қазақстанда да, дүниежүзінің барлық «ядролық» аймақтарында да ядролық жарылыстардың айналадағы орта мен халыққа тигізетін әсеріне толық кешенді экологиялық баға беру қажеттігін ескертті. Зардап шеккендерді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қорғау, халықты экологиялық-биомедициналық және психологиялық тұрғыдан ақтау, экологиялық проблемаларды шешуді құқықтық және саяси тұрғыдан реттеу, экономикалық кепілдік механизмін жасау мәселелері басым бағыт алуы тиіс екеніне назар аударды.

Тұңғыш Президент бағдар сілтеген мәселелер төңірегінде мерзімді баспасөз одан әрі де батыл сөз қозғауға мүмкіндік алды. Республикамыздағы басылымдар ядролық сынаққа қатысты тақырыптар ауқымын кеңейтуге жағдайлар туды. Бұқаралық ақпарат құралдарында жазушы, журналистер ғана емес, басқа сала мамандары, әсіресе физика, химия, биология тәріздес ғылым мамандары кеңінен сөз ала бастады.

Президенттің нұсқауына үн қосып, ұзамай «Атамекен» газетінде «Семей аждаһасы», – деген корреспонденция жарияланды. Журналист Ораз Қауғабаев заман-ай айбарымен жарық көрген мақаласында: «Сарыарқаның төсінде 40 жыл ойран салған Семей атом аждаһасының қасіретін көрген қазақ халқының қайғысы қашан басылады? Оның Ұлы зұlamаты, азап-соры енді басталған сияқты. Тажалдың үні өшкенімен, сойқанның сүргін-салдары ондағы халықты неше түрлі індетті ауруларға шалдықтырып, жалмап жатқаны құпия емес» [45], – деп ашық жазады. Автор бір жылда бес бірдей туысқанынан айырылған семейлік Қанай ақсақалдың «Невада-Семей» қозғалысының кезекті акция-шеруінде қаралы ту көтеріп шыққанын, Мақаншы ауданынан келген бір жігітті онкология институтының дәрігерлері үмітсіз науқас деп, емдеуден бас тартқандарын т.б. оқиғаларды мысалға келтіреді. Аждаһа маңындағы індет-аурулар ондағы халықтың денсаулығын құртқаны былай тұрсын, мүгедек, кемтар, кескін-келбеті мүлде бұзылған балалар да өмірге келіп жатқанын ашына жазады.

О. Қауғабаев осы жерде бұған дейін басқа басылымдарда ұшыраспаған бір дерек келтірген. «Невада-Семей» қозғалысы басшыларының бірі болған дәрігер Жеңіс Садықов полигон өңіріндегі халықтың денсаулығына байланысты КСРО кезіндегі медициналық құпия құжаттарды Мәскеуге алып кеткенін мәлімдеген. Семей сынақ полигонына қатысты медициналық деректер әлі де жұртқа жарияланбаған.

О. Қауғабаевтың «Семей аждаһасы» филология ғылымдарының докторы, жалпы қазақ журналистикасының білікті маманы, профессор Т. Амандосов

пайымдағандай: «Корреспонденцияда хабарлау сарынынан гөрі, фактіні талдау, оны баяндау, одан бір белгілі қорытынды жасау басым келеді... Ол оқиғаны я фактіні хабарлаудан гөрі мәселе көтеруді, жақсы істі бұқараға кең таратуды негізгі мақсат етеді. Корреспонденция талдау мен нақтылаудың негізінде жазылады» [46], – деген дәйектемесі мен жанр талабына сай келеді. Мұны Семей полигонына қатысты баспасөзде жарияланған тың мәліметтердің бірі деп есептеген абзал.

Саяси шолушы журналист Оңғар Өмірбек «Семей полигонындағы жарылыс зардабы» [47], – деген мақаласында Хиросимаға тасталған АҚШ атом бомбасы жөнінде ой толғана отырып, өз жерінің кесірлі полигонына соқпай өтпеген. Қазақ қаламгерлерінің жалпы атом бомбасы, ядролық сынақ хақында әңгіме қозғағанда, мәселенің бір ұшын міндетті түрде Семей полигонына әкеп тіреу шеберліктерін аңғарамыз.

«Егемен Қазақстан» газетінің қызметкері С. Мұсаның «Семей полигоны төңірегі ешқашан қар жамылмайды» [48], – атты мақаласында сол төңіректің табиғатының Қазақстанның басқа өңірлеріне қарағанда, ерекше жағдайын баяндай отырып, ғылыми мәселелер төңірегінде ой жүгіртеді. Мақала авторының айтуына қарағанда, соңғы кездері Семей ядролық сынақ алаңы маңайында басқа жерлердей емес, жылу деңгейі едәуір жоғары жұмбақ аймақ екені анықталған. Сол тұстың температурасы басқа қоршап тұрған ортамен салыстырғанда үнемі 10-15 градус артық болса керек. Ерекше құпиядан беймәлім аймақтың көлемі 20 мың шаршы шақырымнан асады екен. Оқымыстылар мұндай құбылыстың пайда болуына ядролық сынақтардың ешқандай қатысты жоқ деп, полигон ықпалынан аулақтатады.

Семей сынақ полигоны тақырыбын түбегейлі қозғаған С. Мұздыбаев «Аламогордан Абыралыға дейін», Д. Сейсенұлы «Қасірет», Р. Ыбыраев «Атом өндірісі және қазіргі Қазақстан», «Полигон жойылып, өтемақы толық төленсін!» деген топтама мақалалар, Қ. Қасенов «Полигон жабылғанмен, зардабы қалды», Д. Сейсенұлы «Полигон аймағындағылар неге өкпелі», А. Қайырбекұлы «Ядролық от-жалынның өтінде туғандар әлеуметтік қорғаудан неге шет қалады?» т.б. белсенді авторлар 1992 жылдың 18 желтоқсанда шыққан «Семей ядролық полигонынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» заңның баптары ойдағыдай жүзеге аспай келе жатқанын өткір жазған.

1989 жылғы 3 наурызда жарияланған «Қазақ әдебиетіндегі» үндеу басылым беттеріндегі сынақ полигонын жабу жайындағы және «Семей-Невада» қозғалысының бүкіл атом қаруы бар мемлекеттердің арасында басталған тұңғыш халықтық қозғалыс юолып табылады. Алғашқысында әдеби басылымда хабарлама ретінде ғана аталған бұл мәлімет кейіннен тек Қазақстан республикасы ғана емес, бүкілодақтық баспасөздерде үнемі жарияланып отырды. Бұның алдында Америка құрама штаттарының Невада штатында «Даун виндер» (жел өтінде) деген ядролық қаруға қарсылық білдіруші қозғалыс болған. Юта штатының Невада полигонының аумағында болғандықтар радиациялық желге ұшырау себебінен қозғалыс осылай аталған. Радиативті тозаңның болуы басқадан бұрын осы штатқа әсер ететін. Аталмыш қозғалыс

Невада жеріндегі желдің бағытын көрсететін түрлі-түсті картаны әлемге жария етті. Осы полигондағы снақ зардабы туралы мәселені О. Сүлейменов: «Американың жартысын жауып жатқан қанды қызыл сыпырғыш, шығыстан батысқа иіліп тағзым етіп тұратын романдықтарға мәйек болған алқызыл гүлге ұқсамайды-ақ» [49], – деп көрсетеді.

1990 жылы 3 қазанда «Известия» газетінде «Моратория жариялаған халық. Невада енді Семей өнегесіне ерер ме екен?» деген мақала шыққан. Дәл осы мақала «Семей таңында» 09 қазан, «Қазақ әдебиетінде» 13 қазан күндері қазақ тілінде басылып шықты. Сол себепті «Семей-Невада» және Ютодағы «Даун виндер» ядролық соғысқа қарсы қозғалыстардың жалпы маңызы экологиялық күрес жолындағы халықаралық сипатта болды. Бұл бастаманың мәні ерекше және өміршең [49].

Қазақтың көрнекті жазушысы Ә. Әлімжанов «Ажал мен тажал» мақаласында (Әлем. ХХІ ғасыр манифесінен туған толғаныс): «Ядролық қару – адамзат үшін өз-өзіне ажал шақыру. Осы тұрғыдан алғанда, әскери ядролық қуатқа ие болуға ұмтылу – барып тұрған күпірлік. Ядросыз әлем – адамзат ұмтылуға тиіс біздің ортақ мақсатымыз. Семейдегі «Өлімнен де күшті» монументінің мазмұнына терең үңілгенде бұрынғыдан да айқын аңғарылады. Өйткені, ескерткіштің идеясының өзі көп жайды үнсіз ұқтырғандай: Қақ айырылған Жер-Ананың өзегінде бауыр еті – баласын қорғаштаған Әзіз-Ана бүктетіліп отыр. Әлем жұрты ядролық қарудан түбегейлі бас тартпаса, барша адамзатты өз төсінде әлдилеген Жер-Ананың да осылай төрт бүктетіліп қалмасына кім кепіл? Сонда кінәні кімнен іздейміз? Бетін әрмен қылсын, ойлаудың өзі қорқынышты» [50], – дейді.

Әнуар Әлімжанов Ұлыбританияның Қауымдар палатасында сөйлеген сөзінде: «...Атом жарылысы біздің Дегелеңде немесе Абыралыда немесе мұхиттардың аралында, Қытай шөлінде не Муруоада жасала ма, бәрібір, ол менің тауқыметті көп тартқан халқымның жүрегін сығымдайды. Себебі: жарылыстың маңайдағы бүкіл тіршілікке қауіп-қатер екенін біледі, басынан кешті. 467 жарылыстың әрқайсысы біздің жеріміз бен суымызды улады, адамдарымызды қасіретке ұшыратты, тіпті, ана құрсағындағы нәрестелерді мүгедек қылды. 467 жарылыстың әрқайсысы менің халқымның мәдени бесігінде, аяулы өңірінде оның келісімінсіз жасалып, ар-рухын аяқ асты етті...» [51], – деп ашына айтқандай, 953 жылдың 12 тамызында Абыралы – Дегелеңде сутегі бомбасын жер бетінде сынау жүргізілген. Андрей Сахаровтың «Естеліктерінде» бұл жөнінде нақты жазылған. Ә. Әлімжановты ашындырған деректер кім-кімді де бейжай қалдырмасы анық.

Үндеуде көрсетілген түрлі тақырыптарға талдаулар, әртүрлі әшкерелеу сипатындағы мақалалар, естеліктер мен пікір таластар, сұхбаттар, атом сынағының зияны жайлы деректер, Семей сынақ полигоны жөніндегі шындық пен оның зардабы баспасөзде өткір жазылып отырды. Ауылдық және қалалық, республикалық деңгейдегі қарсылық білдіруші митингілер өтті. Мұның барлығында ядролық сынақтың адамзатқа, қоғам мен табиғатқа зардаптары жан-жақты көрсетілді. «Аманат» газеті бұл мәселені түрлі тараптан қозғады.

1945 жылдан 1989 жылдың 31 желтоқсанына дейін Америка құрама штаты мен Кеңес үкіметінде жасалып отырған ядролық сынақтарға байланысты деректер негізінде 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Америка құрама штаты мен Кеңес үкіметінде жасалған ядролық сынақтарға байланысты деректер

Жыл	АҚШ	КСРО	Жыл	АҚШ	КСРО
1945	3	0	1968	45	13
1946	2	0	1969	38	16
1947	0	0	1970	35	17
1948	8	0	1970	17	19
1949	0	0	1971	18	22
1950	0	0	1972	16	14
1951	16	2	1973	14	18
1952	10	0	1974	20	15
1953	11	4	1975	18	17
1954	4	7	1976	19	18
1955	18	5	1977	17	27
1956	18	0	1978	15	29
1957	32	15	1979	14	21
1958	77	29	1980	16	22
1959	0	0	1981	18	31
1960	0	0	1982	17	27
1961	10	50	1983	17	29
1962	96	44	1984	17	9
1963	44	0	1985	14	0
1964	38	0	1986	14	23
1965	36	15	1987	14	17
1966	43	15	1988	11	7
1967	34	17	1989	17	19
Барлығы:				921	642

Бұл сандар ядролық сынақ бәсекесінің құпия көрсеткішін айқындайды. «Семей-Невада» қозғалысы басталғаннан бастап ядролық сынақтар ғана емес, түрлі зымырандық қарулар мен ғарышқа ұшатын зымырандардың табиғатқа жасаған зияны жайлы жеті жүзге жуық мақала республикалық баслымдарда, оның ішінде бес жүзден астамы қазақ тілді баспасөздерде, нақты қозғалыс пен атом сынағын тоқтату және одан келетін зардаптарды жою жайлы төрт жүз алпыстан астам мақалалар жарық көрді [49]. Баспасөз беттеріндегі хабар, репортаж, есеп, сұхбат, фоторепортаж, суреттеме, баяндама, очерк, ғылыми талдау, деректі фильм сынды журналистиканың барлық жанрын қамтитын туындылар жарық көрді. Бұл өз кезегінде ғылыми журналдарды, радио мен теледидарды, түрлі интернет сайттарын қамтып отырды. Бұлардың барлығына толық қанды талдау жасау мүмкін болмағандықтан қысқаша ғана шолу жасадық.

Адамзат қолымен жасалған қасірет қырық жыл бойы зар жылаған Жер-Ананың жан жарасы әлі де жазылып болған жоқ. Соны көріп-біліп отырып, қоршаған ортаға, экологияға деген немқұрайлылық пен табиғатты аяусыз бүлдіру әрекетіне батыл тосқауыл қояр уақыт жетті. Әрбір баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар, жиналыс-митингілерден берілген есептер, майталман қаламгерлеріміздің корреспонденциялары мен публицистикасы өз тұстарында оқырманды енжар қалдырмай, қоғамдық пікірді қалыптастыруға ерекше әсер етеді.

1.3 Әдеби процестегі экологиялық дағдарыс пен ядролық сынақ зардабы

XXI ғасырда адамзат алдында тұрған ғаламдық проблема – экологиялық қауіпсіздік. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев экология мәселесі – ел дамуының басым бағыттарының бірі екенін, сынақ алаңдарын экологиялық, санитарлық талаптарға сәйкестендіру қажеттігін көтерген [52].

Адамзат жаралғаннан бастап табиғатпен тұтасып өмір сүріп келеді. Біздің көшпенді бабаларымыз табиғатпен жарысып, үйлесіп өмір сүру өркениетінің ең шырқау шыңына шықты. Жыл мезгілдеріне қарай қоныс жаңалады, аспанға қарап ауа райын болжады, табиғатты тану арқылы арысы –жаратушыны, берсі – өзін таныды.

Әдебиет дегенмізін рухани құндылықтардың қазынасы болып табылады. Халқымыздың көптеген жылдар бойы ұрпақтарының дүниетанымын дамыту, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру, ұлттық және жалпы адамзатқа тән адамгершілік қасиеттерді ұстанғаны мәлім.

Әдеби дәстүр – ауызша және жазбаша шығармалардың тыңдаушылар мен оқырмандардың қабылдау ықыласын иеленуі бойынша қалыптасатын шығармашылық болмыс көрсеткіші. Бұл орайда, тіршілік қозғалысындағы өткен мен бүгінгінің одан болашақтың жалғасқан мәңгілік қозғалыстар заңдылығын түсінуде адамзат ақыл-ойының алыбы Әбунәсір әл-Фарабидің: «Дүниеде әлденендей бір алғашқы бастама бар, мұның соңынан рет- ретімен басқа бастамалар келе береді. Ал олардан өмірдегі заттар келіп шығады, кейін басқа заттар рет-ретімен келе береді де, болмыс ретімен алғанда өмірдегі ең соңғы заттарға дейін осылай жалғасып отырады» [53], – деген ғылыми тұжырымын бағдар етеміз. Мұны әдебиетке де пайдалануға болады. Алғашқы пайда болған әр құбылыс өзіннен кейінгі құбылстарға да басты нысана болады. Барлығымызға белгілі болғандай ешнәрсе жоқтан бар пайда болмайды, бір күйден екінші күйге ауысады.

Тіршілік әрдайым күрестен тұрады. Адамзат баласы өзінің эволюциялық даму тарихында түрлі соғыстарға ұшырап отырған. Соғыс деген қасірет ғана емес, адамзат баласының бірінің үстінен екіншісі үстемдік жүргізіп, әлсіздерді күштілердің жәбірлеуі, материалдық құндылықтарды иемденудегі күресі екені белгілі. Кейде, әділетті, әділетсіз соғыс деп аталғанына қарамастан кез-келген соғыс адамзат баласына залал әкелетін, табиғатты бүлдіретін апат.

Т. Тебегенов: «Қазақстанның тәуелсіздігі салтанат құрған жаңа

тарихында біздің ұрпақтарымыз әлем халықтарының мәдениетін бұрынғыдан да терең, кең көлемде игерді. Қазақтың ұлттық рухани мәдениеті мен әлем халықтарының әдеби-фольклорлық мұраларын сабақтастыру арқылы біз өсу, кемелдену биіктеріне өрлей береміз» [54], – деп көрсеткендей, тәуелсіздік алғаннан бері қарай әлем әдебиетінің ірі туындылары қазақша аударылып, оқырманын тапқаны белгілі. Ғалымның: «Әлем халықтарының әдебиеттері шәкірттердің ұлттық дүниетанымын байыта түседі. Ұлттық сөз өнеріміздің де көркемдік арналары әлем халықтары әдебиеттерімен сабақтаса дамуды жалғастыра береді» [54, б. 5], – деген пікірден байқағанымыз әлем әдебиеті шығармалырын оқып, танысқан қазақ ақын-жазушыларына әртүрлі ой салып, шығарма жазуға арқау болады.

Әлем әдебиетіндегі Хиросима-Нагасаки-Семей ядролық полигон тақырыбы кеңінен қарастырылады. Бұл атом бомбасы, жарылыстар мен олардың салдары туралы жазуды сипаттайтын өлеңдер, романдар, күнделіктер, құжаттық дәлелдер кеңінен талданады. «Семей» атауы «полигон» ұғымының сабақтас-синонимы есебінде қалыптасуы 1947 жылдың 21 тамыз күнінен басталған. Сол күні кеңес үкіметі ядролық сынақ полигонын жасау жөнінде қаулы қабылдады. Аталмыш құрылыстың қиын да күрделілігіне қарамастан, тым тығыз уақыт арасында жүзеге асып, алғашқы сынақтарға 1949 жылдың 6 шілдесінде дайын болды. Семей полигонында әртүрлі бағыттағы жер асты, әуеде жарылыстар өткізілген. Дүниежүзі бойынша алғашқы сутегі бомбасы Семей жерінде 1953 жылы жарылған, оның қуаты Хиросима қасіретінен 25 есе асып түседі. Жер ресурстарының экологиялық жағдайын радиактивті залалдар ушықтыратыны ақиқат. Семей полигонында 1949 жылдың 29 тамыздан бастап 1989 жылға дейін барлығы 468 ядролық сынақ жүргізілді. Оның зияны мен зардабының толық анықталмаған салдары зиялы қауым өкілдері – ақын-жазушылардың жүрегіндегі жазылмайтын жарасы, өзекті өртейтін өкінішті сұрағы болды, солай болып келеді. Әлем әдебиетіндегі жазушылар мен ақындар әдеби мұраларында Хиросима-Нагасаки-Семей ядролық атом полигонының экология, табиғат пен адам баласына әкелген қасіретті тағдыры көркем тілмен шынайы суреттелген.

Әлем әдебиетінде атом бомбасы туралы жазылған көркем шығармалар өте көп. Бұл күнделіктер, айғақтар немесе құжаттық дәлелдер, жарылыстар мен олардың салдары туралы өлеңдер, поэмалар, романдар, драмалар және фантастикалық туындылар. Жапония мен АҚШ-та бұл туындылардың барлығын жинақтай келе, «атом бомбасы туралы әдебиет» деп атаған.

Атом бомбасы туралы жазған авторлардың бірнеше буыны бар. Біріншісіне жарылыстардан аман қалғандар кіреді, олар өздерінің басынан кешкендерін, тәжірибелері туралы жазғандар: Йоко Отта, Тамики Хара, Шиноэ Шода, Садако Курихара. Екіншісіне, бомба туралы өзі көтерген неғұрлым кең әлеуметтік және саяси мәселелерді шешу мақсатында жазғандар: Йоши Хотта, Момо Иида, Кензабурое, Масуджи Ибусе, Инеко Сата. Үшіншісі, ядролық жарылыстан кейін, әлемдік деңгейге көтерілген шығармалардың авторлары: Кобо Абэ, Макото Ода, Мицухара Иноуэ.

Хиросима мен Нагасаки атом бомбалары туралы жазылған көркем шығармаларға тоқталайық. Атом бомбасына арналған, ең танымал романдар – Масудзи Ибусенің «Черный дождь», «Қара жаңбыр», Джон Херсидің «Хиросима» романы.

Жапон жазушысы Тагаши Нагайдың «Нагасаки қоңырауы» романы. Бұл романды ағылшын тіліне аударған Уильям Джонстон аударған. Жазушы өзінің өмірін Нагасаки атом бомбасынан аман қалған адам ретінде сипаттайды. Бұл атау Ураками қорғанының қаңырауларына қатысты, ол туралы Нагай былай деп жазады: «Бұл апат болғаннан кейін бірнеше апта немесе бірнеше ай бойы шіркеудегі соғылмаған қоңырауларды баяндайды».

Австриялық жазушы Роберт Юнгтің «Ярче тысячи солнц: личная история ученых-атомщиков», «Мың күннен жарқын: атом ғалымдарының жеке тарихы» романы. Бұл еңбек Манхэттен жобасы мен неміс атом бомбасы жобасы туралы. Австриялық жазушы карл Брукнердің «День бомбы», «Бомба күні» кітабы ғылыми көпшілікке арналған, «Садако хочет жить», «Садако өмір сүргісі келеді» романы әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, ағылшын, жапон, неміс тілдерінде жарияланған, әлемдік әдебиетте жарияланған және әлемнің көптеген мектептерінде бейбітшілік материалы ретінде жиі қолданылады. Романда Хиросима қаласындағы жарылыс баяндала келіп, 1945 жылдың тамызында қаланы бомбалағаннан кейінгі радиация әсерінен туындаған аурулардан қайтыс болған Садако Сасаси есімді жопон қызының өмірі баяндалады.

Ағылшын әдебиетінің ірі өкілі, пулицер сыйлығының иегері Джон Херсидің «Хиросима» романы. Шығармада Хиросимаға тасталған атом бомбасы жарылып, аман қалған алты адамның өмірі баяндалады.

Көрнекті ғалым: Ж. Жарылғапов: «Қазақ әдебиеті де әлемдік әдебиеттің бір бөлшегі. Адамзаттың әдеби-мәдени дамуындағы ортақ заңдылықтар біздің ұлтымыздың әдебиетінде де көрінбеуі мүмкін емес» [55], – дегендей әлем әдебиетіндегі Хиросима-Нагасаки тақырыбы қазақ жазушысы Ғ. Мүсіреповтің шығармаларына да арқау болған.

Ғ. Мүсіреповтің «Жапон балладасы» 1967 жылы жарық көрді. Ал, суреттелген оқиға – 1946 жыл. Көркемдік мекеншақтық (хронотоп) географиялық аясы Жапония елінің Хиросима мен Нагасаки қаласындағы оқиғалар болғанымен, шығармадағы символдық мағына бүкіл әлем, жер планетасын тұтас қамтиды. Қара сөзбен жазылған, «Арқаның әңгімесі», «Көздің әңгімесі», «Тастың әңгімесі» [56] деп аталатын үш бөлікті балладаның концептуалдық нысанасы айқын көрінгенмен, бірден жадағай тартып, идея сахнасына жүгірмейді. Семиотикадағы таңба құбылысының прагматикалық жағы тасада тұрғандай тәсіл байқатса да, мазмұнға эмоционалды үстеме әсер қосып тұрады.

Б. Майтанов: «Шығарманың құрылуында иконикалық таңба мазмұнына тән эстетикалық ой жүйесі басымдық білдірген. Бұл туындыларда таңбаланушы (немесе белгіленуші) мең таңбалаушы (означающее) арасындағы семиозим табиғи себептерден гөрі мол астарлы құбылыстармен сабақтас. Мағына денотат түріне қарағанда француз постструктуралісі Р. Барт айтатын коннотация (бір

сөзбен - көпқырлылық) сипатқа ие. Өйткені Хиросима, Нагасаки феноменіне көзқарас бірдей емес. Бұл жөнінде Р. Барт өз еңбегінде: «собственно говоря, у смысла может быть только протиположенный смысл, то есть не отсутствие смысла, а именно обратный смысл» [57], – дейді.

Әрине, адамзат баласының бетіндегі қара дақ іспетті Хиросима оқиғасын ізгілікті қауым жақтамас еді. Ал әскери немесе таза ғылыми әйтпесе саяси пендешілік ниеттегі кейбір жеке субъектілер қисапсыз қасіреттің ауырпалығын темір торлы сана қабаттарының көптігі арқасында көтере білді.

«Жапон балладасының» арғы тамыры М. Бахтин ұстанатын: «Мениппея характеризуются исключительной свободой сюжетного и философского вымысла» [57, б. 285], – деген пікірі мениппея жанрымен де үндестік табады. Оның үстіне мениппеяға өлі, тірілердің өзара өзімен-өзі сөйлесу үрдісі хас Ғ. Мүсіреповті осы жанр дәстүрімен жақындастыратын тағы бір фактор – «мениппеялық күлкіде» орын алатын ащы мысқыл, қайғылы ахуал мен қолайсыз сәттегі юморлық ахуал.

Расымен де, үш әңгіме ерекше күйдегі әдеттен тыс қалыпқа сай баяндау жүйесін таңдаған. Әйтпесе дене мүшелері және материалдық зат ертедегі тұлпарлар сияқты еркін сөйлеп кетпеуі тиіс-ті. Бұл ретте көне мифологиялық ой сілемдерінің жазушы дүниетанымына әсерін жоққа шығару қиын.

Арқа да, көз де, тас та тіршілік деңгейінен табылғанмен, өлі дүниенің хабаршылары, бөлек бітімі таңбалаушы есебінде семантикалық қатынасқа түседі. Алайда олар қаламгер талантының нәтижесінде жай ғана белгілі (сигнал) емес, толық мәніндегі таңба, тіпті көп ретте осы ұғымның екінші, кеңейтілген атауы – символ дәрежесіне көтеріледі.

Біздің ойымызша шығармадағы, синтактикалық қатынас атомдық бомба жарылысы кезіндегі астан-кестен дүние суреттеріне негізделсе, темпераменті жағынан өзара сабақтас сұрапыл кейіп алады. Көрнекті өнер теоретигі В. Шкловский 1916 жылы әдебиеттегі өмір құбылыстарын қабылдау әсерін күшейтуді белгілеу үшін «остранение» - өткірлеу терминін қолдана бастағанын ескертеді.

«Жапон балладасында» өткірлеу тәсілі әр әңгіме сайын және әр эпизодта бірін-бірі толықтыратын ыңғайда пайдаланылған. Соның нәтижесінде көзбен көріп, сөзбен айтып шығу мүмкін емес апат болмысы барынша түрлі қырынан жан-жақтылықпен бейнеленеді. Әңгімелерде объектінің (таңбалаушының) мүлде тосындығы мен көркемдік тұрғыдан жаңалығы айқын. Ал оның физиологиялық, эстетикалық, философиялық сипаты күрделі семантикалық жүйе драматизміне айғақ. Оның себебі таңба – денотаттың суреттелуші нысан мазмұнына прагматикалық тұрғыдан қарама-қарсылығында. Мәселе семиологиялық құбылыстардың физикалық көріністері және физиогномиялық салдарымен шектелмейді, автор осы жағдаяттардың символикалық деңгейдегі мән-маңызын ешқашан ұмытпайды.

Шығарма кейіпкерлерінің өзі семиозим ауқымынан алшақ емес. Өйткені арқа мен көз – атом тауқыметінен зардап шеккен адамның референті, таңбалық мәні. Тас – сол алапаттың сыртқы дүниедегі куәгерлік із-бедері. Бәрін

тұтастыратын – синтактикалық қатынас зерделеуші-интерпретатор санасындағы уақыт пен кеңістік аясында қалыптасқан сана жадына тән құпиялық түйіткіл (код) бейнелеріндегі ортақ келісім. Ол ұғым әлеуметтік деңгей шеңберінде қасірет пен масқаралық (ужасное) аффектілерін жасырып тұра алмайды.

Ғабит Мүсірепов сол кездегі социалистік қоғам қайраткері саналса да, ғаламдық сана мен саясат мәселелеріне көзқарасын арзан идеологиялық догма құрсауында қалдырмайды. Денотаттық концепт мейілінше сындарлы қасиет биігінде шыңдалады. Суреткер аңсары белгілі бір мемлекеттік жүйе тұғырынан асып, бүкіләлемдік заңдылық межелеріне сай келбет табады.

Арқа, көз, тас тәрізді репрезентаталардың іс-әрекеті, сөз мәнері зор көркемдік шарттылыққа арқа тіреді. Олар дене мүшелері, табиғи нәрсе болса да, адамға тиісті ой-сезім өлшемдері тұғырынан танылады. Әдеби туындыдағы бүтіннің орнына бөлшек – синекдоха сияқты құбылыс.

Арқа: «Аспаннан қат-қабаттасып қалықтап мен көріп білмеген жалпақ тақталар құлап келеді. Жүздеген үйлердің төбелері дүр етіп бірден аспанға ұшып енді жерге қайта құлап келе жатқандай. Өлденелер аспанда әлі қалықтап жүр».

Көз: «Аң-таң, аспанға қарадым. Аспан мен қала арасында ақ қардан жасалғандай аппақ ақ шулан, отпен қарды араластырып жасағандай от шулан бір баған орнап қалыпты. От төгіп, көзің қарай алмас жарық төгіп тұр. Жоғары жағы ақ қалпақтанып, бұрқырап қайнап, кеңейіп барады. Төменгі жағы қаланың қай жеріне қадалғанын аңдай алмадым».

Тас: «Қара күйіктің алау-жалауы басыла бергенде тіршілік қозғалысы белгі берді. Алдымен аң-таң алақтаған балалар көрінді. Аң-таң болмасқа амал жоқ. Бала түгіл үлкеннің ойына мұндай апат барлығы келген емес. Бұл дүниеге бірінші рет келген апат. Адам жасаған, адамның өзін қыру үшін жасаған апат».

Таңбаланушы дүниенің сұрықсыз, жан шошырлық кейпін жазушы өткірлеу тәсілі арқылы кең ауқымда, түрлі жағдайларда суреттеу жолымен жалпылық мәндегі көрініс жасау нәтижесінде толымды көрсетеді. Сипаттау нысаны көріксіз ғана емес, қорқынышты. Семантика табиғатын айқындайтын субъектілердің бірі – арқа үшін бұл дүниенің қызығы қалмаған.

Жазушы әңгімелеріндегі: «Келер бір жолы доктор менің арқамды мақтаңқырай суреттеді: – Арқаң енді айта қалғандай!.. Бедерлі де бұдырлы Фудзияма тауы да, Асахи тауы да бар. Тюгоку, Кюсю жоталары да бар. Хиросима, Нагасаки қалалары да өз орындарында... Соғыс уақытында шыққан бедерлі карталардың ішінде бұдан әдемісі аз болар...» [56, б. 287], – деген жолдардағы мениппеялық запыран күлкінің көрінісі.

Мұндай оксюморондық сезім ыңғайындағы қайшылықты құбылыстарды табиғи талант қуатымен шынайы сипаттағанда жазушы семиотикалық маңыз салмағын екшеп-түю үдерісін неғұрлым ұзарта түседі әрі экспрессивті-мағыналық әсер аясын мейілінше арттыруға күш жұмсайды. Екінші жағынан, бұл өмір тынысын бір күрмеуге тұйықтамай, мол палитралы қалпында кең бейнелеу мүмкіндігін танытпақ. Көріністің мениппеялық астарымен тамырлас

трагикомикалық сарын шығармадағы эстетикалық әрі психологиялық ахуал сипатына нанымдылық қосады.

Жапон докторының сөзі – ащы мысқыл. Ал Арқаның соғыс ғылым үшін қажетті деректерді тез айтпай, ес-түссіз жатып алғанына ашуланатын американдық докторға қатысты эпизод семиологиядағы прагматикаға тән коннотативті маңыз болмысын өрнектейтіндей. Бір фактіге Арқаның өзін қосқанда үш түрлі көзқарас шаң береді.

«Көздің әңгімесінде» синтактикалық денотат өткен дәуір оқиғасына Айко есімді қыздың қосылуымен символикалық маңызға дейін көтеріледі. Осынау тозақ қасіретіне дейінгі сән-шуақты өмірдің соңғы демі «термос салған торлама дорбасын» бұлғаған күйі бір сәтте жоқ болатын сүйікті досы Айко бейнесінің жұтылуымен бітеді.

Тағы да көркемдік шарттылық іске кіріседі. Әлемдік дүниенің құбыжық тұрпатын баяндаған Көз оны көрмеген екен. Тек елестеткен. Өйткені айтып жеткізгісіз ыстық жалын мен жарықтан жанары өшкен кейіпкер бар трагедияның сұрапыл тұрпатын сана жады және өзге субъектілердің уақыт тұрғысынан кейінгі пікір, әсерлері бойынша естіген-білгенін біріктіре қорытып суреттейді. Бұл – қасірет.

Арқаның үйленгісі келеді. Бірақ генетика заңдылықтарынан сескенеді. Болашақ туылмаған ұрпағының әлі басталмаған, жоқ қайғысын іште жатқанда өлтіру үшін жұбай іздеуден аулақ, өз сорының өртіне өзі ғана күйге бекінген. Ал оның басқа жыныс өкіліне қажеттілігі туралы ой қозғалмаған. Бұл сарын трагедия отына май құя түсер еді. Бетке қалқып шықпаған оппозициялық сарын сана архетипі мен жағдай кереғарлығы арасында шарықтаған қайшылықты асқындырып береді.

Қыз бейнесіндегі Көз ақырзаманға дейінгі сұлу көркін жоқтайды: «Қалайда екі көзден үміт үзе алмайды. Көздерім қалпына келсе, бет-ауызды оңай-ақ ажарлап аламын ғой. Ажарланбайтын не болады дейсің. Ақ мрамордай қалпында демеді ме?» Мрамор емес, аққұба болатынмын. Жапон қызының көбі аққұба ғой. Айко маған көзіңе қызығамын деуші еді. – Көзінің қарасы мөп-мөлдір, ағы көгілдір жарқырап тұрады. Кірпіктерің қою, ұш жағы азырақ қайқайып тұрады...» дейтін.

Сезімдік контрастылар арқылы жазушы жан қасіретін үдете дамытып өрнектеген. Айко және ол сиппаттаған әсемдік нышандары бейбіт өмір, жарқын мұраттарды елестетсе, сыртқы әлемнен жырақ қалған су қараңғы тіршілік адамзат тарихындағы техникалық опат салдарын таңбалайды. Бұрынғы әдеміліктің жиырма жылдан кейінгі уақытта өзге субъектілік аялар үшін мәні жоққа тән. Ол ажар мен сымбат Көз бейнесіндегі арудың ішкі өмірін қозғалысқа келтіретін Үміт құдіретімен ғана төркіндес. Психологиялық ыңғайдағы семиозиске келсек, өткен дәуірдегі әсемдік таңбаланушы болса, сол көзінен айырылған жанның қайталанбас күндерге сағынышы, әңгімедегі трагедиялық сарынды эмоционалдық орайды өткірлей түседі. Сырқатпен тілдесуші жандардың сыпайылық, кішпейілдік, жорта марапаттау лебіздері прагматикалық деңгейдегі интерпретанта қасиетін аңғартумен ауыр

құбылыстың семантикалық, синтактикалық өрістерін ұлғайтады. Неғұрлым мағына толымдылығы пайда болады.

Жеке-жеке субъектілік аялар (жігіт пен қыз) қайғысын протестілік тәсілмен үстей бедерлеп көрсетуде өзін адамзат қызығына қатыссыз санайтын Тас әңгімесінің ролі зор. Қанша бейтарап тұрғысы келгенмен, авторлық тұжырымдамаға тән ашық пікірді де Тас айтпады: «Адам, сен оны іздеме, қара түнек қайдан қопарылып кетті, соны ізде! Зұлымдық ордасын өрте!». Бұл – аффективті гипербола. Өйткені ұлттық сана зердесінде тас – көңілдің отына ерімейтін, еш нәрседен жеңілмейтін, аяуы да, есіркеуі де жоқ меңіреу символ. Сол қара тас сөйлеп кетеді. Бізге ақыл айтады. Табиғат екі аяқтыларға тағы да сабақ береді, тағы да ескерту жасайды.

Өйткені біз, жер құрлығын мекендеушілер, өзімізбен-өзіміз ғана емес, ұлы Жаратылыс қағидаларымен күресіп кеттік. Бұл – апат пен адам ғана емес. Табиғат пен Сана арасындағы семиотикалық құбылыс.

Шығармадағы семиологиялық байланыстар арасындағы ең басты маңыз (значение) да осы коннотативті үдеріспен сабақтас.

Хиросимадағы Тас баяндайтын адам мүсіні аспанға жалбарына қараумен елеулі таңбалық мағына сипатының скульптуралық шешімін ұсынады. Ал, Ғ. Мүсірепов көркем әдебиетке тән сол мүмкіндіктер нәтижесінде сол бейненің мейілінше ауқымды, рухани әлем қайшылықтарына толы трагедиялық мазмұнын сан алуан пішіндік, құрылымдық ізденістер арқылы сом алтынның сынығындай етіп суреттейді.

«Жапон балладасы» - адамзат ұрпағын бауырластыратын туынды. Ғабит Мүсірепов – ғалам кеңістігіндегі ұлы махаббаттың символы.

Жапония туралы М. Әуезовтің «Жапония күнделіктері» еңбегі жарық көрді. Бұл күнделіктегі жазылған оқиғаларды әуезовтанушы ғалымдар назардан тыс қалдырған ба деп ойлаймыз.

Журналист Гүлбаршын Айжанбайқызының «Жапонға жақындығымыз бар ма?» [58], – деген мақаласында Мұрат Әуезов: «- Әкем 1957 жылы 45 күнге Жапонияға барды. Жапонияда Хиросима және Нагасакиге тасталған атом бомбасына қарсы үлкен жиындарда сөз сөйледі. Ойларын ортаға салды. Қарап отырсаңыз, әкемнің Жапонияда сөйлеген сөздері – шындап келгенде, оның Семей полигонына айтқан лағнеті, қарғысы. Ол кейбір жиындарға тамағы ауырып, дене қызуы көтеріліп тұрса да барған. Әкем Үндістан, АҚШ сапары жайлы да жазды. Ал, «Жапония күнделігін» жариялай алмады. Жарияласа, бұл сол кездегі КСРО-ның саясатына қарсы шыққандық болар еді. Жалпы әкем ғана емес, ХХ ғасыр басындағы Алаш зиялылары «Қазақ еліне үлгі болатын мемлекет - Жапония» деп бірауыздан мойындаған. «Азия мемлекеттерінде бізге үлгі болатын Жапония» дегенді әкем 19-20 жасында айтты. Мен әкем аралаған жерлерде болғанда өзіме өзім ойша сұрақ қойып, оған жауапты әкемнің шығармаларынан іздейтін сәттерімді жасырмаймын», – дейді. Бұдан аңғарғанымыз, ХХ ғасырды басында Алаш зиялылары мемлекеттіліктің үлгісі ретінде Жапонияға көз тігіп, А. Байтұрсынов «Жапония һәм Қазақстан»,

М. Әуезов «Жапония» деген мақалалар жазды. Ал, М. Әуезовтің «Жапония күнделігінің» әлі де сыры ашылмағаны ақиқат.

М. Әуезовтің «Жапония күнделіктері» еңбегінде жазушы 20 күндік Жапонияға барған саяхаты туралы баяндайды. Осы күнделікте М. Әуезов: «19 август. Сағат 7-де митинг ашылды. Либерал партиясы өкілі сөйледі... Енді концерт басталды. Сөздер осымен араласып жүреді. Ескі қытай әні. Ғаламат үлкен амфитеатр... Мен сөйледім. Қатты қол соғып жақсы қарсы алды» [59], – деп нақты жазады. Жазушы мына жолдарында: «21 август. Кешке Нагояда көп қабылдау, кездесулер болды. Мен үш рет сөйледім. Сағат 6-да митинг жасалды. Мың кісі болды. Мен сөйледім» [59, б. 335], – деп жазушы өзінің неше мәрте сөйлегенін атады. Бірақ сол уақытта не деп сөйледі, ол туралы ешкім ештеңе айтпады және сөйлеген сөздері сақталмады.

Бұл туралы жапонтанушы, дипломат Б. Құрмансейіт өзінің: «Әуезов жапон жерінде не айтты? Ұлы жазушы сөзінің алғашқы дерегі табылды» [60], – деген мақаласында: «Жыл сайын тамыздың алтысы мен тоғызында дәстүрлі түрде Жапонияның қасіретті Хирошима (жапондар осылай жазады) мен Нагасаки қалаларында Американың атомы жанын жұтқан құрбандардың рухтарына және зардап шеккендерге «хибакушы» бағышталып, арнайы жиын-рәсімдер өткізіліп тұрады. 1957 жылдың тамызындағы осындай рәсімдерге қатысқан Кеңестер Одағының делегациясы құрамында қазақтың әйгілі жазушысы, Алаштың ардақты азаматы Мұхтар Әуезов те бар еді. Дәл сол күндері Жапониядағы Атом және сутегі бомбаларын жоюға бағытталған III-ші бүкіләлемдік конференция өтіп жатқан болатын. Аталмыш конференция аясында Токио қаласындағы Жастар сарайында өткен арнайы жиында Әуезов жапон жастары алдында сөз сөйлеу мәртебесіне ие болған. Әлбетте, Әуезов бұл жиында орыс тілінде сөйлеген, ал оның сөзінің түпнұсқасы қайда сақталғаны бізге беймәлім. Ол жайында бүгінге дейін зер салынып зерттелмегенге ұқсайды. Бәлкім, шешен атамыз қағазсыз-ақ сөйлеген шығар. Дегенмен, осындай оқиғадан ешқандай із қалмауы мүмкін емес деген оймен жапондық мұрағаттарда қырық жыл ұйқыда жатқан карт қағаздардың тыныштығын бұзып, сол жиынның хаттамасын парақтап көрсек, алдымыздан алдымен жарықтық атамыздың қасқа басты суреті, содан кейін сөйлеген сөзінің жапоншаға аударылған қысқаша нұсқасы мен мұндалап шыға келді. Орысшадан аударылған жапоншаны Әуезовтің ана тіліне қайта аударсақ былай болады: «Жастар – адамзаттың гүлі іспетті. Гүлдер мезгілі жеткенде дән салуы ләзім. Ал бұл гүлдер сұм соғыстың орағына шалынып, жапырылып шабылып жатыр. Сондықтан атом және сутегі бомбаларының қауіп-қасіретін ең алдымен сезетін де осы жастар. Осы қарулардың қорқынышын түйсіну арқылы жастар бүгінгіден де берік бола алатынына сенем. Атомға жан-тәнімен қарсы шығып жатқаны жапон жастарының керемет қасиеті деп білем». Қай кезде де, қай жерде де сақ сөйлеген ағамыздың сөзіндегі «осы қарулардың» дегеннің алдында «қарғыс атқыр» деп, «атомға» дегеннің алдында «атың өшкір» деп қосып аударғың-ақ келеді» [60, б. 11-12], – заңғар жазушымыз Мұхтар

Омарханұлы Әуезовтің 1957 жылғы Жапония сапарында сөйлеген сөзіне қатысты алғашқы нақты деректі келтіреді.

Д. Төлепбергенұлы «Полигон ұлы Әуезовті қатты толғантқан еді» деген мақаласында: «— Мұхтар Омарханұлы әңгіме ауданын ядролық полигонға аударып, «мені ядролық полигон мәселесі алаңдатады. Академик Курчатовтан «полигон неге халық тығыз қоныстанған аумаққа орналасты?» деп сұрағанымда, ол 1945 жылы Л.Берия бастаған арнайы комитет құрылып, полигонның орналасатын аумағын солар таңдады», – деді» 1949 жылы Семей полигонында алғашқы сынақ жүргізілді. Сынақ өткізу барысында Абайдың жері, бүтіндей бір ауыл жарылды. Бұл трагедияның халқымызға тигізетін зардабы туралы ешкімді ойландырмайтынын айтқан Мұхтар аға оқиғаны көзбен көрген менен полигон туралы айтуымды өтінді. Мен әңгімемді 1953 жылдың наурыз айында полигонға байланысты бізді, аудан басшыларын облыстық партия жетекшісі шақырғанынан бастадым. Жиынға әскерилер қатысып, тамыз айында жаңа термо ядролық құрылымды сынақтан өткізетіні жайлы баяндады. Біздің алдымызға сынақ алаңынан тұрғындар мен негізгі кіріс көзі төрт түлікті оңаша жерге көшіру туралы міндеттерді қойды. Біз келгеннен кейін тапсырылған жұмыстарға кірісіп кеттік. Бізге неге екені белгісіз, төрт түлік малды полигон алаңынан аулаққа әкету туралы тапсырма жүктеді... Ал бір айдан кейін тұрғындар туған ауылдарына қайтып оралып, күнделікті күйбің тірліктеріне кірісіп кетті. Осындай қорқынышты әңгімемді аяқтағаннан кейін Мұхтар Омарханұлы маған «тұрғындар құты қашқан ауыл көрінісін қалайша қабылдады? Менің ол көріністі көруге дәтім бармайтын еді», – деді. Мұхтар Омарханұлы уайым тұнған әңгімесін жалғастырып, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың Семей полигонының жергілікті тұрғындар мен төрт түлік малға келтірген зардабын зерттеп жүргенін айтты» [61], – дейді.

Әрбір жазушының жүрегін жадырататын өзінің туып-өскен мекені. Әр адам өзінің туған жері үшін алаңдайды, сол туралы үнемі айтып жүреді.

Ғалым А. Еспенбетов: «Әуезов және Семей. Бір-бірінен ажырамайтын, қайта өзара бірін-бірі толықтырып тұратын ұғымдар. М. Әуезовтің Семей шаһарына, Семей өлкесіне қатынасы жазушының сол құнарлы топырақта кіндік қаны тамып, балалық, жігіттік шақтарын өткізуімен шектелмейді. Кезінде мәдениеттің, ғылымның, өнердің орталығы болған, қала мен қала мәдениетін жатырқамай қабылдауға негіз салған Семейдегі М. Әуезов өмірбаянынан бөліп алу мүмкін емес» [62], – дегендей Әуезов өсіп, туып өскен Семей топырағы, ондағы ғасыр қасіреті Семей сынақ полигоны туралы айтуы әбден мүмкін.

Әрбір ақын-жазушыға шығармашылық шабыт беріп, сезімін оятатын – туған жері. Қысы қатаң, жазы жайсаң Семей жері, Ертіс өңірін тани білсеңіз – берері көп, суы да, жер өнімі мол және сан алуан, қазба байлығын жарата білсеңіз – қаншама ұрпаққа сан ғасыр құт береке болады, амал қанша?!

А. Еспенбетов: «Ұлы ақын Абайды, ғұлама ойшыл Шәкәрімді, данышпан жазушы М. Әуезовті туғызған қасиетті топырақ, шежірелі Шыңғыс ерекше құбылыс. Тарихи – философиялық, көркемдік-эстетикалық категориялар аясында қарастырғанда да төтенше феноминалдық сипаттағы жағдаят. Табиғат-

Ана мен Перзент – дана арасындағы тамырластық, қоршаған орта, рухани сабақтастық төркіні зерттеу объектісіне ұласса кұба-кұп» [62, б. 72], – дегендей қаншама ұлыларды дүниеге әкелген, ұлт көсемдері, алаш арыстары оқыған Семей жері қасиетті топырақ.

Бүгінде әлемді ядролық қарусыздандыру бейбіт миссиясының бастамашысына айналған Қазақстанның Жапониямен арадағы барыс-келісі еркін әрі жиілей түсті. Екі елдің басшылары қол жеткізген уағдаластықтар аясында әсіресе, ғылым мен білім саласындағы екі жақты алмасулар көбейді. Бір ғасыр бұрын Алаш арыстары армандаған аралдағы елде тәуелсіздіктің төл буыны білім алып, дара мәдениетіне бойлай түсті. Сол жастардың қатарындағы әлеуметтанушы ғалым, «Семей-Хиросима» жобасының жеңімпазы Ақерке Сұлтанованың «Семей полигоны» деген еңбегі жапон тілінде Жапониядағы Kadensha баспасынан жарық көрді. Ақерке Сұлтанова – қазақстандық жапонтанушылар арасында жапон тілінде кітап шығарған алғашқы автор. Жинақта Семей қаласының көне және Алаш саяси қозғалысының орталығы болған Семей сынақ полигонына қатысты тың деректер, фотосуреттер топтастырылған. Кітаптың бірінші бөлімінде адам тағдыры арқылы Семей ядролық сынақ полигонының қарапайым халыққа қалай әсер еткені баяндалады. Екінші бөлімде Семей сынақ алаңының құрылу кезеңінен бастап соңғы жарылысқа дейінгі тарихы қамтылады. Еңбекте Семей қаласындағы, Абай ауданындағы, Қайнар, Қарауыл, Саржал, Дегелең ауылдарының тұрғындарымен жүргізген сұхбаттары репортаж жанрында жазылған. Сондай-ақ, Қазақстанның әлемді ядролық қарусыздандыруға қосқан үлесі туралы баяндайды. Қазақстанның төл тарихы, мәдениеті, қоршаған ортасы мен киелі орындары туралы деректер жапондықтардың қызығушылықтарын арттыра түсті. Бұл кітаптың ресми жарнамасы «Амазонда» [63] жарияланды.

Полигон зардаптары соңы жылдары қазақ қаламгерлерін қатты күйзелтіп, алаңдатты. Адам мен табиғат қарым-қатынасы қазақ ауыз әдебиетінен бастау алып, желмаямен жортып жерұйығын іздеген Асан қайғыдан әрі қарай жалғасып, адам баласының табиғатқа мұқтаждығы мен тәуекелділігі ұлғаймаса, кеміген емес.

Әдебиеттегі табиғат тақырыбы – сонау ерте замандардан бері жазылып келе жатқан мәңгілік тақырып. Айтулы ақын-жазушыларымыз осы тақырыпты жырлауда небір жауһар шығармалар тудырды. Қазақ әдебиетінде ақын-жыраулар толғауларында, өлеңдерінде, Ыбырай, Абай, Мағжан, Сәкен, Ілияс т.б. ақындар шығармаларында табиғат лирикасы ұлттық нақышпен, халықтық таныммен жырланды. Табиғатты жырлауда әр ақын өзінше ерекшеленіп, суреткерлік шеберлікпен дараланды.

Экология қазақ үшін жұмбақ дүние емес, ол біздің салт-дәстүрімізде бар, бұл – ананың ақ сүтімен беріліп келген, туған табиғатыңды қорғап қастерлеуге негізделген ғылым. Адам мен табиғат – мәңгілік егіз ұғым. Табиғат – қорғаушың, асыраушы. Қазақта «Жер – қазына, су – алтын, мал - байлық» деп бекер айтпаса керек.

Дүниежүзіндегі және біздің еліміздегі экологиялық ахуалдың күрт өсіп келе жатқаны алаңдаушылық тудырады, ғылыми конференцияларда, мемлекеттік мекемелерде өткір пікір таластар бел алады. Табиғат пен адам арасындағы проблемалар күн өткен сайын, бүкіл қоғамды алаңдатуда.

Қ. Мырзалиев қазақ поэзиясында экологиялық мәселені көтерген ақындардың алғашқыларының бірі десек қателеспейміз. «Қызыл кітап» және «Мүйіз тұмсық» немесе «Миллионның тағдыры» поэмаларында адамның табиғатқа жасаған шабуылының салдарын баяндайды:

«Қызыл кітап» – мезгілсіз мекендердің бастарына қойылған қызыл шырақ!

«Қызыл кітап» – опат боп кеткен аңның, бастарына қойылған қызыл күмбез – деп Қызыл кітапқа енген аң-құстың жоғын жоқтайды да «Шүкір! Шүкір!».

Сұмдық Далам аулақ,

Сол Далада өседі балам – деп ой түйіндейді. Алайда, бұл 1983 жыл, әлі ядролық полигондар туралы сөз айтылмаған кезеңде жазылған жыр жолдарында үлкен философиялық астар бар.

«Жер Ана» ұғымы, «Бұлақ көрсең, көзін аш», «Жер шоқтығы Көкшетау», «Жер жәннаты - Жетісу» деген сынды тұрақты тіркеске, афоризмге айналған ұғымдар халқымыздың табиғатқа деген ыстық махаббатын білдіреді.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі табиғатқа байланысты ырымдар мен тыйымдар, мақал-мәтелдер ұрпақ бойында экологиялық сана мен экологиялық мәдениет қалыптастыруға ықпал ететін қайнар көз.

Халқымыздың өмір сүру салты қазақ жерінің табиғи ерекшелігіне байланысты туындады. Сондықтан, экологиялық білім, сана, мәдениет этноерекшелікпен тікелей байланысты.

Қазақ халқы көшпелі тіршілігіне сәйкес, энергия қуатын Құдайдың Күнінен, даланың желінен, қойдың қиынан алады.

Экологияға төнетін қауіп туралы фольклорымыздан белгілі, «Қарағай басын шортан шалады» деген тұспал жыр жолдары бізге дейін жеткен. XX ғасырдағы алаш зиялылары да экология мәселесін көтерген. Әлихан Бөкейхановтың «Овцеводство в Степном крае» (Дала өлкесіндегі қой шаруашылығы) деген орыс тілінде 1904 жылы Томск қаласында жарық көрген еңбегі 1896-1903 жылдар аралығында Дала өлкесін зерттеуге арнап жасақталған экспедицияның құрамында болған кезінде жасаған талдау-сараптамаларының нәтижесі. Әлихан атамыз 12 уездің жер қорын пайдалану, қоныстандыру жайын бүге-шігесіне дейін зерттеген. 90 жылдан астам архивте жабулы жатқан аталған еңбек Рымғали Нұрғалиевтің басшылығымен 1995 жылы 2000 ғана таралыммен қайта басып шығарылды. Әлихантанушы ғалым С. Аққұлұлы: «Осы күні Әлиханның не қой, не ірі қара шаруашылығы туралы еңбектері республикалық кітап мұражайынан басқа бірде-бір кітапхана қорында жоқ» [64], – дейді.

Ә. Бөкейхан жоғарыда аталған еңбегінде 100 қой бір қыстақтағы бірнеше үйелменді отынмен қамтамасыз ететінін есептеп берген. Қиды кептіріп, сақтау технологиясын да баяндаған. Бұл – табиғатты аялау, адам үшін экологиялық

таза өнімді пайдалануды насихаттаудың үлгісі. Демек, Ә. Бөкейхан табиғи экожүйенің қалыпты сақталуына мән беруді баса көрсеткен деп тұжырым жасауға болады.

Қазақстан экологиясы, Семей қасіреті бүкіл дүниежүзінің проблемасына айналды, полигон әкелген зардаптың өлшемі әлі күнге дейін анықталмай отыр. Өңірде жарылған 500-ге жуық бомбаның зардабы адамдарды айықпас ақырзаман індетіне шалдықтырды. Жарылыс тоқтамағанда, улы тозақ мен аждаһа ошағы жарты әлемді ойрандап, Орта Азияны ядролық тозаққа тұншықтырып, халықтың түбіне жетер еді. Осы полигон маңындағы қазақтардың көбі, дәрігердің өзі анықтай алмайтын аурулардан қырылғаны белгілі. Бұл аймақта тұратын 1,5 миллионға жуық адам жазылмайтын дертке шалдығып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын кеселге душар болғаны жасырын емес.

Экологиялық түсінік пен экологиялық тәрбие, дәстүрлі халықтық экологиялық таным мен мифтің болмыстық түйсіктерінен нәр алады. Ұлттық құндылықтармен сабақтасқан өзіміз қоршаған ортаны қорғау мәдениетін дамытып, қалыптастыратын негізгі арна. Тіршіліктің есін «жер, су» [65] – деп танып, «табиғат пен тепе-теңдікті сақтауды тәрбие арқылы санасына сіңірген» [66], ата-бабаларымыз жаратылыстың қасиетін мифтік санмен сезінеді. Демек бүкіл ғаламдық бірлікке негізделген аңыздық экологиялық сананы иеленеді.

Көшпенділердің экологиялық санасы мен тәрбиесі, мәдениетінің бастауын Көк Тәңірі ретінде таниды. Аспанды, күнді, жерді және суды кеңестік пен уақыттың бөлшегі ретінде қарастырады [67].

Х. Бекхожин: «Қазақ публицистикасының бастау негізі болып табылатын мифтік көркем танымдар, фольклорлық негіздегі ауыз әдебиеті үлгілері мен билердің шешендік сөздері» [68], – деп танып, қазақ әдебиетінің жанрлық, тақырыптық, формалық, көркемдік, мазмұндық тұрғыдан дамуына тікелей әсер еткенін тұжырымдайды.

«Ғарыштық әлем, аспан, жер, су, орман, көк шөп, жер асты әлемі, жануарлар дүниесіне киелі тек иесі» [69], – дегендей жер асты үсті әлемін қорғау кейінгі ұрпаққа аманат, өліге құрмет, тіріге міндет санап түрлі халықтық мұралар, мақал-мәтелдер, аңыздар мен жырлар шығарып, сол арқылы табиғатты қорғауға баулиды.

Бұл халқымыздың рухани экологиялық санасы мен ұлттық тәрбиеге терең еніп кеткен. Сондықтан да, түрлі басылым беттерінің өзінде де, көк аспан, қара жер, «Көк аспан, қара жер», «Үш анық», «Үш қиян», «Аманат», «Жерұйық», «Жиделібайсын», «Бәйтерек», «Алтын тамыр», «Атамекен» [70], – деген ұғымдарын көшпенділер мәдениетінің экологиялық таныс санасы ретінде қарастырады.

Әдебиетте көтерілген табиғатты қорғауға байланысты шығармалардың барлығында да, оның тақырыбы мен идеясына, оқиғасына, қорытынды ой-тұжырымдарына ұлттық тәрбие мен ұлттық экологиялық сана қалыптастырған танымдық нышандарды өзек етеді.

Қазақстан республикасының рәміздеріндегі күн, аспан, қыран, бәйтерек символдарының өзі халқымыздың табиғатты қорғап-қастерлеудегі мәдениетінің жоғары дәрежеде екенін көрсетеді

Қарауыл төбеде өлімнің бейнесі болған қу ағашты орнатып, қаншама мың адам Семей сынақ полигоны жарылысын тоқтату жайлы тұңғыш экологиялық халықтық қозғалыстың бас қосуында сол ағашқа ақтық байлады.

Мықан ағашы – Бәйтерек атауы көне түркі мифтік танымында мәңгілік жасыл өмірдің бейнесі болады. Қураған ағашқа ақтық байлау тіршілікке, жалпы адамзат баласына қауіп төнгендігінің нысаны, халықтың дабыл қағу. Көне түркілік экологиялық мифтік танымы өшпеген көшпенділер ұрпақтарына қураған ағашқа ақтық байлау түрлі плакаттардан гөрі әсері зор болды.

Семей өңіріндегі ядролық сынақты тоқтату жаппай халықтық сипат алған сол тұстағы бейресми ұйымдар мен қорлардың шаралары, табиғи апат мәселелері туралы көркем шығармалардың атаулары мен ішкі құрылымдарында экологиялық түсініктен туындаған аңыздар мен көне жырлардан үзінділер беріліп отырды.

«Қорқыт ата» туралы аңыздағы: «Жерде қара тауларың құламасын, Көлеңкелі ағашың кесілмесін» [71], – деп жас ұрпаққа табиғатты қорғау, аялау, қастерлеу керектігін айтады. Орхон жазба ескерткішіндегі «Тәңірінің, Жердің киесіне ұшырап жау болды» [72], – деген жолдары арқылы зұлмат сынақтың нәтижесінде Ұлы Абай, шалқар Шәкәрім, кемеңгер Мұхтар туған қасиетті жер киесіне ұшырады деген астарлы мағынамен астасып жатыр.

«Қатып қалған қала», «Уақытсыз тажал», «Дүлей» [70, б. 123] ертегілеріндегі бүкіл қаланың өлі қалаға айналғандығы, аспанның жарылып, қара дүлей соққан кездегі көзі соқыр, шашы түскен адамдардың болуы, бір қолы, бір аяғы жоқ, ортасында көзі бар мүгедек адамдардың тууы емі жоқ ауруға шалдыққан жандар жайлы оқиғалар ақиқат шындықпен салыстырыла суреттеледі.

Ал мұның өзі, сынақ полигонының сұрапыл зияны мен адамзат дамуындағы трагедиясы, көтерілген мәселенің қаншалықты ауыр екенін көрсетеді.

Бұған атом бомбасы жарылғандағы зілзаланы елестететін бір қаланың өлі шаһарға айналғаны туралы («Қатып қалған қала»), аспан жарылып, күн нұры төгіліп, дүлей (смерч) соққаннан кейін адамдардың көзі соқыр болып, шашы жидіп түсіп, аяқ-қолдары топтанып, туған ұрпақтың бір қолы, бір аяғы жоқ, көзі маңдайының ортасына біткен, зертең (емсіз) дертке шалдыққан жандар туралы «Уақытсыз тажал», «Дүлей» ертегілеріндегі оқиғалардың астары өмірлік шындықпен салыстырыла баяндалғанда, атом бомбасын сынайтын сынақ полигонының апатты зардабы мен адам өміріндегі трагедиясы экологиялық сананы шіміркендіріп, көтеріліп отырған мәселенің қаншалықты қасірет әкелгенін, әкелетінін нақты көз алдына елестетеді.

Кітаптағы: «Көлеңкелі ағашың кесілмесін», «Ағаштың қабығынан жаратылған қыпшақпыз» [72], – деген тіркестер Семейдің жасыл орманының өртеніп кетуіне байланысты айтылғандай. Ата-бабаларымыз Оғыз Қаған

Қыпшақты Оғыз қосағаштың жарық жерінен тауып алған, сол себепті Бәйтерек ағашы бізге киелі. Аталған аңыз тарихи деректер көздерімен расталып, мәтін арасында беріліп отырады. Қазіргі кезеңдегі жаңа туған нәрестеге арнап ағаш отырғызу немесе өртенген орманды жасылдандыру шаралары ежелгі түріктердің шығу тегі жайлы туралы жазылған түрік жерінде өскен қас бәйтерекке ерекше нұрдың төгіліп, сол себепті екі бәйтеректен бес ұл туып, тірі қалған сәбидің болашақта ел билеген Бөгуқаған аталуымен байланыстырылады.

«Бәйтерек – мәңгілік жасыл өмірдің кепілі», «Жапандағы жалғыз ағаш», «Жалғыз ағашты кеспе – киесі атады», «Өзің отырған бұтақты кеспе, өзің отырған жерді өртеме», «Атың шықпаса жер өрте», «Отпен ойнама – отқа жанасың, сумен ойнама – суға ағасың», «Бұлақ – басынан тұниды», «Көкті жүлма – көктей соласың», «Суды ластама, суды ластағаның – әкеңнің сақалын ластағаның», «Су аяғы – құрдым», «Су ішкен құдығына түкірме», «Судың да, сұрауы бар», «Киесіз жер – иесіз жер» деген сияқты мақал-мәтелдер мен «Су иесіз деме, жер иесіз деме, Құс иесі – Құмай, Жер-Су иесі – Ұмай», «Жер киесі тітіренді», «Өлген жер» [73], – деген халықтық фольклорлар қолданыста бар. Осы еңбекте: «Өлместің суы» атты ертегіде қияндағы жартастың қуысынан тамып тұрған «өлместің суы» (әбілхаят суы) адамға мәңгілік өмір силайды. Сол тамшы тамған шырша мен қарағайлар мәңгілік жасыл, ал оны ұрлап ішкен құзғын мың жасайды-мыс» [73, б. 441], – деп ғибрат етіледі.

Профессор Т. Жұртбай «Мықан ағашы» атты жарияланымында: «Өмір ағашы», «Құт ағашы», «Кіндік ағашы», «Таным ағашы», «Сетер ағашы», «Мықан ағашы», «Қаба ағашы» деп аталғанымен де, мазмұны біреу. Бәйтерек – мәңгілік өмірдің бастауы және кепілі. Бәйтеректің бұтағы – аспан әлемі, діңі – жер, тамыры – жер асты тылсымы, немесе – өмір, алмағайып дүние, өлім шекарасы боп бейнелене береді. Қазақта ғаламдық уақыт пен кеңістіктің арасындағы мәңгілік тұтқасы болып саналатын нысаналы белгі – Бәйтерек» [74], – деген пікірі Тәуелсіз мемлекетіміздің бейресми рәмізіне айналғаны бүгінгі күннің дәлелі.

Мықан ағашы – тіршілік атауының символы. Осы мәңгілік өмір нысанына айналған Мықан ағашының бейнесін ашып көрсетейік.

Дүниежүзілік аңыздарда ағаш тамырларының будандасып қосылуынан пайда болған әулиелер бар. Бір ағаштың тамыры жер қарай бойлап, екінші ағаштың тамыры жоғары бойлауының нәтижесінде жәндік, жан-жануарлар, адам, жалпы тіршілік иесі жаратылды деген де түйісік бар. Шын мәнінде көшпелі халықтың түп-тамыры асы ағашқа тіреледі. Оның дәлелі ретінде ежелгі кезеңдердегі аңыздар мен әпсаналардың тамырының бір ағашқа байланатындығын атауға болады.

Дүниеге келу, өсіп-өну, дүниеден кету және қайта жаңғыру әртүрлі қисында дамып отырады. Көшпенділер санасындағы бұл тұжырым халықтың «Көш-көш» дастанында ыждағатты баяндалған.

Белгілі шежіреші Аххадин Мәлік Жувэйни өзінің «Жаһанды жаулап алушының тарихы» атты шежіресінде: «Қарақорым тауынан ағатын Тула өзені мен Селенгі өзені қилысатын жерде «Фистук» және «Қарағай» деген екі ағаш

өсіпті. Бір заманда осы екі ағаштың ортасынан төбе пайда болыпты да, ол күн сайын биіктей беріпті. Түнде дөң ішінен жарық көрінетін болыпты. Жұрт таң қалысып, әлгі төбеге, мінәжат етіпті, жалбарыныпты. Сонда дөңнің астынан өлең айтылған үн естіледі. Жарық күн сайын күшейеді. Күндердің күнінде төбенің бүйірінен есік ашылады, оның ішінен киіз үй сияқты бес отау көрінеді. Үйдің ішіндегі бес тақтың үстінде бес бала май сорып отыр екен. Бес баланы бес әйел емізіп асырайды. Балалар ержетіп, тілі шыққан соң өз ата-аналарын іздейді. Жұрт баяғыдағы буаз болған екі ағашқа алып келеді. Қос ағашқа тағзым еткен соң оларға тіл бітіп, бесеуіне өсиет айтып, аманат тілейді. Бесеуі өзара тату, жұртқа сыйлы болады. Олардың аты – Сұңқар тегін, Құлашор тегін, Бұқа тегін, Ор тегін және Бұғы тегін екен. Бұғы тегінді хан сайлайды. Тәңір оған дүниенің тілін білетін үш құс береді. Сол құс арқылы төрткүл дүниенің тілін біліп, билеп отырады. Перінің қызына үйленеді. Ағайынды бесеуі бірігіп төрт құбыланы билейді. Ақыры Түркістанның астанасы Баласағұнға орнығады. Түсінде мәңгілік билік тұмары – Қас тасына ие болады. Бұғы қаған өлген соң барлық өсімдіктер мен жан-жануарлар «Көш, көш!» – деген дыбыс шығарып, айналаны азан-қазан етіпті. Ел қай жерге көшіп қонса да «Көш-көш!» – деген үн басылмапты. Содан көш бір жазыққа келіп тоқтағанда ғана «Көш, көш!» – деген үн өшіпті. Содан сол жерге қоныс теуіп, бес қала салыпты. Кейін сол шаһар «Бесбалық» атаныпты-мыс» [75], – деп жан-жақты деректерді келтіреді.

Ал, аталған аңызға Мықан ағашының жарығынан табылған Қыпшақ атауын берген баланы қыпшақ елінің сол баладан таралғандығы жайлы аңыз оның сипатын білдіреді.

Ағаштан өз ажалына араша іздеу әдебиеттегі көркемдік жүйенің тәсілі.

«Қорқыт ата кітабының» Қазан бектің ауылын жау шапқаны туралы жырында Қазанның ұлы Ораз қолға түскенде дар ағашының түбінде тұрып оған: «Атыңды ағаш десем, шамданба ағаш! О, Мекке мен Мәдинаның есігі болған ағаш! Құдаймен тілдескенде Мұсаның аса таяғы болған ағаш! Ерлердің ері – Әлидің дүлдүліне ер болған ағаш! Зұлпықарға сап болған ағаш! Хасан мен Құсайынға бесік болған ағаш! Мені саған асар болса, құлап түс ағаш!» [71, б. 162] – деп жалынуы дәлел болады.

Әлемдік «древо мировое» және орыстың «древо жизни» деген ұғымдары Мәшһүр-Жүсіп жырлаған Мықан ағашындай айқын көрініс таппайды. Ақын Мәшһүр-Жүсіп:

«Ей, жігіттер бұл сөзге құлағың сал,
Үгіт салған сөздерден ғибадат ал!
Кітаптың айтуынша, ей, жарандар,
Ғарыштың тап астында бір ағаш бар» –

деп ескертіп алады да ойын әрі қарай сабақтайды.

Өмір мен өлім, фәни мен бақи арасындағы уақыт пен кеңістіктің бәрін сиратул көпірі арқылы өткізіп, Рухтың қолы хор қызына жетер тұста оқымысты ақын Мықан ағашының келбетін:

«Пейіште тәуба ағашы, жапырағы зор,
Болғанда түбі – аспанда, басы төмен.

Иіліп жерге қарай салбырап тұр.
...Мысалы күн секілді көрінісі,
Саны жоқ, балдан тәтті көп жемісі.
Салбырап аспан көктен мәуеленіп,
Сонымен сегіз пейіш толған іші.
Үн қатар шулап ағаш түрлі күйін,
Сипатын тамамдауға жетпес зейін.
Түрлі дәм жемісінде бар-ды ләззат,
Пейіштің тамамлаған түгел үйін» [76], – деп тамылжыта суреттейді.

Бұның діни аңызға жататындығы анық. Төңкерілген ағаштың, төңкерілген өмірді білдіретін тәңірлік әфсананың исламдық дінге бейімделгені. Қазақтатардың «Тауысыншақ уақытың бітті!» деуінің өзі төмендегідей жыр жолдарымен ұштасып жатыр. Философ Мәшһүр-Жүсіп:

«Ағаштың жапырағы толып жатқан,
Аллаға баршалары таспих тартқан.
Әр жапырақта пенденің аты бар-ды,
Ажал жетсе жапырағы түсіп қалған!» [76, б. 19], – деп адамзаттың тілеуін тілегенін жырға қосады.

Алаш ұлдарын «Бес бәйтерек» деп, ұлағаттап қасиеттеуіміз халық ниетіне байланысты.

Көшпелілер өркениетіндегі экологиялық мәдениет – қазіргі таңдағы табиғат ананы қорғау мәселесін көтерген келелі тақырып.

Экологиялық мәдениеттің кейінгі ұрпаққа берер тәрбиесі жайында: «Оқырмандардың экологиялық тақырыпта жазылған көркем шығармаларға деген қызушылығы күн сайын артып келеді. Бұл шығармалар адам және экология арасындағы байланыс туралы түсінік береді. Осындай шығармаларды оқыту арқылы мектеп жасындағы оқушыларға экологиялық тәрбие, экологиялық сана, мәдениет қалыптастыру керек. Білім беру мекемелерінде ата-аналар мен оқуышалар арасында осы тақырып бойынша үнемі іс-шаралар ұйымдастырылып, семинарлар өткілуі керек» [77], – деген ұсыныстар әлемдік басылымдарда жарияланды.

Қорыта келгенде, табиғатты қорғау, қоршаған ортаны ластамау, күтіп ұстау, табиғат байлығын бүлдірмеу, жыл мезгіліне орай жайлымдарды өз орнымен пайдалану, жер үсті, жер асты байлығын игеру көшпенділер өркениетінде өмір мен өлім мәселесі болып табылады.

Қазақ халқының тұрмыс тіршілігі тікелей табиғат құбылыстарымен байланысты болғандықтан, ондағы ауа-райы өзгерістері және маусымдық өзгерістер көшпенділердің күнделікті өмірінде бейімдеді.

Көшпенділер өркениетінің таным-түйсігі табиғат пен тікелей байланысты болағандықтан, табиғат пен адам тақырыбындағы әдеби туындыларда экологиялық тәрбие жатыр.

2 СЕМЕЙ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИ-ЖАНРЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ

2.1 Қазақ поэзиясындағы Семей қасіреті

Кез келген ақын өзі өмір сүріп отырған қоғамнан ада емес. Сол себепті ақындар өздері өмір сүрген кезеңдегі замана шындығын жыр жолдарымен өрнектеп, қоғамның жанды картинасын жасайды. Қоғамның даму эволюциясында ұлт өміріндегі тарихи оқиғалар, заман шындығы, халық басынан кешкен қуанышты сәттер мен қайғыға толы қасіретті кезеңдер де қаламгерлер туындыларына арқау болды. Осындай ақындар қаламынан қанды сия болып төгілген оқиғаның бірі – жылдар бойы адам мен табиғат трагедиясына айналған Семей полигоны тақырыбы. Әрине Сарыарқаның нақ төсінде, Еуразия кіндігіне айналған қасіретті қарт Дегелеңді тітіреткен ажал аждаһасына айналған Семей полигоны қасіреті жайлы жазылған өлең-жырлар аз емес. Трагедия қазақ елін ғана емес, күллі әлемді алаңдатқаны да даусыз.

Қазақ халқы ел боп жаратылғанан бері талай қайғы-қасірет, аламан шапқыншылықты басынан кешірді. Өткен ғасырдың бас кезеңіндегі XX ғасыр басындағы туған жерден еріксіз басқа жаққа кетуге мәжбүр болып үдере көшкен қалың елдің қайғылы қасіреті «Елім-ай» жырынан бастап халық басына түскен қасіретті күнге жан бітірген. Дегелеңде болған жарылыс салдары ата жұрттан еш жаққа ауа көшпесе де жер-анаға жасаған қиянат қазақ халқын болашағынан айырды. Қазақ халқы ұлт ретінде жойылу қаупінде тұрды.

Жалпы ұлт әдебиетінде елге, жерге деген сүйіспеншілік әр ақынның жан-тебіренісі, ұлт қасіретін өз қасіретімен астастыра жырланады. Полигон сынақтары жайлы жазылған туындылардың авторлары жойқын жарылысты көздерімен көріп, құлақтарымен естіген шындықты жазды. Заманның ащы ақиқаты, жер ананың аһ ұруы мен бейкүнә халықтың полигон зардабынан қасірет шеккенін көзімен көрген ақындардың жан айқайы өлең жырға арқау болды.

Кезінде Темірхан Медетбектің Бауыржан Жақып лирикасы жайлы: «Сөз жоқ, Дегелең мен Абыралы қасіреті – бүкіл жердің, бүкіл қазақтың қасіреті. Ол қасіретті бүкіл болмыс-бітіміңмен, бүкіл тамыр-талшығыңмен сезінесің. Бірақ ол қасіретті дәл Бауыржандай сезіне қоюымыз қиын. Өйткені ол – сол жердің ауасын жұтып, сол жердің суын ішіп, көлінен қоңыр үйрегін көріп, қорасынан қоңыр қозысын өргізіп өскен ақын» [78], – деген пікірі Семей қасіретін жырлаған әр ақынға қарата айтылғандай.

Ғалым М. Дүйсенова: «Поэзия – көркем әдебиеттің ертеден қалыптасқан үлкен бір саласы, өлең, жыр түрінде шығарылған әдеби шығармалар» [79], – деп атап көрсетілгендей, поэзия халықтық, қоғам өмірінің айнасы. Халықтық поэзияның ең басты нысаны – сол халықтың арман-мақсатын, тұрмыс тіршілігін, халықтың бастан кешіп отырған хал-ахуалы, арман-мақсатын, іс-әрекетін, өмір шындығын бейнелеп беруі.

Уақыт әрқашанда бәріне төреші, өткен оқиғаның қуанышы мен қайғысының орнын жаңа оқиғалар басады. Өткенге қарағанда қазіргі күн

талабынан өткен дүние соншалықты маңызды болып көрінеді. Семей сынақ полигоны жайлы да осындай пікір айтуымызға болады.

XX ғасырдың құбыжығы атанған Семей полигонының зардабы әлі де ұмытылар емес. Атомдық жарылыстардың әсерінен ауа қабаттары бүлініп, шекарамыз қызыл сызықпен қоршалған экологиялық аймаққа айналды, ұрпағымыз қанында жоқ, бұрын-соңды естімеген дертке ұшырады. Қырық екі жылға созылған ядролық сынақтың 1991 жылы аты өшті. Бүкіл әлем «Семей-Невада» шеруіне шығып, ядролық апатты жою мәселесі жүріп жатқанда қазақ ақындарымыз осы тақырыпта қалам тербеп, өз үлестерін қосты.

О.Сүлейменовтың қозғалысының бастамасымен ядролық жарылыстан көзіміз ашылды. Сонда да, өртенген жер қойнауы мен айықпас дертке шалдыққан адамдарды көріп көңіліміз босайды, алаңдайды. Әр дәуірдің өз «заман-айы» болатыны сияқты, ақын Ұлықбек Есдәулет пен композитор Төлеген Мұхамеджановтың «Заман-ай» өлеңі зарлы күндердің куәсіндей «Невада-Семей» қозғалысының ұраны болды.

«Ұлдарымның қайда кеткен құрығы,
Қыздарымның қайда кеткен бұрымы,
Мейірімге зарықтырған заман-ай,
Туған жердің лайланды-ау тұнығы.
Қайран елім, қайран жерім қор болған,
Жомарттығы өз басына сор болған,
Жарылыстан көз ашпаған далам-ай,

Заман-ай, заман-ай» [80], – деп ақын бүкіл бір заманың, бір дәуірдің зары мен мұңын асқан шеберлікпен жырлады.

«Неге біздер у ішеміз суаттан,
Неге біздер ажыраймыз тұяқтан?
Туған жерді тоздырғанша, заман-ай
Неге жерге кірмейміз біз ұяттан?
Қираттық та ата-баба мазарын,
Қасіреттің тарттық енді азабын
Қоң етіңді ойып берген заман-ай,

Көсілетін көрпең қайда, қазағым?» [80, б. 5], – деп ақын көңілімізге ой салып, көзімізге жас үйіртіп ащы шындықты әнге қосты.

Семей полигонын шығармашылығына арқау еткен ақындарымыз ең алдымен туған далаға деген шексіз махаббатын паш етеді. Ақындарымыз ең алдымен туған жердің, өскен қырдың, шексіз кең даланың перзенттері.

«Дала перзенті ақын Ілияс:
Жүрегім жырым сенікі,
Кеңісті далам, кең далам.
Тудым, өстім, есейдім,

Ен далам-анам, мен-балаң» [81], – деп ағынан жарылғандай көркем әдебиетте де дала бейнесі жан-жақты ашылғандығы және де ең көп жырланған тақырып екендігі де белгілі. Асылы, адам әдебиетке қатар өрілген қос өзендей болып, бірі бұрын ешкім айтпағанда жеткізсе, екіншісі өзіндік даралығымен

келеді. Бірін-бірі толықтыратын екі жағдайда ғана шын мәніндегі көркем туынды туады. Расында да әр әдеби туынды өз өлшемі мен жолын танытатын, жаңа пішін, құбылыс пен жаңалық.

Енді турасына көшсек, қазақ поэзиясына осы ғасырдың орта тұсынан өте бере, лирикадағы «дала» бейнесі соңғы отыз жылда тек қана өзіне тән өзгеше мазмұнын ашқан, тек қана өзіне тән өзгеше пішінін тапқан. Жыраулар поэзиясынан бастау алған атамекенді, туған жер табиғатын сағыну, ардақтау арқылы ұрпақтарды отаншылдық-патриоттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән берілген. Олардың жыр жолдарынан Баба мекеніне деген ұлы махаббатты жеткізудегі ішкі рухани толқыныстың ғажап сәйкестігін аңғарамыз. Осы сипаттағы туындылар – ақындарымыздың ішкі бұлқыныстары мен буырқаныстарының жемісі. Көшпенділер тыныс-тіршілігі, дала романтикасы – қаламгерлер туындыларының өне бойынан маңызды орын алып, үнемі қайырылып соғатын мәңгілік тақырып. Сахара өмірінің өзіндік сәні, қайталанбас өмір салтын, кең өлкені еркін кезген дала қазақтарының аңғал да батыр мінезін, өршіл рухын ерекше құштарлықпен, көтеріңкі пафоспен бейнеледі.

Сынақ басталмай тұрғандағы Дегелең аймағының қызығы басылмайтын қызу тірлігі, ауыл арасындағы дырдулы думан, жасыл жайлау, салқар көш – бәрі-бәрі ақындарымызға айрықша шығармашылық көңіл-күй қалыптастырды деп айта аламыз. Дала образы, қырдағы ел тұрмысына деген сағыныш ерекше бейнелік теңеулерді қалыптастырды.

Мысалы, Бауыржан Жақыптың шығармашылығындағы:

«Қыраты Көк көтерген иығы боп,

Ұшы жоқ Дала көрдім қиыры жоқ.

Ақында арман бар ма соғып өтсе

Төсінде сол даланың құйыны боп

Ақсақал, жайдым қолды, бер батанды» [82],

– деген жолдар туған жердің көркем табиғатына тамсанумен қатар бабалар рухына тағзымын сездіргендей.

Бауыржан Жақып шығармалары қазақ поэзияның жаңа қырын, қазақтың кара өлеңінің шынайы қасиетін танытады, ұлттық поэзияның биік шыңдардан көрінгендігінің куәсі. Ақын қазақтың кара өлеңінің ұлттық рухы мен реңкін түрлендіріп байытты. Сонысымен де өз оқырмандарының жүрегінен орын алды.

Б. Жақып ХХ ғасыр әдебиетіндегі озық классикалық үлгідегі реалистік сарынды жаңаша нәрлендірді. Өз заманының келелі мәселелерін жырлап, ақындық дәстүрді бұзбай ана тілінің нәрін көпшілікке жеткізе білді.

Семей өңірінде туған ұлылардың еңбектерін оқып, ұлағатты тәлім-тәрбие көріп, өрлікпен өскен Бауыржанның көп өлеңдерінен өжет мінез, өршіл рухтың лебі есіп тұрады. Мейлі ол соғыстан кейінгі жаралы ауылдың тұрмысын жырласын, мейлі ол ғасырлардың ауыртпалығын жырласын, мейлі ол қазандай қайнаған қала тіршілігін жырласын... тіпті қай тақырыпқа қалам тартса да егеулі найза мінезінен танған емес. «Ұйқыға батып жатыр батыр-дала, Қаратау

басындағы дулығадай» деп ұлы шайқастан соң дамылдап жатқан алып батырды көзіңе елестетеді. Дала – батыр метафоралық тіркес пен дулығадай теңеуі сөзді құбылтып, ұлттық реңкте жырланады. Сөйтіп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бір-ақ кесіп айтса да, ғасырлардың күрделі беттері санада найзағай ойнатып, жарқ етіп, күркіреп өте шығады.

Ғалым Б. Кәрібозұлы: «Дала қазақ поэзиясының тақырыбы болудан бүгінгі өлең тәжірибесіне сүйенсек, тым биіктеп кетті. Дала – бір немесе бірнеше ақынның емес, поэзиямыздың барлық буын өкілдеріне шабыт беретін – муза, ақындық айдыны. Өйткені, халықтың табиғаты – дала тектес, тарихы даламен тығыз, кіндігі жабыса байланысқан» [83], – деп қазақ ақындарының поэзиясына арқау болған дала тақырыбына байланысты пікірін білдіреді.

Бауыржан Жақып дала көрінісін көп суреттеген ақын. Бірақ қандай жағдайда да құрғақ баяндауға бой ұрып көрген емес. Сөзбен сурет салып, береке дарытып, бедерлі бейнелейді. Дала қырында шашыраңқы өскен қызғалдақтан да идея тауып:

«Жете алмай арманына жау қалғалы,
Жерімнің кеңдігіне таңданғаны...

Шашылып жатыр қырда қызғалдақтар

Бабамның сияқтанып тамған қаны» [84],

– деп өзгеше ой түйе білген шеберлігі кісіні таңдандырмай қоймайды. Жаны сұлу ақын қашанда әсемдіктен сұлу өлең өреді. Бұл шумақтан, біріншіден, жалпақ дала төсінде ұлтарактай жерді де жауға бермей жанталасып шайқасып, қызыл қаны шашыраған батыр бабалардың ерлігі көрінсе, екіншіден, қырда жайқалған қызғалдақтың нарттай жанып алаулап өсіп тұрғаны көзіңе елестейді. Ойдан ой, суреттен сурет туындап жатса, сөз жоқ, бұны сегіз қырлы Бауыржан ақынның бір қыры деп қабылдаған абзал.

Дәл осындай жерге деген перзенттік сүйіспеншілікті, туған даласының сұлу табиғатына сұқтанған ақын, бозбала таңмен қыр гүлдерін оятқан сыршыл Төлеген Жанғалиев:

«Ажарындай жігіттің,

Қара желі ысқырған,

Қарауылда туыппын.

Мен келгенше бұл жерің,

Мекен бопты жұмақтай,

Қызыл, сары гүлдері,

Қырға шыққан ұяттай!

Өр мінезді өзені,

Өректі қыс, жазы.

Құрымапты желегі,

Құжынапты құстары.

Ат бойындай ақ шеңгел,

Ақгүл атып тұрыпты.

Қарағай тал, өскен жер,

Қарақатқа тұныпты» [85], – деп өрбітеді.

Бауыржанды қыр даласында жайнай өсіп тамсандырған қызғалдағы Төлеген ақында ат бойындай ақ гүлмен алмастырылады, қызыл-сары құлпырған гүлге үн қосқан құстарымен жұмақ мекенге айналған туған жер табиғатын тамсана жырлайды.

Бұл жердегі қызыл, сары гүлдері жайнаған, ат бойындай бітік шалғынның келешектегі қайғылы суреті алдындағы дайындық іспеттес.

Бауыржан ақын мен Төлеген Жанғалиевтың осы өлеңдерінде қазақ даласының поэтикалық портреті жасалады. Екі ақын да туған өлкенің тарихын зерделеп, оның алдындағы перзенттік парызын, жауапкершілігін терең сезінеді. Ақындық жолының басты шығармашылық нысанасына айналатынын ашық сезіндіреді.

«Мен атоммен құрдаспын» – деп жырлаған Төлеген ақын базары таусылмаған Қарауылдың атом сынағынан кейінгі көрінісін есте қалған:

«Мекендеген жерімді.
Ащы үнін тыңдаппын
Ашқан күннен көзімді.
Жатқан сәттен жөргекте,
Жағалапты ол мені» [85],

– деп бесікте тербелген баланың құлағында ана әлдиімен бірге ащы қасірет үнін де етиді. Жырда лирикалық кейіпкер табиғаты ұлт мінезін танытқандай. Қи артына тығылып, қиналған жас сәбидің балалық мінезі де ашыла түседі. Ақын:

«Азған өлкем обал-ай,
Тозған бетін тосады.
Атом салған жарадай,
Атылған көл апаны.
Қайсы бірін айтайын,
Қарауылым, қарт-бабам» [85],

– деп жұмақ мекеніндей болған қарт Қарауылдың азып тозуын сезімтал ақын түңіле жырға қосады.

Ол:
«Қырық жылдай «қыңқ» демеді ол-дағы,
Қырық жылдай мен де дертпен у іштім» [85],

– деп елдің жан азабы мен ажалына айналған трагедияны ақын өз трагедиясы деп таниды.

Ақын үшін бұл сынақты Абайдың еліне, Шәкәрімнің, Мұхтардың еліне, қала берді бүкіл бір ұлтқа жасалған қиянат. Қазақтай халықтың көнбіс шыдамдылығына бүкіл әлем ғалымдары таңдана қарағанда,

«Айттым сәлем Қаламқасты» біз де тұрмыз шырқатып,
«Атом» деген кеселден көрмегендей мұң татып.
«Дегелеңнен» сол күні бізге бұлт та аумады,
Жайшылықта келетін жайбарақат у шашып!
«Бөрі арығын білдірмес» бөрі жүрек жандармыз,
Дертті болып жүрсек те «дертсіз» бола қалғанбыз» [86].

– деген жолдармен ащы шындықтың бетін ашып өтеді. Өлең жолдарындағы сарказм – келешектен немесе биліктен күдерін үзген қазақ халқының жан айғайы, күйзелісі.

«Саңырауқұлақ» салбырап санамызда тұрса да,
Армандадық қол жетпес қияндағы қиялды.
Иә, біздер сондаймыз, су ішпеген у ішкен,
Май орнына у шыққан малын сойса жіліктен.
Қазаны да қалжыңға айналдырып алғанбыз,
Қанымызды қарайтқан мезі болып күйіктен!
Күл шығарып ауыздан, алғаннан соң оттан дем,
«Күрк-күрк» жөтеліп, күңіреністік аспанмен.
Қыл шылбыр да мойынды орап алды оп-оңай,
«Өлуге» де үйрендік қан қысымы, ақ қанмен!
«Дегелеңде түк те жоқ, дерт қоздырар» деменіз,
Көріп келдік сұмдықты, әлі талай көреміз.

Кеудеміздің бір жерін тесіп шығар бір күні» [86, б. 17],

– деген ақынның санасында өшпес қасірет толып қалған жарылыста аспанды өрттей қаулаған «саңырауқұлақ», өзегін өртеген ішкен қасірет-у.

Ақынның «Полигон аймағында тумағандар, Жанарымды көре ме жас парлаған» – деп шырқырағын шындығы – қоғам ақиқаты.

Төлеген ақын: «Мен Дегелеңнің нағыз дертін өн бойымнан өткізген адаммын. Туған ағам, атақты жазушы, драматург, сазгер Мерғали Ыбыраев елу бес-ақ жасында аяқ астынан жүрек талмасынан кетіп қалды. Артымнан ерген жалғыз інім Серікбол сол полигонның кесірінен тәлтіректеп жүйке ауруымен ауырып, ол да елу төрт жасында кетіп қалды. Полигон салған дерттен көп адамымыз кетті. Қырық жыл үндемедік қой. Соны біле тұра үндемеген кезіміз болды... Мысалы біздің елде, зәрем ұшады кейде, самолет келеді, гүжілдеп, ол келгенде біздің біреуіміз құлады деп ойлайтынмын, міндеті түрде. Не бастан құлады, не жүрек талмасынан кетті. Аяқ астынан бала асылып өліп қалады. Полигонның сондай зардабы әлі біткен жоқ. Зардабы болғанда, оны сіз білмейсіз, мен білмеуім мүмкін, ол мына біздің миымызға қонақтап, дене дертімізге жайылып кеткен. Абайдың елін, Шәкәрімнің, Мұхтардың жерін қырық жыл атоммен улаудан асқан қиянат жоқ» [87], – деп туған жер қасіретін өз сұхбатында атап өтеді

Қазақ әдебиетіне өзіндік ізденістерімен, алуан тақырыптық аясыкең лирикасымен, қарымды талантымен келген шығармашылық иелерінің бірі – Мерғали Ибраев.

Ақтамберді, Абай, Шәкәрім, Мұхтардай қазақтың біртуар ұлылары дүниеге келген қасиетті Семей өңірінде осы ата-бабаларымыздың жолын жалғастырар ұрпақтың болуы табиғи заңдылық. Ендеше ата-бабаларымыздың ізін жалғастырып келе жатқан Мерғали Ибраев та ұлттық рухты ұлықтаған ұлт жанды ақын.

Мерғали ақынның да туған елге деген сағынышын жырлайтын нәзік лиризмге толы туындылары баршылық.

Мерғали ақынның ой көркем қуатының айқын да, айшық та бір сәтінің көрінісі, мына шумақтарымен тамаша әсер, ұғым, таным тағылымынан білінеді. «Қайырлы таң!» өлеңінде ақын:

«...Айна сәуле ашық көкте аунады,
Қып-қызыл орай өртеніп барып жанбады
Армысың, Абай таулары!
Тамылжып тұрған бозторғай болып, сазды әні,
Шоқтығындағы шашылған шоқтай бір үміт тағы маздады.
Ып-ыстық тамшы сағыныш толы кеудемнен
Үзіліп барып, үзіліп барып тамбады» [88],

– деп жырлайды. М. Ибраев сүйікті Шыңғысына – «Абай тауларына» сағынып келген. Сағынышқа бой жеңдірген ұшқыр да, алғыр, көреген лирикалық кейіпкер көк төсін көкірегіндегі көрім кестесі кескінмен түйісіп, «ашық көктеайнасәуле ойнағанын», көкірек көзі шалып, «қып-қызыл арай» «өртеніп жанардай көріне бастаған, бірақ «жанбайды». Араймен астасқан көңіл көзі ашу тау шоқтығына шашылған шоқтай әдемі үміт маздады, «кеудесінен сағыныш, толы ып-ыстық тамшы, үзіліп барып тамып кетердей еді, тамбады;» «бозторғай болып тамылжып тұрған сазды ән баураған».

Мерғали ақынның Шыңғыстауға деген сағынышы, Төлеужандай сөз иесін тудырған Абыралы өңіріне деген ыстық сағынышы, қазыналы қарттарға деген ілтипатын Бауыржан Жақып поэзиясында:

«Туғызған талай дауыл-жыр,
Сілкініп қалған қауым бір.
Төсінен өлең өргізіп,
Төлеужан туған ауыл бұл.
Ауылға көңілім ауғанда,
Жаңбыр боп жырым жауғанда,
Жаңғырып қара жартастар,
Сілкінсін таныс таулар да.
Қорғайтын, қолдап бар маңын
Есіме түсті, аруағым –
Шөптерін шауып жүретін қасиетті қара шалдарым.
Сіздерге сәлем деп келдім,
Баталарыңды алып кеткенмін» [89],

– деген түрінде көрініс табады. пжердегі ақынның аңсаған даласы да – поэтикалық образ. Ақын дала дегенде, ең алдымен, туған халқын, оның жомарт мінезі мен мәрттігін, қолдаушысы болған қазынасын сағынып, әр алуан психологиясын ұғынады.

Ақынның әдемілікке, әсемдікке бөленіп, оранған ақынның көңіл сезім қалпы, жан дірілді жан күйінің сөзі. Бұл жырлардың барлығы, үлкен жүрек, айырықша аялы сезім, сергек те, зерек қағылез құштарлық, ыстық ынтықтық иесі ақынның – қуатты ой, көркем, таным, парасатты суреткердің әлеуетті бітім-болмыс, тұлғасы, жан әлемінің бейнесі.

Өлеңде аты аталатын Төлеужан Ысмайылов та ойлы ақын ұзақ жылдар Қазақстанның әр қиянында тағдыр кешіп, басын тауға да, тасқа да ұрып өткен өміріне өкініш білдірген. Ақын:

«Мен қалай Аққорамды қия аламын,
Толқынды ән өлкесін, күй алабын.
Ұқсатам тағдырымның асуына,
Тік өрлі, күз арналы, қияларын.
Шыққанда осы алтын босағадан,
Сағыныш ере шықты-ау қоса маған.
Көзімнің жаңбыры не жауып кеткен,
Сезім бе жырларыма қоса алмаған» [90],

– деп 1963 жылы «Лениншіл жас» газетінде жарық көрген «Туған өлке жолдарында» атты өлеңінде көкірегі қарс айрыла жырға қосқан.

Полигонның атын атауға болмайтын әділетсіз қоғамда Төлеужан ақынның туындыларының ішінде М. Әуезовке арнаған «Юбилейдегі сөзін» айрықша атап өтуге болады. Бұл өзі жұмбақты, астарлы терең мағыналы сәтті шыққан өлең. Мұнда ел тағдыры, жер тағдыры, Мұхтар арқалаған ауыр жүк, творчестволық азапты сапар бәрі де мегзеу, тұспал образдар арқылы бейнеленген:

«О, жылдар, жылдар,
Мұжыдың жартастарды құрт сықылды.
Қарт Шығыс уақыт сайын аласарып,
Шолады төңіректі беті әжімді» [91],

– деп полигонның атын атауға ауыз бармайтын мылқау, меңіреу кезде жердің тозғанын, мал-жанның азғанын мұнан артық айту мүмкін емес еді.

Туған жерін қастерлеп, жыр арнаған Мерғали ақын көңілі халық қасіретіне келгенде бей-жай қарай алмайды. Оның «Қызыл құмдағы дауыл», «Қара жер, саған өкпем жоқ» өлеңдері киелі жерімізді ажал тозағына айналдырған оқиға жайлы. Ақын:

«Құм-құйын аспан астын шыр айналып,
Таза ауа бара жатыр лайланып.
Қызылқұм қызыл өрт боп лапылдады,
Жатқандай жер астында мұнай жанып.
Қарайды мыс сәулелі күн бұйығып,
Барады ақ бөкендер сырғи ығып.
Мылқау үн, соқыр жанар: қалғандай бір,
Көзіне тіршіліктің құм құйылып.
Бүгінге ауысқандай кешегі күн» [88, б. 8],

– деп тіршіліксіз қалған қара жерді жырға қосады.

Ақын өлеңінде ауыр үнсіздікке айналған, атын атауға болмайтын трагедияны тұспалдап жеткізген азаматтың позициясы көрінеді. Ол:

«Атомды, нейтронды дәуір мына,
Тым-тырыс, көтергендей ауыр күнә» [88, б. 23],

– деп бір ғана ел саясатына ғана емес, барша әлемге, күллі дәуірге лағнет айтады.

Мерғали Ибраевтың «Қара жер, саған өкпем жоқ» өлеңі циклден өлең. Адамзаттан азап көрген жер анадан кешірім сұрайды. Ол:

«Қолымды қойып кеудеме,
«Кеш дейін анам, кеш дейін»,
Тартылып қалды өзенің,
Тарылып кетті төскейің,
Қараймын іштей елжіреп,
Қарағай кетті селдіреп,
Қарамай сіңген суларға,
Қарамай кетті ел жүдеп,
Соғады дауыл, жел үдеп» [88, б. 23],

– деп табиғаттың тепе-теңдігін бұзған ұрпақ күнәсін әшкерелейді.

Осылайша алдыңғы үш толғаныста табиғат тепе-теңдігінің бұзылуына келешек ұрпақ атынан кешірім өтінген ақын төртінші толғаныста полигон қасіретіне ойысады.

Ақын: «Атомды айтсам – бұзылам,
Атомды айтсам – қызынам,
Жарылыс түбі –жансыздық,
Жансыздық түбі –заңсыздық,
Заңсыздық түбі –арсыздық» [88, б. 23],

– деп ел тағдырын ойлаған азамат ақын кінәлілерді жауапқа тарта өктем үн катады. Ассонанстық және аллитерацияны шебер қолданып, ақынның ішкі дауылы құйын болып сыртқа лықсиды.

Мерғалидың Семей қасіреті жайлы жазған басқа да қаламгерлерден ерекшелігі сұңғылалығы сол кезеңдегі екі алпауыт елдің арасындағы текетіресті сезе білуінде жатыр. Әлем оқиғаларына көзіқарақты ақын «НАТО» өлеңінде ақын:

Ақын: «Болған кезде барлық жағдай екшеліп,
СССР-да жаңа қару жасалған.
Советтерге болмас десті еш сеніп».
Тіркепті мыс, сейсметика дүмпуін,
Сынапты мыс, жаңа қару бір түрін» [88, б. 23],

– деп ядролық қарудың әлем үшін зиянын айқындап береді.

Полигон қасіретіне жаны күйзеле жыр толғаған ақын өмірі сынақ зардабынан мезгілсіз қиылды. Бұл жайлы ақынның досы Төкен Ибрагимов: «Атом уы жайлаған жердің қасіретіне егіле езілген ақынды қатыгез ажал қармағына алады деп кім ойлаған» [92], – деп күйзеле сөз қозғайды.

Елдің, жердің ащы қасіреті, полигон зардабы Абайдай поэзия пайғамбарының құдіретіне бас иген ұрпақты мойыта алмасы хақ. Төлеген Жанғалиев:

«Ұлыларды тудырған, улы газдан құтылған,
Ұлы Абайдың елі де ерді әлем көшіне» [86, б. 4],

– деп болашаққа кәміл сенім білдіреді.

Талантты ақындарымыздың бірі Ақберен Елгезек:

«Тек Сөз ғана сақтайды екен иісін,
Азалы жұрт Абай жырын жаттаумен
Аман қалды, жусан аңқып ми іші!
Қасиетті Семей топырағы» [93],

– деп қасиетті топырақтың киесі мен ұлы Абай сөзінің өміршеңдігін паш етеді:

Қырық жыл Шыңғыстауда жарылған атомнан қазақтың мойымай, рухының асқақ болуына әсер етуші бірден бір күш – Абай сөзінің киесі, Абай үнінің рухы. Төлеген мен Ақберен осыншама азапқа төзе білген ұлттың сөз құдыретін түсінер қасиетіне сүйсінеді.

Бұл жырлардың барлығы үлкен жүрек, айрықша аялы сезім, сергек те, зерек қағылез құштарлық, ыстық ынтықтық иесі ақынның – қуатты ой, көркем, таным, парасатты суреткердің әлеуетті бітім-болмыс, тұлғасы, жан әлемінің бейнесі. Мерғали, Төлеген, Бауыржан ақындардың дала туралы өлеңдері сырт қарағанда бірін-бірі қайталап жататын секілді көрінгенмен, әр туындысы дала образын жаңа қырымен, тосын сипатымен толықтыра түседі.

Далам деп көкірегін кере жырлап, туған дала дегенде шабыты, екінші тынысы ашылғандай ала бөтен күй кешетін ақындардың бірі – көп жылдар салып оқырманмен қауышқан «Абай» журналының редакторы, ұлтына талмай қызмет етуші Мұратбек Оспанов. Оның далаға деген шексіз сүйіспеншілігі халқына деген махаббатымен ұласып жатыр. Ақын:

«Сағымды далам,
Сабырлы далам»
Берер ем бойда барымды саған.
Абайдың елі.
Бар ойдың кені
Басымнан майда тарайтын желі.
Топырағыңда қасиет бар-ау,
Бір көрген жанның тарқайтын шері.
Абайдың елі - Қазақ жүрегі» [94],

– деп сондықтан да ол туған даласына тағзым етіп, басын иеді.

Туған Шыңғыстауы мен Қарауылын әлемнің сегізінші кереметіне балаған өзегін өлең кернеген ақын жүрегі сағымды даласының Абайдай дананы тудырған топырағына бас иеді. «Шыңғыстау» өлеңінде ақын көңілі күрең белінің тамашасын Америка, Италияның жұмағына айырбастамас ғажайып күйге енеді. Осылайша ғажайып өлкеге тамсана, қиялымен әніне қосқан Мұратбек енді бірде Абай, Мұхтар, Шәкәрім болып даңқы шыққан Семей жерінің сынақ әкелген қайғыдан қайысқан қабырғасына жауап таппай аласұрса, «Сарыарқа» жырында:

«Тыңдайтын оны бірақ, құлақ бар ма.
Толады миым миллион сұрақтарға.
Обалың- ойрандаған орталыққа,

Зауалың – зақымданған сынақтарда» [94, б. 130], – деп сұрақтарына жауап іздей, кеңестік жүйенің саясатын әшкерелейді.

Қазақ халқында ұлттық танымның өзегі – дала, дала дегеніміз ауыл. Көркем әдеби үрдістегі қаламгерлер өзінің таным - түсінігіне орай қоршаған ортасын, замандағы әртүрлі өзгерістерді, қоғамда болып жатқан түрлі құбылстарды өзінше зерделеп түсінеді. Лирикалық туындыларда дала образының интерпретациясы өте маңызды, себебі дала – ақынның танымындағы өзгеріс болмысы. Қазақ халқының өмір сүру салты, тұрмысы, наным-сенімі көшпелі өмірмен байланысты. Халық дүниетанымында дала кеңдікті білдіреді. Өмір салтының өзгеруіне байланысты қазақ халқы біртіндепкөшпенділіктен отырықшылыққа ауыса бастады. Сол себепті далаға тән кеңдік, жомарттық ұғымдары ауылмен байланысты.

Ғалым: А. Әмірбекова: «Метафизикалық, ұлттық-мәдени және эмоционалдық концептілер» [95], – деп поэтикалық мәтіндердегі концептілерді адамзат санасындағы танылу деңгейіне, ақиқат дүниедегі болмысына, концептінің өзіндік ерекшелігіне қарай шартты түрде жітеп көрсетеді. Зерттеуші: «Қазақ халқының ұлттық мәдениетінде аса қадірлі болып табылатын көш, домбыра, қамшы сияқты ұғымдар қатарында атап, дала жөнінде қазақтың өмірін, жайлауын, мал шаруашылығын, дархан кеңдікті, жазықтықты айқындайды. Автор танымында дала кеңдік эталоны ретінде алынып, қазақтың кеңбайтақ жеріндегі ұлттық-мәдени өмірді, яғни қазақ даласындағы жырмен ұйықтап, жырмен ояңған, еркіндікті сүйетін халықтың болмысын сипаттайды» [95, б. 10], – дей келе, түрлі концептілік құрылымда берілген дала бейнесін мысалға келтіреді.

Шын мәнінде дала ұғымы ақын-жазушыларымыз үшін киелі мекен, дархандық пен кеңдіктің символы болса, осы еркіндіктің бұғауланып, кең жазық жасыл өлкенің күлі қалған төбешіктерге, беті айғыздалған бетпақ далаға айналғаны дала бейнесін сұр палитра үстейді.

Полигон трагедиясын дала бейнесімен астастыра суреттеп, сорлы күйге ұшыраған даланы тірі өлікке теңеген ақын қазіргі қазақ лирикасына жаңша тыныс алып келген, қазақ әдебиетінің феномені аталып жүрген Тыныштықбек Әбдікәкімов. Ақын өлеңдерінде дала бейнесін суреттеуде ұрандатылған, лепіре шаттық сөздері ада. Т. Әбдікәкімовтің әр өлеңінде шынайы сурет, тың тіркестер жатыр:

«Сөз сүйегін өлшеме мұңды өлшегін,
Ой көп, қобыз ділімнің түртер ішегін.
Сары дала дөңбекшіп Күн астында,
Сайтан – соғым сорады бұлт емшегін» [96],

– деп туған жер, ел қайғы мұңын бар жанымен сезінген ақын дөңбекшіген сары далаға деген аяныш сезімін білдіреді.

Тыныштықбек ақынның даласы- дөңбекшіген дертті адам. Нағыз даланың, елінің дертін түсінген ақын. Дертке шалдыққан сары дала күйік тау, ісік төбелермен жалғасқанда Дегеленді дүрсілдеткен орасан апаттың сырын

ұққандай боласың. Ақын өз өлеңдерінде тауды – кіл күйікке, төбені ісікке теңейді.

«Ақынның осы Ажал даласындағы тас» өлеңінде қазақ оқырманына бұрыннан таныс дала, тау, төбенің өзгеше сипатта ерекше таным, құбылысқа айналуының өзі ақынның ішкі мұңы, зары. Табиғатқа апаттың қанды шеңгелін батырғаны соншалық, «есі ішінде бір ғана ермен тірі», түз түгілі аспанның да өлуі дала қасіретінің соншалықты қалыңдығы мен молдығын көрсетеді. Ақынның:

«Қи түбінде кесіртке бақырайып,
ши түбінде шегіртке шоқынады!..

Тэй-тэй құрақ қалайша көтерілер?

Табиғатта – бөтен үн, бөтен рең» [96, б. 26],

– деген жолдарындағы кесірткенің бақырайып, шегірткенің шошынуы Тыныштықбекке ғана тән соны тіркестер. Ақынның жан азабы өзінің өресі биік, көпшілік жете алмас өз интеллектісіне сәйкес образдармен бедерлейді. Жалпы алғанда әдіс мәселесіне келсек, онда әр ақынның өзіндік қолтаңбасы айқындалады, танылады. Тыныштықбектің ойлауы, философиялық терең толғамы әлемдік деңгеймен қатар ұлттық дүниетанымнан іргесі ажырамайды. Ақын бақырайған кесіртке, шоқынған шегіртке, ібіліс миындай долданған аңызға ортасында «тэй-тэй» құлынын іздеп шырқырайды.

Тыныштықбек Әбдікәкімов:

«Мен бейшара Даламның айтқан сырын, пенделердің тіліне аударамын!

Ей, Уақыт, сөз берме, Берсең маған Ұлып шыққан ойлардың кезегін бер»!
[96, б. 22], – деп дала сырын көкірек көзімен тыңдап, ақ қағазға түсіргендей.

Ақын ұлы Даланың сырын ұғып, тереңнен ой толғап, соны өлең түріне көшіруге өлердей ынтық, құштар. Пайымдауымызша, Тыныштықбек өлеңін өзі жазып отырмағандай, тек Даланың сырлы жырын жүрегімен тыңдап, жанарына көшіріп, қағаз бетіне түсіргендей. Қ. Құрманғали: «Жалпы, Т. Әбдікәкімов нені айтып, нені жазса да тыңнан жол салуға шебер. Оған айсыз түнде даласы мен дарыны адастырмайтын, жалғызсыратпайтын жансерік. Ақын арманы – табиғаттың қаз қалпында сақталуын аңсау» [97], – деп ақын мен дала байланысын көрсетеді.

Ақын Т. Әбдікәкімов:

Көлдерімді, шіркін-ай, сақтап қалсам,

«Көздерімнің мөлдірін берсем де мен!» [96, б. 27],

– деп туған жерін қасіреттен сақтап қалу үшін жанын беруге даяр ақынның елжандығы сөзінің шындығына сендіреді.

Ақынның «Қаңтарда да көрмедім балауса қар» өлеңіндегі:

«Қайдасың сен, бауырым – қоңыр тауым?!

Қайдасың, самал жел – қарындасым?!

Қайнамайды мендегі қалайша қан:

(Көз алдымда барасың сен үзіліп,

Көде мұртты Далам-ай, селеу сақал!

Түсіндіре алар ма мұны ғалым,

Түйсіктердің сайраған тілі қане?
Көрсетпеші, бұралқы итке айналып,
Ағысы жоқ арнаның ұлығанын!...
Тонауменен, Далам-ай, күн кештің-ау
Тоғайлардан томарлар ғана қалған!...
...Жарасынан жанымның дірдек қағып,
Дірдек қағып, қып-қызыл жыр ағады...» [96, б. 28],

– деп көз алдында үзіліп бара жатқан көде мұртты селеу сақал даласын ойлағанда жанының жарасынан дірдектеген қанды жырдың сауғалауы ақын жанының, халық трагедиясымен біте қайнасып кеткен ақын трагедиясы емес пе? Ақын:

«Тағдырыңа тақсырет тап болды ма,
Сыртыңда – шөл, жұртым-ай, ішінде – шер?!
...Неге, неге, мына жұрт салғырт, керең?
Ойлай білер ұлдары мәңгүрттенген...» [96, б. 27],

– деп күйкі тірліктің құрбанына айналған, адамдарға деген ыза-кегін ашына жырлайды.

Дала бейнесі Тыныштықбек ақында адам бейнесінде. Дала – ақын үшін, ең алдымен туған Шыңғыстауы, ядролық алаңға айналған қасіретті Семей даласы. Ұлтын сүйген ақын:

«Күн кірпігін ашқанда, тақыр Дала көрінген,
Қалаға да сол тақыр қорқынышты өлімнен.
Қасқыр да жоқ ол жақта, Арқар да жоқ. Құрыған.
Тек иттері мияулап, мысықтары ұлыған.
Жер төсіне сол жақта Атом сынақ қаққан-ды
Мекендейтін халқы да қара халық ақ қанды» [96, б. 76],

– деп көрсетеді. Ақын пайымдауынша: «Тақыр дала өлімнен хабар беріп тұр. Иттерді мияулатып, мысықтарды ұлыту арқылы табиғатта пайда болған қатерлі дисгормонияны образдаған. Ақ қанды қара халық – ұлт трагедиясы. Дала трагедиясы – тек табиғи апат емес, бүкіл ұлт тағдырының апаты» [98], – дегенді білдіреді. Тағдырлас, жерлес ақын досы Төлеген айтқандай: «Сен – далаға, ал дала саған ғашық» [86, б. 219], – деуінің өзінде дала мен Тыныштықбек егіз ұғым. Кіндігі туған елден ажырамаған ақынға жер-ананың, туған өлкенің қасіретінен ауыр қайғы жоқ. Шыңғыстау қайғыға батса, Тыныштықбек күңіренеді, Дегелең жаны дірілдесе, Тыныштықбектің жүрегінен қанды жас ағады.

Қазақ ақындары шығармашылығындағы ата-мекенге деген шексіз сағыныш Ақберен ақын поэзиясына тән. Мәселен, «Атамекен» өлеңіндегі шумақ жолдарына көз жіберсек:

«Тасы да мұңлы салар ән,
Тауы да тірі әулие,
Туған жерге оралам,
Топырағында бар кие» [93, б. 129], – деп атамекенге арналған іңкәр сезімді байқаймыз.

А. Елгезектің «Дала трагедиясы» өлеңдер циклы «Көлеңкелер күбірі» кітабына енген.

Өткен ғасырда ақындардың дала табиғаты жайлы өлеңдерінде табиғаттың тамаша көрінісі ғана суреттелді.

1949 жылдың жер дүниені тітіреткен жойқын алапат жарылысынан соң, қаламгерлер шығармашылығында кеуделеріндегі ащы ыза-кек сол жарылыспен бірге кеңестік сұрқия саясатына деген ширыққан ашуы боп сыртқа атылды. Халық жанарындағы айықпас мұң ақынның кеудесіне қадалған ауыр оқтай болып, алып жүрер салмағы ауыр аманатқа айналғандай.

Дегелең аумағының сынақ полигонының алғашқы жарылысын суреттеуде ақын Сталин бұйрығын орындаушы жендеттердің қимылы мен қазақ даласының ауыр трагедиясын:

«Генералдар «қызыл түйме» басқанда,

Тозақ оты көтерілді аспанға.

Дегелеңнің қақ жарылып бүйрегі,

Дала жатты жанарынан жас парлап» [93, б. 130], – деп дала трагедиясын билікпен байланыстыра жырлайды.

Өзіне деген осындай қатыгездікке үрке қараған жерді ақын:

«Ғайып болсаң, жоқтамайды дала да,

Сыбдыр етіп теңселместей шеңгелі.

Ертеңгілік қабірлері қазулы,

Біздің жақтың адамдары қажулы.

Шал жігіттер, кемпір қыздар қайдағы,

Жарылыстан бетке түскен әжімі!

Бұл неғылған сұрғылт - сұрғылт суреттер,

Бұл неғылған меңірейген жүректер?..» [93, б. 131], – деп бірте-бірте тас боп қатқан кебін далаға айналдырады.

Еркін даланың ерке ұлдарын әлдилейтін жер-ана да өкпелі. Меңірейген жүректерден жүрегі шайлыққан жер де мызғымастай. Мұндағы сезім мен суреттің егізделуі ақынның дүниені сезімі арқылы қабылдайды деген ұғымның төңірегіне ойысады. Ақын:

«Жер ананың шашы ағарып ілезде,

Қарғап жатты қасиетсіз жендетін» [93, б. 132], – деген өлеңдерінде Дегелеңнің ауыр тағдыры жатыр.

Осы жолдарды оқып отырып, Семей қасіретін санадан жадыдан өткізгендей боласың. Ақын Дегелең тауын сынақтан екіге қарс жарылған адам ағзасымен теңестіреді. Жанарынан жас парлаған дала, аспаннан жауған күл, жүні жижіп, жанарлары аққан ит, мысықтар, аппақ сүйекке айналған қу бастар – осының барлығы ақынның тың тіркестері, суреткерлік шеберлігі.

Ақберен Елгезектің ақындық дүниетаным кең. Елгезек ақынның «Дала трагедиясы» басқа табиғат туралы жазылған лирикасымен салыстырғанда мүлде басқа арнада. Өзгеше сурет, өзгеше сипаттағы қайғылы көрініс, табиғат лирикаларына қарағанда мүлдем кереғар. Басқаша сурет. Аянышты, қасіретті көрініс.

«Дала трагедиясы» бес бөлімнен тұрады. «Психосурет» деп аталатын бөлімде сынақтың салдарынан болған зияндар, Дегелеңнің адамдары кейіпкер ретінде алынып, образдардың ішкі жан- дүниесі типтік деңгейде суреттелген. Туындыдағы:

«Күлкі орнына – иектегі дірдегі...»,
«Қуғыннан ба, аштықтан ба білмедім,
Күп-күрең боп міз бақпайды реңі.
Аралатпас ішкі сарай-бөлмені.
Ілінулі жүректердің ілгегі,
Жүздерінде – сыр бермейтін салқындық,

Жарығы жоқ тас үйлердей түндегі» [93, б. 133], – деген жолдарда көпшілік ортасындағы жатсыну процесі. Қолдан жасалған апаттан табиғи сұлулығынан айырылған тіршілік.

Жалпы Ақбереннің циклді өлеңі бір -бірінен алшақтамай жымдасып келеді. Зерттеуші И.В. Фоменко циклді жеке мен жалпы арасындағы байланыста алып: «отношения между отдельным стихотворением и циклом можно в этом случае рассматривать как отношения между элементом и системой» [99], – зерделейді. Ал, М.М. Гришман өз кезегінде: «Литературное произведение это именно органическое цельное, так как, во-первых, присуще особое саморазвитие, а во-вторых, каждый составляющий его значимый элемент не просто теряет ряд свойств вне целого (как деталь конструкции), а вообще не может существовать в таком же качестве за его пределами» [100], – деп циклдік өлеңнің өзіндік ерекшелігін атап өтеді.

Ақын Ақберен өз заманының сұрапыл сұмдығын поэтикалық көркем ой трагизммен бедерлеп берген. Ақын:

«Тірі жүрсең ол – өзіңнің еңбегің,
өліп қалсаң, төсегің бар көрдегі.
Ғайып болсаң, жоқтамайды да,
Сыбдыр етіп теңселместей шеңгелі.
Ертеңгілік қабірлері қазулы,
Біздің жақтың адамдары қажулы.
Шал – жігіттер, кемпір – қыздар қайдағы,
Жарылыстан бетке түскен әжімі!
Бұл неғылған сұрғылт-сұрғылт суреттер,
Бұл неғылған меңірейген жүректер?..
Мұздай нұрға бөлеп жатыр даламды,

Қорымдардан сәуле шашқан сүйектер!..» [93, б. 138], – деп Дегелеңнің терең трагизмге толы психологиялық суретін береді.

Ядролық сынақты көзімен көріп, куә болған, Дегелең трагедиясын өн-бойынан өткізген ақындарымыздың бірі - Бауыржан Жақып.

«Елім- ай дедім- егілдім,

Халқым-ай дедім- сөгілдім» [84, б. 53], – деп елінің патриотына айналған азамат ақынның қуаныша да қайғысы да халық үні, ұлт тағдыры.

Бауыржан Жақыптың «Атыңнан айналайын, Абыралым...» [82, б. 110], өлеңінде атом, сутегі бомбаларының жарылысынан жарадар болған ауданды Қажы атаның аруағын шақырып, әйгілі Әміренің әнімен, Тәттімбеттің күйлерімен «емдеп» тербетеді.

Ақынның «Омар қой сойған Бұлағы» балладасында өзі көзі көрген адамдар трагедиясынан, жер атауының неліктен солай аталғандығы жайлы сыр шертеді. Сюжетті өлең қатарынан саналатын туынды оқырманды алғашқы атом бомбасы сыналған кезеңге әкеледі. Бауыржан ақын өлеңдеріндегі ішкі үйлесімдік, ішкі поэтикалық қабат өзіндік ырғақ туғызады. Атамекеннен жаппай көшіргенін ақын:

«Жерім бар, туған тауым бар,
Атамекенде бір туам,
Депті де кейбір ауылдар,
Көшпепті ата жұртынан» [89, б. 189],

– деген жолдарда көрсетеді. Ата-қоныс, өскен мекен қазақ ұлты үшін қасиетті. Солақай саясаттың ұлттың менталитетін танымауы трагедияның бастауында жатыр. «Елге жақсылық тілеген Омардың бейнесінде қарапайым қазақтың образы, шаруасын күйттеген момындығы жатыр».

Ақын:

«Сол сәтте сұмдық басталған,
Солқ етіп жердің бауыры.
Отты шар жанып аспанда

Соғыпты зұлмат дауылы» [82, б. 190], – деп өз туындысында оқиғаны одан әрі жарылыстың болу кезеңімен өрбітеді:

«Тау жылап, жапанның көзінен жас шығарған» зұлматтың куәгері бұлақ атын «Омар қой сойған» атандырған. Сол сайдың жанына адам баспас үрейін «Бұл күнде мұңды ән тұнып, Сол сайдан адам үріккен» - түрінде қарапайым детальдармен өрнектейді. Бауыржанның өлеңдерінде ұлттық нақыштағы интерпретацияланған қарапайым суреттеулер басым келеді. Ақынның:

«Тамыздың жиырма тоғызы...
Күн емес, алып шар шықты,
Аспан көзінен қан шықты.
Дегелең деген өр таудың

Кеудесінен сол күн жан шықты» [82, б. 191], – деген жолдарында жиырма тоғызыншы тамызындағы тарихи шындық көркемдік шешіммен бейнеленеді.

«Тамыздың жиырма тоғызы...» – ұзақ өлең. Жыраулық толғау іспеттес күйден диалектикалық жаңа сапаға көшіп, одаға айналады.

«Тамыздың жиырма тоғызы...
Шерменде болған өтті күн.
Желбіреді енді Көк туым
Елбасым беріп пәрменді,
Полигон жабар жетті күн,
Кеудемді теуіп текті жыр,
Оған да жиырма өтті жыл...» [82, б. 192].

Жиырма жылда жиырма ғасырлық жолдан өткен Қазақстан жаһанды жұтуға айналған атомдай дәу-перінің жұтқыншағын тығындап, Жер-Ананың, адамзаттың «жандырып жанын өрт» етпеуге, «айықпас дертке шалдықтырмауға» шақырады. Кеңестік Одақтың зұлматын ысырған елдің қуанышына шаттанған ақын көңілі масайрай жыр төгеді.

«Қария мұңы» бөлімі де оқыған оқырманға ой салып, ішкі жан-дүниесіне әсер ететін туынды. Дегелең даласында күні кеше асыр салып ойнайтын, бұзау айдап, тай мінгескен жеткіншек жастар да көрінбейді. Сәбиін құндақтаған жас келіншектер мен өлең-төсек жанында өрнек тоқитын кейуаналар да көзден жоғалған.

Кез келген ақынның өз туындысын танытатын даралық стилі балары анық. Стильдің өз туындыгерін қалай танытатындығы турасындағы Т. Абдрахманованың мына бір пікірі: «Бұл тұрғыдан алғанда суреткер стилі үлкеннен де, кішіден де байқалып тұрады. Айталық, стиль – ақын-жазушының өмірді қай қырынан көріп танып, қандай көркем сөзбен бейнелеуінің принциптік бірлігі, олардың өзара байланысы, бір-біріне әсері. Бұлар шығарманың тұла бойынан да немесе бір көркемдеу құралының, тіпті әлі айтылмаған эпитетті қолданылуынан да танылып қалып отырады» [101], – деген пікірі дәлел.

Міне, тап сондай көркемдік-стильдік даралану жолындағы шығармашылық ізденіс Семей қасіретін, Шыңғыстау, Абыралы мұңын жырға қосқан ақындар шығармашылығынан білінеді. Қасірет шеккен дала мен тау және қыры бейнесі әр ақында түрліше. Тоз-тозы шыққан сорлы «Дала» Бауыржан Жақыпта – «құлан жазық, құмай бел, боз дала, сұрланған құмбыл бел», «аққанмен ауырған дала», Тыныштықбек ақында – «Сар дала, күйік тау, ісік төбе, көде мұртты дала, селеу сақал дала, тақыр дала», Төлеген Жанғалиевте «дертті Дегелең», Мұратбек Оспановта – «сағымды, сабырлы дала» түрінде интерпретацияланып, әр ақынның стильдік ерекшелігін танытады.

Туындыны оқи отырып сол дәуірдегі кеңес әскерлерінің сұрқия саясатына куә боламыз. Солақай саясат туған жердің әсем табиғатын аяққа таптап, жерді елден айырды. Өлеңде ақынның азаматтық позициясы айқын көрінеді. Өмір шындығын шынай ақындық көркемдікпен, адам жанын психологиялық тұрғыдан суреттейді.

«Поэзия – қасап-торы тарихтың!

Поэзия – Ашақ соры тарихтың!

Поэзия қара тасы Халықтың! [102], – деп қазіргі кезең әдебиетіндегі талантты ақыны Светқали Нұржан жырлағандай, әр ақынның жырында тарихы сөзі, халықтың мұң-шері жатыр. Поэзияда полигон қасіретін жырлаған ақындарымыздың жыр өзегінде Семей даласының қайғысы мен көз жасы, енді бірінде әні мен назы болса, тағы бірінде елдің мұңы мен зары, өзара өріліп тұтасып, кете барады. Өздері суреттеп отырған тарихи шындықтан философиялық байыптаулар, парасатты түйін- тұжырымдар қорытып отырады.

Осылайша әлем әдебиетінде « атомдық әдебиет» деп аталатын ядролық қару, ядролық сынақ зардаптары жайлы жазылған шығармалар қатарында қазақ әдебиеті қаламгерлері де жаңа есімдермен, жаңа оқиғалармен толықты. Семей қасіреті тақырыбына азаматтық ұстанымын айқын білдірген жыр иелері қазақ поэзиясына өз үлесін қосты. Қоғам тарихы мен ұлт тарихы санасында таңбаланған сынық полигонының кеселін жеткізе білді. Кеселді жақтарға көңіл аударған қаламгерлер жырларында өмірдің күнгейі мен көлеңкесі қатар орын алған. Ол бірде шаттанып қуанса, енді бірде мұңға батып, тағы бірде қалың қайғының астында қалғандай әсер береді. Жеке басының емес, қалың қазағының бүгіні мен болашағына алаңдайтын ақын жырларында әлеуметтік-психологиялық күйзеліспен бірге терең ойларға жетелейтін философиялық ой басым.

Атап айтқанда, Ақын Темірхан Медетбектің «Полигон» және «Сынақ полигоны» атты өлеңдерінде:

«Гөй-гөйін мен айта алмаймын көмейдің,
Жан тілегін, жүрек сөзін жебейін.
Полигондар, полигондар көп әлі
Жабылғанмен полигоны Семейдің.
Сыпырылып қараңғылық түнегі,
Орнағанмен елдің ұлы тілегі.
Полигонға айналды ғой бүгінде
Әр қазақтың, бар қазақтың жүрегі.
Сыпырылып қараңғылық түнегі,
Орнағанмен елдің ұлы тілегі! –
Полигонға айналды ғой, –құдай-ай!

Ар-намысты бар қазақтың жүрегі!» [103], – деп сынақ тоқтатылғанымен одың зардаптарының әлі де өшпегенін, халық санасының улануы мен ұлттық құндылықтар мәселесі көтеріледі.

Поэзияның басты мақсаты – өмірді көшіріп бейнелеу ғана емес, сонымен қатар ақиқат шындықтың жоғары идеялары мен жақсылықтың мәңгілік екенін адамзат баласының санасына сіңіру. Осындай қасиетімен-ақ поэзия өмірдің мәнін ашып бере алады, ұмтылыстарымыз бен жүрек қалауымен болатын құштарлықтарымыздың сырын ашып, айнала қоршаған ортаға ой көзімен қарауға үйретеді.

Осы негізден алғанда Несіпбек Айтөвтың «Семей» өлеңінде:

«Семейдің айналасы – тау мен дала,
Төрінен тозақ оты сөнген жаңа.
Қалың ел ұйып жатқан айрансүттей,
Айқасқан бабалары жаумен ғана.
Күңіренер күлі қалған тау Дегелең,
Не деген тағдыр еді әурелеген?
Көзінен тіршіліктің жас тамады,

Жүрегі секем алып әлденеден?» [104], – деп қасірет уын арқалаған қарт Семейдің өткені мен бүгініне көз жүгіртеді. Салсері, әнші-күйші, ақын-

жыршылар ортасында қала төрінде тербелген Абайдың Шәкәрім, Әсет, Мұхтар, Әлкей, Қаныштардың табанының ізі тиген қарт Семейдің ғасыр қасіретін арқалаған қайғысын жырлайды.

Дегенмен де, оптимист ақын қазақтың бүгінгі жарқын болашағына сенім артады. Ақын:

«Уа, Семей, бүкіл қазақ – сен дегенім,

Қазығы бақытымның елде менің.

Мендағы өзің құсап әр күн сайын

Тәуелсіз таң нұрымен емделемін!..» [104, б. 90], – деп қиындықтан көз ашпаған қарт Семейдің тәуелсіз Қазақстанда жарқын болатынына шаттанады.

Еліміздің егемендік алып, аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізген халықтың орындалған арманы келешекке деген үміт оты сөнгендей болған Төлеген ақын өлеңінде:

«Күн көріне бастады күлімдеген қабақтан.

Мұның бәрі, алдымен азаттықтың арқасы,

Армандады бұл күнді қайғылы елдің қаншасы?!

Курчатовтар отырған темір бетон астынан,

Мамыражай тірліктің көрінеді майсасы» [86, б. 123], – деген жолдандан оптимистік асқақ рух бой көрсете бастайды

«Елу жылда ел жаңа» дегендей:

Тәубә, Құдай, тәуелсіз Ел болғалы еңселі,

Атың өшкір атомның қалмады бір бөлшегі.

Азып, тозған ел мен жер, ширек ғасыр ішінде,

Ақ кемеге айналды алға тартқан желкені.

Өзен, көлге су келді, арнаны ашып су алған,

Ағаштар да бүрленді әлдеқашан қуарған.

Ал қаракөк аспанның ажары да ашылды,

Албастыдай басатын айыққан соң тұманнан.

Жырым-жырым тілінген Жер-Ананың бетіне,

Қаулап өсті қалың шөп, қайта оралып несібе» [86, б. 124], – деген шумақтарда ақын кеудесін қуаныш сезімі кернейді.

Ақын Мұратбек те полигон синдромының әлі жоғалмаса да туған Шыңғыс өлкесінің тәуелсіздіктің думанына айналғанын мақтан етеді.

«Жауқазындар көрсетіп шынашағын

Көз ұшында ойнайды бұла сағым» [94, б. 97], – деп шаттанған ақын тілі бейнелі. Қылтиып енді өсіп келе жатқан жауқазын қанды жерге шыққан тіршілік нәрі, Болашаққа деген сенім.

Табиғат ана барша тіршіліктің, қасиеті де, қастерлі мекені. Адамзат үшін ана ұғымы қаншалықты аяулы болса, табиғат ана да соншалықты қастерлі.

Ақын қашанда халық ұлы. Демек, халықтың, ұлттың мұңы мен қайғысы ақынның жан-жүрегінен жарып шыққан кесек шумақтармен айқындалады. Бұл өз кезегінде ақынның туған халқын бар ықыласымен сүйген, жер, ел тағдырына қабырғасы қайысатын азаматтық кредосы жатыр.

Қазақ әдебиетіндегі жанрдың бір түрі болып саналатын поэма табиғатын, оның туған әдебиетіміздегі қалыптасу, даму ерекшеліктерін, мазмұндық жағынан жіктелу сипатына назар аударсақ, көптеген жайттарды аңғарамыз. Поэма – эпикасы мен лирикасы қабысып, астарласып жатқан кесек, поэтикалық шығарма.

Поэманың басқа әдебиеттік жанрлардан ерекшелігі – оның оқушы эмоциясын біртіндеп емес, бірден баурап алуында. Поэма өзінің ырғақ, ұйқасымен, мазмұны, түрімен, сырлы да терең идеясымен, өзіне тән сазды әуезімен, шабытты динамикасымен ерекше. Поэмадан ақынның білімділігі, шеберлігі, ақындық фантазиясы, ақындық философиясы көрінеді.

Қазақ әдебиеті тарихына әріден көз жібертсек лиро-эпостық, эпостық, батырлар жырын, қисса-дастандарды айтпағанда, поэма жанры ұлы Абайдан басталды десек, оның дәстүрін одан әрі жалғастырушы кешегі күндерде эпикалық поэманың майталманы атанған Сұлтанмахмұт Торайғыровты, Ілияс Жансүгіровті, Сәкен Сейфуллинді, Қасым Аманжоловты мақтанышпен айта аламыз. Бауыржан Жақып та поэма жанрында ерекше қолтаңбасымен дараланады.

Соңғы жылдары жұрт қазір прозаны ғана оқитын болды, поэзия оқырмандары мүлде азайып кетті деген жаңсақ, ұшқары пікір белең алып жүр. Әдебиетімізді төл бесігінде тербеген анасы – поэзия оқырмандарына қашан да жақын, қашан да қимас сүйіктісі. Мәселе – сол жырдың қалай жазылуында және оны кім жазуында. Осы бір сұлулық дүниесімен тәңіріндей табысып, табиғатқа тіл бітіре жырлап жүрген бүгінгі ақындардың ішінде өзіндік стильдік мәнерімен ерекшеленіп жүрген Мұқағали атындағы сыйлықтың лауреаты – Бауыржан Жақып. Ақын жырының сырт сипаты «мен мұңдалап» тұратын әсіреліктен мүлде азат, байсалды да ұстамды, ал ішкі мазмұны-ойлы да терең мағыналы. Күрделілігі – жырларының гүл шоғының күлтесіндей нәзіктігінде.

Ақын Бауыржан Жақыптың әдеби мұрасында ерекше орын алатын, терең идеялы, салмақты тақырыпты көтерген, шоқтығы биік шығармаларының бірі - «Жан дауысы» поэмасы. Бұл поэмада ақын ядролық жарылыстан зардап шеккен адам мен табиғат мұңын жырлайды.

Еліміздің табиғатына, сұлулыққа қатер төнгенде ақын оны қызғыштай қорып, даланың беймаза бозторғайындай шарқ ұра шырылдайды, әлемге жар сала жан даусымен тебірене жырлайды. Ақынның «Жан даусы» осындай сәтте туған поэма. Поэма «Дегелең тауының зары», «1949. Тамыздың жиырма тоғызы», «Қураған тоғайдың соңғы сөзі», «Боз баланың қасіреті», «Тартылған өзеннің мұңы», «Желдің жоқтауы», «Жидебайдағы зират. Абай жыры», «Мыржық тауының бөктері», Тәттімбет күйінің күмбірі», «Шыңғыстау. Шәкәрім қажының шындығы», «Таңат жайлауы. Әмере әнінің әуені», «Бөрілі. Әуезов Мұхтардың мұңды үні», «Қарауыл төбе. Олжас Сүлейменов оқыған өлең», «Семей полигонында өскен баланың жыры», «Семей полигонында өлген баланың зары», «Жапырақтар жыры» деп аталатын бірнеше бөлімдерден тұрады. Шығармадағы оқиға дала суретінен басталады:

«Кұлпырған құлан жазық, құмай белің,

Шыңғыстау, Абыралы шұрайлы едің,
«Сол бағың қайда кеткен бастан ұшып,
Сол шағың қайда кеткен сұрайды елің?» [82, б. 160], – деп ақын киелі
туған жердің күл болып кеткен сұлу табиғатын іздеп:

...Туған жер тек өзіңсің – шын ұлылық,
Сен тұрсың бәрінін де мұңын ұғып.
Қараймын келер күндер тізбегіне
Шұрқырап көкірегімде құлын-үміт...» [82, б. 161], – дейді.

Ендігі жерде ақын «бұрын гүл таққан төсін» бүгінгі күні «қайғы басып,
мұң таптаған», «тозған жер, тозған өлке, сырқат дала» болып толғанады:

«Жазығың бұрынғыдай гүл тақпаған,
Төсінді қайғы басып, мұң таптаған.
Мен де енді өзің болып толғанайын,

Тозған жер, жүдеу өлкем, сырқат далам» [82, б. 162], – деген жолдарда
тың тіркестер, соны суреттер жатыр.

Тіршілікті мәңгі әлдилеп, тербетіп тұрған Жер-ана бүгін неге шашын
жайып жоқтау айтады? Ол жоқтауды таскерен қатыгездер неге естімейді? Жер-
ананың асыл перзенті – адамдар өміріне неге қатер төнеді? Ақын жүрегі осыған
ашынады, осыған күйінеді. Оның арманы табиғат пен адам арасындағы
келістілік, үйлесімділік, сұлулық, мөлдіреген тазалық. Осы әсемдікті қырағы
ақын көзі, сезімтал ақын жүрегі жарқын бояулармен жыр жолдарында
өрнектейді.

Бұл поэмадағы қай тарауды оқысаңыз да қаның атқақтап басыңа шауып,
жаның шүберекке түйіліп, ет-бауырың езіліп, сай-сүйегің сырқырап қоя береді.

Сөз жоқ, Дегелең мен Абыралы қасіреті – бүкіл жердің, бүкіл қазақтың
қасіреті. Ол қасіретті бүкіл болмыс-бітіміңмен, бүкіл тамыр-талшығыңмен
сезінесің. Бірақ ол қасіретті дәл Бауыржан ақындай сезіне қоюымыз қиын.

«Жан дауысы» атты өзгеше формада жазылған поэмасын оқығанда
оқушысын бейжай қалдырмай, ақынмен бірге болғандай әсерде боласың.
Поэmanın негізі өте зор пікірге құрылған. Оны іс қылып, ұқсатып шығару күші
толып, кекселенген емес, жас таланттың да қолынан келетінін дәлелдегендей.
Онда қырық жыл бойы қасірет төккен, енді ол қасіретті екі-үш жүз жыл көретін
ұрпақты еске алғандай боласың. Онда өлімге деген адамның тітіркену сезімі әр
көңілде аяныш тудырады.

Бірақ, ақынның өлім түнегін құшқан кейіпкерлері – пессимизмге бой
ұрғаннан аулақ тұлғалар. Олардың өмірге деген махаббаты мәңгілік. Өмірге
мәңгі сөнбес жарық күн тілеген оптимистік тұлғасымен оқшауланады. Өмір
шырынын қимай мәңгі түнекке аттанған аяулы жандарды бүкіл халық еске
алып, әрқайсының есімін құрмет тұтады. Адамның өзі қолдан жасаған
қасіретпен бетпе-бет келіп, өлгенімен, артында тындырған ісі, адамға лайық
аты мәңгі жасайды. Өз халқының жүрегінде өмір сүреді. Нағыз адам ол
өлмейді, өлімнің өзі – мәңгі өлмес сапарға аттану.

Қазаның қайырымсыздығына халық ешқашан басын иіп көрмеген.
Халықтың көңілі мен тарихтың төрінде өзі өлсе де ісі өлмеген ізгі

азаматтардың, азаматшалардың есімі қалады. Мәңгілікке аттанған азаматына, азаматшасына деген сағынышы әр жүректе ту болып жасайды. Өлген тәнді жас топырақ жабар, бірақ ұлы сарапшы уақыт әркімді өз орнына қояр, бағасын берер.

Бұл күнде ақын шығармашылығы жайлы, әсіресе оның «Жан дауысы» поэмасы жайлы таным биігінің бар деңгейінен дерлік пікір айтылды десек, сол тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні осы жолдардағы тәрізді қарапайым шындықтың мәндік болмыс пен мағыналық тұлғаға айналуына саятын тәрізді. «Ақынның қадау-қадау жекелеген өлендерін алып, оның дүние-танымын, көзқарасын, алған бағыты мен азаматтық үнін аңғарам деу қиянат» деп жазған екен Чернышевский деген орыстың сыншысы. Бұл үлкен шындық, әрине. Бауыржан Жақыптың сөз өнеріндегі болмыс-бітімін аңғару үшін, ақындық, азаматтық, адамдық қуатын тану үшін «Жан дауысының» өзі-ақ жетіп жатыр.

Ақынның осындай ауыр трагедиямен аяқталатын поэмада автор сюжет құру шеберлігін танытқан. Поэманың сюжеті баяндау түрінің даму процесін қарастырғанда, оның жанр ретінде ауқымды философиялық тұрғыда дүниеге келген туындының бір мысалына осы Бауыржан Өміржанұлы Жақыптың «Жан дауысын» айтуға болады.

Ғалым И. Абашидзе «Поэма дегеніміз – ғасырдың және тарихи уақыт ағымындағы адам орнының философиялық проблемалары туралы образды ойлау» [105], – деп поэманың философиялық мәнін атап көрсетеді. Осы тұрғыдан келгенде қазіргі таңда поэмаға екі нәрсе – терең психологизм мен философия қажет. Мұндай мысалға белгілі ақын М. Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда», одақтық дәрежеде белгілі ақын А.Кулешовтың «Цунами», Д. Кулгульдиновтың «Ой жарылысы» («Бунт разуму») сияқты поэмаларын атауға болады.

Бауыржан Жақыптың жанр ретінде де концепциялық ұғымға құрылған. Ақын – ғаламат трагедияға тап болған семейліктер туралы ой-толғау. Бауыржан Өміржанұлының идеялық мақсаты – адам санасындағы ұғымды сынға салу. Бұл поэманы оқығанда оқырманның өзін ойлантып, шешімін іздегендей болады. Өмір мен өлім, күн мен түн, табиғат пен адам арасындағы және қолдан жасалған трагедиямен арпалысты аңғарту сияқты ойлар жатыр. Бәрі де адам тіршілігі, рухы үшін қажет деген идея бар. Бұл бір жағынан дәстүр сабақтастығын байқатса керек. Көркемдік шешімі нанымды, тағылымды. Ақын:

«Дегелең тауының зары» бөлімінде:

«... Ей, адам, сен сенбесең, жел сенеді,

Тым құрыса, жел сенгенін көресең еді.

Қыздарым – қарағайлар түссе есіме,

Қарт денем қайғы жұтып теңселеді.

Сайларым тобылғылы, аршалы еді,

Сүйетін бұлақтарым сонша мені.

Шіркін-ай, құшағымда еркін жатқан

Немере – жақпартасым қаншама еді!

... Жаныма батқаннан соң жыр қып тұрмын,

Келеді айықпайтын мұнды ұқтырғым.

Айтайын қайсыбірін азабымның,

Есімде алғаш қысы сұмдық күннің» [82, б. 162], – деп жан дауысымен шырқырап жырлайды. Шығарманың идеясы табиғаттың тірі екендігін, оның жанды екендігін, оны аялап, қорғау керек екендігін айқындайды. Ақын поэмасының шебер құрылған композициясында шығарма идеясы мұң-шерге толы табиғат сөзімен ашылады.

«Жан дауысы» поэмасында ақынның жан дауысы шырқырап, туған жер төсінен айнадай жарқыраған, көлін іздеп, көкорайлы шалғынын таба алмай, ән шырқалып жататын ақ таңынан адасқан халық мұңын баяндайды. Құлындаған дауысы құраққа жететіндей. «Киік те жоқ, арқар да жоқ, қыран да жоқ. Жоқ! Бәрі жоқ. Тіпті дөңкиіп-дөңкиіп жатқан төбелердің де» әскердің тәртібімен шаштары алынып тасталғандай». Туған жерді адам айтқысыз зұлмат басқан. Сол зұлмат сұмдығынан тау да шыдай алмай зар қағады. Дегелең зарлап тұр:

«Басталды сол бір сұмдық бастан кешкен

Секілді әлдеқайда аспан көшкен.

Жазығым көрінбейді жадыраған

Барлығы төңіректің астаң-кестең.

Жалмады айдаһар-өрт жаппай маңды,

Барлығы төңіректің отқа айналды.

Қаптаған қарағайым шоққа айналды,

Жүрегім шошынғаннан соқпай қалды» [82, б. 163].

Таудың алып жүрегі тоқтады. Тау өлді. Енді ол күлге, үйіндіге айналды. «Жүрегім соқпайды енді, демім бітті, ей, таулар, жиналындар жаназама» дейді Дегелең. Жер үстіндегі бүкіл, тауларды жаназасына шақырып тұр. Ақырғы сөз, ақырғы тілек. Таудың өзін өлтірген ол сұрапыл сұмдық күшке ештеңе де төтеп бере алмақ емес. Сенбесең, қураған тоғайдың: «Улы ортаға қамалдым да, улы сәуле уыстадым, улы, судан нәр алдым да, улы ауамен тыныстадым. Бұтақтары қудай болып, құшағымда тұнған ағаш, абыройдан жұрдай болып, қалдым бір күн тыр жалаңаш» деген төбе құйқанды шымырлатар соңғы сөзіне құлақ тұр. Немесе «Жылайын десем жасым жоқ, тарайын десем, шашым жоқ. Әлдекімдердің қолымен көкірегіме басылды от. Қырлардың көші қаралы, қош айтып маған барады. Әнімнің бәрі мұнды да, тәнімнің бәрі жаралы» деп еңіреген алып Даланы тыңда. Әйтпесе, «Өткеннің бәрі ойымда, ұмытпағанмын, сүйретілемін еңтігіп тұрып қаламын. Шалдықтым мен де ауруға, шамам жоқ енді, құрдымға суым кеткендей құрып барамын» деп тұншығып, демі бітіп бара жатқан тартылған өзеннің мұңын естіп көр. Болмаса, «Жерімдегі жарылыс, жетті маған дүмпуі. Ойламаппын болар деп мұндай сұмдық бір күні. Кидім ажал көйлекті, жоғалып ем тапқызбай. Рухымды сөйлетті көрде тыныш жатқызбай. Адам азды, жер тозды, су тартылды, ну жанды. Қайда апарып сақтармыз қу сүйекті, қу жанды» деп жырлайды.

Бұл поэмадағы қай тарауды оқысаңыз да адам мен табиғаттың тоқырауын, құлазуын суреттейді. Сөз жоқ, Семей, Дегелең мен Абыралы қасіреті-бүкіл жердің, бүкіл қазақтың қасіреті. Ол қасіретті бүкіл болмыс-

бітіміңмен, бүкіл тамыр-талшығыңмен сезінесің. Бірақ ол қасіретті дәл ақындай сезіне қоюымыз қиын. Өйткені ол сол жердің ауасын жұтып, сол жердің суын ішіп, көлінен қоңыр үйрегін көріп, қорасынан қоңыр қозысын өргізіп өскен ақын. Алматыдан ауылына барса да, ауылынан Алматыға қайта оралса да алапат сұмдық зұлматтың аждаһа демінен әлі күнге азап шегетін жандармен күнде кездесіп, оларды күнде көріп, олармен күнде сөйлесіп отыр.

«Жан дауысы» атты өзгеше формада жазылған поэмасын оқығанда оқырманын бейжай қалдырмай, ақынмен бірге болғандай әсерде боласың. Поэманың негізі өте зор пікірге құрылған. Оны іс қылып, ұқсатып шығару күші толып, кекселенген емес, жас таланттың да қолынан келетінін дәлелдегендей. Онда қырық жыл бойы қасірет төккен, енді ол қасіретті екі-үш жүз жыл көретін ұрпақты еске алғандай боласың. Онда өлімге деген адамның тітіркену сезімі әр көңілде аяныш тудырады.

Бірақ, ақынның өлім түнегін құшқан кейіпкерлері – пессимизмге бой ұрғаннан аулақ тұлғалар. Олардың өмірге деген махаббаты мәңгілік. Өмірге мәңгі сөнбес жарық күн тілеген оптимистік тұлғасымен оқшауланады. Өмір шырынын қимай мәңгі түнекке аттанған аяулы жандарды бүкіл халық еске алып, әрқайсының есімін құрмет тұтады. Адамның өзі қолдан жасаған қасіретпен бетпе-бет келіп, өлгенімен, артында тындырған ісі, адамға лайық аты мәңгі жасайды. Өз халқының жүрегінде өмір сүреді. Нағыз адам ол өлмейді, өлімнің өзі – мәңгі өлмес сапарға аттану.

Ғалым Ө. Кімісбаев: «Поэма – оқиғаны өлеңмен баяндап айтатын, кейде жыр-толғау түрінде келетін көлемді шығарма. Поэмада лирикалық сарын басым болады, көлемі жағынан шағындау келеді» [31, б. 286], – деген анықтама береді. Бұл үлкен шындық, әрине. Бауыржан Жақыптың сөз өнеріндегі болмыс-бітімін аңғару үшін, ақындық, азаматтық, адамдық қуатын тану үшін «Жан дауысы» поэмасы өзі-ақ жетіп жатыр.

Бауыржан Жақып поэмасы жанр ретінде де концепциялық ұғымға құрылған. Ол – ғаламат трагедияға тап болған семейліктер туралы ой-толғау. Ақынның идеялық мақсаты – адам санасындағы ұғымды сынға салу. Бұл поэманы оқығанда оқырманның өзін ойлантып, шешімін іздегендей болады. Өмір мен өлім, күн мен түн, табиғат пен адам арасындағы және қолдан жасалған трагедиямен арпалысты аңғарту сияқты ойлар жатыр. Бәрі де адам тіршілігі, рухы үшін қажет деген идея бар. Бұл бір жағынан дәстүр сабақтастығын байқатса керек. Көркемдік шешімі нанымды, тағылымды.

Шығармадағы оқиғалар шешімін «Желдің жоқтауынан» табады. Ақын туған жердің сұлу табиғатын жел болып жоқтайды:

«Бар маңың – дақпырт,
Арманың – ақ бұлт, Қайдасың тауым, тарланмы.
Сендей тау қайдан табамын?
Көз қырын бізге салар кім?!
деп тауын жоқтасы,
Өзенім, сені іздедім,
Сеннен де күдер үзбедім.

Құлпыртушы едің бар маңды,
Жағасында нуы жоқ,
Сағасында суы жоқ,
Сипап қалдым арнаңды.
Қайдасың, қайран, өзенім,
Сені іздеп жерді кеземін» [82, б. 174], – деп өзенін жоқтайды.
Поэма табиғат сөзімен «Жапырақтар жырымен» аяқталады:
«Жапырақпыз – біз, тамырмыз тереңде,
Біздің дауыс естіледі кереңге.
Дүниенің, бар жапырағы қосылдық,
Жарылыстар болмау үшін әлемде...
Бір дауыспен бір мезгілде үн қатып,
Бар әлемнің жапырағы шулады:
Жойылсын зұлмат! Жойылсын зауал!

Жойылсын апат! Жойылсын ажал!» [82, б. 190], – деп ақын жапырақ болып жан дауысымен енді бұндай қасірет, зұлмат болмасын деп жырлайды.

Төлеген Жанғалиевтың «Астапыралла» және Мұратбек Оспановтың «Синдром» поэмалары да сынақ зардаптарының ащы шындығын бедерлеген туындылар. Төлеген ақынның «Астапыралла» деп аталатын поэмасының атауының өзі оқырманға үрей тудырады. Қазақ халқы қатты шошынып, « мал құлағы саңырау» дейтін сәтте ғана бұл ауыр сөзді қолданатыны белгілі. Демей, ақын сөз қылғалы отырған оқиғасының жаға ұстатар сұмдық ауырлығын сездіреді.

Поэма сюжеті бүгінгі күннен көрініс береді, таңның өзі қызыл қанның түсіндей болып атуы қылтамақпен ауырған кейіпкердің ішкі жан азабын сездіреді. Кейіпкерге таңның атуы қуаныш емес, тақсыретін тартқан тірліктің жабық тұрған есігі:

«Атқан таңды алакөздеп ол отыр,

Алдындағы қасықтай су ішілмей» [94, б. 265], – деген жолдарда ақын оқырманын өткен күндерге шегіндіреді. Атомның жұрнағы да жоқ мамыражай күндерде жайлауы жасыл мекендігі қарапайым шопан Жарқынның қайғылы тағдыры суреттеледі. Атом жарған кезге орай қойылған «Атылған көл» маңындағы Жарқын мен Гүлшаттың бақыттан басы айналған тәтті күндері суреттеледі. Екі қыз бір ұл сүйген жайдары отбасы басына түсер қайғыдан бейхабар.

«Сорлы басы соның бәрін кеш ұқты,

«Атылған көл» ажалына жетіпті.

Талақ қылып тастап кетті тіршілік,

Тарс жауып «Бақыт» деген есікті»

«Атом» екен ол тостырған бақ құсы

Содан тапты ажалы мен дертін де» [94, б. 269], – деп ақын атом зардабынан «қыл шылбырмен тағдырын қиып кеткен жалғыз ұлы», «қайғы қажап, ой мүжіп үзілген жары», «үлкен қызының сәбиінің кіндігін кестірместен мерт болуы», «кіші қызының қос балдаққа телінген жарымжан халі», өзінің

«жазылмайтын дертке мәңгі шалынуы» - бүкіл бір отбасының трагедиясы нанымды суреттеледі. Бұл трагедия атом зардабынан қасірет шеккен қаншама адамның, қаншама отбасының тағдыры. Төлеген ақын тілі жеңіл, өз өрнегінен, өз ырғағынан ауытқымайды. Қарапайым тіркестің өзімен қалың қайғыны жеткізе білген. Ол осы поэмада ырғақ, буын өлшемін сақтай отырып, суреттеуден гөрі әңгімелеу, баяндау тәсілімен береді. Шығарма соңын:

«Өтінерім «атом» аты аталса.

«Астапыралла, астапыралла» деңізші! [86, б. 271], – деп аяқтауының өзі енді ешқашан аты аталмасын деген ақын тілегі, жалынышы мен күйініші.

Мұратбек Оспановтың «Синдром» поэмасында да сюжеттік желі ақынның өзі естіп өскен оқиғалар төңірегінде өрбиді.

«Кетпейді жастық шағым естен мүлде,

Ойменен ораламын өткен күнге» [94, б. 250], – деп басталатын поэмада көршінің баласынан басталған алғашқы құрбандық жалғаса береді.

«Бұлт емес ол атомның сынағы екен,

Зәрін шашқан «саңырауқұлақ» екен» [94, б. 252], – деп атом сынағынан хабардар еткен ақын енді балалықпен сезбеген қасірет сырын шертеді: «көрген едік мұндайдың мыңын бұрын». Автордың алғашқы бала махаббатының өзі полигон құрбанына айналады. Кейіпкердің тілі жоқ қызға ғашық болуы, алғашқы махаббатының басындағы ауыр қайғы жас жеткіншек жүрегін мұңға орайды.

«Бұл полигон екенін қайдан білдік,

Шөбін шауып, жерінде сайран құрдық.

Ағалардың ішінде амалсыздан,

Жүрген екен айтылмай қайран, шындық!» [94, б. 256], – деген атын атауға тыйым салынған сұрқия өкіметтің ауыл адамдардың сынақ полигоны аумағына жұмысқа жіберуі секілді қоғамның бықсық ақиқаты айқындалып ашып көрсетілген.

Поэманың тақырбы айтып тұрғандай, кезінде дәрігерлер тарапынан «Қайнар синдромы» аталған нәубеттің халыққа әлі қанша қайғы әкелетініне жаны күйзеледі.

«Синдром» құрбандарының әлі де кемімегенін:

«Неге суға барғанын адам білмес,

Құдықтағы арқанға қапты асылып»...

.....

«Ана болу бұл күнде- анаға арман»

.....

Бір қолы жоқ, немесе бір көзі жоқ,

Туып жатыр шарана қоян ерін» [94, б. 258], – деген жолдарда ақынның жан айқайы ғана емес, шындықтың ащы ақиқаты, келешектен қорқатын тылсым сыры.

Жер қойнауындағы улы заттардан пайда көріп жүрген адамдардың күйкі тірліктері сезімтал ақынды ширықтырады, жетпіс жылғы құлдық санадан құтыла алмаған сорлылыққа ашынады.

Тәуелсіздік таңы мен сынақтың аты өшкен бұл заманғы жадыраған халық жүзі ақынды шабыттандырады:

«Алыстан тауларың тұр мұнарланып,

Қараймын келбетіңе құмарланып.

Тартылып талай жылдар қалып еді,

Ойнайды бауырында бұлақ ағып» [94, б. 264], – деп ақын зен-көлдердің суалып қалғандығын тілге тиек етеді.

Туындының қай бөлімін алсақта оқиға бірінші жақтан баяндалып отырады. Дегенмен, ақын кейіпкердің мінез-құлық оқиғаның сюжеттік желісіне сәйкестендіріп, даму үстінде көрсетеді. Лирикалық кейіпкердің балалық кезден бастап, есейген сәтке дейінгі көңіл күйін, күйініш-сүйінішін әртүрлі жағдайдағы іс-әрекет, сезім күйімен қатар сюжеттік желіде ашып береді.

Семей қасіретінің кейінгі ұрпақ үшін қаншалықты ауыр трагедияға айналғанын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Кейінгі ұрпақтың сынақтан кейінгі кешен дәрменсіз халін танымал ақындарымыз Есенқұл Жақыпбек «Қарауыл қайғысы» және Алмахан Мұхаметқалиқызының «Құрсақсыз ана» атты поэмаларында тілге тиек етеді. Екі ақынның поэмасында да әйел мен ер адамның тілге тиек ете берілмейтін ащы трагедиясы жатыр.

Көптеген жылдар бойы халық басындағы осы нәубет салдарынан қаншама аурулардың пайда болып, кейбіреуінің келесі ұрпақтарға дейін әсері бар екендігі ғалымдар тарапынан да, күнделікті өмірде де дәлелденіп келеді. Осы туралы Аманат басылымында Дегелең тауына іргелес орналасқан Доғалаң елді мекенінің Бағдат Шахмерденов деген тұрғынының пікірін келтірсек: «Біздің кеншар орналасқан Алғабас ауылдық кеңесіне қарайтын аймақта 1984-1989 жылдар аралығында 12 бала мүгедек болып туды, 11 нәресте 1 жасқа жете алмай дүниеден қайтты. Соңғы бес жыл ішінде 11 боздақ обыр ауруынан қаза тапса, бір азамат асылып өлді» [106], – дей келе бір ғана ауылдың басындағы сынақ салдарынан болған қайғыны шерлене жырлайды:

«Қалғандаймыз кете алмай бір аралда ел-күнсіз,

Шарасызбыз, кей жандардың тірлігіндей дегбірсіз.

Талақ етіп бұл жалғанды небір жақсы жайсаңдар,

Атылып та, асылып та кетіп жатыр мезгілсіз.

Кім біледі, басқа жерде өмір сүрсе – өлмес пе?

Булығамын алған кезде қыршын кеткен ерді еске.

О, ағайын, осы обырдан тек бес жылда кейінгі,

Ауылымнан он бір бойдақ сапар шекті келмеске.

Жер қуарып, көл суарып, дала солып барады,

Мұңаяды, жабығады табиғаттың жанары.

Бейбіт күнде өлім құшты кеселінен сынақтың,

О, ғаламат, зират бізде қала болып барады..» [106], – деген жолдар шын мәнінде, Қазақ елінің басқа өңірлерінің тұрғындары сынақ аумағында өмір сүрген адамдарға біраз сескене қарайтындығы негізсіз емес. Осы жайлы кезінде Семей полигонынан күші бірнеше есе кем болған Хиросима ядролық соғысына

куә болған жандарға басқалардың үрейлене, Хиросимо трагедиясы сол жердің адамдарына жағылған қара күйе іспетті болғандығын: «Многие жители Хиросимы и Нагасаки, рассказывает Кейко Огура, уехали из своих городов и никогда не упоминали в разговорах с новыми соседями и друзьями о том, откуда они родом - они не хотели быть отмеченными клеймом жертвы радиации. В те времена еще было неизвестно о долгосрочных последствиях радиоактивного излучения, и люди не хотели рисковать тем, что их муж или жена заболеет, боялись, что болезнь унаследуют дети или что родятся младенцы с врожденными пороками. Никто не хотел говорить об этом, - вспоминает Кейко. - Если бы люди узнали, что мы из Хиросимы, они бы избегали нас» [107], – деп ашына жазған болатын.

Осы тақырыптың төңірегіндегі оқиғаларға назар аударсақ жақында Британдық режиссер Энтони Буттс Семей полигоны жөнінде фильм түсірген болатын. Радиациядан зардап шеккен қазақтардың өмірін қамтитын «Заманақырдан соң» фильмінің бас кейіпкері – Семей ядролық полигонынан зардап шеккен Бибігүл атты екіқабат келіншекке даун синдромымен ауыратын баланы дүниеге әкелу қаупі төнеді. Дәрігерлер келіншекті жасанды түсік жасауға үгіттегенімен, ол бас тартып, сәбиді дүниеге әкелуге бел буады. Осылайша, режиссер мырза қазақтардың сорына біткен қайғылы кезеңді әлемге паш етуге талпынғанға ұқсайды. Оның үстіне шетел баспасөзінің айтуынша, Семейдің қойлары радиациямен уланған жайылымда жайылып, адамдар әлі зардап шегіп жүрген көрінеді. Бұл фильм Қазақстанда көрсетілмейді. Ал, тұсау кесер рәсімі 11-мамырда, Лондонның «Prince Charles cinema» кинотеатрында өтті, енді жаз бойы Англия халқына ұсынылады.

Полигон қасіретінің қаншама жандарға ауыр сынақ алып келгендігі медициналық тұрғыдан да дәлелденген. Радиацияның адамға ықпалының механизмі қазіргі кезде едәуір жақсы парықталған. Бұл орайда ең қауіптісі – иондалатын радиацияның ықпалы гендік кодты дауасыз өзгерістерге соқтыруға мүмкін екендігі. Бұл жайлы: «Отходами военного полигона являются радиоактивные вещества. Облучение радиацией может вызвать нарушение обмена веществ, инфекционные осложнения, лейкоз и злокачественные опухоли, лучевое бесплодие, лучевую катаракту, папилломы на теле, лучевой ожог и лучевую болезнь» [108], – деген ғалымдардың пікірлері бар.

Сюжетті поэмалар қатарынан табылатын Алмахан ақынның «Құрсақсыз ана» шығармасы әдебиет тарихындағы синтетикалық жанрға жататыны белгілі. Қазақ поэмасы қай кезде де заманына тән көкейкесті міндеттерді өз тұрғысынан шешіп, өмір өзгерістерін қалт жібермей, дәуір шындығын дәл бейнелеуге талпынған көркемдік ізденіс танытты. Осы негізден алғанда «Құрсақсыз ана» поэмасы заманның ауыр дерті мен ащы шындығын жырлауда көне эпостардан алшақ кетпейді.

«Ұлылықтың Қарауыл бір өлкесі,
Ақын мен батыр жортқан жыр өлкесі.
Албырт күнге алаңсыз асық болып,
Бір әулеттің бой жетті бір еркесі.

Көргенде көркіне көз сұғынатын,
Жанарынан жалын сыр ұғынатын.
Ғашық болған бозбала есі кетіп,
Бұрымына сүрініп жығылатын.
Қашан көрсең жүзінен арай күлген,
Жанына мерей нұрын орай білген.
Қыздың жолы жіңішке екендігін,

Атам қазақ кезінде қалай білген?!» [109], – деп автор оқиғаның экспозициясынан бастап бас кейіпкердің дүниеге келу сәтін бейнелей отырып, поэма басынан ауыз әдебиеті үлгілеріне жүгінеді. Поэмада фольклорлық үлгі дегенде, тек қана сюжеттік желі ғана емес, ауыз әдебиетіндегі айту мәнері, ырғақтық жүйе, сөз қолданыс, көркем теңеу түрлері тұтастық күйде көрініс тапқан.

Зерттеуші ғалым Ж. Толыспаева: «XX ғасырдағы жанр теориясында поэманың бастауларын эпостан іздеу керек деген ортақ тұжырым бекітілген. Егер бұл жанрдың қайтадан ұйымдасу заңдылықтары туралы айтар болсақ, поэма әрбір тарихи ұрымтал кезеңде өзінің эпостық бастауларына оралу арқылы жаңғыратынын, бірақ әрқашан қайталанбас, сапалық жаңғыру бейнесінде болатынын айту керек. Жаңа мыңжылдықтағы қазақстандық поэма да эпосқа оралуда...» [110], – эпостық поэма жөнінде мынадай ой айтады:

Ақын одан әрі жас ананың көңіл күйін суреттеу арқылы оқырманын оқиғаның даму барысын тұспалдап жеткізгендей болады.

«Полигонның көп дейтін зияндары,
Бірақ өзін бұл дертке қия алмады.
- Ақ қыла гөр ей, Алла, бейнетімді,

Деп жас ару тілегін тия алмады» [109, б. 104], – деп өзінің басына түске дертті жас ару алдын ала сезгендей. Полигон зардабын естіп өскен жастың ойындағы күдігін дәрігерлер анықтай түседі. Өміріне айтылатын ауыр үкімді естісе де, бір үміт жетелегендей болғанымен, тағдырына қарсы тұра алмайды:

«Бір қауіптен жас ана қарғып өтіп,
«Анемия» санада қалды бекіп.
Бойды қуған бейкүнә бір болашақ,

Құрсағында тулады тарлық етіп» [109, б. 105], – деген жолдар: «В этих же районах был выявлен рост заболеваемости анемией среди женщин, мертворождаемости, самопроизвольных выкидышей, бесплодия» [111], – сынды медицина ғалымдарының пікірімен дәлелдеген.

Поэмадағы «өлім – көршінің терезеден сығалауы», «ақиқаттың аспанын сағынуы», «табиғаттан кіндігінің ажырауы», тал бесік балағында құр мүсін болуы», «тіршіліктің шөлге айналып, бар үмітті тәрк етуі», «адамдықтың қаңқасы – құр сұлдері бейтіршілік бейхабар болу» сынды тіркестер дамыту арқылы кейіпкер бейнесінің басындағы трагедияны қоюлата түседі.

«Маңдайына жазылған тағдырменен,
Жағаласып жатқандай қасіреті» [109, б. 112].

Басына түскен мүшкіл халмен қаншама күрессе де адамдардың қолымен жасалған зұлматтың құрбаны болып кете барған жас әйелдің көңіл күйін суреттеуде автор терең психологиялық иірімдерге бойлай алған.

«Құндақталған аш сәби ақ киімді,
Шырқырайды жұлмалап тас түйінді.
Тас емшектен уға ұқсас ащы кермек,
Бір-ақ рет тамды да сап тиылды» [109, б. 114].

Қойнындағы сәбиін емірене емізбеген жас ананың қасіреті осы жолдардан айқын сезіледі.

Шығарма сынақ зардабынан ерні кеберсіп жан жылуын бере алмаған жер-ана мен әйел-ана арасында үзілмес байланысты көрсетеді. Төмендегі үзіндінің өзі поэманың автордың айтқысы келген ой өзегін, бүткіл идеясын ашып береді:

«Сор даладан сор ішкен сортаң халық,
Бедеу еттік ұл-қызды, жол таңдадық.
Адам-ана құрсақсыз күн кешкендей,
Жер-ананың жатырын талқандадық» [109, б. 120].

Құрсақсыз қалған «әйел-ана» үзілген үмітін, бар қайғы-шерін «жер-анаға» шерлене жырлайды. Ғасыр дерті болған «ұрпақсыздықты» әйел психологиясының нәзік қырлары арқылы жеткізеді.

«Місе тұтпай тірлікті тағы жаны,
Жалқы жаны тау-тасқа бағынады.
Бедеу әйел қосылып бедеу жермен,
Боздаған қобызға ұқсап аңырады» [109, б. 120].

Соры бетіне шығып, жерге тіршілік нәрін себе алмаған жер-ана мен құрсақсыз қалған әйел-ана тағдырының қасіретке толы жай күйін ақын паралель суреттейді. Мұндай мәселелер поэмада тек сырттай суреттеліп қана қоймай, оның тереңдегі сыры, себептері айқындалып, түп тамырлары көрсетіледі. Әйел жанындағы жара, әйелдік қасірет – осының бәрі драмалық элементтер арқылы ашыла түседі. Келіншектің сырында көп ешкімге айтыла бермейтін астарлы драматизм жатыр. Қазақ прозасындағы драматизм мәселелерін зерттеуші ғалым Т. Есембеков: «Настроение, присущее персонажу только тогда объявляется значимым, когда оно внутренне бесформенно, не имеет четкого облика и конкретной направленности, что ведет к коллекционированию драматических душевных состояний» [112], – деп драматизмге тән негізгі ерекшеліктің бірін атап көрсетеді. Кейіпкердің ішкі толқынысымен байланысты оның ішкі дүниесінде ой, сана қақтығыстары көрініс береді. Дәл осы қасіретті ер адамның басынан кешкендігін суреттейтін туынды Есенкұл Жақыпбектің «Қарауыл қайғысы» поэмасы. Ауыз әдебиетімен сусындап өскен, қазақ тарихының арғы-бергі қатпар-қатпар тарауларын жадына тұтқан кемел ақынның келешекке тастаған мол мұрасының қатарында аталмыш поэманың жүректі селт еткізер, түйсікті түрткілер тұстары көп. Ақын адам баласы жариялап айта бермес трагедияны шамырқана жеткізген. Абай елі, Семей атом полигонының қасіретін суреттейтін «Қарауыл қайғысы» поэмасы психологиялық драма мен ащы трагедияға негізделген. Поэма Абайдың «Жігіт

сөзі», «Айттым сәлем, қалам қас» атты лирикалық өлеңдерінің үлгісімен жазылған, «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» лиро-эпостық жырының мақамы бар.

Есенқұл ақын зұлмат полигонның сұмдық құрбанына айналған ер мен әйел, ерлі-зайыпты қос зарлықтың монологын жан айқайымен берген: «Жарың өлік», «Тірі жесір», «Албырт шағым алданып өтті, қайтем, Кебіні жоқ, көрі жоқ тірі аруаққа». Жас отбасында тіршілік семген ащы шындық оқырманның жүргін дір еткізбей қоймайды. Әлем әдебиетінде өте сирек кездесетін осы бір аса ауыр тақырыпқа кезінде Эрнест Хемингуэй («Фиеста» романы) мен Дэвид Герберт Лоуренс («Леди Чаттерлейдің ашынасы») барған болатын. Екі роман жоғалған ұрпақтың қасіретін терең, тыйым салынған бүркемелі құпияны жария қылу арқылы ашты. Хемингуэйдің соғыс жанын жаралап, тәнін мүгедек қылған, үміті кесіліп, ер адамға тән бақыты жоғалған қауқарсыз журналист жігіт испан дәстүріндегі фиеста, бұқамен адам сайысатын коррида мезгілі туған кезде ғана тіршілікке елігеді. Жанына алданыш тауып, жұбанады. Ал, «Қарауыл қайғысында» сынақ зардабынан басына түскен қайғы езіп жіберген жас жігіт алданышқа еш қара, еш себеп таба алмайды. Қор қылған өмірмен біржола қоштасады:

«Қорлықпен өткен жалғаннан,
Көсіліп жатқан көр артық!»-
АЗАМАТ солай деді де,
Асылды көзін алартып.
Жазғыр мейлі, жазғырма, жарым қазір,
Жатқан адам секілді табыттағы.
Адал жардың таусылды ақырғы әлі,
Саңырауқұлақ Семейде атылғалы,
Сансыратқан сағыныш басылмады» [113]

– деген жолдардан ерінің басындағы трагедияға кінәлі зұлматқа қарғыс айтқан жұбайының ащы зары жатыр.

Ақын бұл қасіретке себепші болғандарды да аямайды, қоғамның шындығын шығғыра келекелей бетіне басады:

«Полигонның бықсыған күлін күреп,
Самал соқса, сасиды күлімсі леп.
Биік-биік төрлерде тұрады ылғи,
Курчатовтың бейнесі күлімсіреп» [113]
«Қарауыл қайғысы» поэмасындағы ер адам қасіреті
«Тірілердің қасында жүре тұрып,
Тірі жанның қызығы таусылған ба?!
Жандылардың қасында өлік, өлік...
Шыққыр көзім жүр ылғи нені көріп?!
Бүгін ақыр кебінсіз, жаназасыз,
Бір тасаға оралдым оны көміп түрінде келсе» [113]
«Құрсақсыз анада» дәл осы ауыр тақырып әйел монологында беріледі:
«Бір жақсылық күтем-ау текке күннен,
Адами түйсікті бер текке күйген.

Бүйтіп тірі қалғанша күйік құшып,
Неге сонда мәңгі өліп кетпедім мен?!» [113].

Екі поэмадағы екі кейіпкер де өмірден баз кешіп, тірі өліктер қатарынан. Атом сынағынан болашағынан күдер үзген дәрменсіз тағдыр.

«Действительно, читателя ошеломляет калейдоскоп бытовых реалий, но это только внешняя сторона. За ней – драма поколения людей, травмированных войной. Они не только «потерянные», но и, по словам критика Гайсмара, «ошеломляюще бесполезны». Физическое увечье Джейка, его импотенция как следствие ранения – многозначный символ, а вся линия Джейка и Брет – напоминание о том, что война отнимает у людей счастье [114].

Әлем әдебиетіндегі ер мен әйел тағдырындағы бұл «жоғалтылған ұрпақ» деп аталатын қасірет соғыс зардабы болса, «Құрсақсыз ана» мен «Қарауыл қайғысында» бейбіт күнде ел басына үйірілген ауыр нәубаттың құрбандарына айналған «ұрпақсыздар» – үміті сөніп жоғалған дәрменсіздер. Екі поэмада да нақты кейіпкерлер аты аталмайды, мұндағы бас кейіпкер – полигон қасіретін тартқан түрлі тағдыр иелері.

Қарт Семейдің бауырында болған қасіретті оқиғадан кейінгі, сынақтан соңғы адамдар тағдырының жаңа да тосын жайттары осы поэмада сипатталады. Екі поэманың оқиғасы да жанды түршіктіреді. Заманның шындығын суреттейтін бұл екі туындыда да қасіреттің жаңа бір тұсын, көлеңкелі жағын, шынайы тағдырды арқалаған жандардың ғұмыр белесін анық таныған. Ел арасында айқын болса да, тілге тиек етіп жарыққа айғайлай бермейтін адамдар басындағы осы бір қасіретті айшықтап сөз етуінің өзі қазақ әдебиетіндегі тың тақырыпқа баруы деп білеміз. Ер мен әйел басындағы терең психологиялық қасіретті бейнелеуде жаңаша соқпақ іздеген. Қазақ әдебиеті табиғатында аталмаған бұл тақырыптарға баруы – екі ақынның да ерлігі. Диссертациялық жұмысымызда сөз етіп отырған тағдырлас екі поэманың ұлылығы да осында.

Семей қасіретін, тәні де жаны да жаралы ұлт трагедиясын жырлайтын тағы бір туынды жас ақын Олжас Қасымның «Жарылыс дастаны». Полигон зардабы мен тақсіретін халық тағдырымен астастыра, қалың оқырманға түсінікті тілде тақырып өзегіне айналдырған дастан ауыл тіршілігімен, күнделікті адамдар өмірінен алынған. «Қасірет кітабы», «Омар қой сойған бұлағы немесе әжемнің әңгімесі», «Дегелеңикум», «Кәріпбек Күйіковтің Жарылыс картинасы», «Сапарғали Бегалиннің Дегелең тауын жоқтауы», «1991 тамыздың жиырма тоғызы», «Ерлік», «Ядролық қарусыз әлем» циклды топтамалардан тұрады. Жансүгіровтің «Дала» поэмасының үлгісінде жазылған дастанда ел басындағы қасіретті жылдардан бастап тәуелсіз елдің қуанышы суреттеледі.

Ақын:

«Жапан түз кешіп, жар бастым,

Тағдырмен тентек арбастым.

Тауымды менің алсаң да,

Тауымды шаға алмассың!» [115], – деп қатал тотаритарлық тәртіппе қарсы үн қатады. Осы ретте зерттеуші ғалым Бауыржан Омаровтың Ресей

империясының отаршылдық саясатына байланысты айтылған пікірі қызыл империяның сұм саясатына қарсы жырлаған ақындардың ұлттық иммунитетін қалыптастыратын, ұлттық рухтағы туындыларына да қатысты: «Ұлт менталитеті – отаршылдыққа қарсы жырлардың негізгі ұстыны. Басқыншылар елді ойрандап, езгіге ұшыратқан тұста поэзиямызда ұлттық иммунитет бой көтерді. Ол елдің барлық бөлігін қамтыған жаппай қарсылық жырларына қозғау салды. Бір-бірін өмірінде көрмеген ақындар бір уақытта, бірдей сарынмен үн қатты. Сол арқылы қазақ поэзиясында отаршылдық дәуірдегі қазақ ұлтының қасіретнамасы жасалды» [116].

Кең байтақ мекеніміздің, туған топырағымыздың тәнінде айықпас жара бар, адамдар көңілінде дертке бергісіз нала бар екендігі өкінішті-ақ. Қазақстанның өзінде ғана күллі планетадағы тіршілік иесін түп- тамырымен құртып жіберетіндей қауқары бар әлденеше сынақ аймақтары орналасқаны дүние жүзіне аян. Семейден бастап, Байқоңыр, Ақтөбе, Орал, Атырау, Ақтау облыстарының, ең шүйгін, құйқалы жерлерін алып жатқан жасырын полигондар - Қазақстан халқына үлкен нәубет, қатаң сын.

Семей атом полигонының зардаптары жөнінде сөз қозғағанда да жоғарыдағыдай күй кешеміз. Атом салған ойранның зардабы ондаған, тіпті жүздеген жылдарға созылмақ. «Семей-полигон» турасында да қаншама әлемге аты әйгілі ядрошы-физиктерден бастап, аталы сөздерін күллі саяси дүние тыңдайтын қоғам қайраткерлерінің пікірлері қалды.

2.2 Прозадағы адам және табиғат концепциясы

Әңгіме жанры – шағын көлемді, күрделі жанр. Әңгіме жанры жинақылықты қажет етеді. Әңгіменің сюжеттік желісі өз оқырманын бірден тартатындай қызықты болу керек. Әңгіме басынан бастап кейіпкердің мінез-құлқымен іс-әрекетін бірден аңғартып отыруы керек. Әңгіме жанрындағы басты кейіпкер типтік тұлға, қоғамның өкілі, тұлға. Сондықтан да, әңгіме арқылы қоғамдық орта танылады. Өмір құбылыстарына бірден үн қосатын өткір де икемді жанр шеберлік мектебі болып табылады. Кішкентай ғана көлемді туындыда сан қилы кейіпкер мінезі арқылы қоғам шындығын ашып береді.

Қазақ әдебиетінде қазіргі кезеңде әңгіме өзінің биігінен көрініп отыр. Әңгімеде қоғамда болып жатқан жаңалықтар үнемі бақыланып, көркемдік кестеге түседі. Өмір шындығын қарама-қайшылықтарымен дәл басып көрсету жеңіл емес. Көркем шығармада қоғам шындығы тізбектей көрсетілмейді. Қоғамдық орта жинақталып, кейіпкер арқылы сомдалады. Тарихи ортада, әлеуметтік шындық жағдайда характер болмаса қоғам ақиқаты ашылмайды. Барлық қарымды жазушылар шығармашылық жолын әңгіме жанрын жазудан бастаған. Қазіргі әңгіме жанры өз бастауын фольклордан алады.

Академик З. Ахметов: «Әңгіме – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы кейіпкер жүйесі арқылы айқындалады. Әңгімеде әдетте, бас-аяғы

тиянақты бір оқиға айтылады» [31, б. 93], – деген әңгіме жанрына анықтама береді.

Еліміз егемендік алғаннан кейін қаламгер жазушылар дәстүр жалғастығын сақтай отырып, түрлі мазмұндық ізденістерге жол салды. Батыс әдебиетіндегі түрлі ағымдар ұлттық таныммен сабақтастырыла тәуелсіздік кезеңіндегі әңгімелерде көрініс тапты. Модернисті, постмодернистік әңгімелер жазылды. Бұл өз кезегінде тиым салынған экологиялық тақырыптағы, діни-философиялық тақырыптағы туындылар қатарын көбейтіп, адам жанының ішкі иірімін көрсететін психологиялық әңгімелерді тудырды.

Семей қасіреті, адам және табиғат әңгіме жанрында тәуелсіздік алғаннан кейін ғана әдебиетте кең көлемде жазыла бастады. Бұл ретте Рымғали Нұрғалидың «Аяқталмаған трагедия», Роза Мұқанованың «Құбыжық», «Қаралы төбе», «мәңгілік бала бейне», Думан Рамазанның «Соңғы дем», Нұрғали Ораздың «Жылқының көз жасы», Асқар Алтайдың «Кентавр» әңгімелерін атауға болады.

Әдебиеттанушы, алаштанушы ғалым, академик Рымғали Нұрғали өзінің ғылыми жолын жазушылықпен қатар алып жүрді. Әңгіме, повест, роман жанрында қалам тербеді. Әлем әдебиеті класиктерінің туындыларын мемлекеттік тілімізге аударып, төл туындыларымызды шет елдердің тілдерінде аударды.

Біздің бұл диссертациялық жұмысымызда қаламгер Рымғали Нұрғалидың Семей қасіреті тақырыбында жазған әңгімелері арнайы талданып, жазушылық шеберлігі қарастырылады.

Жеті томдық шығармалар жинағы 2005 жылы Астана қаласы: «Фолиант» баспасынан шыққан, 4-том «Дегелең дерті» (роман, хикаят, әңгімелер) кітабын қалың оқырман ыстық ықыласпен қабылдағаны белгілі. Осы кітапта «Аяқталмаған трагедия» (полигон әңгімелері) – деп аталатын әңгімелер циклінде Семей атом полигонының табиғат пен адам баласына әкелген қасіретті тағдыры көркем тілмен шынайы суреттелген. Жазушының Семей қасіреті туралы жазған әңгімелер циклі әдебиет тарихымызда құнды рухани қазыналарымыздың бірі.

Ж. Жарылғапов: «Ең әуелі сыншы, әдебиеттанушы – ғалым деп білетін Рымғали Нұрғалидың жазушылық шеберлігін, көркем прозаға қосқан қомақты үлесін тарамдатып айта бермейтініміз, тұлғаның көп қырларының бірі ретінде атап ғана өтетініміз рас. Оның дербес жазу машығын, өмір құбылыстарын көркем игерудегі жеке стилін танытатын прозалық туындылары әдебиеттің түрлі мәселелеріне арналған қабырғалы зерттеулерінің көлеңкесінде қалып қоя беретіні бар» [117], – деп Рымғали Нұрғалидың жазушылық шеберлігі туралы дәл тауып айтқан.

Расында да Рымғали Нұрғалидың полигон тақырыбындағы көркем шығармасы зерттеу нысанына алынбады.

Рымғали Нұрғали «Аяқталмаған трагедия» (полигон әңгімелері) – деп аталатын әңгімелер циклінде «Қылмыс», «Полковник Кашкин, студент Асанов», «Өлген тау», «Қабір қанша тұрады?», «Сағыныш», «Ұш аяқты құлын»

әңгімелерінде жазушы өзі туып-өскен Абыралы өңіріндегі атом полигонының қасіреті туралы толғанады. Жазушы ауыл өмірін, ондағы адамдардың мінез-құлқы мен тыныс-тіршілігін, болмысын шынайы суреттеген әңгімелерінде өз кейіпкерлері арқылы полигон аймағында тұратын халықтың басындағы қайғы-қасіретті оқырман жүрегіне жеткізе білді.

Көркем образ туралы: «Көркем әдебиет өмір шындығын образ, адам образы арқылы танытады. Көркем әдебиеттің басты пәні – адам өмірінің шындығы. Көпке белгілі осы қағидаға орай, шығармада адамның әлеуметтік-азаматтық өмірі ғана емес, от басы, ошақ қасы кеңінен суреттеледі» [118], – дегендей жазушының прозалық шығармаларындағы оқиғалардың барлығы шынайы өмірден алынған.

Р. Нұрғалидың жоғарыда аталған әңгімелерін оқи отырып өмірдің ащы шындығына көз жеткіземіз. «Қылмыс» әңгімесі: «Құлыны кісінеп, қозысы маңырап, айран-қымызын ішіп, құрт-ірімшігін жеп, тып-тыныш жатқан Абыралы атырабы аяқ астынан әбігерге түсті де қалды» [119], – деп басталады. Шынында да кеңестік кезеңде тыныш жатқан қазақ даласы, яғни Семей өңірі ядролық сынақ алаңына айналғаны белгілі. Жазушы жайма шуақтанып, алаңсыз, бейқам жатқан елді бір күнде дүрліктіріп, әбігер-сарсаңға салып, науқанды күз кезінде ел-жұртты басқа жерге көшіріп жатқанын шынайы суреттейді. Дегелең қайда, Абыралы, Қайнар қайда, жүз шақырым арасы, бомба жаратын жерлерді көшірсе көшіре берсін, бізді неге әурелейді деген халықтың сөзіне ешкім құлақ аспай, өз білгендерін жүзеге асырып жатқандығы баяндалады.

Ғалым Т. Жұртбай: «Әдебиеттегі түрлі құбылту – шығарманың ажарын ашып, мазмұнын тереңдетеді. Деректі шығармалардың да құнын артырып, көркемдік сипат береді. Рымғали Нұрғалиев өзінің новелларында сол әдісті ұтымды пайдаланып, әр кейіпкердің өмірін сан түрлі формамен бейнелейді. Автордың 50 новелласының әрқайсысы өзінде бір әдеби ізденістің жемісі» [117, б. 28], – деп жазушы әңгімелерінне талдау жасап, шеберлігін көрсетеді.

Жазушы: «Бұл жарылыс 1953 жылы 5 август күні болды. Бір жұмадан кейін халық бұрынғы қоныстарына қайтып оралды: ауылда қалып қойған бірен-саран ит, мысық малдардың жүні жидіп түскен, терілері қызылшақаланып сыдырылған, жол соқпақты, тіпті үйдің төбесіне шейін сорайып өскен рабайсыз ұзын шөп басып кеткен. Алғаш бұл құбылысқа таңырқаған ел бірте-бірте үйреніп кетті, көңіл бөліп назар аударуды да қойды, кейін келетін көп кесапаттың алғашқы хабаршысы белгісін ұққан жоқ» [119, б. 470], – деген үзіндіден жарылыстан кейінгі ауыл көрінісін көреміз. Бұл жарылыстан кейін ауыл тұрғындары әр жерлерге көшуге мәжбүр болды. Бірте-біте Абыралы деген ат ұмытыла бастады, оның кезінде бай, іргелі, берекелі елді мекен болғанын біреу біліп, біреу білмейтін күйге түсті. Абыралы десе «ол полигон» деген түсінік пайда болды.

Әңгіме: «Он бес жыл жер бетінде, жиырма бес жыл жер астында жарылған атом, су бомбаларының кесапаты ма, басқа да қырсық бар ма, оны дәл айыру қиын шығар, алағандай бір Қайнар селосында соңғы жылдары

рактан, өлгендерің, ақ қан ауруынан опат болғандардың, іштен есалың бо туғандардың, өзін-өзі өлтіргендердің саны қаптап кетті» [119, б. 471], – деп аяталады. Бұл сөздердің астарында зіл жатқанын байқаймыз. Жазушы атом ядролық бомбасының салдарынан адамдардың психологиялық және табиғаттық биологиялық өзгерістерге ұшырауын тереңнен толғанады.

«Полковник Кашкин, студент Асанов» әңгімесінде студент өз көзімен көрген жарылысты ұстазы Полковник Кашкинге айтып бергені, ұстаз бен студент арасындағы атом бомбасы, Семей полигоны туралы дискуссия жайында баяндалады. Әңгімеде: «Әскерде болып па ең? Әскерде болсаң, ант берген шығарсың? Бердің ғой? Ендеше әскери құпияны ашу – қалай жазаланатынын білесің. Бұл әңгіме осы жерде қалсын. Бірде-біреуіңнен жалғыз ауыз сөз шықса, жақсылық күтпендер, оқудан шығарыласыңдар. Ешқайсың бомбы сынауды, саңырауқұлақты, екпінді толқынды көрген жоқсыңдар. Ұқтыңдар ма?» [119, б. 466], – деген үзінділерден Полковник Кашкиннің студенттерге айғайлап, дауыс көтеруінің астарында бір саясат жатқанын қаламгер оқырманға көркем шындық арқылы жеткізеді.

Қаламгер «Өлген тау» әңгімесінде Сапарғали Бегалиннің 80 жасқа толған мерейтойы өзінің туып өскен Абай елі, Абыралы жерінде тойлануы туралы баяндалады.

Р. Нұрғали: «Көңіл түсіп, шешілсе, Сапарғали талай қызық, ұзын-сонар, әр қиырға тартатын, мол сарынды, көп әуезді әңгімелер айтушы еді... Шыңғыс бөктерінен бұрынғы Дегелең, Абыралы атыраптарына қарай еңкейгенде, Сапарғали тіпті ағыл-тегіл көсіліп отырды. Бұл өңірдің атақты батырлары, дәулет біткен байлары, ерекше жаратылған әнші-күйшілері, реті келгенде жүйрік ат, сылаң тазы, алғыр құсына шейін сөз болады. Бір оқиғаны екінші оқиға мен шатастырмай, үнемі сабақтастыра, жарыстыра өрбітіп, тіршіліктің көп сырларын, сан алуан тағдырларды көз алдыға алып келеді...» [119, б. 477], – деп Сапарғали Бегалиннің бейнесін шебер суреттейді.

Туған жеріне сағынышпен оралған Сапарғали Бегалин шүберекке оралған дүрбісін қолына алып, жота басына көтеріліп, айналаға көз тігіп, алыстан дөңкиіп көрінген Дегелең тауына қарайды. Жазушы: «-Құдайым –ау, бұл не сұмдық?! Дәл осындай болар деп үш ұйықтасам ойыма кірер ме? Дегелең тауын құртып жіберіпті ғой, тауды құртқан! Тау жоғалған! Ұялының шыңы, Әулие асу қайда? Ұзынбұлақ, Қарабұлақ қайда кеткен? Өзен-бұлақ өлген, арнасы да жоқ. Тау құрыған, оның орнында тас-қиыршық төбе жатыр. Хамит, Мәжит, бала кезінде баурында асыр салған таулар өліпті! ... Әй, балаларым, інілерім, о заманда, бұ заман, тау өлгенін көрген кісі бар ма, міне, соған де жеттік, менің атамекенім, туған тауым – Дегелең өлген екен, маған көңіл айтыңдар,- Сапарғалидың көзінен бұршақ-бұршақ жас ыршып-ыршып кетті» [119, б. 480], – деп Сапарғали Бегалиннің туған жеріне деген ыстық ықыласын шебер әрі шынайы бейнелейді. Ядролық жарылыстың жазылмайтын жара, арылмайтын дерт екенін, бұл зілзаланың басы бар да, аяғы жоқ екенін оқырманға осы «Өлген тау» әңгімесі арқылы жеткізеді.

Жазушы: «Қабір қанша тұрады?» әңгімесінде қаламгер ауыл тұрғыны Орынғалидың айықпас дертке шалдығып, өзіне қабір қаздыруға мәжбүр болған аянышты халін шебер суреттейді. Алматыға емделуге келген Орынғали ауылдас досына « - Сендердің дұшпандарың – шаң, түтін, газ – көзге көрініп тұр, ал біздің жауымыз – не исі, не түсі белгісіз, ішкен судан, жеген дәмнен, басқан топырақтан, жұтқан ауадан шыға келе ме, ешкім білмейтін жұмбақ, тілсіз кесапат. Оның аты – радиация деген зілзала дерт...» [119, б. 485], – деп Алматы мен өз ауылының ауасын, табиғатын салыстыра отырып, өкпе-назын айтады. Қаламгер мәңгілік айықпас қасіретке душар болған, дерті өліммен аяқталған науқас адамның жан күйзелісін шынай бейнелейді.

«Сағыныш» әңгімесінің аты айтып тұрғандай, мұнда қаламгер кейіпкерлері арқылы өзінің туған жеріне деген сағынышын, ыстық ықыласын жеткізеді. Ауыл тұрмысы, бір кездегі ұшқан ұя, балалық шағы қалған ауылы жан-жақты шеберлікпен жан-жақты суреттеледі. Әңгіменің мазмұндық-тақырыптық төркіні осынау туған жерді аңсау, сағыныш, туған жерге деген алыс естеліктерден іздеген адалдық, тазалық сынды жақсы қасиеттерді, өткенді бағалау сынды адамгершілік мәселесі сөз болады.

Кейіпкер Төлеубек қаншама жағдайы жақсы болсада, қала өмірі жалықтырып туған еліне оралады. Ата-мекеніне деген сағынышын: «Бірте-бірте апамның жер сағынышы, туған топырақты аңсау ауруы маған ауды. Бұл да бір дерт екен. Бұрын шахтаға түскен соң бәрін ұмытып кетуші едім, енді бәрі жайына қалды. Есіл-дертім, аңсар-ойым – ауыл, туған жер, Қайнар болды да тұрды» [119, б. 488], – деген сөздерінен байқаймыз. Ауылдың әсемдігін, сұлулығын әңгіме соңында қасірет жайлы бір ауыз сөзбен ерекше сезіммен жеткізе отырып, ой түйеді.

Жазушы: «Соңғы жылдар күнде ішетін болдым. Арақ ішсең, сәуле ауруынан, раққа жеңдірмейсің деген сөзді малданып жігіттер ғана емес, әйелдер, тіпті кемпір-шалдар да ішетін болды. Бәрінен жан тәтті. Дауасы бар десе топырақ асаудан қашатын түріміз жоқ... Арақ тұрған жерде радиация тұрмайды. Арақ бәрін айдап шығарады. Біздің жанымызды осы сақтап қалып жүрген арақ қой. Білгішсінген біреулер ішпе дейді. Ішпесек, күнде бұрқырап жатқан ядролық сынау ауданында тұратын біздер қырылып қалмаймыз ба?» [119, б. 489], – деген Төлеубектің әңгімесі арқылы оқырманға үлкен ой салады. Ядролық сынақ, полигон аймағы деген сияқты сөздерді жете түсіне білмеген халық өздерінің ішкі жан күйзелісін, шерлерін араққа жеңдіріп, бой алдырады.

Автор: «- Менің ұлым жасы биыл тура он бесте. Қарағандыдан көшіп келген соң, бір жылдан кейін туды. Атын Қуанышбек қойдық. Рейске өзіммен ылғи бірге алып жүруші едім, далаға, өзен-су жағасына талай қондық Бесінші класта оқып жүргенде аяқ астынан ауырды. Ылғы айтатыны соғыс әңгімесі: қыру, жою. Мұндай сырқаттар неге екені белгісіз көбейіп кетті. Асылып өлуші бар. Біреулер жарылыс, сынақтардың әсері дейді, кім білсін» [119, б. 491], – деп оқырманға ой тастайды. Бұл тек бір кейіпкердің ғана емес, бір ауылдың ғана емес, бүкіл халықтың басын түскен қасірет екенін білдіреді. Атамекенін жұмақтай көретін Төлеубек сияқты кейіпкерлердің келешегіне алаңдайды.

Академик З. Қабдолов: «Мінез – адамның ішкі бітімі болғанда, тип – сом тұлғасы екені мәлім. Осылардың нақтылану сырының біз айтқаннан басқа да көп-қырлары, яки нақтылау тәсілдері бар. Образдың жасалу тәсілдерін портрет, тура мінездеу, жанама мінездеу, адамның сезімін, күйіну не сүйіну халын суреттеу, адам образын жасауға қызмет ететін – пейзаж деп бөледі» [120], – дегендей жазушының әңгімесінде туған ауылының, ондағы адамдардың образдары арқылы халықтың болашағына деген алаңдаушылығын білдіреді.

Жазушы сол ауылдың адамдарының шынай мінезі мен болмысын суреттеп, әңгіме кейіпкерлері арқылы ұлт басындағы қайғы-мұңды суреттейді. Мұның бәрін жүрегінен шығарып, оқырман жүрегіне жеткізе біледі. Осы тұрғыдан алып қарағанда әңгімелердің лирикалық сипаты басым екенін көреміз. Көбінесе бір ғана емес, бірнеше мәселелердің шиеленісуін көрсетіп отыруы лирикалық шығармаларға тән екені белгілі. Лирикалық прозаның бір ерекшелігі автор оқиғаны шынай жүрегінен шығарып нәзік лиризммен жеткізуінде.

Лирикалық проза көркемдік ағым болса, лиризмді тарихи-генетикалық тұрғыдан өнердің тектік қасиеті деп, авторлық позиция райында бейнелеу принципі ретінде, әдеби процесс өлшемімен тенденция, творчестволық типология талабымен стильдік құбылыс, мазмұндық-құрылымдық аяда компонент есебінде танып-қабылдауға болатын тәрізді.

Бүгінгі қазақ әңгімелерін барлағанда байқалатын тағы бір нәрсе – қаламгерлеріміздің өз кейіпкерінің жүріс-тұрысын ежіктеп кетпей, олардың ішкі жан-дүниесіне зер сала бастағандары, қаһарманның іс-әрекетін жан-дүниесімен сабақтас алып суреттеуге ден қойғандары. әрине, бұл басқа жанрларға қарағанда шағын әңгімеде кейіпкердің бүкіл рухани әлемін ашып тастау әлдеқайда қиын, әлдеқайда күрделі екендігін ескермеске болмайды. Әңгіме жанрында кейіпкер психологиясын терең де толымды ашу мүмкіндігі повесть-романға қарағанда әлдеқайда шектеулі. Дегенмен, психологизмнің элементтері әңгімеде де жоқ емес.

Яғни мұнда жеке адамның көңіл-күйі мен сезімі қоғамға тән рухани құндылықтардан ажырамайды.

«Үш аяқты құлын» әңгімесінде осындай қасіреттің кесапаты адам баласына ғана емес, жан-жануарларға да әсерін тигізгендігі туралы айтылады. Шығармада жас баланың бәйгеге қосатын, батырлардың сәйгүлігіндей тұлпарым болса екен деген арманы суреттеледі.

Жазушы: «Есте жоқ ескі заманда біздің бабаларымыз солтүстігі Семейтау, Көкен, Сұңқар, оңтүстігі Тұлпар, Мейзек, батысы Балқан, Қарқаралы, шығысы Шыңғыстау аралығындағы Дегелең, Мыржық, Абыралы, Жалаулы, Жалғызтау, Тайлан, Шөладыр, Самай, Шаған, Ащысу, Тасбасқан, Саржал өңірлерін жайлап, қора-қора қой, үйір-үйір жылқы, келе-келе түйе айдап сапырып қымыз ішіп, кертіп қазы шайнап, жүйрік ат мініп, қоңыраулы найза көтеріп, ақшанқан киіз үй тігіп, қаздай қалқып көшіп жүріпті ғой, шырағым. Бошан, Қамбар, Жалықбас, Жүгіней, Қыдыралы, Есбалақ сынды қаһарынан дұшпаны қалтыраған, не бір жүрегінің түгі бар арыстандай ақырған

батырлар өтіпті деседі. Солар қатарлы еліне қамқр, пана, ық, жауына сес, селебе болған Бигелдідей батыр өмір сүрген. Сумаңкөк деген тұлпары жылқы баласын алдына түсіріп көрмеген...» [119, б. 495], – деп атасының немерісіне айтқан аңыздары арқылы автор нағыз қазақылықты сақтаған ертегі, аңыз тыңдап, жылқыға құмартатын жастардың, сол қазақылықты бойына сіңіретін қазақ ауылдарының жойылып бара жатқандығын айтып, жар салады. Торбиенің құрсағындағы құлынды асыға күтуі, оны жанын салып, бағып-қағуы сияқты баланың пәк сезімі шынай, нанымды етіп берілген. Атасының айтып берген аңызыда әңгімеге сыршылдық танытып, шынайылығын артыра түскен.

Осылайша көптен күткен Торбие құлындағанда аспаннан жай түскендей болады. «Қанша күндер бойы үмітпен күткен, немересінің еншісіне беріп, бағып-қағып, үкілеп, түбі – бәйгеге қосам деп дәметкен текті тұқым Торбиенің нәсілінен жүйрік шығады деп арман еткен еркек құлының орнынан қос құлақтың бармақ басындай ғана нобайы бар, қисық көз, бұзау бастанған, бітеу мойын мақұлық тыпырлап жатыр. Енді аңғарды: алдыңғы екі аяқ қосылып бітеу біткен, туа салып жүріп кететін, төрт аяғы қалт-қалт еткен құлыншақтың орнында үш аяқты, тарбиған ойқы-шойқы бірдеңе жыбыр-жыбыр етеді. Мұндай пәлені кім естіп, кім көрген! Сұмдық-ай!» [119, б. 497]. Кейіпкермен бірге осы сәтті күтіп отырған оқырманның да көңілі су сепкендей басылады.

Әңгіме әрі қарай былай өрбиді: «Түнімен ұйқы болған жоқ. Туысқандардың қарулы-қарулы деген төрт-бес жігіті шақыртылып, олар аптығып қимылдап, құлын орнына туған үш аяқты мақұлықтың көзін құртып, терң қазып жерге көмді. Сол түні талай жүйрік тапқан, не бір сәйгүлік тапқан атақты Торбие сойылды... Мұндай пәле малдан ғана шықса бірсәрі, масқара болғанда неше түрлі жарымжан, мүгедек сәбилер де туып жатыр ғой. Шетінеп кетсе кетті, әйтпесе өмірбақи өзіне де, ата-анасына да арылмас бейнет, айықпас сор. Әй, оның бәрі іргедегі кесапат. Қырық жыл бойы жарылып жатқан бомбаның зардабы. Бүгінгі ұрпақ, ертеңгі нәсілінді не қиямет тосып тұр десеңізші. Табиғат ана құлын орнына үш аяқты мақұлық жаратып, әлдене зобалаң, қатерден хабар, белгі беріп, ишарат жасап, ескерткені ме, кім білсін? Әлде маған жасаған зорлығыңды тимасаң, сенің өзіңнің де ертеңің осы дегені ме?» [119, б. 489]. Жазушы не болғанын түсінбеген ауыл адамдарының бейнесі арқылы, жарылыстың кесірінен болып жатқан осындай ащы шындықтарды көркем шығармаға айналдыра отырып, өзекті мәселе көтереді. Оқырманды ойлануға шақырады. Бұл ащы шындық әр әңгімеде әр қырынан ашылады. Бірін-бірі қайталамайтын кейіпкерлер, олардың тағдырлары асқан шеберлікпен жазылған әңгімелердің көркемдігі ерекше. Қаламгер өз ойын анық, шынайы жеткізу үшін түрлі бейнелеу құралдарын пайдаланады. Тіл байлығы, сөздік қор жазушы тілінің көркемдік кестесін нақыштап айшықтайды. Жазушы үлкен мәні бар, кезеңдік оқиғаны әңгімелеріне арқау еткен, адамның жан дүниесіне үңіліп, ондағы сезім күйлерге ден қояды.

Зерттеуші «...Шындық, адам өмірінің шындығы деген жалпылама, шексіз де шетсіз, ұшы-қиыры жоқ ұғым емес. Шындықтан анық, нақты ешнәрсе жоқ»

[120, б. 221], – дегендей жазушының прозалық шығармаларындағы оқиғалар желісі нақты өмір шындығынан алынған.

«Автор «Аяқталмаған трагедия» деп атауы тегін емес. Халыққа қанша жылдар бойы қасірет сыйлап келген Семей полигоны туралы бірдеме жазбақ түгілі, сыбырлап айтудың өзі сұмдық болған кеңестік салтанаттың суретін салады жазушы. Жән оны дардай дабыратпай-ақ, нақты күнделікті өмір тіршілігінің шындығы арқылы айқайсыз ащы айтады» [119, б. 468].

Рымғали Нұрғали қаламынан туған әңгімелердің әрқайсысы оқырман ойын тербеп, оның санасына сан түрлі сауалдар салады. Ол үшін жазушыға айтар ойын шынайы жеткізер тіл, кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесінің иірімдерін аша білер шеберлік қажет. Шығарманың көркемдік мәнділігін артыратын нәрсе – жазушы шеберлігі екені даусыз.

Профессор Ж. Дәдебаевтың: «Жазушының көркем прозадағы ізденістерінен жазушының ерекшелігін, шеберлік жолындағы бір қыдыру соны сипатын, айшықты ізін (қолтаңбасын) байқадық, таптық. Жазушы ерекшелігі демекші, әдетте, жазушы ерекшелігі – тұлғаның жеке басының қасиет, мінезіне емес, шығармашылық психологиясына, көркем ойларын жеткізудегі өзгеге ұқсатпай салған соқпағы мен стильдік бөгеней-таңбасына қаратылады. Жазушының айқын қолтаңбасын, даралығын танытатын қажетті шарт яғни хас белгі – суреткер парасатының ұшандығы, дарын қуатының молдығы. Содан туатын – жазушының жасампаздық стилі, ерекшелігі. Өзіндік келбет, ерекшелік жоқ жерде – жазушы да жоқ» [121], – дейді. Яғни, өзінің көзқарасы мен шығармашылық ұстанымын дәл жеткізуде Р.Нұрғалидың да шеберлігі шексіз екендігіне оның шығармаларын оқып отырып көз жеткізуге болады. Жазушының «Аяқталмаған трагедия» деп аталатын полигон әңгімелер циклі – кең тынысты шығарма. Автор шығарманы мына сөздермен аяқтайды: «Абырайың артсын, жан жараң, тән жараң жазылсын, Абыралы, енді Сенің телегей теңіз көз жазыңды көрмесін жаңа ұрпақ, жас буын!».

Көркем шығарманың тақырыбы – жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы, ал шығарманың идеясы – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, немесе өмір құбылысына берген бағасы. Қазіргі жазушы әңгімелері бүгінгі замандас бейнесін суреттеуде олардың жаңа дәуірдегі қоғам ісіне белсене араласуы мен адалдық, достық сезімдерін, еңбек жолындағы күрделі ізденістерін көркемдікпен өмір шындығына сәйкес бейнеленуімен ерекшеленеді.

Қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістердің тақырыптық ерекшелігіне қарай саралағанда негізгі тақырыптарға сыншылдық-философия, діни-философиялық, азаттық, қоғамдағы әлеуметтік жағдайлар, ұлттық менталитет, экологиялық т.б. жатқызуға болады.

Жазушы Жүсіпбек Қорғасбек: «Роза Мұқанова шығармаларын адамның жанына үңілуден туындатады. Адамның жаны үлкен қасіретте барынша ашылады. Роза адам қолымен жасалған хайуани қасіреттен адами мағына іздейді. Сезімге тиетін детальдар іздейді» [122].

Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінің басты кейіпкері Ләйлә – атомдық сынақтардан жасалған жарылыс даласының дәл кіндігінде – Қарауылда туған мүгедек қыз. Прототипі – Еңлік атты Семей қаласының тұрғыны. Әңгімедегі жалпы психологиялық-эмоционалдық ахуал зарлы, шерлі. Сынақтан зардап шеккен жұрт қатары күн санап сиреуде. Қарауылдың басында азалы үн толастар емес. Күн сайын көз жұмып, дүниеден көшіп жатқан ауылдастарының қазасы ауыл-аймақтың еңсесін езіп жібергендей. Адам қолынан жасалып, жанына бітпес жара салған осынау қасіреттен зардап шегуші тағы да – адам. Әңгімеде жаны жаралы Ләйлә үнемі аймен сырласып, бар мұң-зарын, қайғы-қасіретін соған айтумен болады.

Көркем шығармада авторлық идеяның жазушы еркінен тыс, сәл өзгеше түрде жүзеге асуы жиі кездеседі. Бұл монолог болып табылады. Б. Майтанов: «Авторлық төл сөз әрдайым сүбелі үлеске ие. Оны ішкі монологта диалог сияқты идеялық-композициялық қажеттіліктерге байланысты әр эпизоттарда алмастырып отырады. Алайды жазушы өзіне тиісті бесаспаптық қасиетіне сай, кейіпкердің тұйық сөздері мен ашық сөздерінен қалған бос кеңістіктерді өмір шындығына лайық нанымды штрихтармен толықтырып, органикалық тұтастық тудырады» [57, б. 330], – дегендей жазушы Р. Мұқанова «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінде ішкі монологты шебер пайдаланғанын көреміз.

Ләйлә қыз: «О, жарық ай, мүсіркеме сен мені. Мен күнәсіз қыз боламын. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік дүниесінен безінген жұдырықтай жүрегім кек пен қасіретке толы. Мен өзіме адам сияқтымын, басқаларға адам емес, адам пейілін тәубәға түсіретін мүгедекпін. Қарауылдың адамдары мені көрген сайын: «Мұны Алла тағала адамдар тәубасына келсін, қол-аяғының саулығына, он екі мүшесінің дін амандығына шүкір етсін деп жаратқан», – дейді. Солай ма, жарық Ай? Мен саған ғана, сенің өзіңе ғана сенемін. Тым болмағанда үмітімді сен ақтарсың. Сонда, бұл жұрт нені айтады? Мен кіммін осы? Мәңгілік пе? Шынымен-ақ мәңгілік өспей қалған бала кейіп пе?» [123], – деп қамығады.

Әдеби үрдістегі қазақ жазушыларына қазіргі дәуірдегі әдебиеттің жағдайына сәйкес уақыт қойып отырған үлкен міндеттердің бірі – адам жанының диалектикасын ашу. Дәлірек айтқанда, кейіпкердің ішкі рухани әлеміне үңілу, жан сарайына психологиялық талдау жасау саласында терең толғану, тынбай іздену керек болып отыр. Демек, қазіргі жазушылар арасынан эстетикалық талғамы жоғары, танымы кең, оқырманның ойынан шығатын туындылар иесін талдап, саралап, іріктеп отыру – әдебиетші ғалымдардың міндеті.

Осындай уақытта «Қатираның оқудағы баласы келін әкеледі екен», «Той болады!» деген хабар бүкіл ауылға бір қуаныштың бастауы сияқты, өзгеше бір сілкініс әкелгендей. Ал Ләйләнің тіршілігі мүлде бөлек.

Ол күн батысымен сұғанақ көздерден аулаққа, Тереңсайға жасырынып, көктегі аймен сырласуды әдет қылған. Мүгедектігінен, жетімдігінен жуасып, жасып қалған шарасыз қыз үнемі жұрттан жырақ жүреді. Оның ішкі зарын, мұң-наласын Ай ғана құлақ асып тыңдап, ұғып тұрған тәрізді көрінеді. Рухани,

физиологиялық тұрғыда бой жетіп келе жатқан қыздың ішкі дүниесі арманға толы. Ертеден қара кешке дейін кекетіп, мұқатқан жұрттың сөзі мен көзінен әбден қажыған бойжеткен терең сайға келіп, мүлде басқа тіршілік кешеді. Мұнда ол өзін бақытты, үріп ауызға салғандай сұлу деп санайды. Себебі мұнда оның сыртқы мешелдігіне көзін сатып, сұқтана қарайтын адамдар жоқ. Жаны сұлу да таза жас қыз өзін осы жерде ғана еркін сезінеді.

Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінде полигонның кесірінен мүгедек болып туылған Ләйләнің тағдыры туралы баян етіледі. Шығармада автор Ләйләнің бейнесін жасы жиырмадағы ересек қыз болса да, өспей қалған, сырт кейпі бес жасар қызды танытатын мүсәпір пендені суреттеген. Ләйләнің жалғыз сырласы өзі атап шақырғанындай «Жарық ай!». Ләйлә жетім, оның өзі де, көңілі де жалғыз. Оның жан дүниесін ешкім түсінбейді. Ләйләмен тағдырлас жанды жазушы Асқар Алтайдың «Кентавр» әңгімесінен көреміз.

Жалпы Р. Мұқанова мен А. Алтай кейіпкерлерінің диалогтары ішкі психологиялық толғаныстарына бой ұрады да, өмір құбылыстарына байсалды ой парасат көзімен қарауға шақырып, өткен мен бүгіннің ажырамас, диалектикалық бірлігін тереңірек түсінуге көмектеседі.

Ғалым Г. Пірәлиева «Ішкі монолог – кейіпкердің ішкі ойы, көңіл-күй сырын білдіретін, эмоциялық әсерді байқататын көркемдік құралдардың бір түрі... Формасы мен мәні адам психикасындағы ғылыми және этикалық ойлау жүйесінің дамуына байланысты өзгеріп отырған» [124], – деп анықтама берсе, профессор Б. Майтанов монологқа жан-жақты тоқтала келе: «Монолог арқылы мінездер ерекшелігі, ойлау сипаттары, образдың дүниетанымдық арналары өрнектеледі. Шығарма идеясының не бір нәзік тұстары, кейде автор мақсатының басты дәні көп ретте ішкі сөздер ағымымен бейнеленеді» – дейді. [57, б. 291]. Бұған қосарымыз - монологтағы кейіпкер сырында көп ешкімге айтыла бермейтін астарлы сыр жатады. Мәселен аталмыш жазушының повестеріндегі кейіпкерлердің образы ішкі монологтарына негізделген. Онда күйіну, торығу, жауап таба алмау, сағыну басым тұрады. Демек, ішкі монолог психологизмге құрылады. Келе-келе бұл монологтары абстрактылы диалогқа ұласуы мүмкін. Шығармаларының композициясында кездесетін монолог, диалогтар суреткердің стильдік ерекшеліктерін айқындаумен бірге характердің де даралығын танытады. Кейіпкер сөзі бірде диалог, бірде монолог арқылы көрініп отырады. Кейіпкерлердің сөзінен оның логикалық ойлау жүйесі, заман, уақыт тынысы да сезіліп отырады. Ендеше жазушы шығармаларындағы әрбір компонент олардың идеялық-эстетикалық мән-мағынасын айқындайды.

Әңгімедегі оқиға желісі қаншама жыл отау құрып, бірге тұрып жатқандарымен Аққазы мен Моншақтың жаялық кірлетер кішкентайлары болмайды. Құрсағына біткен екі бірдей нәрестесінен айырылып қалған Моншақ, осы баланы Алладан өзі тілеп алған. Құрсағына бала бітіп, дәрігерлерге көрінгенінде Семей мен Өскеменнің қазақ-орысы аралас дәрігерлері оған «дені дұрыс бала таппайсың, ішіндегі құбыжық іспетті бірдеңе, жаныңның аман қалғанын қаласаң «жасанды түсік» жасату керек» деген. Бірақ

Аққазы мен Моншақ олардың дегеніне көнбей, өлісінде де, тірісінде де бұл баладан айырылмауға бекініп, ауруханадан қашып, ауылына бірақ келеді. Әйелінің толғағы келіп, дүниеге сәби келер сәтте Аққазы өзі ғана болады. «Ол жарының шатын жарып келе жатқан құлынның қос тұяғын көріп еді... Содан шошына тұрып кеткен. Ішінен «Бісмилла!» деп күбірлеп те жіберді. Ол жіп-жіңішке, торы түкті шырыш-шырыш сирақтарды біріктіре ұстап, еппен ғана ептеп тарта бастады... Сол сәтте жылқы жарғақты құлын-сәби шар ете қалды...» [125]. Басты кейіпкер Басарыс атты құлын денелі жігіт. Оның басы кеудесі түгел адамдікіндей де, белінен төмен аяқ орнына тұяқ жаратқан. Бұл шығармада ұрпақ сүйгісі келіп, асығып жүрген қос мұнлықтың ауыр тағдырына құлын денелі сәби береді. Әрине, ата-анасына өз ішінен шыққан сәбиі қай кезде де ыстық. Бірақ бұл жерде тағы да сол бір атом бомбасының кесірі тиген Ләйлә тағдырлас Басарыстың да адамдар көзіне оқыс көрінетіні, оның мына тіршілік иесінен өзгеше жаратылысы кейбір адамдардың одан үрейін туғызса, біріне ол жемтік болып елестеген еді. Ләйләні барлығы есінен адасқан, есуасқа баласа, Басарысты жабайы жануарға теліді. Олардың сырт бейнесімен ғана санасқан тіршілік екеуінің ішкі дүниесіне үнілген жоқ. Тіпті оның барына да сенбеді. Табиғат тартқан жаза емес, қатігез адамдардың өз қолымен жасаған қасіретінің жазасын екеуі ғана тартты. Екеуі де сол себепті өздеріне деген пананы даладан іздеді. Ләйлә «Жарық аймен» тілдесе, Басарыс тау-тасты аралап, аң-құспен дос болды. Қайраты мен күші тасыған балғын жігіт сол табиғат ананың құшағында жүріп өзін еркін сезінетін. Ал, Ләйләнің өзі жасап алған құпия әлемі бар-тын. Ол әлемде қыздың жүрегін елжіреткен тап-таза махаббат та өмір сүрген. Алайда, сол өзгеше жаратылған тіршілік иесін адамдар еш қабылдай алмады. Көрген жерде қорлап, мазақ етіп жас қыздың санасына «сен мүгедексің!» дегенді құйып тастаған. Айналасындағы адамдардан қолдаудан гөрі қорлау көрген ол өз-өзін расында еш дәрменсіз, бейшара санайтын. Ләйлә қасіретке толы кеудесін ақыры ақтара алмай, жалғанның күйігі болудан шаршап, көз жұмды. Ал Басарыс тау баласы, тау бауырында жүріп, қаніпезер аңшылардың қолынан қаза тапты. Бірақ ол санасыз аң сияқты емес, нағыз азамат болып көз жұмды. Себебі, ол жазықсыз оққа ұшқан қорбандаған қос қонжықты қорғады. Бәлкім табиғат оны әдейі құлынды денелі етіп жаратқан болар, мына пасық адамдардың жаман ниетінен мақұлық аңдардың қорғаушысы болсын дегені болар мүмкін. Оққа ұшқан аю ананың жетім қалған қонжықтарын саналы адам аямағанда, Басарыстың бұл қылығын кім құптар. Жазушы: «Ал шер толы жүрегі тулаған, қан толы көкірегі қинаған құнан-адам қыл шашақты құйрығы мен шашасын жел көтеріп, қасат үстінде тыныш тапты» [125, б. 124], – деп осылайша, қос кейіпкердің де мына жапан далаға сыймай, ақыры бейіштен тыныш тапқандарын, сонымен бірге өмірдегі бар жамандықты өз бойларына бүркеп алып кеткендей сезіледі. Түгел болмаса да, бір жамандықтың жолын кесіп, шамын өшіріп кеткендері рас. Асқар Алтайдың кейіпкері өмірден Ләйлә қыз сияқты қорлық көрген жоқ, жазушы қайта оның басқа адамдардан күші, қайраты жағынан артық, батыр тұлғалы ұлды бейнелеген.

Шебер суреткер жазушы өз кейіпкерлеріне баяндау тәсілі арқылы мінездеме бермейді, оларды іс-әрекет үстінде ойлары мен айтқан сөздері арқылы, суреттеу тәсілімен бейнелейді. Себебі, оқырман құлағымен естігеннен гөрі өз көзімен көргенге сенеді бұл жай суреткердің назарынан тыс қалмайды. Сол себепті де, шынайы суреткер құрғақ баяндаудан, суретті сөздерге көбіне көңіл бөледі. Демек, әңгіме жанрында адамның ішкі сезімдік иірімдері тереңдетіліп беріледі. Автор өз кейіпкерлерін диалог барысында психологиялық мінез-құлықтарын, ішкі жан дүниесін оқырманына ашып береді.

Ғалым Б. Майтанов: «Көркемдік интерпретацияда өтетін өмір шындығының сенімділігіне айқын кепілдердің бірі – кейіпкер сөздері. Қаһарманның тек өзіне тән, дара характері оның сөйлеу мәнерінен көрінеді. Бұл әрине, диалогтың эстетикалық мәнін анықтайды» [57, б. 123], – деп диалог барысындағы кейіпкерлердің ішкі эмоциясын, психологиялық сезімін берудегі ерекшеліктеріне назар аударады.

А. Алтай әңгімесінің ерекшелігі – автор оқырман назарын кейіпкердің ішкі сезімдеріне, түйсіктеріне назар аудартып отыратындығында. Адам болмысына қатысты терең философиялық толғаныстар бір ғана адамның өз басынан өз психологиясынан тартыс табасыз. Кейіпкерлердің мінезін, қоғамға көзқарастарын білдіру үшін автор небір қиын ситуацияларға араластырып отырады да бірегей образ жасайды. Кейіпкерлердің ішкі тебіренісі беріліп, жан сыры ашылады, характері дамиды. «Қызыл бөлтірік» повесін оқи отырып, кейіпкерлер тебіренісі, іштей арпалысының басымдығына көз жеткіземіз. Көбінесе автор ойы мен кейіпкер ойы тұтасып кеткені байқалады. Жазушы ой арпалыстарына, сана қақтығыстарына, азапта да күрделі психологиялық ахуалға жол береді.

Басты кейіпкер өзімен-өзі болып, оңашаланып, психологиялық тебіреніске жиі беріледі. Яғни диалогтан қарағанда монолог басымдау тұрады да драмалық шиеленіске әкеліп соғып жататын да кездері болады. Кейіпкер рухани тығырыққа тіреліп, өз-өзінен күйіп-пісіп жатады. Оқиға шиеленісуінен гөрі тереңнен толғану, ойлану, кейіпкер тебіренісі, іштей арпалысы басым. Осылар арқылы психологиялық тартыс күшейіп, кейіпкердің ішкі тебіренісі шарықтап барып, жан сыры ашылады. Бірте-бірте кейіпкер характері дамиды.

А. Алтай шығармаларын оқи отырып, кейіпкер сөздерінен жан – дүниелік сезімді де, көңіл күйдің сәтін де байқай аламыз.

Көркем сөз суреткерінің қолындағы бояуы – сөз, бұл - жанды құбылмалы бояу, мұның мүмкіншілігінің шегі жоқ. қандай қанық бояуларды қолына берсең де олақ суретші тартымды картина салып шығара алмайды. Алуан түрлі бояуды тиісті мөлшерде пайдалана білген суретші ғана жүрек тебіренерлік сурет жасай алады.

А. Алтай әр кейіпкерлерінің өзіне тән психологиялық кескін-келбеті бар. Олардың кейіпкерлері тап болған психологиялық жағдайын бейнелеу тәсілдері де өзгеше.

Кентавр – ежелгі грек аңыздарында жартылай адам, жартылай жылқы тәрізді бейнеленетін мифологиялық кейіпкер. Әрине, полигонның кесірінен тура осындай жартылай жылқы денелі адам тумаса да, екі басты, төрт аяқты немесе бір көзді адамдар дүниеге келді. Қаламгер осыны біраз романтикалық образ етіп алды. Ол автордың қиялынан туған, десе де автор ойын оқырманға түсінікті жеткізе білген көркем шығарма.

Қазіргі әңгімелердің ішіндегі экологиялық тақырыптарға өзгеше өң беріп, көркемдік ізденістерімен толықтырып жүрген жазушылардың бірі – Думан Рамазан.

Әдебиетсүйер қауымға Думан Рамазан ең алдымен әңгіме жанрындағы көркем туындыларымен таныс. Автор қаламынан шыққан әңгімелерде табиғат пен адамзат, жаһан мен ұлт, тарих пен тағдыр, заман мен адам, мемлекет пен халық, дін мен қоғам ұғымдарының мағыналық аясындағы толып жатқан діни-эзотерикалық, философиялық, этномәдени, саяси, әлеуметтік, экологиялық мәселелер қаламгерлік таным таразысына түсіп, көркем қорытылады. Думан Рамазанның «Соңғы дем» әңгімесінде өз елінің тағдырына деген алаңдаушылық байқалады. Әңгіме қазақ жерінде жасалған сынақтардың кінәсіз құрбандары жайлы толғанысқа толы. Семей ядролық полигонының жарылыстарынан зардап шеккен бір ауылдың тұрғындары мен Нұркен отбасының тас-талқан болған тағдыры баяндалады. Иен қалған ауылда өсіп жатқан жас ұрпақтың тағдыры да оқырманды бей-жай қалдырмайды. Адамдардың ойлау жүйесіндегі керағар тұстар нанымды бейнеленген. Автор ара-арасында Семей өлкесіндегі сәбилер өлімінің ұлғайғандығы, қаншаға көтерілгендігі жайлы деректерді де келтіреді. Жанталаса қаруланудың тежеусіз салдары әлемдік экологиялық дағдарысты тереңдете түскендігі оқырманның бойын шымырлатарлықтай деңгейде.

Жазушы: «Нұрбек көрер таңды көзімен атырды. Терезенің сынығынан аңқылдаған салқын желден үй іші азынап тұр. Суықтан бойы тітіркеніп көрпе астында бүрісе түседі. Шырмауықтай шырмаған ауыр ойдан арыла алар емес. Бас мең-зең. Төрде жатқан әйелі мен қыздары алаңсыз ұйқы құшағында. Нұрбек олардың ысырылып қалған көрпесін жапқысы келіп, басын көтеруі мұң екен, тұла бойы дуылдап қоя берді» [126], – деп кейіпкердің ауыр жағдайын суреттейді.

Әңгіменің басталуында көрер таңды көзімен атырып, қиналып жатқан Нұрбекті кездестіреміз. Небары үш-ақ кейіпкер. Осылар арқылы сол заманның ауыр тұрмысын, қарапайым халықтың басындағы дауасы жоқ дертті көрсетеді. Қолынан аурудан құтқарар дәрмені жоқ, дәрігердің де емі жоқ. Тек ащы суды іше берсін, көбірек ішсін деген ем-дом жасайды. Дәлірек айтқанда, кейіпкердің ішкі рухани әлеміне үңілу, жан сарайына психологиялық талдау жасау саласында терең толғану, тынбай іздену керек болып отыр. Бұл тұрғыдан алғанда жазушы Д.Рамазан кейіпкерінің халінен хабар бере отырып, оның жан күйзелісін ашуға, оның себеп салдарына талдау жасай алған. Нұрбек жаны неге соншама қиналыс үстінде. Күйеуінің қинала шыққан дауысынан Гүлжан оянып кетеді. Нұрбек ауруын жұқтырып алам дей ме, ешкімді маңайына жолатпайды. Гүлжанның «Арыстай азаматым-ай!.. Ай, өмір-ай. Бір уыс болып бүрісіп

жатқаныңды қарашы!..» [126, б. 28], – деген сөздерінен жан азабын тартып жатқан Нұрбекке деген аяушылығын көреміз. Қолынан келер дәрмен жоқ. Сиырын саууға бара жатып, Гүлжан Қаншайым әжейден хал сұрайды. Қаншайым халі де тым ауыр.

Қай әңгімені алсақ та сюжеттік оқиға желісі соншалық ұзақ емес, автордың көдегені жекелеген адамдардың өмірлік құндылықтары туралы өзіндік көзқарас позициясынан қоғамға зер салу болса керек.

Жазушы Думан Рамазан әсіресе өмірдегі өзара бітіспес қайшылықтардан туындайтын парадокс жағдайларды үніле зерделейді. Шығарманың тұтас құрылымындағы авторлық позицияға келетін болсақ, көп жағдайда кейіпкерлер тағдырына төрелік етіп, кесім айтушы мәртебесінен бас тартады; баяндау стилінде барынша бейтараптық сақталады; бірқатар туындыларында кейіпкер-баяндаушының автобиографиялық сипаты айқын бедер тауып жататын жағдайлары ұшырасады. Қоршаған ортаны суреттеуде жазушы бүгінгі таңда көркемдік инновацияның көз тартатын табысты тәсіліне айналған өнер синтезіне айрықша арқа сүйейді. Жалпы Думан Рамазан әңгімелерінің басты көркемдік ерекшелігі баяндаудың интермедиялық табиғатымен байланысты. Қайсыбір әңгімелеріндегі кейіпкерлердің әрекет психологиясын суреттеу ыңғайынан сахналық драмаға тән жанрлық сипат-белгілерді де аңғаруға болады. Қалай болғанда да, жазушы қаламынан шыққан түрлі тақырыптағы шығармалар тұтаса келе, оның рух, ар, күнә сынды жан табиғатын ашар маңызды концепттер аясындағы зияткерлік-философиялық пайымдарын – автордың өзіндік рухани тұжырымдамасын ұсынады.

Шығарма оқиғаларының тізбегі ХХ ғасырдың соңындаы 1990 жылдардағы қазақ ілінің саяси-әлеуметтік жағдайын шынайы суреттейді.

Жазушы Нұрғали Ораздың «Жылқының көз жасы» әңгімесінде бүкіл адами проблемаларды, бір кезеңдік қазақ өмірінің, ондағы жаңа тіршіліктің тынысты, сыртқы реалдық өмір шындығын сана күресі, ой арпалысы, көзқарас қақтығысы арқылы бейнелейді. Сөйтіп жазушы Абат қартты үлкен психологиялық образ дәрежесіне жеткізеді сол жазылмас дерттен Абат жігіт кезінде қасқа биенің сүті арқылы тәуір болады. Автор: «Сол жылы жазда Құдай жарылқап қасқа бие құлындады емес пе. Әй бір сүйкімді, әй, бір сұлу құлын туды ғой. Иә, сол бір сүп-сүйкімді қызыл құлынмен жарысып қасқа биенің бір емшегін Абат та емді. Сүттей ішті, саумал күйінде ішті, қымыз қып сапырып ішті. «Аруағыңнан айналайын қасқа бие-ай, әуелі Құдайдың, содан соң сенің арқанда сауығып, аман қалдым ғой мен, – деді кеудесін шер толқытып, көзі жасаурап келе жатқан Абат қарт делбені бір қағып қойып. – Бәлкім, шиеттей бала-шағамның көз жасын ескерген шығарсындар, бәлкім, жас еді, жалғыз еді деп есіркеген боларсындар. Әйтпесе мені анық көздеп, маған келген ажал еді ғой ол!.. Сол жылдан бастап Абаттың үйінен қысы-жазы қымыз үзілмейтін болды. Соңынан ерген үйелменді-сүйелменді ұл-қыздарының бәрі де Жынның дертінен аман, ақыл-есі бүтін, ойы да, бойы да биік, келісті, келбетті азаматтар болып өсіп, жетіліп жатты» [127], – деп суреттейді. Кім-кімнің болса да ойына қасиетті жылқы малының сүтін ішкен ұрпақтың ойы жүйрік, алғыр азамат

болатынына осы оқиға ой саларлықтай. Бүгінде бие сүтінің ем болмайтын дауасы жоқ.

Сол қасқа бие жан тәсілім етейін деп жатыр. Көршісі келіп, малды бауыздау керектігін айтады. Абат қатты шошып кетті. Қол бармайтын іс. Не істеу керек? Қасқа биені арулап көму керек. Бірақ жылқыда зират бола ма? Бір болса Құлагерде болар, Айтұмарда болар. Иә, санаулы ғана сәйгүлікте бар. Енді, міне қасқа биеде болмақ... қасқа биенің құлыны күрең атқа оның өлігін тиеп сары бел жаққа бет бұрды. Күрең аттың анасын қасқа биені жер қойнына беру сәтінде көзінен қара жерге жас тамды. Бұл көріністі жазушы әңгімесінде: «Абат қарт өз қолымен үйген төмпешіктің – қасқа биенің басында біраз кідіріп, үстіне жұққан шаң-топырақты қаққыштап, арбаның жанына қайтып келгенде көрді: күрең ат жылап тұр екен. Тілсіз, үнсіз егілген жануардың көзінен жас парлап, моншақ-моншақ боп үзіліп жатыр екен... Ол күреңнің маңдайынан сипап, саусағымен жалын тарағыштап тұрып алысқа-а, сонау бір жылдары жер астынан алып саңырауқұлақтай албасты Жын атып шыққан тауға – Полигон жаққа қарады. У сіңген қара жартас тағы да қан тілегендей сұрланып: «Әй, Адам, сенің де амалың таусылмайды-ау осы!» деп ызғар шашып, тұлданып тұрғандай көрінді» [127, б. 50], – деп шебер суреттейді. Адамды да, жануарларды да алапат құшағына алған табиғат симфониясында қаһармандық пен трагедиялық әуен басым. Адам баласының ойлап тапқан жарылысынан қанша өмір үзілді, қаншама кемтар ұрпақ азап шегуде.

Қазақ романының бастау бұлағы, бүгінгі арнасы заман талабы мен уақыт сынына лайық бет-бейнесін тапқан. Роман туған қоғам мен сол дәуірдің тынысын көркем бейнелеп бере алуымен құнды. Роман жанрының өз кезеңінің идеялық, эстетикалық ұстын ұстанымдары шеңберінде дамып, түрлі ізденіс іздерін қалдыратындығына көз жеткізеді. Бұл көбіне шығарма туған орта мен дәуірдің тарихи, әлеуметтік, саяси, идеологиялық қалыптасқан санасы мен үстем ой-пікірлерінің эстетикалық мазмұнға айналып жалпыадамзаттық құндылықтар шегінде танылатынын көрсетеді. Шығармадағы мезгіл мен мекен, уақыт пен кеңістік ұғымдарының тарихи жағдаймен сабақтас келетіні анық. Қазақ романындағы түрлі ізденістер қазақ романы туралы жазылған еңбектерді талдау, салыстыру барысында анықталды. Алғашқы қазақ романы туралы жазбалардан бастап қалыптасқан роман сынын ескере отырып, роман жанрында заман беталысының өзгеруіне орай туған ізденістер өміршендігі тұрғысынан бағаланды. Нәтижесінде жалпыадамзаттық мұраттар қай дәуірде де бір болғанымен, әр кезеңде түрлі сурет пен көріністерге ие болатынын дәлелдеудің қажеті жоқ. Көркем туындының сюжеті мен композициясы сол сурет пен көріністерді жүйелеп, бейнелі тілмен баяндап жеткізуден ғана құралмақ.

Ғалым: «Роман не нәрсе?» мақаласында «Белгілі бір ұлттың әдебиетінде роман жанрының пайда болуы айта қаларлықтай құбылыс. Роман – әдебиеттің өскендігінің өлшемі, жеткен биігін тапжылтпай танытатын өз алдына бір сапалық белгі іспетті. Сондықтан да шығарманың тууы, қалыптасуы, даму төңірегіндегі әңгіме әдебиетті зерттейтін ғылымның назарынан тыс қалып көрген жоқ» [128], – дейді. Яғни, әдебиеттегі көркем ойдың құзар шыңы –

роман. Романда лирика мен драма жанрларының сипаттары да кірігіп отырады, әңгіме қарағанда онда түрлі оқиғалар жүйесі, сюжеттік желі, қаһармандар қатары кеңірек қамтылады.

Роман табиғатын айғақтайтын, жанрлық сипаты мен сюжеттік желісіне, композициялық құрылымына, поэтикасына арналған Б. Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау», Ж. Дәдебаевтың «Өмір шындығы мен көркемдік шешім», Қ. Ергөбектің «Жақсыдан қалған сөз», Т. Сыдықовтың «Қазақ тарихи романы», Т. Жұртайдың «Бесігінді аяла», Т. Рахымжановтың «Романның көркемдік әлемі», З. Бейсенғалидың «XX ғасыр басындағы қазақ романы», А. Исмақованың «казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль», Қ. Алпысбаевтың «Тарихи шығарма: таным және көркемдік», «Қазақтың 100 романы», Г. Пірәлиеваның «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері» сияқты ғылыми еңбектер қазақ романының ғылыми объектісіне енуін жаңа деңгейге көтерді.

Жазушыларымыз Семей қасіреті туралы роман жанрында да қалам тербеді. Семей қасіреті тақырыбында жазылған романдар: Бекежан Тілегеновтің «Қара жел» романы, Медеу Сәрсекке «Семей қасіреті» деректі тарихи хикаят, Рамазан Тоқтаровтың «Полигон» романы, Мерғали Ибраевтың «Жоғалған өзен» роман-диалогиясы, Сәуле Досжанның «Қасірет пен тағдыр» романы.

Ғалым: «Қазақ әдебиетінің тарихында «роман» ұғымының пайда болғанына аса көп уақыт өткен жоқ. Дей тұрсақ та, роман жанрының тарихы қазақ әдебиетінің өткен жолымен тығыз байланыста екендігін жоққа шығармайды» [128, б. 149], – дегендей жоғарыда аталған романдар туған орта мен дәуірдің тарихи, әлеуметтік, саяси, идеологиялық қалыптасқан санасы мен үстем ой-пікірлерінің эстетикалық мазмұнға айналып жалпыадамзаттық құндылықтар шегінде танылатынын көрсетеді.

Семей қасіретіне қалам тартқан жазушылар туған жердің кешегісі мен бүгінгісін реалистік тұрғыдан бейнелей білді. Полигон аймақтарының зардаптарын, жарылыстар салдарына терең бойлап, кең ауқымды көрсеткен шығарма жазушы Бекежан Тілегеновтың «Қара жел» романы.

Ғалым Т. Жұртбай жазушының шығармашылық ғұмырбаяннан тоқатала келіп: «Семейдегі атом полигонының тәлкегіне ұшыраған ел мен жердің тағдырын суреттеген «Қара жел» романы Бекежан Тілегеновтің шығармашылық жолындағы бетбұрысты белес әрі айтулы табысы болып табылады» [129], – деп зор баға берді. Жазушының бұл романы тек қана қазақ әдебиетіндегі ғана емес, сол тұстағы бүкіл одақ көлеміндегі ең көкейкесті мәселені қозғаған шығарма ретінде әріптестері арасында жоғары бағаланды.

Сөз бәйгесі барысында алдына жан салғысы келмейтін, өзінің әріптестері туралы сирек жазатын қазақтың жазушысы Мұхтар Мағауин өзге түгілі өзіне де орнын тауып, орайы келгенде ғана байқап пайдаланатын «болашақ классик жазушы» [129, б. 14] – деген теңеуді Бекежан Тілегеновке арнап айтқан еді.

Романда атом жарылысы болар алдындағы халықтың мамыражай өмірі, табиғаттың тамылжыған көріністері сондай шабытпен жазылған. Кенеттен

заманның қатыгез дауылы соғып, адамның да, сол жерде мекеннің, бейбіт тұрымысының астан-кестенін шығарады. Ашық жер бетінде сыналған бомбаның әсерін байқау үшін тірідей сынақ алаңының маңына апарылған адамдардың күйзелісі, жарылыстың болатынынан бейхабар қойшының радиация апатының астында қалуы, адал махаббат иелерінің айықпас дертке ұшырауы, иен қалған қыстаулардағы жүні түскен тақыр қойлар мен аңдардың сенделісі барынша қанық әрі нақты суреттелген. Өмір шындығы көркем шындықпен астасып, адамзат тіршілігіндегі ең қауіпті қарудың рухани дертке ұласуы мүмкін екендігі туралы пікірлері ерекше суреткерлік түйісікпен баяндалған. Жазушы Дегелең қасіретін бейнелей отырып, адамзатқа ортақ адамгершілік мәселесін қозғайды.

«Қара жел» романы үш бөлімнен тұрады, романның фабуласы соғыстан кейінгі жылдары еңсесін көтеріп келе жатқан аудан орталығы Қайрақтының көрінісі, тұрғындардың мажыражай тыныс-тіршілігі баяндалады.

Романда: «Бәрі де аяқ астынан болды. Бір-ақ күнде бүкіл аудан қопарылып, орынан қозғалды.» [130], – деп атом жарылысы болар алдындағы халықтың мамыражай өмірі, табиғаттың тамылжыған көріністері сондай шабытпен жазылған.

Романда туған жерлерін тастап кетпейміз, көшпейміз деген халықтың наразылығын, үлкендердің «жер иесіз қалады ғой» деген сөздеріне құлақ аспай зорлап, мәжбүрлеп көшіргені жайында: « - Әуке, мұнда қалуға болмайды деп тұр, – деп Қали шалға жайды түсіндіре бастады. – Бүкіл ауыл көшіп жатыр. Ешкім мұнда қалмайды. Оған рұқсат жоқ. Үш күннен кейін осы өңірде бомба сыналатын болыпты, Ғаламат күшті бомба жарылады. Сондықтан біз көрші ауданға, Ақтерек жазығына барамыз. Бұл төңіректен ең кем дегенде жүз елу жер асып кетуіміз керек екен. Мұнда тірі жан қалуға болмайды дейді. Қалса, опат болады. Жүріңіз, айтқанына көніңіз...» [130, б. 7], – деп баяндайды. Кенеттен заманның, қатыгез қоғамның зорлықшыл мемлекеттің, шовинистік пиғылдың қара дауылы соғып, адамның да, сол жерді мекендеген аңның да бейбіт тұрмысының астан-кестенін шығарады.

Роман кейіпкерлері Түсіп, Жұмандар көшіп-қонып, малдарын орналастырып, әбігерге түсіп жатқан кезде үлкен аналар қайтыс болып, оның жаназасын шығарып, жерлеу рәсімін дұрыс өткізе алмағандығын жазушы шебер суреттейді. Жазушы: «Кемпірден қалған соңғы белгі – аласа төмпешік артта қала берді. Енесінің жаназасы оқылмады, тірлердің өлік алдындағы соңғы борышы, міндеті атқарылмады. Оған кемпірдің өзі де, балалары да, елі де, жұрты да кінәлі емес еді. Жағдай солай болды. Төбелерінен жай түскендей қылған мына аласапыран кезең кінәлі еді» [130, б. 33], – деп суреттеген.

Жазушы романда ашық жер бетінде сыналған бомбаның әсерін байқау үшін тірідей сынақ алаңының маңына апарылған адамдардың күйзелісі, жарылыстың болатынынан бейхабар қойшының радиация апатының астында қалуы, адал махаббат иелерінің мәңгілік айықпас дертке ұшырауы, иен қалған қыстаулардағы жүні түскен тақыр қойлар мен тағы аңдардың сенделісі барынша қанық әрі нақты суреттелген.

Жазушы Бекежан Тілегеновтің «Қара жел» романының ерекшелігі Дегелең тауындағы жарылысты өте шебер суреттеуі, романды оқып отырып болған оқиғаны көзбен көргендей боласыз.

Автор: «Кенет, алыстан гүрс етіп, құлақ жарған қатты дауыс естіліп, төңірек солқылдап, аспан шайқалып, жер сілкінгендей болды. Дегелеңнің төбесінде қара бұлттай үйіріліп, қалың шаң бұрқ ете қалды. Осы қара бұлттың арасынан найзағай оты жарқ еткендей қызыл жалын түйдектеп от шашты. Таптал түсте ашық аспанның беті өрттей алаулап, жалындай лап ете түсті. Жай оты Дегелеңнің күз биігіне ұрып шағылғандай тау ішін күңіrentіп, жаңғырықтырып жіберді. Найзағай оты да көбейіп түйдек-түйдегімен жер астынан бұрқырап шығып жатыр... Бүкіл дала тітіркеніп, дірілдеп, селкілдеп қоя берді» [130, б. 63], – деп романды жазу барысында әдебиеттегі көркемдегіш құралдарды ұтымды пайдаланған. Қазандай сарқылдап, шоқтың қызуындай шалқып, өрттей жалаңдап, селдей төгіліп т.б. бұл теңеулер арқылы болған оқиғаларды көз алдына елестетіп, көріп отырғандай боласың.

Жазушы: «Бүкіл Дегелең қайнаған қара қазандай сарқылдап, бүкіл төңірек мөңкіген асау аттай тулады. Қып-қызыл жалын шоқтың қызуындай шалқып, өрттей жалаңдап, асып-тасыған отты селдей төгіліп, ақтарыла жөнелді. Төңірек тегіс – жазық дала да, аспан да, өзен де, тау да – бәрі қып-қызыл шоқтай қызыл түскен енген. Түйдектеп атылаған ыстық жалын лапылдап барып күйедей қою түтіннің ішіне кіріп, сіңіп кетіп жатыр. Дәу жалынның буындай бұрқыраған қара түтін будақтап шығып, дүниеге бой бермей шапшыған жалынмен арпалысып, неше түрлі түске енеді, неше түрлі қорқынышты бейнелерді еске салып, жан-жаққа жайылып, аспанға көтерілген қарап құстай қанатын жайып, қалықтап барады» [130, б. 63], – деп табиғаттық жапа шеккендігін шебер бейнелейді.

Жазушы: «- Қаншама дүние босқа қалды-ау. Соғыс кезінде де мұндай сұмдықты көрмеп едік, бұл не болғаны. Астымыздан су шығып, өрт қуғандай бәрін тастап қашқанымыз не? Қайда бара жатырмыз? Қайда әкетіп барады? Мекенімізден қуатындай кімнің жолында көлденең тұрып едік. Үй-күйді тастап, туған жерден, өскен елден кетіп, қайда барып оңамыз, қайда сіңіп пана табамыз? Өлгенде осы үйден шығамын ба деп ем, енді шет жерге сүйреп апарып көметін болдыңдар ғой. Туған жерден топырақ бұйырмағаны қорлық болды-ау, – деп Балкен еңіреп қоя берді» [130, б. 94], – деп романда қарапайым халықтың не болып жатқанын, неге көшіріп жатқанын толық түсінбеген жағдайын шебер суреттейді.

Жазушы романда: «Жұман уайымшыл, күйрек боп кетті. Не болса соны ойлап, жаси береді. Уайым-қайғы жанын жегідей жеп, қажытып барады. Тамақтан да қалды. Ұйқыдан да айырылды. Түнімен дөңбекшіп, төңкеріліп шығады. Тырс еткен дыбысқа елеңдеп, басын көтеріп алады. Түнімен түс көріп шығады. Қашанда көретіні бір-ақ түс. Көзін жұмса болды, Дегелеңді көреді» [130, б. 102], – деп жарылыстың зардаптарынан табиғат пен бірге адамдардың азып-тозып кеткенін, ауруға шалдыққандарын шығарма кейіпкерлері арқылы беріп отырады:

Жердің астында жатқан соң зияны жоқ шығар деп қаншама көңілдерін алдаусыратқанмен қуатты күштің дүмпуі тым-тырыс жатқан жалпақ даланың тыныштығын бұзып, дүниені тітіркендіріп, сескендіріп кетті.

Жазушы: «Тау бұрынғыдай еңселі биік емес, жылдан-жылға мүжіліп, шеті үгітіліп, бойы да аласарып бара жатқан сияқты. Таудың биігінен бір зор күш сығалап, бұларды сыртынан бақылап, бағып тұрған сияқты көрінеді. Көне тау әбден қартайып, қалжырап, төбесін қылау шалып, шөгіп бара жатқан сияқты» [130, б. 106], – деп Дегелең тауының кішірейіп, шеті мүжіліп, шетінеі бастағанын да шебер суреттейді

Романда: «- Киік-қырған - қойшылардың жазғы сырт жайлауы. Бұрын ол жердің қалай аталғанын кім білсін, соңғы жылдары осылай деп атап кеттік. – Неге? Осыдан төрт жыл бұрын сол жайылымда топ киік келіп, опат болды. Қараптан қарап жүріп, далада қырылып қалды. Дегелең жақтан ауып келген екен, радиациядан болды деп жүр ғой, өтірік шынын кім білсін, әйтеуір, арам өлді. Обал-ақ! Көздері жаудырап, бір күнде орындарынан тұра алмай далада қалды. Содан бері сол жерді қойшылар Киік-қырған деп атап кетті ғой» [130, б. 113], – деп Киік-қырған жерінің атауы қайдан пайда болағанын жазушы айтып өтеді.

Өмір шындығы көркем шындықпен астасып, адамзат тіршілігіндегі ең қауіпті қарудың рухани дертке ұласуы мүмкін екендігі туралы пікірлері ерекше суреткерлік түйсікпен баяндалған. Жазушы Дегелең қасіретін бейнелей отырып, исі адамзатқа ортақ адамгершілік мәселесін қозғайды. Роман жарық көргеннен кейін бір жылдан соң атом сынағы тоқтатылды. Бұл Бекежан Тілегеновтың жазушылық әрі азаматтық парызына деген адалдығының және шығармашылық батылдығының көрінісі.

Автор шығармада: «Бұл жерде бүкіл бір ауылдың, өмірі, бір елдің тарихы, тағдыры еді ғой. Ендеше ауылдың сол тарихы қайда? Бұл елдің ортақ тағдыры қайда? Осы шұбырып келген қалың жұрттың елі, жері емес пе еді? Бүкіл бір аймақтың өмірі еді ғой. Ендеше оның болашағы да болмаушы ма еді? Қайда сол болашағы? Осы сауалдарға кім жауап береді?...» [130, б. 137], – деп жерді аздырып барады, өзі де рухани азудың алдында тұр, ауылдың, елдің болашағын кімнен сұраймыз? Сұрауы бар ма? – деп жазушы роман кейіпкері Арманның сұрақтары арқылы оқырманға үлкен ой салады:

Қаламгер романда қанша құнарлы, шұрайлы жер, шабындық иесіз қалғандығын шебер бейнелейді. Кейіпкерлерінің ішкі монологы арқылы оқырманға ой салып, ары қарай не болары екен дегендей жетелеп отырады. Роман: «Бүкіл жұртты елінен, жерінен бездіріп, атамекенінен айырып, тысқары қарай тықсыртып тастағанда не ұтты. Бұл зонаны басқа жаққа, қу мекен, қу медиенге, адам баласы аяқ баспаған ессіз жерге орнатуға болмады ма? Осыншама қиянатпен, асыра сілтеп, ауырпашылық орнатып зона құрудың қаншалық қажеті болды. Қайрақтыдан басқа жер құрып қалды ма? Осы Қайрақты болмаса, бұл бомбасы құрғыр сыналмай қалатын ба еді?» [130, б. 155], – деп кейіпкері Жұманның ақылы жетпей, түсіне алмай, шақшадай басы

шарадай болып ойланып, толғанып, өз-өзіне сұрақ қойып, үнемі ішкі арпалыспен, аласапыранмен өмір сүріп келгенін байқаймыз.

Романда жазушы кейіпкерлердің жан айқайын, туған жерінен айрылып, үйсіз-күйсіз далада қалғанын жан түршігерлік оқиғалар арқылы баяндайды. Анаңнан айырылғанда жатып жылайсың, қайғырасың, көнесің, көндігесің. Ал, кіндік кесіп, кір жуған туған жерден, мекеніңнен айырылсаң, оны қалай ұмытарсың, қалай естен шығарасың. Елсіз, Отансыз адам болушы ма еді? деген сұрақтар арқылы жазушы оқырманын ойландырады.

Романның басты кейіпкері Арман Алматыдан арнайы келіп туған жерін аралап жүрді. Ауылдастары Жұман мен Түсіп әңгіме арасында «Атом көліне» соға кетейік дегені бар ма. Арман бұлардың әңгімесіне аң-таң, бұрын сонды естімеген, көрмеген көлі еді. Оларға жалт қарап, «- Атом көлі дегеніңіз не? – деді Арман. – Көлдің аты ғой, – деді Түсіп. Бұрын бұл жерде мұндай көл жоқ еді. Табиғаттың біз білмейтін сыры көп қой, шырағым. Құданың құдіреті, атом бомбасын ашық сынайтын жылдары осы арадан су шықты. Жердің астынан қайнардың көзі ашылды ма? Жоқ болмаса төңіректегі қардың суы жиналды ма, кім білсін, әйтеуір содан бері осы көл пайда болды» [130, б. 156], – деген үзінділерінен Атом көлі туралы мағлұмат аламыз.

Романның кейіпкері Түсіп бұл көлге шомылуға да, пайдалануға да болмайтынын ескертеді. Арман жақындап келіп, көлге көз тастады. «Көл беті айнадай теп-тегіс, күнмен шағылысып жалтырап жатыр. Қыбырлаған толқын көрінбейді. Шұңқырға, ойық жерге қорғаныс балқытып құйғандай сұрғылттанып, судың беті дірілдемей қатып қалған. Жағалау тап-тақыр, жалаңаш. Жаға суы шайындыдай кір тартып, күңгіртеніп лайланып қалған. Шыңырау түбінде қорқынышты сыр, дүлей күш жатқандай үрей тудырады...» [130, б. 157], – деп жазушы Атом көлінің бейнесін қоқынышты, сұсты етіп шебер суреттейді.

«Қайрақты жерінде жаңадан пайда болған жасанды суды жұрт «Атом көлі», «Атқан көл» деп атайды. Ауыл арасы кейде көңілі толса «Сасық көл», көңілі көншімесе «Тажал көл» деп те айта береді» [127, б. 157]. Міне ел арасында көлдің атауын осылай атап жүргендігін көреміз.

Жазушы: «Атом көлі – жансыз, нәрсіз көл. Қыбыр еткен жәндігі жоқ, ешкімге пана, сая бола алмайтын пайдасыз, өлі табиғат. Жағасында жайқалған көгі жоқ. Өңі жоқ. Жері де, топырағы да нәрсіз, құнарсыз, шөл даладай қуарып, қаңсып, қаңырап жатыр. Түн баласына қарай көл бойында бөтен дауыс гүрілдеп, күңіренгендей, күрсінгендей болады, содан жүрексінген жолаушы бұл тұсқа беттемейді, көл басына түнемейді» [130, б. 158], – деп оқырманға түсінікті болу үшін көлдің қазіргі жай күйін сипаттап береді.

Бүгінгі таңда «Атом көлі» туралы деректер көптеп жазылып та, айтылып та жүр. «Атом көлінен аққу ұшып, қаз қонбайды...» [131], – деген мақаладан да Атом көлінің қалай пайда болғаны туралы ғылыми дәйектеме жарияланады: «Ядролық жарылыс 1965 жылы 15 қаңтарда Семей полигонының негізгі су күретамыры – Шаған мен Ащысу өзендерінің құйылысы орнында жүргізілді. Жарылыс орнында диаметрі 500 метр, тереңдігі 80-100 метр қазаншұңқыр

пайда болған. Жоғары температураның әсерінен шұңқырдың түбіндегі гранит тастар еріп, шыныдай жылтырап жатқан. Арнаны құру бойынша құрлыс жұмыстары жүргізілген соң екі үлкен су қоймасы, атап айтқанда қазаншұңқырда және сыртқы Шаған, Ащысу өзендері алқаптарының суымен толтыру есебінен пайда болды. Сөйтіп бұл халық арасында «Атомкөл» аталып кетті». Қазіргі уақытта көл жағасында елді мекендер жоқ. Айдынға үйрек-қаздар мүлдем қонбайды. Жалпы бүгінде көлде зиянды радиация бар. Адамдар мен жануарлар үшін қауіпті болып табылады.

Жазушы Бекежан Тілегенов «Қара жел» романында адам қолымен жасалған атомдық жарылыс кезіндегі аяусыз апаттың куәсі болған кейіпкерлер, бұрын-соңды әдебиетте ұшыраспаған өзгеше тағдыр иелері бар. Атомдық жарылысты халыққа қарсы жасалған әрекет деп білетін, білсе де селт етпейтін партия басшылығында қызмет еткен, сол елден шыққан азаттардың бейнесі де бар. Романдағы қат-қабат оқиға, қилы тағдыр, әрқилы мінез арқылы тұтас бір дәуірдің, кеңестік отаршылдық зұламат заманның құбыжық бейнесін шынайы суреттеген. Жазушы романды «Қара жел» деп атауының өзінің де бір себебі бар, Дегелең тауының бөктері, сол аймақта қысы, жазы азынап үнемі қара желдің соғып тұруында.

Көркем шығармадағы мәңгілік тақырыптар адам, қоғам, табиғат, атамекен, махаббат мәселелеріне арналады. Айналып келгенде осылардың бәрінің түп қазығы – адам. Осы тақырып – адамның тіршілігі, әрекеті, айналасы, болмысы – уақыт ағымына сай түрленіп отырады. Адамға тән мәселелерді азаматтық тұрғыда, сезім-мұратымен шынайы көрсете білген қаламгер – Медеу Сәрсеке.

2016 жылы жазушы Медеу Сәрсекенің Семей қасіреті» және «Семипалатинская трагедия» қазақ және орыс тілдерінде деректі тарихи хикаяттары жарық көрді. Деректі тарихи хикая дегеніміз танымдық-бағалау мәнерінде жазылған, мазмұн шынайы өмірде болған оқиғалар баяндалатын шығарма.

Әдебиеттану териминдер сөздігінде: «Өмірде болған нақты жайларды, анық мәлімет, айқын деректерге сүйеніп, бейнелеу тәсілі қолданылатын көркем туындылар. Деректі жанрға өмірбаяндық, публицистикалық шығармалар, көркем очеркті жатқызуға болады. Деректі жанрда нақтылы шындық, автордың ой елегінен өткізіліп шығуы арқылы танылады. Демек, нақты жайлар, жеке фактілер жинақталып, қорытылып, типтік дәрежеге көтеріледі» [31, б. 132], – деп деректі жанрға танықтама береді. Қаламгер деректі тарихи хикаятта Семей топырағындағы 2,7 миллион халықтың 1949-1989 жылдардағы ядролық жарылыстар миллиондап түзеген радиациядан зардап шеккенін нақты айғақтармен береді.

Жазушы деректі тарихи хикаятты жазудағы басты себебін: «Семей полигонының жарылыстары астында мен 37 жыл өмір сүрген, соның салдарынан соңғы жеті жылда екі мәрте ота жасатып, өзіме төнген ажалдан аман құтылған пендемін. 1995 жылдан беріде 2-ші топтағы мүгедекпін. Оған қоса Дегелең мен Балапан аймағынан қыр еліне дамылсыз тараған зиянды

нуклидтерден айықпас ауруға ұшыраған жерлестерімді, бозбала жігіттердің өзіне-өзі қол жұмсаған қасіретін, анасы құрсағынан шалажансар туған мүгедек бүлдіршіндерді жиі көрдім. Сонымен бірге, осы жергілікті басшылардың, республика билеушілерінің осы зауалға жаны ауырғанын, мәймөңкелеудің қажеті қанша, кейбірінің бір күндік мансабып ойлап, түк көрмегенсіп бейтарап болғанын да көңілге түйген қаламгермін. Қысқасы, жасым егде тартқан шағымда іште қыз-қыз қайнап жатқан шерді жария етуге бел байладым. Имандай шыным, сол ойға мен бұдан төрт жыл бұрын кездей соқ жағдайда тәуекел еттім», – деп түсіндіреді. Жазушы деректі тарихи хикаятты жазу барысында орыс тілінде жарық көрген «Ядерные взрывы СССР» Қазақстан за безъядерный мир», «Противостояние» кітаптарын, Д. Сахаровтың «Естеліктерін», Алматы, Семей қалаларындағы мұрағат қорларындағы деректерді, «Құжаттар мен материалдар жинағын, т.б. еңбектерді пайдаланған. Жазушы «Мамыражай жаз еді» деп аталған 5-тарауында өзінің балалық шағын баяндай келе: «Ең алғашқы атом бомбасы 1949 жылдың 29 тамызында, туып-өскен ата мекенім Абыралының Дегелең тауына ұрымтал жазықта сыналған – сол кезде мен 7-сыныптың шәкіртімін, Қайнар орта мектебін 1953 жылы алтын медальмен тәмамдаған екі бозбаланың Алматыға жете алмай, 5 тамыздан бастап жаппай босуға түскен аудан жұртымен бірге жүз шақырым қиырдағы Күйік бұлағының жағасында екі апта бойы күнсіп жатқаны сипатталған. Сол екеудің бірі – мен. 12 тамыздың ертеңгілігінде түстік қиырдан жарқ еткен «екінші күнді» көріп, кең аспанды тұмшалаған «саңырауқұлаққа» таңдана қараған үрейлі сәтті қалайша ұмытасың? Ол болса Кеңес Одағы жарған ең алғашқы термоядролық бомба...», – дейді. Яғни, байқағанымыз Медеу Сәрсеке шығарманы жазу барысында әрбір деректі өзінің басынан өткен оқиғамен байланыстырып отырады. Атомдық және ядролық жарылыстар Семей атырабында 42 жыл бойы сыналды. Кейбір жарияланымдарда сол туралы әртүрлі сандар айтылған. Ал, жазушы «Семей қасіреті» деректі тарихи хикаяттың 9-тарауында осы деректерді ғылыми еңбектер мен мұрағат қорларындағы құжаттарға сүйене отырып: «Арнайы актімен бекіген жиынтық есеп мынадай: Дегелең тауы мен соған ұрымтал Балапан жотасында барлығы 470 атомдық және ядролық жарылыстар жасалған; 90-ы ауада, 26-сы жер бетінде, 354-і жер астында жарылған; бәр-бәрінің жиынтық қуаты – 2500 килотонна (Жапон елінің екі қаласына тасталып, бірден және кейінгі жылдарда 400 мыңнан аса адамды жер жастандырған екі бомбаның қуаты 20-22 килотонна шамасында). Енді сіз осыншама алапат қуаттан біздің даланың қандай апатқа тап болғанын оймен шамалаңыз. Сұмдық емес пе? Соларға қоса Семей полигонында химиялық улы заттармен зарядталған бомбаларды 175 рет жарған. Мысалы, 1961 жылы атомдық және ядролық бомбалар да 68 мәрте сыналған. Бір ғана қыркүйек айында ядролық жарылыс 15 рет, күн аралата жасалған... Сорақы қылмыс демеске шараң қанша, сол жарылыстардың бәрі де өзімбілемі мол, тежеусіз дарақы Хрущевтің «қайткен күнде американдықтардан басым түсіп, әкесін танытамыз... Осы жарылыстардың Дала халқын қандай

касіретке душар еткенін, «Қисапсыз көп жарылыс кім үшін?» [132], – деген сұраққа жауап береді.

Қаламгер шығармасында Семей топырағы, оның ішінде, сынақ, радиация зардабын көріп отырған аудандарды да нақтылап айтады: «Қарауылдықтар мен сол мекеннің төңірегіндегі барлық шаруа-шылықтардың мал-жаны Шыңғыстаудың теріскейіндегі Бақанас өзенінің бойында және Аягөз қалашығына таяу Сергиополь елді мекенінің іргесіне тігілген жүздеген палаткаларды паналап, қарамы он мыңға таяу жан жиырма шақты күннен соң бұрынғы мекендеріне қайтып оралып, демек радиация тозаңын жыл бойы жұтқан. Күллі аудан халқын радиация шоғырының астында жыл бойы ұстап, адам организмінің және жан-жануардың радиацияға төзімділігіне сынақ жасаған. Нәтижесі сұмдық: Қайнар мен Саржал ауылдарына қарағанда (сол мекендердегі радиация шоғыры 150-160 рентгеннен аспаған, Долон елді мекенінде 180 шамасы), ал қарауылдықтар және Әтей, Медеу, Тоқтамыс, Бірлік және Айнабұлақ ауылдарының тұрғындары жоғарыда нақты көрсетілген радиация шоғырын көбірек жұтып, кесапаты мол ауруларға ұшыраған...» [132, б. 135], – дейді. «Қыр елінің тарихы шерткен сыр» деп аталған 4-тарауда жазушы елсіз, сусыз, құрғақ далаға ядролық сынақ жасаймыз, еш зияны жоқ деген пікірлерге тарихи айғақтармен жауап берген: «Әскери бөлімшелер сол аймаққа Қырым аймағынан көшіп келіп, Ертістің сол жағалауындағы Молдар елді мекеннің іргесінен қалашық тұрғыза бастағанда сол жерде Ақсу ауданының мал баққан бірнеше елді мекені болған. Сол өңірден күнбатыс пен түстікке қарай 70-80 шақырым ұзасаңыз – Дегелең мен Мыржық тауларының бөктерін Абыралы ауданының алты колхозы қоныс еткенін көруіңіз хақ. Солар 1954 жылы Жарма және Абай аудандарына көшіріліп, келесі жылы аудан да таратылды. 1931 жылы Ленинградта жарық көрген, көлемі 420 бет, «Весь Қазақстан» атты анықтама кітапта (дайындаушылар «Казиздат» қызметкерлері – Ғ. Мүсірепов, Б. Майлин, А. Жиенбаев және Ж. Сыздықов) Қазақстан өлкесінің 123 ауданының геогра-фиялық-тарихи, шаруашылық-экономикалық сипаттамасы беріліп, әрбір ауданның тұрғын халқы мен қолындағы төрт түлік малы Госпланның 1930 жылғы 30 маусымдағы есебі бойынша нақты көрсетілген. Мен 17 жылға шегініс жасап, әлгі аймақтағы адамдар мен жеке қожалықтар санын, солардың иелігіндегі малын әскери полигонға жер берген 6 аудан бойынша даралап көрсеттім. Мысалы, Абыралы ауданында сол кезде 6131 шаңырақ болған, жан иесі 29813 адам, 253873 бас төрт түлік мал өріске шыққан, яғни әрбір шаңырақ ірілі-ұсақты 42 бас малға ие; Шыңғыстау ауданында – 6847 қожалық болыпты, тұрғын халқы 34767 адам, олар 54141 бас жылқыға, 36135 бас ірі қараға, 362007 қой-ешкіге және 12925 бас түйеге иеленген. Ертістің оң жағалауында, яғни әскери зонамен иықтас орналасқан Бесқарағай ауданының 16328 дербес қожалығында 48427 адам егін егіп, ағаш кесіп, төрт түлік мал бағып, көкөніс өсірумен күнелткен (негізгі тұрғындары қазақ-тар – 95,9%; тек 1986 адам Ресейден ғасыр басында қоныс аударған орыстар мен украиндер... Ертістің сол жағасындағы Қызылтаң ауданының (бертінде Новопокров, одан соң Жаңасемей атанды) 6224 шаруашылығында

26478 жан иесі тіршілік еткен. Қу ауданының 6851 қожалығында 32812 адам өмір сүрген. Полигонға жер берген Ақсу ауданындағы 13759 шаруа қожалығында 61915 адам болған. Сонымен 6 ауданның 234212 тұрғынын түгендедім, 1930 жылы солар иелік еткен мал саны да ерекше қомақты. Амал қанша, 1931 жылдан бастап суыт жүрген коллективизация науқаны, үдемелеп түскен салықтардан соң қыр елі 1932 жылғы аштыққа тап болып, қынадай қырылды. Нәтижесінде Дегелең атырабындағы халық та сиреді, тек мүлдем құрыған жоқ. 1939 жылғы Одақ бойынша жүрген санақ деректеріне үнілсеңіз – қу жаныңыз қарадай шошиды. Жоғарыда атаған қыр қазағының 70-80 пайызы ұшты-күйлі есептен сызылған. Мысалы, Абыралы ауданындағы адам саны 5 мыңға, Шыңғыстауда 6 мыңға жетер-жетпес жан иелері қалған. Мал басы тоқсан пайызға кеміген. Жә, сонда қыр елінің әйелдері нәресте тумаған ба, полигонға жер берген алты ауданда 30 мыңдай адам қалғаны неліктен? Әрине, сол мұңлықтардың бәрі де И. Голощекин бастаған бәлшебек белсенділер қыр еліне мылтық дүмімен енгізген колхоздастыру науқанының, «көгенде қозы, желіде құлын қалмасын» ұранымен жүріп, социализм қоғамын жедеғабыл орнату, сол үшін де жедеғабыл ұйымдастырылған қуғындау, сыпыра ату саясатының нәтижесі. Ертіс алқабы соңғы екі ғасырда көрмеген сорақы құлдырауға ұшырады. Кітабымның 4-тарауында 1928-1945 жылдар аралығында қыр қазағы басынан кешкен бес түрлі апатты санадым: байларды тәркілеу, коллективизация, аштық, «халық жауларын» іздеу және төрт жылғы қырғын соғыс. Мысалы, бір ғана Абыралы ауданынан әскерге 1315 адам шақырылған, елге оралғаны – небәрі 500 азамат. Осындай ауыр ахуал жоғарыда түстеген аудандардың әрбірінде қайталанған» [132, б. 178] – дейді. Жазушы «Қорғаушысы жоқ ел жетім» деп аталған 6-тарауында ешкімге мәлім емес деректерді келтіреді: «Полигонда салынған 6-7 сынақ алаңдары түгелдей Абыралының байырғы жерінде орныққан, соншама жерден айырылған соң аудан да қоса құрыды. Абай ауданын таратып, оның шаруашылықтарын Жарма ауданы мен Сарыөзек стансасы маңындағы шөл далаға көшіру туралы және Шұбартау ауданын жойып, Аягөз ауданына қосу жайындағы 1956 жылы жасырын қаулы, оның бір данасы Семей облыстық атқару комитетінің сейфінде сақталыпты. Абайдың сүйегін арнайы ғимарат салып, Семейге көшіруге де жоба әзірленген. Шындығында сол жанкештілер бұл мәселені ойлағандай шеше алмаған. Екі ауданның таратылмауының шынайы себебі – Н. Хрущевтің сол қарсаңда ядролық сынақтарға мораторий жариялауы, оған қоса сынақ алаңдарын қоқыстан тазартуды әскерилер 2,5 жылға созып әрең бітірген; тәубе деймін, сол мәселенің күрмеуі 1963 жылғы АҚШ үкіметімен жасалған, екі алып елдің қатерлі сынақтарды ауада, жер бетінде және су астында сынамауға өзара келісуіне орай біржола тоқтаған... Шынтуайтын айтқанда, екі ауданның жерін иемденуді полигон басшылары бертінде қайта бастап, соған Г.В. Колбиннің келісімін алған...». Ертіс өзені ежелден түркі халықының мекені, халқы тығыз орналасқан аймаққа ядролық сынақтың алаңына айналу себебін жазушы нақты деректермен баяндайды. «Сынақ алаңын Ертістің жағасына ұрымтал жерге жобалаушы – Мәскеудің Биофизика институты. Олардың қолында сыртқы

мұқабасының түсіне орай «Қара кітап» атандырған, АҚШ физиктері жазған ғылыми еңбекте атомдық жарылыстарда нендей кесепаттар туатыны, жержаһанды мың жарым жылға зақымдайтын зиянды нуклидтер тарайтыны, олардың табиғат пен жан-жануарлар һәм адамзат қауымына залалы жайында тәптіштеп жазылған. Амал не, сол шіркіндер сонда айтылғандарды орыстарға тән немқұрайдылықпен тәрк етіп, әскери қаланы темір жолға ұрымтал, ұшақ қонатын алаңы әзір, өздері бір мезгіл балық аулап, жағасы ну орман, жағажайы құмдауық Ертіс арнасына қолсозым жерді әдейі таңдап, әлбетте негізгі сынақ алаңын содан 65 шақырым жерде, Дегелең тауына ұрымтал ашық далада дайындаған. Сол білімпаздар әзірлеген жобаны бекіткен КСРО Министрлер Кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Л. Берия, ресми бекітуші – И. Сталин. Екеуінің де орта дәрежелік білімі жоқ, физика мен биологиядан мақрұм жандар. Генетиканы, кибернетиканы, Эйнштейннің салыстырма теориясын, квантты физиканы жоққа шығарып, «метафизикалық шатпақ» деп жариялаған сол дүмшелерден қандай рақымшылық күтесің? Дегелең атырабын соларға ұсынған ғылым докторлары һәм академиктер – Воровьев, Садовский және генерал-лейтенант А. Завенягин мен генерал П. Рожанович». Деректі тарихи хикаятта Семей ядролық сынағының қазақ топырағына тигізер зияны мен зардаптарын, ұлт қасіретіне айналған дерт екендігін түсініп, қазақ зиялылары 1957 жылы іс-қимылдар жасағанын баяндайды: «Өлкелік патология институтының директоры, патолог-ғалым, Қарқаралы аймағының тумасы, Екінші дүниежүзілік соғыста әскери госпитальды басқарған капитан-дәрігер Бакия Атшабаров. Ертіс жағалауындағы елдің төтенше ауыртпалыққа тап болғанын, нақты күнәһар – ядролық жарылыстар таратқан радиация нәсері екенін жүрек ділімен ұққан сол азамат 1957 жылдың бас кезінде Қазақ КСР ҒА-ның президенті Қ.И. Сәтбаевқа барып, полигон төңірегіндегі қазақ ауылдарын мықтап шалған жаңа қатер туралы ресми мәлімдеген. Сол іске академияның вице-президенті, ғалым-дәрігер А.П. Полосухин және Денсаулық сақтау министрі С.Р. Қарынбаев та қостаушы болған. Нәтижесінде сол көктемде ҒА-сы мен Денсаулық сақтау министрлігінің бірнеше мамандық иелерінен құралған, құрамында 150 адам бар ғылыми экспедиция Семей облысына бірнеше автомобильмен аттанған. Бірегей басшысы – Атшабаров, орынбасарлығына министрліктің бас радиологы С. Балмұханов тағайындалған. Сол экспедиция Абай ауданының Қайнар, Саржал, Қасқабұлақ, Қарауыл мекендерін, Бесқарағай ауданының Ескі Долон мен Жаңа Долон ауылдарын, Новопокров (Жанасемей) ауданының Знаменко (Қарасу) селосының және теріскей-батыстағы Қу ауданының полигонға ұрымтал орналасқан ауылдарының тұрғындары мен бағымдағы малының қаны мен сүйегін, кейбір мекендердің итіне дейін, жайылымын, ішетін суын, күдікті жағдайда жер қойнына да бойлап, жан-жақты зерттеген. Салыстырма есеп үшін полигоннан едәуір қашық Шұбартау, Балқаш бойынан және Баянауыл аудандарының бірнеше елді мекеннің адамдары мен малын қосымша тексерген. Сол жұмыс үш жыл бойы жаз айларында жүрген. Нәтижесінде Б. Атшабаров «Қайнар синдромы» деп атаған жаңа аурудың 15-16 түрлі белгілерін анықтаған. 10 мыңға таяу адамды жан-жақты тексеріп, солардың 6 мыңы радиациямен за-

қымданғаны жайында қорытынды жасап, қиын ахуалды әуелі академия төралқасына, соңынан Қазақстан үкіметіне мәлімдеген. Республика басшылары қатерлі жағдаятқа ерекше шошып, әскери мамандарды шақырып, екі мәрте арнайы талқылаған. Алайда, полигон басшыларын сол қатерге мойындата алмаған. Сөйтсе де? Қаныш Имантайұлы экспедиция ғалымдарына төрт жылғы жұмысты ғылыми қорытындылауды тапсырған. 1960 жылдың аяғында сол жұмыс та бітіп, көлемі 3940 парақ, 12 том болған ғылыми есеп жарық дүниеге келген. Сол істі тындыруға экспедицияның 62 мүшесі қатысыпты. Нәтиже жан түршігерлік: полигон шекарасына ұрымтал төрт ауданның (Абай, Жаңасемей, Бесқарағай және Қу) тұрғын халқы жаппай ауыру; оны енді «бруцеллез, туберкулез немесе ішкен тамақтарында дәрумендер жетіспейді, өйткені дала халқы көкөніс өсірмейді...». Жазушы сонымен қатар Семей сынақ полигонының жабылуыны кімдер ықпал еткендігін, қандай жұмыстар тындырылғанын баяндай келе: «Кешірім Бозтаевтың 1989 жылғы 20 ақпанда, кезекті жарылыстан соң ауаға тараған улы газдардың зардабын көріп, біліп отырып, бұрынғыдай үнсіз қалмай, обком бюросына салып, қызметтес серіктерінен жаппай құптау алған соң Мәскеуге, КПСС ОК-нің бас секретары М.С. Горбачевке наразылық хат жолдаумен басталған наразылық қозғалыс, сол әрекетті Қазақстан үкіметінің төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың әуелде астыртын, соңынан іле-шала қолдауы, араға бес тәулік салып, 24 ақпанда Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаттары Д. Снегин, С. Мұратбеков, Қадыр Мырзалиев пен Олжас Сүлейменов қол қойған екінші хаттың КСРО Жоғары Кеңесіне жолдануы, оған қоса 28 ақпанда Жазушылар үйінде наразылық митинг өтіп, сол жиында Олжас Омарұлы басқарған «Невада-Семей» қоғамдық ұйымның құрылуы, зер салып қарасаңыз, Қазақ елінің де ұзақ ұйқыдан оянып, тәуелсіз Ел атануға ұмтылысының айқын белгісі! Иә, Уақыт көші де жедеғабыл ши-рығып, Ел тарихының ерекше кезеңі туды. Шынында да бұл бостандық туын көтеруші Алаш көсемдерінің келешек ұрпағына өсиет еткен сара үлгісін жаңғырту болатын-ды.» деп нақты деректер арқылы береді. Алайда деректі жанрдың бүге-шігесін әбден игерген автор шерлі оқиғалары ерекше мол, саяси да, тарихи да мәні зор кітабын нақ осы полигонның жабылған тарихын егжей-тегжей баяндаумен аяқтамайды. «Семей қасіретінің» соңғы тарауы «Адасулар, өтірік және ақиқат» [132, б. 183], – деп аталған. Бұл тарау атомдық жарылыстардың ел мен жерге тежеусіз жасаған мың жылдық зобалаңын ашып көрсетеді. Деректі жанрға қаламы төселген М. Сәрсекенің шер мен мұңға толы, ел тарихының аса қиын кезеңін сипаттай келе, «Семей қасіреті» жайлы өзгеше бір жайттарды баяндайды. Зиялы қауымның, әсіресе, ғылым иелерінің – яғни дәрігерлер мен ел басшыларының Ертіс өңірінің ядролық полигон таратқан аса қатерлі физикалық зиянды бөлшектер мен бүлдірулерді қалай анықтағанын, қандай әрекетпен шұғылданғанын нақты айғақ, жазбаша ғылыми деректермен талдауға көп көңіл бөледі. Жазушы М. Сәрсекенің 15 тараудан тұратын шерлі оқиғалармен деректі тарихи романы – оқырманды бей-жай қалдырмайды. Өкінесің, лағнет айтасың, сөйте тұра, ел мүддесін қорғап, әскери кешеннің

генерал-лейтенант, маршал бастықтарымен айқасқа түскен ат төбеліндей ер-азаматтардың есімдерін, ерліктерін танып, ерекше сүйсінесің.

Жүз жыл кейін туыппын,

Жыр тәңірі – Абайдан.

Аталаспын, жуықпын,

Мен жақынмын талайдан,

– деп жырлап кеткен сегіз қырлы, бір сырлы дарын иесі Мерғали Жанғалиұлы Ибраев Абай әлемінен нәр алған талант. Қара сөздің қас шебері «Жоғалған өзен» роман-диалогиясының авторы.

Сөз қуатын жанымен терең түсінген қаламгер проза саласында «Жоғалған өзен» роман-диалогиясын дүниеге әкелді. Роман-диалогияның басты тақырыбы – Семей ядролық полигонының, атом жарылыс-сынақтарының жан рухына, тән саулығына тигізген әсері, қоғамдық сананың күйреуі, адал махаббат, айықпас дерт, адамгершілік пен қиянат қақтығысы.

«Ақын Төлеген Жанғалиев «Жоғалған өзен» роман-диалогиясының жариялануы жайлы былай сыр шертеді: Еріксіз он жыл бойы «Жазушы» баспасының архивінде Мұқағали ақын айтқандай «шаң басып» жатқан Мерғалидың «Жоғалған өзен» атты қос томдық романын қайырып алып, әр жерге сауын айта бастады. Сол кезде абай елінің құрметті азаматы, Медғат Құтжанов мырза қамқор қолын ұсынды. Сөйтіп, 2007 жылы Новосібір қаласынан Мерғали Ибраевтың «Жоғалған өзен» [133] романы екі томдық болып жарияланды.

«Жоғалған өзен» роман-диалогиясы екі кітаптан тұрды. Бірінші кітабы 11 тараудан, екінші кітабы 10 тараудан. Әр тарауда сан алуан кейіпкерлердің өмір жолы мен іс-әрекеті баяндалады. Жазушы роман-диалогиясында 40 жыл бойы атом бомбылары жарылған аймақтардағы адамдардың жан күйзелістері, экологиялық бұзылуы романда шындықпен сипатталған. «Аймақ» дегенде ең алдымен Шыңғыстау мен Абыралы өңірі кіреді. Жер, су, тау, атаулары романда өзгертіліп келтірілгенімен, Шыңғыс тауы, Қарауыл биігі мен өзенін жаз жайлау, қыс қыстауларды аралап жүргендей әсерде боласыз. Жазушы роман-диалогиясында туған жер, өскен еліндегі халықтың атом жарылыстары кезіндегі талай-тағдырын арқау еткен.

Академик З. Ахметовтің еңбегінде: «Диалогия» бір-бірімен жалғастырылып, бір идеялық ой-тұжырымдар негізінде жазылған басты кейіпкерлері ортақ екі шығармадан тұтасып келетін кесек көркем туынды. Диалогияға кіретін әр шығарма баяндалатын оқиғасы жағынан тиянақты болып, көбіне негізгі кейіпкердің өміріндегі белгілі бір кезеңді қамтиды. Сондықтан әрқайсы өзінше аталып, жеке кітап та болып та басыла береді» [31, б. 135-136].

Шығарманың мазмұны – оның ақиқат шындыққа негізделген тақырыбы мен идеясы да, пішіні – әдеби қаһармандардың өзара қарым-қатынасына, тағдыр тартысына негізделген сюжеті, композициясы және жазушының өмірді өнерге айналдырған ең негізгі құралы – суретті сөзі, яки көркем шығарманың тілі.

Кез-келген шығарманың ірге тасы – тақырып. Әрбір шығарманың жазылуы тақырыптан басталанын сөзсіз. Романның «Жоғалған өзен» аталуы заңды да еді. Су тартылып, өзен жоғалады, жер құрғайды, орман-тоғай қурайды, аң-құс ауады, яғни, табиғат тозады. Шығармада: «Биылғы жылдың басы жауынсыз, құрғақшылық болғанды. Соның салдары ма, жоқ әлде басқа да себептері бар ма, әйтеуір Көктал өзенінің бұрынғы көгалды-қияқты жағасы тулақ сүйреткендей тап-тақыр, шаңы шығып жатыр. Көктемде тасыған өзен суы да ерте тартылып ұалыпты. Үздік-үздік, ойдым-ойдым қара судың беті жасылында қаймақшыл, борсып, иістене бастаған. Астындағы малта тастары да балдыр жамылып, шөп-шалам салындысы беттерінде қалқып жүр» [133, б. 24], – деп сол жерде тіршілік етіп жүрген жандардың басына айықпас азап орнап, денсаулығынан айырылады. Романда табиғаттың өзгеріске ұшырауы былай шебер суреттелген.

Романда: «- Е, Көлденеңде бұрынғы су қалды дейсің бе? Қазір алқымындағы сирақтан да келмейтін қара суынан басқа, сайтан да қалған жоқ – деді. Тағы да біраз өзендер мен өздері жүріп өткен жолдағы бұлақ, бастаулардың қаңсығын арнасын көріп, іші удай ашып келе жатты» [133, б. 58], – деп бас кейіпкер Ержан бірнеше жылдан кейін ауылына келгенде судың төмендеген деңгейін көріп, іші ашып, қынжылады.

Журналист Тілектес Қожан: «Жоғалған өзен» романының көтерген тақырыбы сан-алуан. Романның басты тақырыбы – адам. Романдағы екінші үлкен тақырып – басты кейіпкердің туған елге, өскен жерге, табиғи ортаға, ұлтының қарапайым еңбек адамдарына шексіз сүйіспеншілігі, мейірімділігі. Романның үшінші және басты тақырыптарының бірі – Семей ядролық полигонының, атом жарылыс сынақтарының жан-рухына, тән саулығына тигізетін шектен шыққан зиянды әсері. Атом жарылыстары мен сәлелері табиғат-анаға – жер, су, өсімдік, жануарларға кеселін молынан тигізді. Бұл тақырып та жан-жақты оймен зерттеліп, ақ қағазға шындық қалпымен, маржанда сөздермен төгіліп түскен» [134], – деп романның тақырыбы жайында ашық жазады.

Бұл пікірге сүйене отырып, жазушы «Жоғалған өзен» деген тақырып арқылы ядролық жарылыс салдарынан адамдардың психологиялық өзгеріске, табиғаттың экологиялық өзгеріске ұшырауын, адам мен табиғаттық трагедиялық тағдырын суреттеген.

Адамзаттың табиғатты ойсыз да күрделі күйзеліске ұшыратуының зардаптарынан соңғы отыз жыл төңірегінде экология ғылымына деген көзқарас бірсыпыра жанданды. Алғаш рет экология терминін неміс биологы Эрнест Геккель 1866 жылы санамызға енгізген және бұған «табиғат пен тірі ағзалардың өзара қарым-қатынасын зерттейтін ғылым» деп анықтама берген. Дегенмен, экологияның қалыптасуына негіз болған алғашқы ғылыми тұжырымдар ежелгі Греция мен Рим кезеңдеріндегі философтардың еңбектерінен туындаған болатын. Қазақ аңызында желмаямен жер кезіп, елге жайлы қоныс іздеген Асан Қайғы қазақияны аралап, әр мекенге әр қилы баға береді. Арман қуған Асан атаның сын сөздері мен терең ойлы тамаша толғаулары бүгін де соншалықты

мәнді, бүгін де соншалықты ғибратты... Өйткені, адамзаттың табиғатқа зәрулігі күн санап ұлғайып келеді. Мерғали Ибраевтың «Жоғалған өзен» роман-дилогиясы кезеңдік ірі мәселені көтере отырып, оны әртүрлі әлеуметтік-қоғамдық ортамен, экология және адам тағдырымен байланыстырады: «Сен өзен неге суалады, көл неге тартылады дейсің. Бұлақ біткен бітеліп, су аяғы құрдымға айналады дейсің. Ол кезде бұл өлкеде сегіз өзен, отыз бұлақ, алпыс қайнар көз бар еді. Мықты болсандар халық көкейінде жүрген шындықты неге жазбайсындар. Ал, бұл өлкеде желтоқсанда түсетін қар майда, майдағы жаңбыр желтоқсанда жауатын болып алды. Түсетін ылғал мерзімі ауысқан соң, жер бетіндегі су да жылма-жыл төмен түсіп барады. Бұрын екі-үш метрден қазсаң, су шыға беретін, қазір құдықтардың тереңдігі елу-алпыс метр құрдымға кетіп қалды. Тіпті, қонақасыға сойған қойымыздың жілік майын шағып, жей алмайтын болдық. Малдың сүйек майында сәуле ауруына ұшырататын бір пәле бар көрінеді. Бұл өлкеде не көп сырқат көп. Ауырмай өле салуға, атылып-асылуға таңырқаудан қалдық» [133, б. 60-61], – деп роман-дилогиясынан мынандай үзінді келтіреді.

Бұл жерде жазушы прозалық туындыда адамның болмысы мен тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді кең арқау етеді. Әсіресе, адамгершілік-эстетикалық мәселелердің қойылуы өткір көрінеді. Бұл әдебиеттің көркемдік концепциясының тереңдеп, мазмұн байлығының түрленуіне әкелді. Адам баласының жеке бас қасиеттерінің қоғамдық мүддемен ұштаса өрістеуі, сол арқылы адам болмысының терең ашылуы байқалады.

Орыс ғалымы А. Потебня: «Өнер атаулының бәрі – бейнелі ойлау, яғни, образдардың көмегімен ойлау дегенді білдіреді, образ көп ретте күрделілікті, көпқырлылықты, кейде оймен ұстай алмайтын, қиындау бейнеленетін, сонымен бірге, қарапайым, анық, көрнекті ұғымдарды береді» [135], – дейді.

Шындығында да «Жоғалған өзен» роман-дилогиясын бейнелі, көркем әрі құпиялы ойға жетелейді. Кейіпкерлер басынан кешкенін ағынан жарылып сыр ақтарып отырса да, тылсым, құпия дағдылар романның өн бойында көп кездеседі.

3. Ахметов: «Әдеби шығармада оқиғаны әңгімелеп айтушы, сол оқиғаға қалай да қатысы бар, болған жағдайларда өз көзімен көрген адамның тұлғасы. Баяндаушы шығарманың басты кейіпкері болуы сирек кездеседі, бірақ қалайда айтылатын жайларды білген-көрген, басы-қасында болған адам ретінде көрінеді. Автордың оқиғаны тікелей өз атынан атпай басқа біреулердің көзімен қарап, соған айтқызуы, өмір шындығын соның ой-елегінен өткізіп, ойлау-сезіну тұрғысынан көрсетуі бұл өзінше бір көркемдік тәсіл» [31, б. 107], – деп анықтама береді. Яғни, «Жоғалған өзен» роман-дилогиясының басты кейіпкері жазушының өзі Мерғали Ибраев.

Автор «Жоғалған өзен» роман-дилогиясында өзі баяндаушы болады. Жазушы шығармадағы оқиғаның ретін, кейіпкерлер әлемін, көріну тәсілдерін, шығарма тілінің көркемдігін қамтамасыз етеді. Жазушы роман-дилогиясында өзі жасаған шындық әлемі мен бірігіп, біртұтас дүние болып кетеді. Баяндау құрамына шығарма автор, кейіпкер, олардың арасындағы қарым-қатынас,

шығарманың белгілі бір мезгілдік, кеңістік және экспрессивтік тұрғыдағы бағдары енеді. Бұлардың бәрі бірлікте бола отырып, автордың идеялық-эстетикалық көзқарас-қатынасын білдіреді. Роман-дилогияда дәл осылай көрініс тапқан.

Қазіргі прозалық шығармалардың баяндауы сан қырлы болып келеді. Олардың бастылары – шексіздікке және шектеулікке ие болады. Алдыңғы жағдайда баяндаушы (автор немесе арнайы баяндаушы болсын) бейнеленетін оқиғалардан, кейіпкерлерден сыртқары тұрады. Ал шектеулі баяндауда баяншы оқиғаны оқырманның көз алдында өтіп жатқан етіп береді. Суреткер ойы туындыда әрқашан көрініп тұрмайды, негізінен қалтарыста, тереңде жасырынып жатады.

Көркем шығарманың құрылымы түрлі компоненттерден тұрады. Олар көркем туынды тілінің эстетикалық заңдылықтарына бағынып, көркемдік-тілдік жүйе құрап, шығарманы жинақыландырады. Шығармадағы баяндаушы – автор бола отырып, ол суреттеліп отырған мәселеге өзіндік көзқарасын білдіреді. Яғни, автор туындыдағы оқиғадан оқиғаны тудырып, соған жетелеп, кейіпкерлерін сөйлетіп отырады. Шығармаға өзек болатын өмір құбылыстарын сұрыптап алып, оған идеялық бағыт беріп, бейнелі күш дарытатын, бір сөзбен айтқанда, шығарманың идеялық мазмұнын қалыптастыратын жазушының өз бейнесі – автор бейнесі деп аталады.

Автор бейнесі шығарманың тілінен, оқиғаның жүйесінен, баяндау стилінен танылады. Мәселен, XIX ғасырда бір жағынан баяндаушы бейнесінен объективтендіру бағыт ұсталса, екінші жағынан, керсінше, субъективтендіруге бет бұрды. Алғашқысында (натуралистік бағыт) оқиға автордың қатысуынсыз, өздігінен болып жатқандай беріледі, сондықтан романда диалог үстемдік құрады. Соңғысында (психологиялық бағыт) кейіпкердің ішкі ой-толғаныстарын беру алдыңғы кезекке шығатындықтан, ортақ төл сөз формалары пайда болады. Ал, роман жанры қатысушы кейіпкерлердің молдығымен, оқиғалардың сан тараптығымен ерекшеленеді.

Эпикалық жанрдағы шығармаларда сюжеттің берілуі әр түрлі болады.

3. Ахметов: «Сюжеттің негізі – өмірлік тартыс, конфликт, кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыс. Ол тартыс, конфликт әртүрлі адамдардың іс-әрекетіндегі немесе ой-сана, көзқарасындағы қарама-қайшылық, мұндай қайшылықтар әртүрлі әлеуметтік топтардан ымырасыз күресі, таласы үстінде қайндай айқын бой көрсетсе, сонымен қатар баяндалған оқиға, жағдайларға кейіпкерлердің әртүрлі қарап қарап бағалауынан да жақсы аңғарылады» [31, б. 325], – дегендей сюжетті құрайтын оқиғалардың өзара қатынасы түрліше болады. Кей жағдайда оқиғаның біреуі алдыңғы кезекке шығып, бір әрекеттің желісінде өрбиді. Бұл жағдайдан басқа шығарманың оқиғалары бір-бірімен тең түрде дамып, өзінің бсталуы мен аяқталуын дербес сақтайтын сюжеттер де болады. Бұл туралы әдебиеттанушы ғалым В. Хализев: «Туындының басталуы мен аяқталуы – эпизодтық фабулалар. Мұнда оқиғалар өзара себеп-салдары байланыста болмайды. Олар тек бір-бірімен уақыт жағынан ғана байланыста» [136], – дейді. Кейіпкер неғұрлым авторға жақын болған сайын, олардың тілдік

айырмасы аз болады. Баяншының дәнекерлік қызметі оқырманға өткен оқиғалар мен әрекеттер жайлыс жеткілікті де сенімді мағлұмат беруге көмектеседі. Әңгімешінің дәнекерлік қызметі бейнеленіп отырған әлемнің ішіне кіруге, оған кейіпкердің көзімен қарауға мүмкіндік береді. Біріншісі белгілі бір сыртқы көзқарастармен байланысты. Ал, оқырмандарды оқиғамен тікелей таныстыратын шығармаларда күнделік, хат, монологта баяндаушы болмайды.

Сонымен, кең түрде алғанда баяндау – баяндаушы, әңгімеші, автор бейнесінің сөйлесулерінің жиынтығы бола отырып, бейнеленіп отырған әлем мен оқырмандардың арасындағы дәнекерлік қызмет деген сөз. Яғни, баяндау кең түрдегі мағынаға ие болады. Ол суреттеу, ой толғау, тікелей және жанама түрде көрінетін тілдік құрылым ретінде көркем шығармада барынша кең қолданылады.

Баяндау тікелей мағынасында ақпаратты жеткізу қызметін атқарады. Бұл кезде берілетін ақпарат бейнелі, көркем түрде жетеді де, оған суреттеу, бейнелеу, портрет, пейзаж, хабарлау кіреді. Суреттеу кезінде баяндаушы оқиғаны, оның өту орнын, кеңістігін сипаттап, қосымша ақпарат, мәліметтер береді. Бейнелеу негізінен көркемдеу тұрғысында, яғни, оқиғаның өтетін орнының жекелеген, ерекше көріністерін суреттеп, ажарлай түседі. Сөйтіп, оқырман әзірлігін күшейтеді.

«Жоғалған өзен» роман-дилогиясындағы образдың жасалу жолдары әртүрлі берілген. Әдеби образдың тірі адамға айналу процесі жазушыдан үлкен шығармашылықты қажет етеді.

Оған дәлел ретінде «Жоғалған өзен» роман-дилогиясындағы пейзаждың қолданылу ерекшеліктерінен бірнеше мысал келтіруге болады.

Бірінші тарауда автор қыз бен жігіттің арасындағы нәзік сезімнің үзілу сәтін табиғатпен астастырып бейнелейді: «Аспанда жүдей ағарып, ай батып барады. Елсіз өңірді қара көлеңкелі жым-жырт таң қараңғылығы басқан. Тау жақтан жел тұрып, бой тоңазытар салқындық әкелгендей» [133, б. 31]. Ержан мен Айсара арасындағы салқындық тау мен тасқа да жел тұрғызғандай әсер береді. Ал екеуінің арасындағы алғашқы махаббаттың тұтануын жазушы мынадай пейзажбен өрнектеген: «Бірінші рет сонау бір мамырдың айлы кешінде, жым-жырт, жап-жарық желсіз ымыртта, қас қарая, бір жұмадан бері хабарласпай кеткен жігіті іздеп үйіне барған» [133, б. 44]. Бұл баяндауда жастық желік пен шексіз махаббат иесі Айсараның алғаш Ержанды үйіне іздеп баруы бейнеленген. Үшінші көрініс, Айсараның сең соққандай алданғаннан кейінгі сәті: «Айсара көзін ашқанда алғаш көргені: зеңгір көк аспан, соның шырқау төрінде биіктеп, алыстай сөніп, жүдей бастаған сұп-суық, ұсақ-ұсақ жұлдыздар, сырғып бара жатқан дөп-дөңгелек үлкен ай» [133, б. 51].

Үш түрлі баяндауда жазушының шеберлігі көрініс табады. Алғашқы махаббатты бейнелеуде табиғат романтикаға толы, Ержан мен Айсара арасындағы байланысқа сызат түскенде өзгеше пейзаж салтанат құрған. Ал Айсара қиындыққа тап болғанда үміт үзілгендей, жұлдыздың өзі сұп-суық, сөне бастаған.

М. Ибраев «Жоғалған өзен» роман диологиядағы Айсараның портретін: «Қалаша киінген сұңғақ бойылы, сымбатты денелі жас бойжеткеннің бұл жүрісін ерсі көрген кейбір сөзқуар келіншектер оның сыртынан әлден әңгіме етісіп бара жатыр. Шымқай ақ костюм-юбка, аяғына биік өкше, ақ туфли киген Айсара жүзі жаңа туған ай астында ақшылданып көрінеді. Жиырма екі жасқа жаңа шыққан жас сұлу шынында да қыз емес, келіншек болатын. Киімді барынша қонымды, жаңа үлгіде, талғаммен кие бастағаны көрініп тұр. Жұпар, жеңіл әтірден жусан иісі білінгендей» [133, б. 15].

3. Қабдолов: «Сөз өнеріндегі портрет – бір қалыпта тұрып қалмайтын, өзгертін, қозғалатын жанды келбет, тірі кескін» [120, б. 120], – дейді.

Жазушы Айсараға роман-диологияның басында толық портрет берсе, ал Ержанға шығарманың соңына дейін іс-әрекет, қимылы, сөзі арқылы оқтын-оқтын жаңа қасиеттерді жамап отырады.

Романның бас кейіпкері – журналист, жазушы Ержан Желдібаев. Ержан жалғыз емес, әке-шешесі, сүйіктісі, баласы, дос-жолдастары, бәсекелестер, тіпті көре алмайтындар да бар. Кейіпкер жақсылықты да, жамандықты да, қиындықты да басынан барынша кешіреді. Жазушы Ержанның әрекет болмысын роман-диологияда кезедестін кейіпкерлермен аралас көрсетіп отырады. Әр оқиғада кейіпкердің бейнесін бірте-бірте аша түседі.

Зерттеуші М. Атымов «Қазақ романдарының еңбегінде»: «Сатылы композициялық романдар – мұнда роман бірі екіншісінің заңды жалғасы есебінде келетін бірнеше эпизодтардан немесе новеллалардан тұрады. Ол эпизод арасы бас кейіпкер арқылы байланыстырылады да, ол бір эпизодтан екіншісіне ауысып, әр эпизод сайын жаңа жағдайда өз характертерінің бұрын көрінбеген жаңа сапаларын көрсетіп отырады. Жазушы романға енген әрбір эпизодта сол кейіпкер өмір сүрген кездегі типтік жағдайларды көрсетіп, оқиғаны бас кейіпкердің өмірбаянына, істеген ісіне сәйкес сатылай дамытып, ілгері жылжытады. Осылайша ондағы оқиғалар бір желі бойына тізіліп беріледі. Жарыспалы композициялық романдарда қатынасушы кейіпкерлер бірнеше топтарға бөлінеді. Ол топтардың әрқайсысының өзіндік тағдырының тарихы болады. Солар роман ішінде өз алдына жеке сюжеттік желі құрайды да, екі сюжеттік желі бірінен кейін екіншісі алма-кезек алмасып, баяндалып отырады. Әңгімелесу көп жоспарда жүргізіледі. Әуелі бір топта не жүріп жатыр – соны баяндайды. Содан кейін екінші топта жүріп жатқан оқиға баяндалады. Осылайша бір уақыттың ішінде бірнеше новелла сала-сала болып басталып, оқиғаның даму барысында екі топтың кейіпкерлері түйіседі де, көбіне бір топтың жеңіп, екінші топтың жеңілуімен аяқталады.

Қаусырмалы композициялы романдар новеллалардың орналасуында сатылы композициялы романдардағыдай бір ізділік болмайды, яғни олар тең орналаспайды. Оқиға кейде ілгері жылжып, кейде кейін шегініп отырады. Осы эпизодтардың ішінде бас кейіпкердің бейнесі әр қырынан көрініп, характері ашылады» [137], – роман композициясының түрлеріне байланысты айта келіп, ерекшеліктеріне қарай топтастырады.

Мерғали Ибраевтың «Жоғалған өзен» роман-дилогиясы сатылы композициялық романға жатады. Жазушы бірде қала өмірін тілге тиек етсе, бірде ауыл өмірін суреттейді. Қала мен ауыл арасындағы байланыс сатылы бас кейіпкерлермен байланысады. Эпизодтық көріністер оқиғалардың түрленіп, басқаша арна тауып отыруында үлкен ықпал етеді. Автор өзінің даралауға тиіс кейіпкерлеріне жеке тоқталып отырады.

З. Қабдолов: «Фабула – көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу, мазмұндау» [120, б. 73], – деп анықтама береді.

«Жоғалған өзен» роман-дилогиясының фабуласы: романның басты кейіпкерлері Ержан мен Айсараның жастық шақта жалындаған махаббаты еді. Ержан Алматыға оқуға кеткенде Айсара ауылда қалады. Ержан ата-анасына Айсараға қосылғысы келетінін білдіреді. Бірақ, ата-анасы жігітке әлі ерте екендігін ескертеді. Айсара студент кезінде журналист Ержанның үйленгенін естиді, сол сәтте Айсара өзінің жүкті екенін сезеді, қатты құлазып, өмірден баз кешеді. Сөйтіп, бірінше жылдан кейін екеуі кездеседі. Бәрі кеш. Ол сәтте Ержанның Алмагүл есімді қызы, Айсараның Ержан есімді ұлы бар. Ержан – Алматыдағы газетте жұмыс істесе, Айсара – аудандық партия қызметкер. Ержанның әйелі – Сәуле Айсараның күндесі. Жазушы романда басты кейіпкерлердің тағдырын сатылай баяндап отырады. Ауыл адамдарының тұрмысын Демесін ақсақал, Кәрібек, Тыныбек, Шәйзада, Лизалар арқылы шынайы суреттейді. Роман соңында атом ядролық жарылысының зардабынан халық қалың қасіретке тап болады. Айсара есінен адасып, сүйіктісі Ержанды иті Ақтөске талатады, итке таланған Ержан о дүниелік болады. Айсара зират кезіп, жынданып кетеді. Роман трагедиямен аяқталады.

«Жоғалған өзен» роман-дилогиясы қазақ топырағына үлкен алапат әкелген Кеңестік кезеңдегі алапаттың қыр-сырын ашып қана қоймай, қазақ жұртшылығының басына болған психологиялық төңкерістерді нағыз суреткерлікпен баяндап береді. Семей ядролық полигонынан зардап шеккен адамдар тұрмысы, айқпас дерт, қайғылы өлім, жер-ананың көреген қорлығы, жер жарылып, ағып жатқан бұлақ-өзендердің жеті қабат жер астына кетуі баяндалады. Романның түйіні: «Зобалаң кезеңнен шығар жол, құтылар амал бар ма?» – жазушы оқырманға осындай үлкен ой тастайды. Бұл бүгінгі таңның өзекті сұрағы болып отыр.

С. Қирабаев: «Әдебиет – сөз өнері. Оны терең ұғынбай, әдеби шығармаға баға беру қиын... Әдебиет адам баласына ой саларлық, көркем ғибрат берерлік мектеп болса, өз міндетін орындағаны. Әдебиет шығармаларын талдау үстінде мұны да ойға ұстаған абзал» [138], – деп бағыт-бағдар береді.

Жазушы Рамазан Тоқтаров – қазақ әдебиетінің қамбасын «Бақыт», «Ертіс мұхитқа құяды» дилогиясы, «Тұлпардың сыны», «Жердің үлгісі», «Ғасыр наны», «Сусамыр», «Таңбалы жарғақтың құпиясы» сынды романдарымен байытқан қалам иесі. 1995 жылы республикалық «Жалын» журналының №7-8 сандарына жарияланған «Полигон» романын оқырмандардың бірі білер, бірі білмес.

Кезінде әдебиет сүйер қауымның жүрегіне жол тауып, лайықты бағасын алып үлгермеген осынау шығарма атауы айтып тұрғандай Семей аймағында жүргізілген сынақ полигоны туралы, оның қазақ халқымен сол өңірді мекен еткен елдің тағдыры мен басына тудырған зобалаңы ғана емес, өткен ғасырдағы 50-60 жылдардағы ұлтты жаныштау мен қоғамдағы келеңсіздіктерді арқау еткен айтулы туынды.

«Полигон» романы үш тарапта Алматы-Семей-Павлодар, нағашылы-жиенді кейіпкерлер Рауан-Бегжан-Ығланбек тағы да басқа қосымша персонаждар арқылы өрбіп, дамып отырады. Автор баяндаған үш тарап негізінде осы шығармаға әдеби талдау жасасақ.

Бірінші Алматыға оқуға келіп артынша осында баспада қызмет атқаруға қалған жазушы Рауан бейнесі кейіпкердің ішкі ойы мен сыртқы ортамен қарым-қатынасы, студент пен жалпы қалада пәтер жалдайтын жас отау көтерген отбасының тұрмыстық қиыншылықтары мен жас кезінде жазған мылқау қыз туралы шығармасы арқылы өмір-бақи қуғынмен сыпсың сөзден арылмаған образ ретінде ашыла түседі.

Жазушы «Полигон» романында: «Алматы күзге қарай - ұжмақтың төрі. Күн ысыса екі жағын ағаш көмкерген көлеңкелі көшесінен алманың иісі кеңсірікті жара бұрқырап тұрады. Аспанмен тілдескен Алатау шыңдарының басында қаймақ көбік құсап әлі ерімеген ақша қарлар жатады. Бұлтсыз күндері аспан шайдай ашылып, мөлдір көгілдірі жанарына саумал нұр құйғандай. Қысы аязды, боранды-шашынды, жазы аңызға қызыл желмен күйіп, әуесі айналып жерге түсіп тұратын Керекуден келген Рауанға Алматының жұпар аңқыған ауасы мен көкжелек табиғаты ертегі-аңызда айтылатын ұжмақтың төрінен бір кем еместей сезіледі» [139], – деп табиғат тамашасын суреттеуден басталатын бұл шығармадан пәлендей көтерген ауыр жүгін аңғара қоймайсыз. Десе де автордың кестелі тілі мен әлдене айтқысы келген ойы еріксізден еріксіз оқырманды алға жетелейді.

Туындыныда студенттің жалдамалы жұмысқа кірісіп, жан бағу қамымен құрылыс материалдарының қоймасынан бір-ақ шығуы, ондағы орыс ұлтының азаматтары Журавлев, Маленков сынды кейіпкерлер ісімен көрініп, сөзімен өрілетін диалогтар тағы да бір жұмбақтың сыры мен шынын ашқандай әсер қалдырады.

«Өзінің айтуынша бұрын теңізші болған Журавлев деген бригадирлері бар, бұл екеуінен басқа өндірдей-өндірдей жеті-сегіз еркек бір орында үйіліп жатқан темір-терсекті екінші бір орынға ауыстырып, кешкісін көпе-көрінеу өтірік наряд толтырып отырады. Онда да негізгі шаруаны түске шейін бітіріп тастап, түстен кейін әр нәрсені бір ұстаған болып салаңдап бос жүріп алады.

...Журавлев адамның ойында жоқ жұмысты ойлап табудың шебері. Ауланың бір түкпірінен екінші түкпіріне жеткізілген бөрене наряд журналына орнынан қозғалған бәленбай текше метр құрылыс материалы болып толтырылады» [139, б. 24].

Осы жұмыс орнында бір айға жуық жұмыс істеп бір рет қана шындап тер төккен Рауан мен Маленков арасындағы сөз қағыстыруларда да автордың айтқысы келген Кеңестік идеология кесапатының нышанын сездіреді:

– Сіздің сөзіңізде ылғи бір ілік жатады, – дейді Рауан одан сыр тартқысы келіп.

– Мен бұл өмірден де, бұл өкіметтен де түңілген адаммын, шырағым, - дейді анау қызамықтанған лай-көкшіл көздерін бүкірейген саусақтарымен уқалап жатып. - Сенің бізбен, біздің арамызда жүргеніңнің өзі жетіскеннің белгісі емес шығар. Ешкімді де жетістірмейді бұлар. Ах, иттердің халыққа жақсы болсын дейтін біреуі жоқ қой! - Сосын жүріп келе жатқан машина үстінде жан-жағына алақтап қарап алып, дереу өзгере қояды - Сенің болашағың алда ғой, балақай! Кім біледі, үмітсіз - сайтан, адам ойында жоқ бір жақсылықтар да орнап қалар...

Рауан одан тың туралы сұрап білгісі келеді:

– Мен биыл елге бара алғам жоқ. Ол не, жақсылық?

– Қалай түсіндірсем екен, - дейді сімтік Маленков тақтай үстінде әрлі-берлі қозғалақтап жатып. – Ол сенің ұлтыңның намысы трактордың табанының астында қалды деген сөз. Енді ұқтың ба?

– Ұққам жоқ. Қалайша трактордың астында қалады?

– Сен университетте оқып, профессорлардың алдын көріп жүрген жігіт емессің бе? – дейді ол қатқыл алақанымен төбесінен тұқырта сипап қойып. - Жарайды, қазір түсінбесең кейін бір түсінерсің. Саған оны қазір түсініп жатудың керегі де жоқ шығар... [139, б. 25].

Осы романның шиеленіске толы тұсы Рауанның мылқау қызы туралы жазған шығармасының шеңберінде өрбиді. Қарапайым оқырмандар, айналасындағы студенттер тамаша туынды деп қабылдағанымен газет редакторы аяқсыз қалған деп қайтарып берсе, атағы дардай қаламгер осыдан үлкен саяси астар іздейді. Тіпті кейіпкер тұлға ретінде қалыптасып, кеңсе қызметкері болғанда да осынау шығарманың шырғалаңынан арылмай басын тауға да, тасқа да соғып әбден титығын шығарады. Газет редакторы айтқаннан кейін шығарманың шешімін тауып, айтар ойын нақтылап жазып алғаннан кейін үлкен жазушы алдындағы төмендегі диалогтарда көлеңкесінен сескеніп, секем алғыш жазушының, партия ісіне ынты-шынтысымен берілген совет адамының сиқын әшкерелейді:

– Брехня!.. – деді орнынан атып түрегеп. – сен өзің, кімсің?

– Студентпін...

– Жоқ, қандай платформаның адамысың? – деді ол түкірігі шашырап кеткесін қалтасынан орамалын іздестіріп тұрып.

Рауан енді орнынан тұра бере аптыға жауап берді.

– Комсомол мүшесімін! Оның мен оқып берген әңгімеге қандай қатысы бар?

– Сен, қу бала, мен түсінбеді деме! - Жазушы ағай өз сөзіне өзі көтеріліп тамағын қырына ақыра сөйледі. - Сталин дәуірін жамандап, келеке ғып отырсың. Молокососсың сен, әлі!

Рауанның қарадай зәресі ұшып кетті:

– Менде ондай ой болған жоқ, ағасы...

– Сен оны подсознательно жазсаң да өз тұнығыңды өзің лайлағансың.

Егер осыдан құрып кетпейін десең, мына шатпағыңның көзін жой ұқтың ба? Сен маған оны оқыған жоқсың, мен тыңдаған жоқпын. Болды, бара бер! - деді ол орамалын аузына басып, көзінен жас аққанша жөтеліп қалып [139, б. 31].

Рауан осы диалогтан кейі сол күні кешке қарай қызуы көтеріліп, сандырақтап қатты ауырып қалды. Түн ортасында сандырақтауы күшейіп кеткесін бөлмесіндегі балалар «Жедел жәрдем» машинасын шақыртып, өздері бірге еріп жүріп қаланың бір шетіндегі ауруханаға апарып жатқызады. Ертесін ыстығы қайтып, өзіне-өзі келген соң байқайды, оны жүйке тамыры тозғандарды емдейтін арнайы психологиялық дәрігерлік пунктке әкелген болатын. Айыбы яғни есінің дұрыс еместігі сол сандырақтаған сәтінде Сталинды балағаттаған болып шығады. Осынау қапастан басына төнген бәлекеттен санаториге қызын емдеуге әкелген нағашысы Бегжан шығарып алады.

Осы жерден полигон зардабы біз сөз етіп отырған шығарманың екінші тағаны полигон аймағында қызмет атқаратын Бегжанның айналасындағы оқиғалар тізбегі бастау алады. Бегжанды Семей полигонына қоярда-қоймай шақырып алдырған бұрынғы полковник бастығы, қазір генерал-майор дәрежесіндегі Степан Лукьянович Скороходов деген, белгілі Совет Одағының батыры деп суреттеледі. Мұнда да роман авторы атом сынағы жүре бастағалы ел арасында ауру-сырқаудың артып, кейіпкері талай мәрте көзімен көрген саңырауқұлақтардың пайда болуынан яғни әр зиянды жарылыс сайын ауру-сырқаудың етек алып кеткенін бейнелеп жеткізуге тырысқан. Бұған қоса жазушы бір ғана өңірдің емес тұтас қазақ халқының қайғы-қасіретіне айналған Дегелең тауының жоғалып кетуі туралы эпизодты ерекше әсермен баяндайды.

Жазушының «Полигон» романында да бізге бұрыннан таныс әрі жадымыздың бір түкпіріндегі қасіретке толы осынау жайды көркем бейне, қимыл-қозғалыспен жанына ерекше әсер ететін әр детальды орынды пайдалануымен өзгеше ой салады. Сонысымен де көркем шығарманың бәсі жоғарылап, мазмұны тереңдей түседі.

«- Степан Лукьяныч, Дегелеңді қай жын көтеріп әкетті? Рас біз сол таудың табанында тұрмыз ба? – деді Бегжан кезі келгенде әзілмен қағысып еркін сөйлесе беретін адамына мұң шаққандай жалынышты жүзбен қарап.

Генерал-майор оны өзінше түсініп, масаттанған тоғышар кейіппен:

– Мана экраннан көрген жоқсың ба? Жер қозғалса қозғалмайтын тау не бәрі үш-ақ секундтің ішінде ғайып болды. – деді.

Бегжан аузынан:

– Обал емес пе? - деген сөздің қалай шығып кеткенін аңғармай қалды.

– Саған бәрі обал! Қойлар да обал... - Степан Лукьянычтың жайдары кескінінен мана байқаған зіл таңбасы қайта білінді. - Америка бізден қуатын арттырып, бір күнде басып алып жатса обалдың көкесі сонда болады. - Ол Бегжанның жүні жығылып қалғанын көріп, дәу қолғабымен сарт еткізіп

иығынан бір салып қалды, - Ғасыр оқиғасы - бұл, достым! Кішкене сейіліп қайтасың дегенім сол ғой мана саған» [139, б. 38].

Автор романын дендеп оқып отырғанда оның жер жадысын жақсы білетіні мен мұндалап көрініп тұрады. Дегелең тауының аймағындағы қызыл қайыңды алқап пен атырапты жақсы білуі оның осы роман алдында кеңінен дайындалғаны, өз туып-өскен мекені болмаса да жазушы үшін ең қажетті нәрсе жан-жақты ізденгіштігі мен әзірлігін аңғаруға болады.

Осы романдағы тағы бір кейіпкердің жағымсыз әрекеттері одан әрмен оқырман жүрегіне шымдап батып, ерекше әсер сыйлайтыны анық. Ол полигон дертінен көз жұмған қызының қазасына қылы да қисаймай өзінің алтын-әшекей бұйымдарын ғана медеу еткен жүрексіз Жазира образы. Мұнда да автордың шынайы суреттеуімен осынау қатыгез образдың қыр-сыры ашыла түседі.

Романның үшінші желісі Павлодар маңындағы тұрғындар Ығланбек пен Қайырбек – роман кейіпкерінің бірі Рауанның нағашылары. Мұның да басынан өтіп жататын оқиғалар тізбегінен қазақтарды қан қақсатып, кәрі тарих бетінде қатыгездігімен ел есінде сақталған Ермак ескерткішінің бой көтеруі, оның астарында бұратана ұлт ретінде қазақты жаныштау мен ұлтты жою жоспарын танып, мақсатын білуге болады. Жұтқа тап болған халық тағдыры мен белгісіз дауылдың соғуы, қуаңшылыққа ұшырап, қолдағы малынан айырылуға сәл қалған халықтың жағдайы шынында да аяныш тудырады. Бір бүйірден дүрк көтеріліп дүйім жұртты әлекке салып, бас-көзге сабалап жөнелетін жұмбақ дауылдың сырын оқып отырған оқырманның да білгісі келетіні айтпаса да түсінікті.

«Әлгінде ғана бір шеттен көтерілген алақұйын бұлттың лезде аспан астын түгел тұмшалап жауып, ес жиғызбай қар аралас жентегін дүркірете боратып жібергені кімнің болсын зәр-иманын ұшырғандай. «Алдан шық бол, қайда жоғалып кетті қарасан келгір!» деп бажылдаған бір кемпірдің дауысы естілді ту сыртынан. Қайырбек тапырақтап жүгірген бойда басы-көзін қорғалап кіріп келгенде почта үйінің іші ала-көлеңкеленіп тұр екен, кісі-қара аз, түкпір жақтан бір әйел сығырайта жағып ондық кәресін шамын әкеле жатыр. Үй сыпырушы ма екен, сол есікті шалқайта ашып тастаған Қайырбекке:

– Жап, ойбай, әкем болсаң да! Қазір бәрін қиратады... – деп шаңқ ете қалды.

– Бұрышта жаман күпісіне оранып, шөкелеп отырған елтірі тымақты шал:

– Қағынды ғой мына күні тағы! Мал жұтайтын болды-ау екі ортада, – деп өз-өзінен күңкілдеп сөйлеп отыр» [139, б. 42].

Бұл диалогтар арқылы да автор елге зауал болып кеткен қара топырақты жел ұшырататын табиғаттың тосын мінезін кейіпкерлердің басынан кешірген тағдыры мен арасында-арасында қысқа қайырылатын сөз қағыстармен тамаша ой сала білген.

«Абыралының түгін тартсаң майы шығатын ақ селеулі, ажырық жусанды, қырмызы қызыл тобылғылы кең жазира даласын бүгінде мал тұяғы, адам аяғы баспайтын елсіз-күнсіз мекенге, ұшқан құс пен жүгірген аңды жылы ұясынан бездіріп, ғасырлар бойы қалыптасқан шиыр-соқпағынан адастырған зұлмат

зонаға айналғаны – бетіне бір әжім түсірмей қарғайған дуана албасты құсап көгі көк, жасылы жасыл боп тірі жан иесіне керексіз күйінде қалтырап, адыра қалып тұр. Үйірлеп жылқы, отарлап қой айдаған елдің айдың күннің аманында шалғыны жапырылмай, сабасы сапырылмай, от басындағы ошағының күлі шашылмай қалады деп кім ойлаған» [139, б. 56], – делінеді автордың «Полигон» романының соңғы түйіні шешілер тұсындағы тарауда.

Р. Тоқтаров жоғары біз атап өткен шығармасында құс ұясынан безініп, балапаны темір қанаттанбай, қызылшақа күйінде ұлғайып, қомағайланып өзіне тап беретін болғаны, ақ бөкеннің алжасып шиырынан адасатын халге душар болып, табиғат-ана дарытып, соқыр-сана сезіміне орнатқан құбыланамасына зақым келіп, әуелде көз жұмып-ақ таба беретін қайнар-бұлақтарынан мүлде қиыс кетіп, Бетпақтың мый қайнатқан сусыз шөлейіт адырларына тартып, бостан-босқа қырылып қалып жатқанын, жануарлардың әбден титықтап, әлдері бітіп құрыған шақтарында бірінің бөксесін бірі жастана құлай-құлай кетіскені мен көздері шарасынан шыға алайып, адамша күрсініп жатып жан тапсырған сәттеріне дейінгі ауыр көріністерді көз алдыңызға әкеледі.

Жалпы алғанда «Полигон» романының көтерген жүгі мен оқырманға бағыттала айтылған парасатты ойлар мен пікірлерден қазақтың бір ғасырға жуық уақыт бойына бұратана ұлт ретінде езгіге түсуі, жазығы жоқ жұрттың жанышталуы Семей өңірінде орын тепкен полигон аймағында байланысты жүйе мен біртұтас желі болып өрілген. Автордың кейіпкерлерді суреттеуі мен қара жер – жер-ананың азапқа түсіп аласұруын шарасыз күй кешіп, еркінен айырылған қазақ баласының аянышты тағдырымен байланыстыру өте шебер шешім тапқан деуге болады. Романның ұштағаны деп талдау аясында біз елуінші-алпысыншы жылдардағы қоғамдағы кереғар түсініктер туралы да, айтуға болмайтынды, айтуға тырысқан жандардың жаза құшқанынан да хабардар боламыз. Өзіне тән стиль мен әр сөз саптауымен ашыла түсетін автор да әр сөйлем сайын бізге беймәлім сырлардың жұмбағын ашады.

Бұл шығармада жазушыны запыраны, толғаныс ойлары жазылған. Көркем әдебиетке тиесілі қыруар оқиғалар айналып-үйіріліп осы экологиялық проблемаға тірелген.

Бүгінгі таңда ең оқырманы көп жазушының бірі - Сәуле Досжан. Жазушы «Қасірет пен тағдыр» романын жазу себебін былай баяндайды: «Романға «толғатып» жүрегемде түс көрдім. «Ол – қасірет!», «Ол – тағдыр!» деп шошып оянғанмын. Содан басталды... Атын «Қасірет пен Тағдыр» [140] – деп қойдым. Басты кейіпкерім Аяулым әйел болғанымен, басты мақсатым – қазақ ерлерін биіктетіп көрсеткім келді. Аяғөз ауданының ардақты ақсақалы Әскен Күрішбаевтың, Мәлс пен әкесі Үсен ағаның, Әмірдің ағасы Дәулеттің образдары арқылы қазақ ер-азаматының қайсар мінезі, бауырмалдығы, отансүйгіштігі, отбасындағы әкелік орнын айрықша көрсеткім келді. Мен үшін әлемде семейліктердей туған жерінің топырағын қасиеттейтін елжанды адамдар жоқ! Өздері у ішіп, қан құсып жатып, балаларының ауру болып туғанын көре отырып, ұрпағына үш жүз жылға кететін қасірет барын білсе де ата-баба

мекенін, туған топырағын қимай, қымызын дәрі етіп, жақсылықтан үміттерін үзбей қара шаңырақтарында отыр... Бұл маған үлкен серпін берді» [140, б. 96].

Тілі шебер, жазғанын жан-жақты баяндап бере алатын жазушылар бар. Тілі көркем, оқиғасына эстетикалық бояуды қалың қабаттап қосып, оқырманын оқиғадан алыстатып, мезі ететін жазушылар бар...

Жазушы Сәуле Досжанның тілі көркем әрі артық эстетикалық бояудан ада. Табиғи әрі шынайы. Осы шынайылық оықмандарын шығармаға жіпсіз байлап, көз алмай оқуға мүмкіндік береді.

Ғалым А. Исмақова: «Сәуле Досжан алдымен ақындығымен танылды. Одан кейін «Үлкен үйдегі үрей» романы шықты. Ұзақ, 5 томдық романды қазір ешкім оқымайды. «Үлкен үйдегі үрей» шығармасында үреймен бір сөйлемді бастайды да, оқырманын үйіріп алып, оқиғаны басқа тұрғыда баяндайды. Жас-тарға түсінікті болсын деп осындай тәсілмен жазған. Бұл – заманның талабы. Осындай стильмен жазушылыққа келген Сәуле бірер жыл бұрын «Қасірет пен тағдыр» романы жазылып жатқанда өте бір қиналысты жағдайда жүрді. Сәуленің жары, елімізге ұзақ жылдар аянбай қызмет еткен Сәт Тоқпақбаев ағамыз осы тақырыпты алуға тікелей себепші болды. Қазақ жері, Абайдай ұлылардың мекенінде полигон болып, қаншама жыл қаншама ұрпақ зардап шегіп келеді. Дегенмен осы туралы көлемді, романға сай шығарма осы күнге дейін жазылмапты. Жазушы тақырыпты сәтті алып шықты. Романның жалғасы болады деген үміттеміз. Өйткені желтоқсан айында Семей жеріне барып кітаптың тұсаукесерін өткізгенде жергілікті тұрғындар қаншама қосымша мағлұматтар айтып жатты. Сәуле қазақ прозасына өз тақырыбымен, өз кейіпкерімен келді. «Қасірет пен тағдыр» нағыз оқылатын кітап деп ойлаймын», [141], – деп зор баға береді.

Сәуле Досжанның «Қасіреті мен тағдыры» оқырманды иіріп, өз оқиғасына ілестіріп отыратын роман жанрының қыр-қатпарларын дәл, нақты қолдана білген, суреттеу штрихтары анық, оқиғасы шынайы, стилі дара жазушы екендігін көрсетеді.

Әдебиеттану ғылымында роман жанры да, оның жазылуы да күрделі. Роман жанры – бүгінде қазақ әдебиеттануының бір қомақты зерттеу объектісі. Романның анықтамасын берудің қажеті шамалы. Десек те, жасалу ерекшеліктеріне қарай, әлемдік әдебиеттануда: «Роман – бұл адам тәжірибесі мен шығармашылық байланысты суреттейтін, белгілі бір күрделі ой-өрісті баяндау. Романның жанрының ауқымы кең, түрі мен стильдік ерекшелігіне қарай: пикареск, эпистолярлық, готикалық, романтикалық, реалистік, тарихи болып бөлінеді. Оқиғалар ерекшелігіне қарай фантастикалық, деректі сияқты кең спектрлерді қамтиды» [142], – деп көрсетіледі.

Жазушы С. Досжанның шығармасы жанрына қарай біз атап көрсетіп отырған роман жанрына жатады. Романның құрылысы мен жазылу ерекшелігіне қарай – «documentary novel», яғни «деректі роман».

Дерек көздері – зерттеушілік бағытымызда қалыптасқан «факт» мен «дерек көздері» деген ұғымдар романды талдау барысында кездескен мәліметтерді қайтара шолу үшін қажет. «Деректі роман» жанрының негізгі

принциптері болып саналатын шынайы өмір мен көркем оқиғаның бір-бірімен байланысы, кейіпкерлер образы, кейіпкерлер прототиптері жазушының шығармашылық лабораториясына сай қамтылған. Тілдесуіміз барысында көз жеткізгеніміздей, әрі кітапта «тайға таңба басқандай» көрсетілген мәліметтер бойынша жазушының Семейдегі Медицина университетіндегі, Өлкетану және басқа да музейлердегі, әрі жергілікті тұлғалардың жеке архив деректерінен, сонымен қатар сұхбаттардан көркем шығарманы дүниеге әкелу машақаты ауыр болғаны айтпаса да түсінікті. Роман жазудағы жазушының шығармашылық лабораториясы ауқымды. Десек те, қамтылмаған мәліметтер мен полигон жолында тер төккен, полигонның жабылуына үлес қосқан, әрі аталған тақырыпта қалам тербеген, Семей өңіріндегі бірегей тұлғалар туралы, олардың еңбектері туралы кейбір мәліметтер қамтылған.

Романда Семей жеріндегі қасіреттің отын өшіріп, алапаттың ұшқынын мәңгі сөндіруге зор үлес қосқан сол кездегі Семей облысының басшысы, Аягөз өңірінің тумасы Кешірім Бозтаев екенін жергілікті халық ұмытқан емес. Бұл есімнің полигонды жабуға деген теңдессіз үлесі атадан балаға ауызша тарап, аңызға айналып қала бермек. Бозтаев туралы айтып отырған себебіміз: халық жадында сақталған тұлға есімі «Қасірет пен тағдырда» қамтылған.

Полигон – қасірет. Қасіретті қағазға түсіру қандай шығармашылық иесіне де қиын әрі шынайылықты талап етеді. Қылқалам шебері, жазушы, ақын, мүсін өнері шеберлері үшін бұл тақырып бүгінге дейін өзінің өзектілігін жойған

Жазушы Сәуле Досжанның «Қасірет пен тағдырының» бұл туындылардан ерекшелігі – жанрының өзгешелігінде. Көркемдік құндылықты ақиқат өмірмен сабақтастыруда ұлттық ментальділікті мистикамен сәтті байланыстыруында.

Романда репликалардың берілу тәсілі де, оқиғалардың шиелінісі мен шешім табуы да өзгеше. Бұл – біз жоғарыда айтып өткеніміздей, жазушының стилінің дара екендігі. Деректі роман жанрына сай дерек көздері халықтық мистикамен біте қайнасып, оқырманын оқуға оңай жетелеп отырады.

Мәселен, романдағы Аяулымның Әмірдің денсаулығы туралы оқиға өрбігенде алдын-ала жер сызған қабірде жатуы, гидроцефалия диагнозымен дүние есігін ашқан сәбиі туралы қызыл қызғалдақтың қап-қара болып солып кетуі, Гүлімайдың Бөрімен тілдесуі – бәрі-бәрі көркем шығарма оқиғасының нанымды көрсетілуінде қолданылған мистикалық акценттер. Ал алғашқы реплика роман жанрының негізгі талабына сай сәтті жазылған. Оқиға Семей жерінде өтеді де, келесі оқиға Аяулымның туған өңірі Алматы облысында оның балалық шағымен жалғасады. Оқиғаның тағы бір шынайы көрініс табатын жері – бұл «Заман-ай» әнінің орындалуы. Ұлықбек Есдәулет, Роза Рымбаева, Төлеген Мұхамеджанов... Расында да, кезінде бұл өнер иелерінің таланты еңсесі езілген халықтың рухын көтеруге зор үлес қосып еді. Романдағы сәтті, шынайы ұсынылған құжаттың бірі – Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы Тұңғыш Президенттің 1991 жылғы, 29 тамыздағы №409 Жарлығы. Көркем шығарманың құндылығы – оқырманың өз оқиғасына сендіре білуінде. Жазушының шығармашылық ой шеберлігі – таза, саф, шынайы.

Романда жазушы халқымыздың басына зауал салған Семей полигоны мен одан келген зардап жайлы, полигонның құрбаны болған аймақтың зар-мұңы мен жанайқайы шынайы суреттелген. Семейдің әлі ғасырлар бойы тартар азабын көркем тілмен өрнектей білген Сәуле Досжанның бұл шығармасы – терең тарихқа жетелейтін шығарма.

Қорыта келгенде бұл көркем шығармалар ұрпаққа экологиялық, адамгершілік тәрибе беруімен құнды.

2.3 Семей қасіреті драмалық шығармалардың арқауы

Бүгінгі әдебиетімізде тарихи кезеңдер туралы түрлі тұрғыдан ой толғайтын туындылар саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Халық өмірінің қоғамдық саяси әлеуметтік рухани өзгеше бетбұрыс жасаған кезеңдердің көркем шығармалар өзегіне айналуы – жекелеген қаламгерлеріміздің көркемдік идеяның ізденісі ғана емес, сонымен бірге уақыттың қажеттілігіне байланысты туындаған ұлттық рухани өрістің куәсі.

Драма дегеніміз сахнаға арналып жазылған, оқиға мен оған қатысушы образдардың көңіл күйі мен іс-әрекетін баяндау мақсатында жазылған туындылар. Драмаға тән қасиеттердің бірі болған оқиғаны тартысқа құра отырып, шарықтау шегіне шиеленістіре жеткізу болып табылады.

Ғалым Р.Нұрғали: «Егер әлем драматургиясы сан ғасырмен есептелетін ұлан-ғайыр жолдан өтсе, қазақ драматургиясының тарихы әлі ғасырға да жеткен жоқ. Соған қарамастан, қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық тарихи-мәдени қауырт өрлеп дамуы, халықтың мыңдаған жылдық дәстүрі бар фольклоры, кәделі өнері, бай әдебиеті жаһан мәдениетіндегі дәстүрлермен қауыша келіп, қазақтың жаңа сапалы өнерін – драматургия мен театрды өмірге әкелді» [16, б. 7], – дейді.

Драмалық шығармаларда кейіпкер өздерінің айтатын сөзі арқылы, сонымен қатар пьесадағы қимыл-әрекеті, жүріс-тұрысы, сонда байқалатын жай-күйі арқылы суреттеледі. Кейіпкердің жеке қалып айтатын монолог сөзі, бір-бірімен өзара диалог арқылы сөйлесуі олардың мінездерін, өзге адамдарға, қоғамдағы түрлі жайттарға қатынасын және әлеуметтік мәселелерге көзқарасын байқататын басты тәсілі. Автор оқиғаны, кейіпкерлердің мінез-құлық, іс-әрекетін, күй-жайын тікелей өз атынан баяндамайды. Сахнада болып жатқан жайттарды драма кейіпкерлері сөзімен береді. Кейіпкерлердің қуаныш-сүйінішін, сезінуін, монолог және диалог арқылы байқатады. Драмалық шығармада жеке адамның ойлану-сезінуін терең көрсететін лирикалық тәсіл мен тұтас бір шиеленіскен оқиғаны баяндайтын эпикалық жанр біртұтас синтетикалық тәсіл арқылы сабақтасып жатады. Драматургия қазіргі әдебиетімізде күрделі де жоғары деңгейге көтерілген басты жанрдың бірі.

Ғалым: «Драматургия жанрларының ішіндегі өмірге айырықша жақын түрі – трагедия, өйткені бұл формада тіршіліктің сан алуан қайшылықтары, ғаламат тартыстар, құштарлықтар мен сезімдер шайқасы, ойлар мен идеялар қақтығысы ерекше зор пафоспен, әрі реалистік тереңдікпен бейнеленеді» [16, б. 10], – деген анықтама береді.

Драматургия өте қиын жанр. Оның даму жолы да күрделі. Ол диірменге барғанша әлденеше сынақтан, електен өтіп, мықтап тазарып, өз кондициясына жеткенде ғана дұрыс болмақ.

Драматургияның басқа жанрдан ерешелігінің ең бастысы – оның тууы, дамуы, тіршілік тынысы театрға байланысты. Қазан төңкерісінің экономикалық, мәдени, рухани өміріміздің сан-саласына енгізген көп өзгерістерімен қатар қазақ халқына тартқан үлкен бір сыйы 1926 жылы ұлттық театрдың құрылуын ескерсек бұл жанрдың өмір өлшемі белгілі. Әдебиет пен өнеріміздің осы жаңалығын реалистік әдістің идеялық, эстетикалық көркемдік құралы ретінде М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Б. Майлин, Ж. Шанин, Т. Ахтанов, С. Шаймерденов, Ә. Тарази т.б. шығармаларынан танып білсек, соңғы жылдары қазақ әдебиеті біраз жаңа есімдермен толықты. Өзіндік сәтті ізденістермен танылған әдебиетіміздің тегеурінді толқыны. Сол толқынның ішінде тың туындыларымен көрінген Кәрібай Ахметбеков, Баққожа Мұқаев, Нұрлан Оразов, Роллан Сейсенбаев сияқты қаламгерлеріміздің шығармаларына назар аударуға тіпті әрқайсысы туралы жан-жақты талдап, әңгіме өрбітуге тұрарлық. Бұлардың қайсысы да бергісі төл әдебиетіміздің тәжірибесін тұғыр еткен, әрісі одақ, қала берді әлемдік әдебиеттің үлгілерінен хабардар қызықты да күрделі қолтаңбалары бар жазушылар. Сүйсінерлігі сол, осынау бір толқын лектің ішінде қазірдің өзінде суреткерлік қарымы сараланған өмір туралы, өнер туралы азаматтық кредосы айқындалған жазушылар бар. Одақтың семинарияларға қатысып, республикалық конкурстардан жүлде алып жүрген де осылар. Тіпті Оралхан Бөкеев пен Баққожа Мұқаев алғашқы сәтті драмамен республикалық Ленин комсомолы сыйлығына ие болды. Қазақ театр сахнасынан орын алып жүрген де көбіне-көп осы драматургтеріміздің шығармалары. Демек, драматургияның көші тығырыққа тіреледі деп дабыл қағудың реті жоқ.

Соңғы жылдары ауыз толтырып айтуға болатындай жақсы шығармалардың жазылғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Драматургтер дәуір бейнесін, оның бойындағы драматизмді көрсету үшін қоғамдық өміріміздегі түбірлі өзгерістерге сәйкес басқа мазмұнға көшкен жаңа адамның ойлау өрісін, дүниетанымына, өмірлік позициясына, оның жан дүниесінің диалектикасына терең үніліп, жан-жақты анализ жасау арқылы кең ауқымды көркемдік қорытындыларға барып жүр. Бір қуанарлығы – қазақ драматургиясында шиеленістің құрылымы өзгерді. Қазіргі таңда драматургтер, әсіресе жастар жағы пьеса басталмай жатып, шиеленісіп, орта жолдан «демі» бітіп, қожырап кететін «сыртқы» конфликтіден гөрі бар жұмбағы, бар сыры жасырын, кейіпкерлердің дүниетаным, көзқарас, өмірлік концепциясынан туындап жататын ішкі конфликтіге машықтана бастағандығы байқалады.

Қаламгерлер драмалық структураны өзгерту арқылы пьесалардың әлеуметтік-адамгершілік проблематикасын өткірлей түсті. Соңғы уақыттарда жақсы бағаланған шығармаларда ескі мен жаңаның күресі мүлде басқа жаңа формада көріне бастағанына сүйсінбеске болмайды. Қазіргі кезде драмашылар

уақыт пен қоғам, уақыт және адам арасындағы бірлік пен қайшылықтың диалектикасына терең үңіліп, жан-жақты анализ жасай бастады.

Жазушы драматургтарымыз жасампаз еңбектің республикадағы шалқар майдандарына белсенді араласып елдің де, жердің де, тілдің де, тарихтың да бірден-бір иесі. Біздің арманымыз осындай халық өкілдері – еңбек адамының зор тұлғасын көре білсе, сомдай білсе деген тілек.

Соңғы жылдары драматургия саласында шарқ ұрып мол ізденіспен еңбек етіп жүрген жазушы – Б. Мұқай.

Баққожа Мұқай талантты жазушылардың қатарынан саналады. Сахна өнерінің әртүрлі құбылыстағы сазды әуенімен тереңірек түсінген драматург. Жазушы шығармаларындағы өмір құбылыстары әр уақыттың өзіне тән тарихи парызын шыншылдықпен суреттейді. Оны әркімнің азаматтық жоғарғы жауапкершілікпен атқаруы керектігі туралы ойлары айқын. Бұлардың қай-қайсысы да уақыттың көркем шежіресін жасауды басты мұрат еткен. Төл өнеріміздің кең дәстүрінен нәр алған.

Драматург шығармалары өткірлігімен ерекшеленеді. Драматургтың М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов атындағы театрларында премьерасы өткен «Тоят түні», «Қош бол менің, ертегім», «Заманақыр», «Сергелдең болған серілер», «Өмірзая» деп аталатын пьесалары театр сыншылары тарапынан да, көрермен тарапынан да жоғары бағаға ие болған.

Жазушы Баққожа Мұқай – жұртшылыққа кең танылған драматург. Пьесалары өзінің жаңашылдығымен, өткірлігімен ерекшеленеді. Драматургтің «Тоят түні», «Заманақыр», «Өмірзая», «Қош бол менің ертегім», «Дүние кезек», «Сергелдең болған серілер» шығармалары қойылды. Драматург бұл туындыларында оқиғаны қаз-қалпында кескіндеуді місе тұтпайды. Біздің тұрмыс – түйсігіміздегі дендеп бара жатқан небір адами кесіптерді жегі құрттай жеген жұмыр індет-имансызды ашып көрсетіп, тоғышар, тоңмойын, өтірікші, жылпос, екіжүзді, мансап пен байлықтан басқаны ойламайтын, соның жолында бәріне де беті былш етпей мәңгүрттікке тосқауыл болар түйсіктерді оятқысы келеді. Драматург шығармаларындағы адам жанын дір еткізер ардан аттаушылық ұят деген қазақи қасиеттерді таптаушылық, сол арқылы жақсылыққа жетсем болды деп – тым қарапайым өмірлік қатынас та, өмірлік күйбең де қалай болатынын кім-кімді де шошынтып селт еткізеді. Жайдақ жаяуымыздан бастап, зиялымызға дейін ұшырып отырған осы ардан аттау адамгершілік қасиет дегеннің жабайыланып бара жатуы драматург зердесіне ащы шындықтың тамшыларын сіңіріп, көңіл көрігінде қорытылып келіп, қалам ұшынан сорғалағанын көреміз. Ең жаманы адамды тірідей жүйкелетіп құртатын жайт. Білімді, зиялы адамдардың арасындағы әділетсіздік. Мұндай әділетсіздік сауаттылықпен, ақылдылықпен жасалады.

Б. Мұқайдың «Заманақыр» пьесасы түрен ұшы тимеген тың тақырып болды. Ақын Олжас Сүлейменовпен бірігіп жазған пьесаның негізгі – желісі Семей полигонынан халқымыздың тартқан азабы.

«Заманақыр» трагедиясы Саржал тұрғындарының аяулы да мүшкіл халдері өмірлік шындықтың жиынтығы. Авторлар дерекке мол фактілерді

көркем шындыққа айналдыру арқылы идеялық мұраттарды символдық дәрежеде насихаттайды. Оқиға 1953-1983 жылдар аралығын қамтиды.

Пьесаға қатысқандар: Салиха, Мәлике, Әли, Оспан, Дастан, Нарбек, Власов Иван. Автор небәрі жеті кейіпкер арқылы тақырыптық ашылуын шебер өріп өтырған.

Үш бөлімнен тұратын пьесаданың бірінші бөлімінде: «Дала. Гүлзар бақ. Алыстан Шыңғыстаудың сұлбасы көрінеді. Төңірек жап-жасыл. Дала көк майса. Мың сан құстың сайраған үні естіледі. Ұрмақ мекен дәл осындай болады-ау дейтіндей аса көркем аймақ» [143], – деп басталады.

Пьесаның басты кейіпкері Салиха соғысқа кеткен азаматын келеді-ау деп әлі күтуде. Соғыс біткелі тоғызыншы жылға айналып барады. Шіркін-ай, Мәлике қызымыздың тойына келсе ғой деп армандайды. Заман жақсарды, соғыс бітті. Е-е-е, енді той жалғаса береді деп күмбірлеп отырған сахына төріндегі Салиханың бейнесін шебер келтірген.

Драматург: «Ей, Жер–Ана, бізге сен неге сонша тасбауыр болдың? Мейірімің түскен пендене барыңды үйіп төгіп бере саласың... Біздің не жазығымыз бар еді? Кінәміз – атажұртты кие тұтқанымыз ба? Кінәміз – кіндік қанымыз тамған мекенді қиыншылықта қимай, көшпей қалғанымыз ба? Кінәміз – кенезең кеуіп, шөлден қарс-қарс айырылып, шыт-быт болып жарылып жатқанда сенің тілеуіңді тілеп, іштей өксіп жылағанымыз ба? Өмір бойы сенің тілеуіңді тілеген пендеге неге суықсың, Жер-Ана» [143, б. 257], – деп драмада елі мен жерін құт мекені көрген қазақ халқының өмірге, заманға деген лағынет, қарғысы. Ішкі зары мен ащы айқайы.

Сахнаға арналып жазылған Олжас Сүлейменов пен Баққожа Мұқайдың «Заманақыр» драмасы. Кеңестік идеологияның сұрқия саясатынан айтуға тыйым салынып келген Семей полигонының шындығын шыжғыра жазған бұл сахналық қойылым Саржал мекенінің ауыр халін суреттеуге арналған. Қатардағы қарапайым адамдардың басынан кешкен мүшкіл халін, қалың қара қайғысын ерекше оқиғалардың түйісуінен әкеліп өрбітеді. Авторлар дерекке толы өмірлік шындықты көркем шындыққа айналдыру арқылы идеялық мұраттарды символдық дәрежеде насихаттайды.

Осындағы Салиха ананың ақ жүрегі туған жеріне деген ыстық махаббатымен де күшті. «Құдай-ау, есі бар адам жерінен кетуші ме еді?!»– дейді ол табандылықпен. Ол осынау қатерлі сәтте де, Сәрсенін күтуден күдерін үзбейді. Оның басқалармен бірге туған мекенде қалуға бел байлауы – қауіптен сескенгендік емес, қуаныштың басы-қасында болудан. Ал офицер Власов үшін керегі де осы сынаққа неғұрлым көп адамның қалуы. Өлетін өзі емес, басқалар. Бүлінетін туған мекен емес, бөгде жер.

Күллі шығарманың архитектоникасын жымдастырып, қиюластырып тұрған Салиханың сөзі, халық зарын, оның ішінде момын қазақ халқының талқыға түскен тағдырын бейнелейтін жинақы монолог.

«Ядролық жарылыс халықтың болашағы үшін жасалып жатқан игі іс», – деп насихаттаушы парторг Нарбек пен әскери өкіл Власов ұрандары

коммунистік психологизмді мұқиятталған, бағытталған әскери идеяға қарсы айтылған бүкілхалықтық наз өкпені жұмсартудың айлашарғысы.

Авторлар көркемдік шындық арқылы ядролық жарылыс болса да кіндік қаны тамған жерлерін тастап кеткісі келмейтін тұрғын халық өкілі – Салиха арқылы әскери мүддесі мен халық мүддесінің қабыспайтынын шынайы көрсетеді.

Драма басындағы : «Сарыжал өңірі тым-тырыс. Адамдар да тыныш. Күйкі тірліктің күйбеңінде. Соғыстан енді ғана ес жиған елдің жарасы жазыла қойған жоқ. Салиха сияқты жесірлер Сәрсендей аяулы жарын іздеп, құмалақ ашып, күн сайын Саржалдың қырқасына сан қарайды. Қызы Мәлике, ұлы Әли де есейіп ер жетсе де әлі күнге әкесін іздейді. Ананың мұңды жанарындағы сыр Мәликенің жүрегіне біздей қадалады. Гүл ашқан жастығының бір қуанышы Дастанмен тұрмыс құруға сөз байланысса да тойына әкесі келіп қалатындай үмітте» [143, б. 258], – деген жолдарда авторлар алда күтіп тұрған қасіреттен бейхабар жандардың қарапайым арман-тілегі, көзіндегі мұң кейіннен қанды жасқа айналарынан хабарсыз.

Құнарлы сөз құнарлы ойдан туады. Ойы нәрсіздің білім де нәрсіз. Ғ. Мұстафин тіл мен ойдың қатынасын жалпы мәдениеттің негізгі арнасы деп тектен-текке айтпаған. Авторлар көркем тіл арқылы ядролық жарылыс болса да кіндік қаны тамған жерлерін тастап кеткісі келмейтін тұрғын халық өкілі – Салиха арқылы әскери мүддесі мен халық мүддесінің қабыспайтынын шынайы көрсетеді.

Саржалға қаптаған әскер келгенде Дастан да, Мәлике де ойына ешқандай қауіп алмайды. Алайда, қаптап келген әскер қауіп әкелді. Өйткені олар үшін басты қуаныш – той өтсе, сонан соң шаттығы таусылмас өмір басталса. Армандары асқақ Дастан: «Екеуіміз қол ұстасып, бірге жүреміз. Сексен, тіпті тоқсан жыл өмір сүреміз, көп, көп баламыз болады, үш қыз, жеті ұл» [143, б. 241], – дейді. «Кішкене азайтшы» деген сүйгенінің тілегіне: «Жеті ұл, үш қыз. Айттым бітті» [143, б. 241], – деуі де жарасымды.

Саржал тұрғындарының ұйыған тыныштығының ұйытқыған желдей әр күннің ішінде астан-кестені шығатынын қарапайым халық қайдан білсін?! Дереу көшу керек екен. Офицер мен жауынгерлердің алдында Нарбек парторг құрдай жорғалап суық хабарды суыт тарату қажет. Бұл сұмдықтың таяғанынан секем алған жұртты офицер үреймен емес, «үмітпен» басқысы келеді. Бұл сынақтың қаншалықты елге қатер төндіретіні қаперіне кіріп те тұрған жоқ.

Тіпті күдік алған Оспанның күмәнді сөзі Нұрбекке ұнап тұрған жоқ. Қылышы қылшылдап тұрған Сталин заманы екенін қадап айтудан тайынбайды. Ол үшін құдыретті күш өкімет пен партия. Одан әрі Орталық. Ол офицер шенінен еш сескенбейді. Оны орталықтың бір көзіндей көріп, оның айтқанын әркез орындауға дайын. Сұмдықтың боларын сезсе де тіл ұшынан шығарудан қорқады. Оспанның бойында жомарттық көңілімен қатар батылдық та бар. Айтса нақ айтады. Бірақ мықтыларды бұғаулап, білімділерді баудай қиған сталиндік қатал жазалардан әбден ығып қалғанын да байқатады. Артынан бәрін жуып-шайып, арына кір жуытқысы келмейді. Ел-жұрттың соңында қалып,

ертеңгі болатын тойды күтіп жатқан Дастанға: «Бір тажалдың келе жатқанын көре тұра сені қалай тастап кетемін? Әй, құлағыңа сөз кіре ме сенің? Бомба жарады, сынақ болады. Жан керек пе, ей саған?» [143, б. 247], – дейді ұлына. Ал жастар үшін мына келер қауіп өткінші нәрсе сияқты. Салиха ананың ақ жүрегі туған жеріне деген ыстық махаббатымен де күшті. «Құдай-ау, есі бар адам жерінен кетуші ме еді?!» [143, б. 252], – дейді ол табандылықпен.

Жазушы осынау қатерлі сәтте де, Сәрсенін күтуден күдерін үзбейді. Оның басқалармен бірге туған мекенде қалуға бел байлауы – қауіптен сескенгендік емес, қуаныштың басы-қасында болудан. Ал офицер Власов үшін керегі де осы сынаққа неғұрлым көп адамның қалуы. Өлетін өзі емес, басқалар. Бүлінетін туған мекен емес, бөгде жер.

Парторг Нарбек партия үкімет тапсырмасы десе жанын салатын адам. «Партия біздің анамыз, партия біздің панамыз. Ол өл десе өлеміз, өлтір десе... Ар жағы түсінікті. Коммунистік партия бізді коммунизмге алып барады. Сондықтан Жасасын біздің партия! Ұлы көсемдеріміз жасасын!» [143, б. 249], – деп ұрандауы елді белден бір басқандық. Оған салса Саржалдағы жарылыс та – партия мен үкіметтің елдің қамына жасалған кезекті қамқорлық іспетті.

«Мына сұмдықты партия біле ме?» дегенге: Барлық істің ұйымдастырушысы партия» [143, б. 249], – дейді ол.

Сарыжалда қалған ел тойға кіріскен. Офицер де парторг Нарбек те, жауынгерлер де осында. Ортаға қойылған ішімдіктер – ақпейілді момын елдің қуанышына тартылған тарту емес, халықтың санасын улау. Власов пен оның қол астындағылардың арақ әкелуінің өзінде де бір гәп бар. Мас болып көңілді думанға кіріскен аңқау халық қатердің таяғанын да сезбей қалды. Құлақ тұндырған жарылыстан кейін төнген жарықтан айқындалып апат «саңырауқұлақ» жайылып бара жатты. «А-а-а! А-а-п-а! Көзім-ай! Көзім!...» [143, б. 254], – деп шырқыраған Әли баланың жан дауысы. Ол мына мөлдір аспанды, жап-жасыл Абыралының белестерін енді мәңгі көрмейді... Көретіндер үшін де қасиетті жер енді тозаңға айналған қырық жамау қыраттар, тілімденген жазық, жоғалған көл, уланған су.

Екінші бөлімде оқырман мамыражай әлемді, жасыл жайлауды, қаймағы бұзылмаған қазақы ауылды көре алмайды. Белуардан келетін көк шалғын жоқ. Жер өртенген сияқты. Қара жолдың оң жақ қапталы қалың бейіт. Бұлар – ядролық сынақ құрбандары. Драмалық тартыс та ширай түседі. Өйткені гүрілдеген самолеттен үрейленген Әли де ес-түсінен айрылған, ауруға ұшыраған. Тірліктен үміті жоқ. Ақыры азаппен көз жұмды. Табанды Оспан қарт та денеге тараған ядролық удан құтыла алмады. Дастан мен Мәлике армандарына жете алмады. Ауыр тұрмыстың таукіметі мен ядролық апаттың зардабын екеуі де қоса тартты. Жеті бірдей перзентін жер қойнауына тапсырды. Ең соңғы үміті дүниеге аяқсыз, қолсыз келген сәби тірі қалса деген жанталастан да ештеңе шықпады. Емшегінен сүт орнына удай ащы қан шыққан Мәлике емге ешкі сүтін іздеп қайта оралғанда «Томар» атанған сәбиден және оның өмірден нала кешкен әкесінен бірдей айырылған еді.

Пьеса соңында төрт адам қалады. Ол – генерал Власов И.Н., парторг Нарбек, мұңлы ана – Салиха, жынданған Мәлике. Бірі – мақсатына жеткен армансыз жан. Бірі елінің іргесін сөксе де, ақтық сәтте партияға берген сертіне берік қолшоқпар. Қасіреттің қаншама зардабын тартса да, қайсар Салиха Жер–Ананың ажал апатынан мәңгілік құтылар сәтін үнсіз күтіп отырған сияқты.

Автор: «Тірі жанға жасаған жаманшылығымыз жоқ. Жаратқан ием. Сеннен басқа сенеріміз және жоқ. Мені, өзіңнің сүйген құлыңды мына тозақтан құтқара гөр. Жарық дүниені көрмегелі не заман. Жанарымды қайтарып бер, жаратқан ием. Жатсам да, тұрсам да сенің тілеуінді тілеп жүрмін. Жарық дүиеден жақсылық көрмеген сүйген құлыңның шырқыраған дауысы құлағыңа жетті ме, Жаратқан ием?!» [143, б. 255], – деп пьесадағы жарылыстан көзі көрмей қалған Әлидің ішкі монологын шебер берген.

Баласының қиыналғанын көріп Салихада: «Әй, заман-ай! Әй, заман-ай. Соншама қорлайтындай несімен жақпады саған бұл қазақ?» [143, б. 258], – деп арасында сөйлеп қояды.

Жазушы пьесасының қойылымындағы сахыналық көріністі: «Жарылыс. Әйелдердің зары. Бейіт басынан қайтып келе жатқан адамдар. Мәлике, Салиха, Дастан, Оспан, Нарбек және басқаларды көреміз. Дастан қызу сияқты. ...Тағы да жарылыс. Әйелдердің зары. Жетінші баласын жер қойнына тапсырып келе жатқан Мәликені көркеміз. Жанында бұрынғыдай адам жоқ. Дастан мен Оспаннан басқа ешкім көрінбейді. Дастан әдеттегідей мас. Қолында бесік. Ол бесікті лақтыр жібереді, сосын бір теуіп, кетіп қалады. Төңкеріліп жатқан бесікті Оспан қарт көтеріп, құшақтап тұрып егіліп жылайды. Сонан соң бесікті сүйеді де, алып кетеді» [143, б. 260], – деген суреттеуден көп нәрсені аңғаруға болады. Яғни шығарманың шарықтау шегі осы жерде. Жарылыстың зардабынан адамдардың жүйкелері тозып, ішімдікке салынұнда жазушы шебер суреттейді.

Пьесада: «Қорқа-қорқа жеткен жеріміз осы болды. Қайғы қасіреттен басқа не көрдім деп жетісесің? Жылау, сықтау... Зар, зар... Көз жасым бір кеппеді ғой... Аанамды бердім, бірінен кейін бірі үш баурым кетті. Жеті бірдей боталарымды алды қара жер. Тірі қалаған жалғыз әкем еді. Ол да күнін санап жатыр... Енді несі бар менде Құдайдың? Оған керегі менің шыбын жаным ба? Алсын. Бауырларымнан, жеті ботамнан артық емес жаным» [143, б. 261], – деп Дастанның өмірден әбден қажып, күйік пен дерт өртеп бара жатқан бейнесін жазушы ішкі монолог арқылы береді:

Жазушы: «Ұрпақ дейді... Ұрпақ. Жетеуі жердің астында, соңғысы әне, қол-аяғы жоқ. Томар бала! Сол ма менің болашағым. Ол – қасірет! Апатай-ау, көзің неге көрмейді?! Екі қол, екі аяғы жоқ баланың өмірі болама, апа-ау?! Ол басына тепсең де ләм демей, бүк түсіп жата беретін қазақтың қасіреті ғой, апа-ау. Екі басты, төрт аяқты сәбилер мен қол-аяғы, екі көзі жоқ мүгедек балаларға қарап қалған қазақтың болашағы жоқ. Өне, түгін тартсаң май шығатын қазағыңның қасиетті жері қарс-қарс айырылып, шынғырып жатыр. Дені сау, көңілі тоқ кім бар бұл өңірде?! Апа-ау, сонша қор қылатындай, арқаңнан қағып тұрып қорлайтындай бұл үкіметке не жаздық? Момын болғанмыз үшін берген

сыйы ма? Әлде қазақ болғанымыз үшін кінәліміз бе? Кінәміз не біздің? Асыл әулетінен қалған жалғыз мен едім. Мен де жоқпын. Жоқпын, апа! Күнім бітті менің де...!» [143, б. 270], – деп қазақ даласына әкелген жарылыстың зардаптарын терең түсініп, жан айқайын пьесадағы кейіпкері Дастанның манологы арқылы жайып салады

Жазушы: «Бірінші көріністегі бақ жоқ. Жапырағы түсіп, жалаңаштанып қалған ағаштың түбінде қара жолға көз сүзіп, Салиха отыр. Күбірлеп сөйлеп отыр. Анда-санда асапанға қарайды да, бетін сыйпайды. Мәлике бақтың ішін аралап жүр. Көйлегі алба-жұлба. Шашын жайып жіберген. Түрі адам танымастай етіп өзгерген. Жапырағы түсіп, қурап қалған ағаштарға аппақ шүберек байлап жүр» [143, б. 272], – деп пьесаның эпилогында сахналық көріністі бейнелеуде: Яғни, сахналық көріністен көп дүниенің өзгергенін, адам мен табиғаттың азып-тозып, жүдеп кеткендігін көреміз.

Ғалым Н. Нұрғали: «Трагедияның ең басты ерекшелігі трагедиялық тартыста көрінеді. Трагедиялық конфликт кейіпкердің тартқан азабы мен өліміне де сабақтас. Бұл – қосалқы, сырт сипаттардың бірі. Ал трагедиялық тартыстың өзегі әлеуметтік-тарихи, қоғамдың саяси қабырғалы күштердің шайқасында жатыр. Бұл қақтығыста кең құлаш, қоғамдық мағына, философиялық тереңдік бар» [16, б. 10], – дегендей Семей қасіреті бүгін де, ертең де жазылмайды. Ол жердегі жарылыс қана емес, адамдар жүрегіндегі жарылыс ретінде ұзақ күткен шындықтың айғақтарымен әлемге таныла береді. Сол тұрғыда жазушы-драматург Баққожа Мұқайдың «Заманақыр» пьесасы жемісті шығармашылық еңбек қана емес, ғасыр ақиқатын айғақтайтын күрделі де шынайы сахналық туынды. Ең бастысы, шындық шуағын сіңірген шығарма.

Жазушы Баққожа Мұқай пьесаны Салиханың «Заман – ақыр, Жер – тақыр, Адам – пақыр... Ил-ла-ла... Алла.. Алла..» [143, б. 274], – деген соңғы сөздерімен аяқтайды.

Баққожа Мұқай драмамызға не әкелді дегенге біз ең алдымен оның шығармаларынан салаланып шығар моральдық-адамгершілік, көркемдік-идеялық, сыр-сипаттар мен әлеуметтік мәні бар психологиялық талдау тәсілінің түрлі қырынан қолданылып көркемдік философиялық принциптерге айналуын айтар едік.

Өмірдегі қайшылықтар, адамдар арасындағы ар-ождан, адамгершілік қасиеттер, тағдырлар тартысы, замандастарымыздың әрқилы іс-әрекеттерін өзек-арқау еткен пьесалардың өн бойынан уақыттың рухы мен тынысы айқын да анық көрінеді.

«Заманақыр» пьеалық қойылым заман шындығын айқындайтын туынды ғана емес, Саржал тұрғындары арқылы ядролық сынақ құрбанына айналған адамдардың ащы шындығы, ғасырдың ауыр ақиқаты.

Жер-Анаға қарсы жасалған алапат зұлмат, қарсы жасалған қастандықтың жер жүзіндегі адамзатқа атылған оқ екендігі белгілі. Бұл өз кезегінде қазақ әдеби кеңістігіне экология тақырыбын әкелді. Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» трагедиясы соның көрінісі іспетті. Шығармадағы адамзат пен табиғат арасындағы қарама-қайшылықтың зардабын полигон құрбаны Ләйлә

тағдыры арқылы көрініс табады. Жеткіншек қыз баланың жан - дүниесін сипаттауда қаламгер символ арқылы бүркемелеп, галлюцинация, тұспалдау, қиял мен елес арқылы елестету арқылы Ләйланың образындағы сезім ырғағын, кейіпкердың ішкі антогонистік қайшылықтары терең толғаныстармен, ерекше түрдегі өрнекті тілмен, орамды ой , оқшау оқиғалармен суреттейді.

Пьеса басында тәуелсіздік таңын шаттана қарсы алған ауыл адамдары. Қуанышқа толы ел өмірінің өткен ащы тағдырының көрінісі – ауыл шетіндегі қарапайым үй, қарапайым адамдар. Ләйләні іздеген нағашысы Қатира. Баласының үйленгелі жатқан қуанышына мүгедек ару кесапатын тигізердей шошиды.

Ел-жұрт, туған туыстан жанына жалау таппаған ару бар қайғысын, мұң-зарын көктегі айға ғана төгеді, аймен ғана сырласады. Автор: «О, жарық Ай, мүсіркеме сен мені. Мен күнәсіз қыз боламын. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік дүниесінен безінген жұдырықтай жүрегім кек пен қасіретке толы. Мен өзімен адам сияқтымын. Басқаларға адам емес, адам пейілі тәубаға түсіретін мүгедекпін. ...Тым болмаса үмітімді сен ақтарсың. Мен кіммін осы? Шынымен-ақ мәңгілік өспей қалған бала кейіп пе?» [123, б. 96], – деп ішкі монолог арқылы туған ауылының адамдарына назын арнайды.

Пьесада полигонның құрбаны Ләйламен бірге ұлттық құндылықтардың жойылуы ауылдан безіп елге жоламаған көршінің ұлы арқылы да сезіледі. Мені тойына да шақырмады. Пәселке салайын десем, салма, полигонның тамағын жемейміз. Радиациясы бар деген әйелдің ұлына деген өкпесінің артында жастардың ауылдан кету, ата-мекеннен жырақтау үрдісі де байқалады. Бұл полигон шындығымен бірге, қоғамның да ақиқаты.

Әңгімедегі Қатира мен драмадағы Қатира бейнесі бір-біріне кереғар.

Шығармадағы Қатира мүгедек қызға жаны ашымайтын қатыгез жан: «Е, енді саған жетпей жүргені меңіреулік пе еді? Оған да жетерсің, меңіреу де атанарсың» [123, б. 98], – деп ащы мысқылмен айызы қана Ләйләға деген жеккөрушілік, жиіркеніш көзімен қарайтын Қатира бойында драмада тағдырдың өзі аямаған жасқа деген ашу-ызасымен мүсіркеушілік, аяушылық сезімі қатар жүреді.

«Қойды қара. Табаныңды жалтырат» - деп зекігенімен, барар жер басар тауы жоқ жетімді тағдыр тезіне салған заманның зұлмат қасіретіне дешен ашу ызасы да жоқ емес. «Өзін бүртүрлі аяймын. Жақсы көремін. Мен жыласам, жанымнан шықпайды. Қуансам, бірге қуанады. Оның сенері мен, менің сенерім ол» - деген Қатираның бойында дәрменсіздік те бар.

Пьесаға келіп қосылған жаңа кейіпкер Балтабек Өмірзақович тотаритарлық тәртіптің шолаққол белсендісі. Шаш ал десе, бас алатын кейіпкерге өзінің атағын шығару керек. Оны ауыл адамдарының трагедиясы қызықтырмайды да. Пысықай атты ауыл басшысымен жоғары жаққа жақсы атану, онсыз да қайғыдан қарайып, атомның уын ішіп отырған елге үйіп-төгіп өтірік уәде береді. «Бізге керегі осы, Құдай бере салған. Жиналыстың қаралы символы сен боларсың. Әлем сені таниды» – деп қаладан келген Балтабекпен

бірге комиссия мүшелері Ләйләға хайуанаттар бағындағы құбыжыққа карағандай, суретке түсіп сорлы қыздың тағдырын мазактағандай болады.

Драмалық шығармадағы тағы бір бейне – жынды Шөкіш. Шөкіш басына түскен бала қасіретінен жындыға айналған. Жалғыз көзді, жалғыз қолды полигон құрбаны – мүгедек баласын өзі қолымен өлтірген мүсәпір ана ақылынан алжасады. Қанды қылмысы мен ауыр қайғысын ұмытамын деп есінен айырылған Шөкіш бейнесін сахнадан көргенде жаның түршігеді.

Ләйләға қол көтерген Шөкіштен ажыратпақшы болып: «Өз баланды өлтіріп, Ләйлаға түсейін дедің бе?» – дегенде берген зарлы жауабы көрерменнің құлағынан ұзаққа дейін кетпей жаңғырып тұрғандай. «Ішке біткен шаранаға жалғыз көз, жалғыз қол берді. Жомарттығы қайда, бұл құдайдың! Жүрегім тас, қолым қан. Өз тағдырымды өзім кестім. Ауылды жалаңаяқ кесіп өтейін» - деп құдайына лағнет айтқан Шөкіш жынды болса да өз күнәсін біледі.

«Құдай ма, оны жасаған полигон. Адамдар» – деп бейбақ Шөкішті жұбатқан әйелдің де жүрегі қан жылайды.

Мына жарық дүниеде ұсқынсыз кейпімен азаптанып күн кешкенше және өзгелердің жанын жаралап азаптағанша мүлде көздерін жойсын деп ойлайды қасіреттен жүрегі шайлыққан Шөкіш. Ол Ләйләнің аянышты тағдырына қинала қарайды. Себебі оны көрген сайын бұның жан жарасы сыр береді.

Мүгедек арбасына тағылған тағы бір полигон құрбанының ауыр тағдыры да Ләйлә тағдырымен қатарласа бейнеленеді. «Елім-ай» – деп зарлаған мұңлық жан ғана көкірегі қасіретке толы Ләйләнің жан тебіренісін түсінеді.

Пьеса аяғындағы осы мүгедек жан мен Ләйләні қоспақ болған адамдардың әрекетіне жынды Шөкіш есі кем болса да қарсылығын білдіреді: «Қарсымын. Мүгедектен мүгедек бала туады» деген Шөкіштің сөзі көп ақыл-есі түзу адамдардан да артық көрінеді. Автор Шөкіш арқылы барша халықтың ойынан, медицина шындығынан хабар береді.

Драмада Ләйләнің жан жұбанышына айналған тағы бір кейіпкер – сыныптасы Құрман. Ләйлә тағдырына қаншама жаны жабырқаса да, құлқынын ақша тескен замандастардың бейнесінің анық көрінісі.

Балтабектің ұсынған ақшасын алған Құрман қолының қалай былғанғанын өзі де білмей қалады. Бұл да замана, қоғамның ащы ақиқаты.

Ләйләнің ауыр тағдырын пайдаланып, өз мақсат-мүдделерін жүзеге асырғысы келген топқа қарсы шығар басында жан табылмаса да, драма соңында бүкіл ауылдың Ләйләға қорған болғанына куә боласың.

«Мәңгілік бала бейнесі» әңгімесіндегі «Қап, дәл той күні қылжия қалғанын көрмеймісің. Қасиетсіз неме. Той үстінде кімге барып, ат үсті өлімді хабарлайсың. Жатсын енді, менен басқа мұны әзір сезе қойған ешкім жоқ», - деген әйелдің сумақай жүйрік ойы бір сәтте шешім қабылдап, кезеріп жатқан қыз жүзін орамалмен жасырып жаба салған» Қатираның пьесадағы Ләйләға араша түсіп шырқыраған үні оқырман жүрегіне жылылық сыйлайды.

«Ағайындар, жібермендер Ләйләні. Ләйлә бізбен ғана бақытты. Атаңа нәлет. Қуыршаққа айналдырмаңдар. Бармайды. Ақшаларыңа лағынет» деген Қатираның рухты үні полигонға айқан үкімі, сұрқия биліке жеткізген қарғысы.

Полигон жаңғырығынан жылдар бойы үнсіз бұққан елдің лықсып сыртқа шыққан жан-айқайы, оянған, көзі ашылған, қырық жылғы қасіретке қарсы жаңғырық даусы.

Қорыта келгенде, Семей қасірет жазылған драмалық шығармаларда адам мен табиғаттың тозғандығын, саяси биліктің қазақ ұлтына жасаған қастандығын, ұлттық құндылықтардың төмендеуін кейіпкерлердің ішкі монологы мен диалог арқылы көрсетеді. Адамзаттың ішкі психологиялық иірімдерін терең суреттейтін трагедиялық пьесалар өз өміршендігін жоғалтпайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл зерттеуде қазақ халқының ауыр тарихи кезеңдерінің бірі – сынақ полигонына қатысты тарихи деректерді бірізділендіріп, мұрағат материалдарын көркем туындылармен салыстыра зерделеп, тарихи фактілерді көркемдік шындық тұрғысынан айқындадық. Семей сынақ полигоны жайлы әр жылдары баспа бетін көрген мақалалардың тақырыптық ерекшелігін саралап, ғылыми-талдау жасадық. Семей қасіреті жайлы жазылған поэзиялық, прозалық және драмалық туындыларға жаңаша талап тұрғысынан қарап, ғылыми айналымға кемелді түрде бүгінгі жаңарған тәуелсіз таным тұрғысында тарихи-әдеби зерттеу нысанына алып, авторлар шығармаларын көркемдік-эстетикалық талап тұрғысынан түйіндеуге тырыстық.

Сынақ полигонынның Абыралы өңіріне орналасу себептерін, түрлі эксперименттердің тіршілік атауына қолдан жасалған қастанды әрекет болып табылатындығы және атом бомбаларының баситапқыда жер бетінде жарылуы, оның өз кезегінде флора мен фаунаға тигізген зияны жөніндегі құпия деректер, жергілікті халықтың денсаулығына байланысты басқа да маңызды Семей полигонына қатысты соны мәліметтерді Абай облыстық орталық мұрағатында құпия сақталуы – Семей қасіретінің қара қаймағын қоюлата түсетіні даусыз.

Мұрағаттардан алынған материалдарды молынан пайдалану диссертациялық жұмыстың бірінші бөліміндегі алынған нәтижелерге толыққанды қол жеткізуге, нақты тұжырымдар мен қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Семей полигонына қатысты Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарында көтерілген мәселелер мен аймақтық газет-журналдарда жарарық көрген мақалалар тізбегін тақырыптық тұрғыдан мұқият зерделеп, салыстыра отыра талданды.

Семей сынақ полигоны мен оның халық арасындағы зардаптары жайлы жарияланымдардың баспасөз беттеріндегі тақырыптық, жанрлық, мазмұндық ерекшеліктері сараланып, талданды. Сынақ апатының тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы басылым беттеріндегі көрінісі Абыралы, Қарауыл, тіпті көршілес облыстарға тигізген зияны жайлы мақалалармен салыстыра дәйектелді.

Басылым беттеріндегі халықтың наразылығы, полигонды жабуға қарсылық көрсеткен империялық әскери мекемелердің қарсылық әрекеттері, жеке адамдардың тағдыры, «Невада - Семей» қозғалыс мүшелерінің күресі туралы барынша ашық әрі әшкерелеуші бағытта жазылған мақалалар молынан жарияланып отырды.

Басылым беттеріндегі түрлі пікірталастар мен көзқарастар, олардың негізгі бағыттары, ұстанымдары, мақалалардың билікке тұрақты түрде әсер ету пәрменділігі тақырып аясының жан-жақты ашылуына негіз болды.

Әлем әдебиетінің классикалық туындылары қазақ ақын-жазушыларының ұлттық дүниетаныма әсер етіп, ұлттық рухтағы туындылар әлем әдебиеті

аясында сабақтастырыла өріліп, қаламгерлеріміздің публицистикалық туындыларының өзегіне айналды.

Диссертациялық жұмыста көшпенді халықтың мифтік көркемдік танымға негізделген аңыздар арқылы көркем туындылардың рухани-адамгершілік аспектісі зерделенді. Қазіргі кезеңде ұлттық дамудағы экологиялық сана мен тәрбие және экологиялық ұлттық танымның арқауы мифтік болмысқа негізделген. Тіршілік иесі табиғатпен егіздігін, тепе-теңдікті сақтауда көшпенділер өркениеті бүкіл ғаламдық тұтастыққа негізделген. Жер-су тіршілік көзі ұлттық құндылықтармен тамырлас, уақыттың өзі соның бөлшегі, экологиялық сана – түркі мәдениеті мен өркениетінің бастауы ретінде халқымыздың экологиялық дамуында атамекен, туған жерді қорғау мәдениетін қалыптастырды.

Қазақ елінің мемлекеттік рәміздеріндегі көк тәңірілік танымды әспеттейтін аспан мен күн, өрліктің жаршысы – бағаналы бәйтерек бейнелерінің өзі ұлттық экологиялық тәрбие мен әөркениеттің көрін.

Мәңгілік жасыл өмірдің символына айналған – Бәйтеректің қазіргісі мен өткенін салыстыра қарастыру, жер-анаға төнген қауіптің нысанын зерделеу арқылы халық таным-түйсігіндегі, экологиялық мәдениет жайлы тұжырымдар жасалды.

Әлемдік әдебиетте «атомдық әдебиет» саласына енген атом бомбасы туралы, жазылған күнделіктер мен құжаттық дәлелдер, жарылыстар мен олардың салдары туралы өлең, поэмалар, әңгіме мен романдар және драмалар және фантастикалық туындылар молынан кездеседі. Осы «атом әдебиеті» арнасына еруге тақырыптық-идеялық, мазмұндық-пішіндік сипаты жағынан көркемдік ерекшелігі жоғары қазақ әдебиетіндегі Семей сынақ полигонының зардаптарына арналған туындыларды жанрлық-көркемдік тұрғыдан диссертациялық еңбектің екінші бөлімінде саралай талдап көрсетуге негіз болды.

Зерттеу нысанына алынған Бауыржан Жақып, Мерғали Ибраев, Төлеген Жанғалиев, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Мұратбек Оспанов, Несіпбек Айтов, Темірхан Медетбек Ақберен Елгезектердің поэзиялық шығармалары ұлт тағдырындағы басынан кешкен тарихын, халық кешкен ауыр трагедияны, Семей қасіретін оқырман санасына толық жеткізетін көркем туындылар. Зерттеу еңбегінің екінші бөлімінде ұлт қасіретін қанды жырларымен бедерлеген ақындардың даралық сипаты, олардың шығармашылық көкжиегінің кең тынысы, өлеңдеріндегі психологиялық, эстетикалық, философиялық қырлары айқындалды.

Табиғат пен адам қашанда егіз ұғым. Семей қасіретінің күрделілігін терең түсіне білген поэзия өкілдерінің ойлау арсеналының кеңдігі, жырларының ішкі сұлулық көркемдігі, бейнелеу шеберліктері, дала трагедиясын суреттеудегі нақты детальдары бірін-бірі қайталау емес, поэтикалық тың түрлеулер, соны ізденіс, шеберлік күдіреті.

Полигон жайлы жазылған Б. Жақып, Т. Жанғалиев, М. Оспанов, Ж. Есенқұлов, А. Мұхаметқалиева, О. Қасымның эпикасы мен лирикасы

кабысып, астасып жатқан кесек поэмалары тарихи трагедияны, Семей қасіретін тартқан елдің ақиқат шындығын арқау ете отырып, олардың әдеби көркем бейнесін ашуда тың ізденістерге барды.

Семей трагедиясын шынайы суреттейтін поэмаларда өмір мен қоғам шындығын, оның тарихи мәнін ашып, көркем тілмен бейнелеуде ізденістер көрінеді.

Поэмалардың поэтикалық өрнегі, халықтық сипаты осы жанрдағы туындылардың көркемдік құндылық ретінде қазақ әдебиеті тарихында алатын орны заман шындығын тереңдей бейнелеп берген дәуірдің ақиқатын ашатын орны ерекше.

Адам және табиғат арасындағы үндестік, табиғат аясындағы Семей қасіреті тақырыбы еліміз егемендік алғаннан кейін қаламгерлеріміздің қаламына іліне бастады. Рымғали Нұрғалидың «Аяқталмаған трагедия», Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», Думан Рамазанның «Соңғы дем», Нұрғали Ораздың «Жылқының көз жасы», Асқар Алтайдың «Кентавр» сынды адам жанының ішкі иірімдеріне тереңдей бойлайтын психологиялық әңгімелер постмодернистік сарында көрініс тапты.

Ертіс өңіріндегі атом полигонының қасіреті туралы жазылған туындыларда ауыл өмірі, ондағы адамдардың мінез-құлқы мен тыныс-тіршілігі, шынайы болмысы бірнеше мәселелердің шиеленісінде өрбіді. Семей трагедиясы сынды адамзат қоғамының сұрапыл шындығын көрсетуде оны көзімен көріп, басынан өткерген жан болмаса, сынақтан зардап шеккен халықтың ащы жан-айқайын шығарамаларына арқау етіп жазу екінің бірінің қолынан келмесі хақ.

Жеке адамның көңіл-күйі мен сезімінің қоғамға тән рухани құндылықтардан іргесі ажырамай, өмір шындығы көркем шындықпен астасып, адамзат дамуындағы ең қауіпті қарудың рухани дертке ұласуын ерекше суреткерлік түйсікпен баяндалып, Семей қасіреті арқылы адамзатқа ортақ адами мәселелерді қозғайтын шығармалар - қоғам, жалпы адамзаттық трагедия аясында зерделенеді.

Өмірдегі адамдар арасындағы қайшылықтар мен шиеленістер, кейіпкерлер арқылы қоғамдағы моральдық-адамгершілік мәселелердің көркемдік-идеялық, сыр-сипаттары мен әлеуметтік мәні Б. Мұқайдың «Заманақыр» драмасы мен Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі желісінде жазылған сахналық қойылымна өзек болды.

Драмалық шығармаларда кейіпкерлер арасындағы тағдыр-тартысы мен ар-ұжданы, уақыт пен заман тынысы олардың іс-әрекеттерін диалог, монолог арқылы шебер жеткізгені анық сезіледі.

Диссертациялық жұмыста заман мен қоғамның ақиқат шындығын айқындайтын Семей қасіреті тақырыбы ядролық сынақ құрбанына айналған жандардың ауыр мұңы, ащы жан айқайы, ғасыр трагедиясы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Токаев К.К. Под стягом независимости: очерк о внешней политике Казахстана. – Алматы: Білім, 1997. – 737 с.
- 2 Smelser N. Theory of collective behavior. – NY.: Free Press, 1965. – 460 p.
- 3 Touraine A. Return of the Actor: Social Theory in Postindustrial Society. – Minneapolis: Univ. of Minnesota Press, 1988. – 171 p.
- 4 Park R.E. Human Ecology // American Journal of Sociology. – 1936. – Vol. 42. – P. 3-49.
- 5 Исин А. Испытательный полигон на Северо-Востоке Казахстана // Абай журналы. – 2022. – №1. – Б. 67-72.
- 6 Айтуғанова С. Адам және табиғат концепциясы шағын прозада: 10.01.02: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2000. – 127 б.
- 7 Рамазанова А. Қазіргі қазақ повестеріндегі адам мен табиғат мәселесі: 10.01.02: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1993. – 147 б.
- 8 Жарылғапов Ж. Қазақ прозасындағы адам концепциясы (1970-80 жылдар негізінде): монография. – Алматы: Атамұра, 2003. – 267 б.
- 9 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- 10 Ысмайлов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 288 б.
- 11 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1964. – 274 б.
- 12 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 378 б.
- 13 Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1983. – Т. 2. – 456 б.
- 14 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау: оқу құр. – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.
- 15 Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 2003. – 224 б.
- 16 Нұрғали Р. Драма өнері. – Алматы: Санат, 2001. – 480 б.
- 17 Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті: лекциялар курсы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 311 б.
- 18 Еспенбетов А.С. Уақыт өрнегі. – Алматы: Инжу-маржан, 2005. – 515 б.
- 19 Тебегенов Т. Әлем әдебиеті (XIX-XX ғасырлар): хрестом. оқу құр. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 168 б.
- 20 Атомный проект СССР: документы и материалы: в 3 т. / под ред. Л.Д. Рябева. – Саров: РФЯЦ-ВНИИЭФ, 1999. – Т. 2, кн. 1. – 719 с.
- 21 Нәсенов Б. Абыралы-Сарыарқаның кіндігі. – Алматы; Новосибирск, 2005. – Бөл. 9, 14-кіт. – 835 б.
- 22 Казахстан за безъядерный мир: сб. док. и матер. / под ред. В.Н. Шепель. – Изд. 2-е, перер. и доп. – М.: П, 2011. – 285 с.
- 23 Часников И.Я. Эхо ядерных взрывов. – Изд. 2-е, доп. – Алматы, 1998. – 170 с.
- 24 ЦДНИ ВКО. Ф. 103. Оп. 73. Д. 12. Л. 3-12, 18-22, 22-500 (Особая папка об исследованиях в связи с функционированием ядерного полигона).

- 25 Сахаров А. Воспоминание. – М.: Альфа-книга, 2011. – 1280 с.
- 26 Балмуханов С. Ядерный полигон моими глазами. – Алматы, 1998. – 230 с.
- 27 Атчабаров А. Семипалатинский ядерный полигон: большая экспедиция // Мысль. – 2010. – №10. – С. 28-30.
- 28 ЦДНИ ВКО. Ф. 103. Оп. 73. Д. 21. Л. 52-53. 54-360.
- 29 Сулейменов О. Код слова. – Алматы: Ел-Арна, 2017. – 315 с.
- 30 Қасенова Т. Атом улаған дала: Қазақстанның бомбадан бас тарту жолы. – Алматы: Рауан, 2002. – 368 б.
- 31 Әдебиеттану: терминдер сөздігі / құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбай. – Семей; Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. – 398 б.
- 32 Дүйсебаев С., Рейш Б. Бірде-бір жарылыс болмасын! // Семей таңы. – 1990. – №3.
- 33 Ғабдуллин Р., Жүнісжанов Ж., Құмарова Н. Қауесет қайтсе азаяды? // Семей таңы. – 1989, маусым – 14.
- 34 Есенбақов Ж. Қара жердің қайысты қабырғасы // Егемен Қазақстан. – 1992, сәуір. – 11.
- 35 Бекниязов Т. Журналистика терминдері. – Алматы: Қазақ университеті, 1995. – 37 б.
- 36 Сейсенұлы Д. Қасірет // Заман-Қазақстан. – 1992, шілде. – 10.
- 37 Атшабаров Б., Балмұқанов С. т.б. Аждаһаның үні өшкенмен... // Егемен Қазақстан. – 1993, шілде. – 21.
- 38 Стамбекұлы Д. Полигон жабылған, бірақ... // Егемен Қазақстан. – 1992, қыркүйек. – 28.
- 39 Ибраев Р. Пятое-шестое облученное поколение генетически вымирает // Экспресс К. – 2001, июль – 12.
- 40 Ыбыраев Р. Атом өндірісі және қазіргі Қазақстан // Түркістан. – 1994, наурыз. – 1.
- 41 Смайылов К. Дегелең... Байқоңыр... // Егемен Қазақстан. – 1992, қараша – 14.
- 42 Жұмабаев Ә. Полигон // Заман-Қазақстан. – 1992, қыркүйек. – 18.
- 43 Есенғарин Қ. Жарылмай жатқан бомбалар қанша? // Заман-Қазақстан. – 1993, ақпан. – 19.
- 44 Назарбаев Н. Бізге өмір қымбат // Халық Конгресі. – 1993, қыркүйек. – 9.
- 45 Қауғабаев О. Семей аждаһасы // Атамекен. – 1993, желтоқсан. – 11.
- 46 Амандосов Т.С. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы: оқул. – Алматы, 1978. – 327 б.
- 47 Өмірбек О. Семей полигонындағы жарылыс зардабы // Егемен Қазақстан. – 1997, тамыз – 7.
- 48 Мұса С. Семей полигоны... // Егемен Қазақстан. – 2000, шілде – 26.
- 49 Сулейменов О. Мараторий жариялаған халық. Невада енді Семей өнегесіне ерер ме екен? // Семей таңы. – 1990, қазан – 9.
- 50 Балмағамбетова И. Бақытты болашақ – бейбітшілікте. Атырау

облыстық қоғамдық-саяси газеті. – 2016, тамыз – 20.

51 Әлімжанов Ә. Ажал мен тажал // Егеменді Қазақстан. – 1992, қазан – 16.

52 Үсенова Н. Қадамгер шығармаларындағы экология мәселесі // Ақиқат. – 2020, №6.

53 әл-Фараби Ә.Н. Таңдамалы трактаттар. – Алматы: Арыс, 2009. – 648 б.

54 Тебегенов Т. Әлем әдебиеті (XIX-XX ғасырлар). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 168 б.

55 Жарылғапов Ж.Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер. – Қарағанды: ЖШС «Гласир», 2009. – 400 б.

56 Мүсірепов Ғ. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002. – Т. 1. – 288 б.

57 Майтанов Б. Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер. – Алматы: Жібек жолы, 2009. – 544 б.

58 Айжанбайқызы Г. Жапонға жақындығымыз бар ма? // Айқын. – 2011, маусым – 2.

59 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Жібек жолы», 2009. – Т. 36. – 412 б.

60 Құрмансейіт Б. Мен көрген Жапония. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2022. – 574 б.

61 Төлепбергенұлы Д. Полигон – ұлы Әуезовті қатты толғантқан еді // Алаш айнасы. – 2009, тамыз – 28.

62 Еспенбетов А.С. Уақыт өрнегі. – Алматы: Інжу-маржан, 2005. – 515 б.

63 Хабарлама. Семей қасіретіне арналған еңбек жапон оқырмандарына жол тартты // Егемен Қазақстан. – 2018, тамыз – 29.

64 Бөкейхан Ә. Таңдамалы шығармалар. – Астана: Сарыарқа, 2009. – Т. 2. – 320 б.

65 Қазақ қолжазбалары / құраст. Қ. Сартқожаұлы. – Алматы: Елшежіре, 2011. – 456 б.

66 Шайкенов Б. Табиғаттағы тепетеңдікті сақтау: монография. – Алматы: Қазақстан, 1977. – 175 б.

67 Жұртбай Т. Мәңгілік аңсар: зерттеулер. – Алматы: Орхон, 2014. – 260 б.

68 Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. – Алматы: Мектеп, 1964. – 290 б.

69 Итс Р. Шепот Земли и молчание Неба. – М.: Просвещение, 1990. – 372 б.

70 Қазақ ертегілері / құраст. Т. Алпысбаев. – Алматы: Жазушы, 1988. – Т. 3. – 265 б.

71 Қорқыт ата / құраст. Р. Нұрғали. – Алматы, 1999. – 800 б.

72 Жұртбаев Т. Қызғылт түсті маржан: (Шилісай фосфор руднигінің тарихынан. Ақтөбе обл.) // Білім және еңбек. – 1979. – №9.

73 Қазақ аңыз-ертегілері / құраст. Б.У. Әзібаева. – Пекин: Ұлттар баспасы, 2002. – 997 б.

- 74 Жұртбай Т. Мықан ағашы // Қазақ әдебиеті. – 2006, сәуір – 7; наурыз – 17; наурыз – 24.
- 75 Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: Рауан, 1997. – 216 б.
- 76 Мәшһүр Ж. Шығармалары. – Павлодар: Дәуір, 2005. – Т. 6. – 396 б.
- 77 Mussinova G. et al. Issues in teaching the human and ecology concept // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2022. – Vol. 17, Issue 10. – P. 3625-3637.
- 78 Медетбек Т. Таны мені, ашып көр құпиямды // <https://bilim-all.kz/>. 12.12.2022.
- 79 Дүйсенов М. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Рауан, 2001. – Т. 4. – 214 б.
- 80 Есдәулет Ұ. Заман-ай: өлеңдер. – Астана, 1999. – 88 б.
- 81 Жансүгіров І. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Атамұра, 1996. – Т. 5. – 320 б.
- 82 Жақып Б. Қызыл қайың: өлеңдер, балладалар, поэмалар. – Алматы: Жазушы, 2008. – 216 б.
- 83 Кәрібозұлы Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты: 10.01.02: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 1997. – 260 б.
- 84 Жақып Б. Айдындағы аспан: өлеңдер мен поэма. – Алматы: Атамұра, 1996. – 192 б.
- 85 Жанғалиев Т. Атом және полигон // <https://www.zharar.com/> 20.12.2022.
- 86 Жанғалиев Т. Ойлы адамға қызық жоқ: өлеңдер арнаулар, балладалар. – Семей: Ғалам-шар, 2005. – 288 б.
- 87 Жанғалиев Т. Қашан тілім түсіп қалғанша полигоны айтып өтемін // <https://adebiportal.kz/kz> 13.12.2022.
- 88 Ибраев М. Жұмбақ жолаушы. – Семей: Интеллект, 2012. – 164 б.
- 89 Жақып Б. Менің далам: өлеңдер, балладалар, поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2014. – 256 б.
- 90 Сәрсенбекова Д. Мен қалай Аққорамды қия аламын // Семей таңы. – 2003, қаңтар – 17.
- 91 Қошқарбеков Д. Абыралыдан шыққан ақын-жазушылар: Т. Ысмайылов туралы бар) // Кіт.: Абыралы асулары: тарихи очерк. – Алматы: Санат, 1995. – Б. 76-79.
- 92 Ибрагимов Т. Суымас із, жалғасар ізет // Семей таңы. – 1998, қазан. – 29.
- 93 Елгезек А. Көлеңкелер күбірі: өлеңдер. – Астана: Фолиант, 2009. – 146 б.
- 94 Мұратбек О. Дүние дидар: өлеңдер, балладалар, толғаулар, поэмалар. – Семей: Интеллект, 2004. – 288 б.
- 95 Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев поэзиясы бойынша): 10.02.02: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2006. – 26 б.
- 96 Әбдікәкімов Т. Жұмақ күн: өлеңдер мен толғаулар, поэма мен балладалар. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 448 б.
- 97 Құрманғали Қ. Қоңыр күз күмбірі. – Алматы: Санат, 2002. – 472 б.

- 98 Зақанқызы Р. Ұлттық мінездің көркем көрінісі // Ақиқат. – 2001. – №3.
- 99 Фоменко И.В. Лирический цикл: становление жанра, поэтика. – Тверь: Тверский университет, 1992. – 123 с.
- 100 Гришман М.М. Еще о целостности литературного произведения // Известия АН СССР. – 1979. – Т. 38, №5. – С. 450.
- 101 Әбдірахманова Т. Қасым Аманжоловтың поэтикасы. – Алматы, 1976. – 298 б.
- 102 Искакова Д., Симбаева С. Қазіргі қазақ әдебиеті. – Нұр-Сұлтан: Тұран-Астана университеті, 2019. – 118 б.
- 103 Темірхан М. Күретамыр. – Алматы: Білім, 2012. – 460 б.
- 104 Айтұлы Н. Жүректегі жаңғырықтар. – Астана: Фолиант, 2011. – 312 б.
- 105 Абашидзе И. Абашидзе И. Поэтическое мастерство // Литературное обозрение. – 1979. – №11.
- 106 Естеліктер // Атамекен. – 2002, мамыр – 13.
- 107 Райэл Д., Барановская М. Пережившая взрыв в Хиросиме – о травмах и памяти о прошлом // <https://www.dw.com/ru/perezhivshaja>. 10.11.2022.
- 108 31-я годовщина закрытия Семипалатинского полигона: мнения экспертов и жителей об экологии региона и здоровье населения // <https://the-steppe.com/razvitie/31-ya-godovshchina-zakrytiya>. 10.11.2022.
- 109 Мұхаметқалиқызы А. Шығармалары. – Алматы: Эра, 2013. – 125 б.
- 110 Толысбаева Ж. Лирическая поэма рубежа II-III тысячелетий. – Алматы: Семей, 2005. – 181 с.
- 111 Коростелёва Ю. Краевая бесплодие // <https://polygon.vlast.kz/health>. 10.11.2022.
- 112 Есембеков Т.О. Художественно-эстетическое значение драматизма в казахской прозе: дис. ... док. филол. наук: 10.01.02. – Алматы, 1998. – 305 с.
- 113 Жақыпбек Е. Қарауыл қайғысы // <https://www.zharar.com>. 16.11.2022.
- 114 Действительно, читателя ошеломляет калейдоскоп бытовых реалий, но это только внешняя сторона // <https://www.mediasphera.ru/i>. 15.11.2022.
- 115 Қасым О. Жарылыс дастаны // <https://tilalemi.kz/>. 13.11.2022.
- 116 Омаров Б. Отаршылдыққа қарсылық поэзиясы және ментальдік мәселесі // Ақиқат. – 2012, ноябрь – 8.
- 117 Көкейкесті дебиеттану / құраст. Қ.Р. Нұрғали, Қ. Алпысбаев. – Алматы: «Сардар», 2010. – Кіт. 10. – 312 б.
- 118 Мусинова Г. Рымғали Нұрғалидың «Дегелең дерті» прозалық шығармаларындағы өмір шындығы // Қазақстанның Ғылымы мен өмірі. – 2020. – №3/2. – Б. 97-102.
- 119 Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2005. – Т. 4. – 544 б.
- 120 Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1983. – Т. 2. – 456 б.
- 121 Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті: лекциялар курсы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 311 б.

- 122 Қорғасбек Ж. Мәңгілік бала бейнені іздеу // Түркістан. – 2014. – №19.
- 123 Мұқанова Р. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – Т. 1. – 304 б.
- 124 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері: монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
- 125 Алтай А. Казино. Абсурд әлем новеллалары. – Алматы: Атамұра, 2008. – 368 б.
- 126 Рамазан Д. Алланың әмірі: әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 2008. – 240 б.
- 127 Ораз Н. Жылқының көз жасы. – Алматы: Қайнар, 2009. – 320 б.
- 128 Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 408 б.
- 129 Тілегенов Б. Сексен алтыншы жыл: роман. – Алматы: Дәуір, 2017. – 479 б.
- 130 Тілегенов Б. Қара жел: роман. – Алматы: Ел-шежіресі, 2020. – 400 б.
- 131 Атом көлінен аққу ұшып, қаз қондайды... // Егемен Қазақстан. – 2020. – №3.
- 132 Сәрсекке М. Семей қасіреті: деректі тарихи хикаят. – Астаны: Фолиант, 2016. – 856 б.
- 133 Ибраев М. Жоғалған өзен: роман-диалогиясы. – Новосібір, 2007. – Т. 1. – 512 б.
- 134 Қожан Т. Жоғалған өзен – зобалаң кезең // Ертiс өңiрi. – 2009, желтоқсан – 12.
- 135 Потебня А. Теоретическая поэтика. – М.: Высшая школа, 1990. – 342 с.
- 136 Хализев В. Теория литература. – М., 2022. – 320 с.
- 137 Атымow М. Қазақ романдарының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 312 б.
- 138 Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 2003. – 224 б.
- 139 Тоқтаров Р. «Полигон» романы // Жалын. – 1995. – №7-8. – Б. 23-62.
- 140 Досжан С. Қасірет пен тағдыр: роман. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 360 б.
- 141 Исмақова А. Елес торлаған үй // Қазақ әдебиеті. – 2019. – қыркүйек – 20.
- 142 Райан М. Әдебиет теориясы: кіріспе. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 292 б.
- 143 Мұқай Б. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ана тілі, 2007. – Т. 3. – 448 б.